

А 2015

1514 к



ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАЗІРГІ ЗАМАН ФОЛЬКЛОРЫ

А 2015/1514-т

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ

М.О.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ
ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАЗІРГІ ЗАМАН ФОЛЬКЛОРЫ

Алматы 2014

УДК 398
ББК 82.3 (5 Қаз)
Ф 72

ҚР БҒМ М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Ғылыми кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылған

Томның редакция алқасы:

У.Қ. Қалижанов – ҚР ҰҒА-ның мүше-корреспонденті;

С.С.Қирабаев – ҚР ҰҒА-ның академигі;

Б.У. Әзібаева – филол. ғ.д., профессор;

А. Әлібекұлы – филол. ғ.к., доцент;

Д.С. Жақан;

А.У. Ақан – филол. ғ.к.

Жауапты редакторы: филология ғылымдарының докторы,
профессор Б.У. Әзібаева

Жауапты шығарушы: А. Ақан

Пікір жазғандар:

Ғ.Ж. Орда – филология ғылымдарының докторы

С.В. Ананьева – филология ғылымдарының кандидаты

Ф 72 Қазақстандағы қазіргі заман фольклоры. – Алматы: 2014. – 422 б.

ISBN 978-601-230-042-0


Ұжымдық еңбекте авторлардың 2012-2013 жылдары Қазақстанның әр аймақтарына жасалған ғылыми экспедиция материалдарының негізінде қазақ халқының, сонымен қатар елімізде тұрып жатқан түрлі диаспоралар фольклорының қазіргі жай-күйі, сақталуы мен өзара ықпалдастығы ғылыми тұрғыда сипатталып, сараланды.

Монография фольклортанушыларға, жоғары оқу орындарының ұстаздары мен студенттеріне, магистранттар мен докторанттарға және де фольклорға қызығушылық танытатын қалың оқырман қауымға арналады.

ISBN 978-601-230-042-0

УДК 398
ББК 82.3 (5 Қаз)

© М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 2014



00326297

XXI ҒАСЫР ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОР

ҚР БҒМ М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми-зерттеу жобаларының аясында дайындалған «Қазақстандағы қазіргі заман фольклоры» атты ұжымдық еңбектің мақсаты – қазақ халқының және қазақ жерінде тұрып жатқан өзге ұлт өкілдерінің яғни диаспоралар фольклорының бүгінгі жағдайын анықтап, ғылыми тұрғыдан сипаттап, сараптау.

Сол мақсатпен еліміздің бірнеше аймақтарына ғылыми экспедициялар ұйымдастырылып, біраз фольклорлық материалдар жинақталды. Олар реттеліп, жүйеленіп, алғаш рет ғылыми зерттеу нысанына айналды.

Фольклордың бүгінгі ахуалын адекватты түсініп, дұрыс бағалау үшін өткеніне қысқаша шолу қажеттілігі анық. Ескертетін тағы бір жәйт, XXI ғасырдағы фольклорды зерттеу, шынтуайтқа келгенде, отандық фольклортану үшін – жаңа кезең, себебі соңғы уақыттарға дейін зерттеулеріміздің негізгі нысаны – ғасырлар қойнауынан жеткен, көркемдіктің шыңына көтерілген классикалық фольклор болғаны белгілі. Сондай-ақ осы тұста қазіргі ғылымдағы фольклор терминінің түсіндірмесі мен қолданысын да айтпай кетуге болмайды.

Фольклор [ағылшын сөзі (folk – халық, lore – даналық) – халық даналығы] – халықаралық қолданысқа ие болған, еуропалық ғылымда кең мағынада түсініліп, пайдаланылатын терминдік ұғым.

Ал Кеңес ғалымдарының көзқарасы мүлде басқаша болды. Мысалы В.Я. Пропп 1946 ж. жарық көрген «Специфика фольклора» атты еңбегінде былай дейді: «Бүгінгі батысеуропалық ғылымда «фольклор» деп нені түсінетінін білу үшін осы тақырыптағы кез келген монографияны ашып көрудің өзі жеткілікті. Мысалы, белгілі неміс фольклортанушысы Иоан Мейердің «Deutsche Volkskunde» (1921. «Немецкий фольклор») атты кітабында мынадай тараулар кездеседі: ауыл, ғимараттар, аулалар; өсімдік; салт-дәстүр; наным; тіл; әпсана; ертегілер; халық әндері; библиография.

Мұндай жәйт бүкіл батыс Еуропа ғылымына тән. Әсіресе, мұны неміс, француз ғылымы берік ұстанса, ағылшын, америкалық ғылымы да соған бой алдырған... Ал бұл айтылғандардың бірде-бірін біз

қабылдай алмаймыз» [1, 16]. Ары қарай ғалым фольклор туралы өз ұстанымын ұсынады: «Фольклор деп тек рухани шығармашылықты ғана айтуға болады. Дәлірек айтқанда шешендік, поэтикалық туындыларды атау керек» [1, 17].

Өткен ғасырдың 80-90 жылдарында да Кеңес ғалымдары осы пікірде болғанын К.В. Чистовтың 1986 жылғы «Народные традиции и фольклор» атты еңбегі айғақтайды. Ғалым фольклордың этнографиялық негіздерін зерттеудің маңыздылығын, актуальдылығын дәлелдей келіп, фольклорды тек сөз өнері ретінде түсінетінін алға тартады [2, 6].

Әлбетте, Ресей фольклортануының ықпалында болған қазақ ғалымдары да бұл концепцияны толық қабылдап мақұлдады.

Жалпы фольклор термині қазақ ғылымында ертеден қолданылып жүргені белгілі, оған М. Әуезовтің 1940 жылы жарық көрген «Казакский эпос и дореволюционный фольклор», 1948 жылғы «Қазақ әдебиетінің тарихы. Фольклор» т.б. с.с. еңбектер дәлел. Шынтуайтқа келгенде өткен ғасырда да, бүгін де республика көлемінде жарық көріп жатқан ғылыми еңбектерде фольклор термині тұрақты түрде қолданылады. Мысал ретінде М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты шығарған ұжымдық еңбектерді айтуға болады: «Қазақ фольклорының типологиясы» (1981), «Фольклор шындығы» (1990), «Қазақ фольклорының тарихилығы» (1993), «Қазақ фольклорының поэтикасы» (2001), «Қазақ фольклористикасы» (1970), «Қазақ фольклористикасының тарихы» (1988), «Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. I-том. Фольклорлық кезеңі» (2008), «Қазіргі әдебиет және фольклор» (2009), «Фольклор мәтінтануы: өткені мен бүгіні» (2009) т.б.

Бірақ қазақ ғалымдары – өткен буындар да, бүгінгі зерттеушілердің басым көпшілігі де – «фольклор» яғни «халық даналығы» деген семантика тұрғысынан сан алуан мағына, ұғым беруге қабілетті терминді тек сөз өнері деп түсініп, тек сол мағына мен мазмұнда пайдаланады. Алайда фольклорды тек сөз өнері деп түсіну ғылыми-зерттеу еңбектердің аясын тарылтып, сенімсіз қорытындыларға әкелетініне көз жеткізілді [3]. Мысалы фольклордың көптеген жанрлары ертеде қалыптасқан ғұрып-салт негізінде пайда болып, ғұрып-салттық ырымдар орындалғанда ғана айтылады, яғни салт

(ғұрып) пен мәтін біртұтас дүние, құбылыс құрайды. Көптеген жағдайда мәтінді орындалатын ғұрыптан бөлек түсіну, зерттеу мүмкін емес. Ал сол көптеген салт, дәстүр, ғұрыптар мен ырымдар, көптеген фольклорлық мотив пен сюжеттер этностың көне наным-сенімдеріне, дүниетанымына негізделіп, қалыптасқаны белгілі. Сонымен бірге ауызша айтылатын біраз шығармаларды эстетикалық деңгейі төмен, көркемдік құндылығы шамалы болуына байланысты сөз өнері, дәстүрлі мағынада түсінілетін әдебиет, әдебиет үлгісі деп бағалаудың өзі күмән туғызады.

Сондықтан фольклорға ауызша айтылатын сөз (вербальные тексты), мәтіндермен бірге халықтың архаикалық дүниетанымдық көзқарастарын да, әдет-ғұрып, салт-жораларын, түрлі нанымдары мен ырымдарын да жатқызу керектігі айтылып дәлелденуде. Сонда осындай тереңдетілген, толықтырылған фольклор термині халықтың салт, әдет-ғұрыптарын да, дәстүрлі рәсімдерді атқару барысында орындалатын қарабайыр мәтіндерді де, сөз өнерінің маржаны болып табылатын «Қобыланды батыр», «Қыз Жібек» сынды эпостарды да, яғни көркем фольклор туындыларымызды да, сол шығармаларда көрініс тапқан этностың әлем, табиғат, қоғам, адам туралы көне замандарда қалыптасып бізге жеткен (көбіне, әрине, сарқыншақ түрінде) дүниетанымдық көзқарастарын да біртұтас құбылыс, халықтың рухани мәдениеті, баға жетпес құндылығы ретінде түсініп, жүйелі зерттеуге мүмкіндік береді.

Фольклор – этностың дәстүрлі мәдениетінің құрамдас, өте маңызды және рухани негізін құрайтын бөлігі болып табылады. Ол ауызша туып, ауыздан ауызға тарап, ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа жетеді. Фольклор тарихқа дейінгі алғашқы қауымдық құрылыс кезінде белгілі бір тарихи-әлеуметтік жағдайда, этно-географиялық кеңістікте, басқаша айтқанда кез келген қауымдастықта, яғни іштей тығыз қарым-қатынастағы топ арасында» (имеется в виду прямая контактная, от человека к человеку (face to face) коммуникация) [2, б] пайда болады.

Фольклорлық туындылар ең алғашында күнделікті тіршілікте түрлі ғұрып, салт-жоралар орындалғанда пайда болып, айтылады, біраз уақыт өткен соң міндетті түрде сол рәсіммен бірге айтылатын

болады. Бірте-бірте рәсім кезінде қоса айтылуы ереже, тәртіпке айналады; ал кейде салт-жоралар өзгеріп, яки ұмытылып жоқ болып кеткен жағдайда да ауызша айтылатын сөз, мәтіндер халық жадында сақталып, жеке, ғұрыпсыз да айтыла береді.

Әрине, бұдан фольклордың пайда болуы тек ғұрыппен байланысты, күллі фольклорлық жанрлардың генезисі тек соған тіреледі деген ұғым тумауы керек. Фольклордың генезисі ғұрыппен қатар алғашқы қауым адамдарының түрлі діни-нанымдық көзқарастарымен (анимистік, төтемдік т.б.) және байырғы адамдардың дүниетанымы негізінде жасалған мифтермен тығыз байланысты. Е.М. Мелетинскийдің сөзімен айтқанда: «Миф – дүниетаным ғана емес, әңгімелеп баяндау да. Мифтің шешендік сөз өнерінің, әсіресе әңгімелеп баяндау өнерінің қалыптасуындағы маңызы да осында» [4, 161].

Фольклор туындыларын басында жеке адамдар шығарады, олардан басқалар үйренеді, есінде сақтайды, олардан тағы басқалар алады, бұл үдеріс сан рет қайталануы мүмкін. Осы үдеріс барысында қоғам мүшелерінің арасынан құймақұлақ, сөзге шешен, ақындыққа бейім кісілер біртіндеп екшеліп шыға бастайды. Фольклорлық үлгілерді есте сақтау, өзгелерге насихаттап таратуды кәсіпке айналдырған ақындар, жыршылар, жыраулар кастасы пайда болады. Олар сан түрлі фольклорлық үлгілерді, көптеген мотив, сюжет, сюжеттік тақырыптарды жадында сақтайды. Осылайша ұзақ уақыт даму жолында этностың фольклорлық жады қалыптасады.

Сонымен бірге фольклорлық шығарманы жасау, жырлау, оны көркемдеу заңдылықтары, яғни фольклорлық білік, фольклорлық сана қалыптасады. Фольклорлық жад пен фольклорлық сана бүкіл қоғамға тиесілі, ол этностың ортақ құндылығы. Алайда фольклорлық жадының да, фольклорлық сананың да тікелей иесі, әрі таратушысы – ақын, жыршы, жырау, өйткені олар сол білікті практикалық түрде пайдаланады. Ақындық қабілеті бар, тісқаққан жыршылар түрлі сюжеттердің қалай жырланатынын біледі. Нақтырақ айтқанда олар халық жадында сақталған кез келген сюжетті ұстаздарынан үйренгенін, бұрынғы жыршы, айтушылардан естіп білгенін жадында сақтап, негізге алып, қоғам сұранысына сай (кейде өзінің

дүниетанымдық көзқарастарына, эстетикалық деңгей, талғамына сай түрлі өзгеріс, өңдеу енгізіп те) жырлауға қабілетті.

Ақындық қабілетке ие, суырып салмалық қасиеті бар дарынды жыршы, жырау, орындаушы, айтушылар, ертекшілер мен шешендер өткен замандарда жасалған, халық жадында ғасырлар бойы сақталып келген, сондай-ақ XVIII-XIX ғ.ғ. дүниеге келген жүздеген эпостық жыр мен дастандарды, ертегі, аңыз, әңгімелерді, айтыс үлгілерін, ғұрыптық фольклор мен магиялық фольклор мәтіндерін, мақал-мәтел, өлең, жаңылтпаш пен жұмбақтарды т.б. XX, XXI ғ.ғ. өмірге келген ұрпақтарға табыс етті.

Халықтың жадында сақталып, ұрпақтан ұрпаққа ауызша және қолжазба күйінде таралып жетіп отырған фольклорлық материалдарды жинақтау ісі қазақ жеріне түрлі себеппен келген жеке ғалымдар, шенеуніктер, әскери адамдар, саяхатшылар мен сөз өнерінің жанашырлары тарапынан XVIII ғ. басталғаны белгілі. Дегенмен фольклор туындыларының (мәтіндердің) мақсатты түрде жиналып, жарияланып зерттеле басталу кезеңі – XIX ғасыр, нақтылап айтқанда жүзжылдықтың екінші жартысы.

Халық ауыз әдебиетінің, әсіресе, батырлық, романдық, тарихи жырлар мен тарихи аңыз, әңгімелердің жиналуы мен алғаш ғылыми тұрғыда сипатталып бағалануы халқымыздың ұлы перзенті Ш.Ш. Уәлихановтың ғылыми еңбектерінен басталады. Ш.Ш. Уәлихановтан кейін бұл істің сәтті жалғасын В.В. Радлов, Г.Н. Потанин, Ә. Диваевтардың еңбектерінен көреміз.

Ал қазақ тілінде алғаш жарияланған кітаптардың қатарында ең бірінші боп 1807 ж. жарыққа шыққан «Сейпілмәлік» дастаны аталатыны белгілі. Содан бастап 1917 ж. дейін қазақ фольклорының мыңға жуық үлгісі мыңдаған данамен көбіне араб әрпінде қайта-қайта басылым көрді. 1807-1917 жылдар аралығында баспа бетін көрген шығармалардың жанры сан алуан, мысалы: архаикалық эпос, батырлық эпос, ғашықтық жырлар, тарихи эпос, тарихи өлеңдер, дастан жанрының барлық түрі – діни дастандар, ғашықтық дастандар, хикаялық пен әскери дастандар, ертегілердің барлық түрі – батырлық, хикаялық, қиял-ғажайып, сатиралық және хайуанаттар туралы ертектер, айтыстар, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жоқтаулар т.б.

Мысалы, алғаш 1862 ж. жарық көрген «Ер Тарғын» жыры кейін –1871, 1876, 1879, 1880, 1883, 1892, 1894, 1898, 1909, 1913 жылдары, яғни ұзын саны 11 мәрте жарық көрді; «Қыз Жібек» жыры 1894-1917 ж.ж. аралығында 12 рет жарыққа шықты (1894, 1896, 1897, 1899, 1900, 1902, 1903, 1905, 1908, 1910, 1911, 1913); «Шәкір – Шәкірат» дастаны 1840-1917 ж.ж. аралығында 14 рет жеке кітап болып баспа бетін көрді; 1871 жылы өткен Біржан мен Сараның айтысының ғылымға белгілі екі нұсқасы 1898-1913 жылдары аралығында он мәрте баспа бетін көрді. Бұл тізімді әрі қарай да жалғастыра беруге болады¹.

Сонымен XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғ. жиырмасыншы жылдары аралығында фольклорымыздың сан алуан жанрларын қамтитын нұсқалар, сондай-ақ шығыс сюжеттері желісінде жырланған көптеген дастандар араб әрпінде жеке-жеке кітап болып басылып, мыңдаған данамен елге тарады.

Дегенмен, фольклорлық туындыларымыздың көбірек жарияланып, жүйелі зерттеле бастаған кезеңі – кеңестік дәуір. Осы уақытта (1920-1991) қазақ фольклоры жанрлық жағынан сараланып, олардың ең маңызды үлгілері әр түрлі хрестоматиялық оқулықтар мен жинақтарға, сондай-ақ халық ауыз әдебиетінің алғашқы сериялық басылымдарына енді.

Бірақ 1917-1990 жылдары коммунистік партия мен Кеңес үкіметінің қатаң саяси-идеологиялық цензурасының нәтижесінде бірқатар фольклорлық шығармалар зерттелмеді және олардың жарыққа шығуына тыйым салынды. Бұлардың арасында діни дастандар, мифтік аңыздар, магиялық жанрдың көптеген үлгілері, тарихи жырлар, тағы да басқа фольклорлық мәтіндер бар.

Сондай-ақ халық туындыларына идеологиялық, саяси тұрғыдан мәтіндік өңдеу-жөндеу және көркем өңдеулер жасауға жол берілді. Жіберілген қателерді жөндеу, орнына келтіру тек 1990 жылдан кейін ғана мүмкін болды. Ғасырлар бойы армандап қол жеткізген тәуелсіздік қоғамымызға күрделі өзгерістер әкелді. Ең бірінші кезекте ол идеологиялық ұстаным, көзқарастарға байланысты болды. Қоғамдық дүниетаным бодандық, құлдық санадан арыла бастады.

¹1807-1917 жылдар аралығында жарық көрген фольклор басылымдары ҚР ОҒК-нің Сирек кездесетін кітаптар бөлімінде сақтаулы.

Зиялы қауым ешкімге жалтақтамай, сескенбей жоғын жоқтап, оған іздеу салуға, барын мақтан етіп паш етуге мүмкіндік алды.

Сондықтан Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында дайындалып жарық көрген Жүз томдық «Бабалар сөзі» ғылыми серияның басты мақсаты – халықтың рухани мұрасын сол күйінде өзіне қайтару, яғни қолда бар фольклорлық материалдарды түгел жарыққа шығару болды. 2004-2013 ж.ж. аралығында Серияның жүз томы жарық көрді. Онда төл фольклорымыздың күллі жанр/түрлерінің мыңдаған үлгілері жарияланды. Мысалы эпостық мұрамыздың барлық жанрлары қамтылып – архаикалық, классикалық қаһармандық, романдық (ғашықтық), тарихи, дастандық (хикаялық, романдық, діни, әскери дастандар) эпостар жарияланды. Олар жалпы саны 63 том құрап, онда 440-тан астам мәтін жарық көрді (103 батырлық жыр, 95 тарихи, 52 хикаялық, 65 діни, 57 ғашықтық дастан); Серияның келесі томдарына 531 ертегі, 77 миф, мақал-мәтел, жұмбақтардың мыңдаған үлгілері т.б. берілді.

«Бабалар сөзі» сериясының томдарында жарияланған мәтіндердің басым көпшілігі XIX, XX ғасырдың басында немесе ғасырдың 30-50 жылдарында жазылып алынған, мысалы әйгілі «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» эпосының 2009 ж. Серияның 54-55 томдарында жарық көрген 12 нұсқасының жетеуі XIX ғасырда, екі варианты XX ғасырдың басында (1905, 1909 ж.ж.), қалған үшеуі 1930-1950 жылдары қағазға түскен. Басқаша айтқанда «Бабалар сөзі» Сериясының томдарында жарық көрген мәтіндер халықтың ұзақ уақыт бойы жасаған, талантты жыршы, айтушы, орындаушылардың ақындық, суырып салма өнерінің арқасында жетілген, көркемдіктің биік шыңына көтерілген мұра, яғни – классикалық фольклор.

Ал бүгінгі таңда, XXI ғасырда дәстүрлі мағынадағы фольклор бар ма? Болса ол қандай, жалпы жағдайы қандай? Қай жанрлары ұмытылған? Қандай түрлері/жанрлары сақталған? Олардың қызметі (функциясы) қандай? Олар қоғамның рухани қажетін өтей ме?

Бұл сұрақтарға нақты ғылыми жауап табу үшін еліміздің бірнеше аймақтарына арнайы ғылыми экспедиция ұйымдастырылып, ел аузында жүрген біраз фольклорлық материалдар іздестіріліп, жиналды. Әлбетте, заманауи фольклор, XXI ғасыр фольклорын түгелдей

жинап, толықтай жүйелеп, сипаттап, ғылыми айналымға енгізу, оны жан-жақты зерттеу, зерделеу едәуір уақытты талап ететін жұмыс, ол – болашақтың ісі.

Ал оқырманға ұсынылып отырған монографияда Институт тарапынан ұйымдастырылған бірнеше экспедиция барысында жиналған фольклорлық мәтіндер біршама жүйеленіп, оларға жүргізілген алғашқы талдаулар жинақталып, Қазақстандағы бүтінгі заман фольклорының жай-күйі бағамдалды.

I

Батыс Қазақстан, Атырау, Қарағанды, Ақмола (Д. Жақан), Солтүстік Қазақстан мен Павлодар облыстарына (Н. Набиолла) жүргізілген экспедициялар барысында жиналған қазақ фольклоры үлгілерінің ішінен көне, архаикалық наным-сенімдерге, дүниетанымдық ұстанымдарға негізделген, мифтік сананың сілемдері сақталған аңыз, әңгімелер ең бірінші кезекте назар аударады, мысалы «Әулие ағаш» туралы, қатыгез мергендер, қанатты тұлпарлар мен айдаһар туралы т.б. с.с. әңгімелер.

Ел арасына кең таралған ауызша әңгіменің тууына себеп болған «Әулие ағаш» деп аталып кеткен үлкен, көне ағаш түркі әлемі үшін қасиетті мекен – Сарайшық мұражай кешенінің жанындағы ескерткіштің ортасында орналасқан (әңгіменің аннотацияланған мазмұны осы кітаптың 37-38 бетінде берілді).

Әлбетте, әңгімеде дүниежүзі халықтарының көбіне ортақ, көне замандарда қалыптасқан дүниетанымдық түсінік бойынша дүние үш әлемнен тұратыны (жоғарғы әлем, ортаңғы әлем, төменгі әлем), оларды вертикалды түрде байланыстыратын – тау, ағаш, діңгек т.б. арқылы алғашқы адамдар жоғарғы әлемге (аспанға) көтерілуге, төменгі әлемге (жер астына) түсіп қайтуға қабілетті болғаны, кейін ол қабілеттен айырылып, ол қасиет тек шамандарға тән болып қалғаны [5] туралы айтылмайды. Халықтың фольклорлық жадында мұндай күрделі архаикалық түсініктердің сілемдері анық сақталмаған, олар тек ашық жерде, айдалада өсіп тұрған жалғыз, басқа ағаштардан өзгеніеленетін үлкен, биік ағашты қадірлеу, оны

қасиеттеу дәстүрі түрінде ғана, яғни ағаш культі формасында жеткен.

Сөз болып отырған «Әулие ағаш» әңгімесі – сондай культтің жарқын үлгісі. Сонымен бірге оның басқа осы типтес шығармалардан бірнеше айырмасы бар. Біріншіден, әңгімеде ағаштың рух-иесі бар, ол жергілікті тұрғындарды ауыл төңірегінде орналасқан, бұрын бүтін бір аймақты алмамен қамтамасыз еткен алма бағын бірінен-бірі қызғанып, қараусыз қалдырғаны үшін жазалады деген мотив анық көрініс береді. Екіншіден, бұл ескіде болған оқиға, фактіні статикалық түрде сипаттап, қысқа сөзбен қайырған аңыз емес, керісінше ол кеше ғана өмірде болған оқиғаға құрылған, сол оқиғаға қатысқан кейіпкерлердің жағдайын, эмоциясын тарата берген сюжеттік әңгіме.

Өткен ғасырларда тасжүрек мерген туралы аңыз, әңгімелер мен көлемді дастандар ел арасынан көптеп жазылып алынғаны белгілі. Ондай сюжеттердің бүгін де ел жадында сақталып келгенінің куәсі ретінде Көкшетау қаласының тұрғындарынан жазылып, қысқартылған мазмұны осы кітапта берілген екі аңызды айтуға болады.

Қатыгез аңшы-мерген туралы фольклорлық үлгілерде ол қаталдығы, қайырымсыздығы үшін міндетті түрде жазаланатыны белгілі: ол тасқа, айуанға, құсқа, жұлдызға т.б.с.с. айналуы мүмкін, оны жер жұтуы мүмкін, себепсіз, аяқ астынан қаза табуы мүмкін, ал кейде ол қайғырып, дүниеден баз кешіп, зар жылап өтеді. Бұл ежелгі мифтік ұғым. Сол ұғым ғасырлар бойы этностың фольклорлық жады мен санасында сақталып бізге жетіп отыр, бірақ заманға сай өзгерген, жаңа мазмұн, мағынамен байытылған түрде. Екі әңгімеде де обалсауапқа қарамай ұшқан құс, жортқан аңды қыра берген қанішер екі мерген жасы жеткенде өз күнәсін жан-тәнімен түсініп өкінеді, сол үшін жазаға ұшырайтынын біледі. Әсіресе, екінші әңгіме сюжеті тұрғысынан зерттеушілер үшін маңызды: мұнда аңшы күнәсін біліп, қанша сақтанса да, ақыры ажалы қасқырдан болады делінеді. Өмірде солай болды ма, жоқ па – кесіп айту қиын. Бұл – ел арасында айтылып жүрген аңыз. Ең маңыздысы – өте ерте замандарда, көп ғасыр бұрын қалыптасқан көзқарастар әлі тірі, ел оған сенеді, соған негізделген

аңыз, әңгіме туғызады. Қатыгез аңшы-мерген туралы аңыз, әңгіме, дастандардың кейбір нұсқаларында көне мифтік ұғымдармен қатар исламдық көзқарастар да айқын көрініс береді. Мысалы В.В.Радлов 1870 ж. жариялаған мәтінде [6, 665-670] өлім қаупі төнген киікке Мұхаммед пайғамбар араша болып, оның өміріне айырбас ретінде киікті қолға түсіріп, бауыздамақ болған дінсіз қақпаншыға Исламды қабылдауға рұқсат етеді де, оған о дүниенің мәңгілік рахатын сыйлауға уәде береді. Мұнда көне сюжет Мұхаммед пайғамбар бейнесін асқақтата дәріптеу үшін пайдаланылған. Көне сюжеттерді кейінгі заманның идеологиялық мақсат-мүдделеріне сай өзгертіп, өңдеп, жөндеп пайдалану фольклорда жиі кездесетін құбылыс, қалыпты жағдай. Осы типтес шығармалардың көне, алғаш қағазға түскен нұсқалары б.д.д. IV ғасырда жазылған «Джатака» жинағынан белгілі [7, 157-160].

Жалпы осы типтес аңыз, әңгіме, дастандарға негіз болған сюжет өте көне. Е.Д. Тұрсыновтың айтуынша: «В период разрушения древней мифологии в период между распадом Древнетюркского каганата (IX в.) и временем сложения Казахского ханства (XV в.) происходит трансформация древнего мифического сюжета о борьбе тотемных покровителей-маралов с представителями нижнего мира в легенду об охотнике, безжалостно истреблявшем зверей и потому проклятом Небом» [8, 24].

Осындай мифтік сана, ұғымнан хабар беретін туындылармен қатар ел жадында көптеген топонимдік аңыз, әңгімелер де сақталғанын көреміз. Олар жер-су, тау, үңгірлердің, қала, ауыл, бүтін аймақтың аталу тарихынан мәлімет береді. Олардың сюжеттік негізін – өмірде болған, болмаса да әбден болуы мүмкін, кейде реалды оқиғалармен бірге нанымсыз, ғажайып/фантастикалық реңктегі жағдаяттар, факт, детальдар аралас жүрген (мыс. «Айдаһарлы – Құдайберлі» аңызы), бірде бірнеше ғасыр бұрын орын алған, тарихтан белгілі, кейде бір өңір, аймақ үшін ғана маңызды, яғни жалпы халықтық мән-мағынасы жоқ оқиғалар құрауы мүмкін. Сол оқиғалардың кейіпкерлері – есімдері тарихтан белгілі батыр, хан, әулие, қарапайым адамдар, ғашықтар т.б. Сондай-ақ жер-су, таулар т.б. жаудың есімімен, зат, бұйым, тұлпардың атымен де аталуы мүмкін.

Жер-су атауларының фольклорлық мұрамыздағы орны ерекше, себебі жер, су, тас, үңгір, төбе т.б. халық үшін жай ғана географиялық нүкте емес, олар – кір жуып, кіндік кескен туған жер, Отанның символы. Жер-су арқылы, соларды атау арқылы этнос сол мекенге, сол кеңістікте болған оқиғаға, сол төңіректің тарихына өзінің қатынасын, қатыстығын, байланысын білдіреді. Сондықтан мұндай шығармаларды халық ұмытпай, құнттап сақтайды. Ғылыми экспедициялар барысында мұндай шығармалар Қазақстанның әртүрлі аймақтарынан жазылып алынды, мысалы: «Секер көлі», «Қара-Шүңгіл», «Махаббат күмбезі» т.б.

Топонимдік аңыз, әңгімелер санатына мәлімет беру қызметі тұрғысынан өте жақын, бір типті болып табылатын, жоғарыда талданған «Әулие ағаштан» өзге де көптеген киелі саналатын ағаштарға арналған прозалық шағын аңыздарды жатқызуға болады, мысалы Шыңғырлау өңірінде 500-600 жылдай уақыт өсіп тұрған 6-7 кісінің құшағы жетпейтін «Шоқайтерек» деп аталып кеткен алып терек туралы, Қарағанды облысындағы «Екі ғасыр жасаған терек», «Әулие терек» деп аталатын зәулім ағаш туралы аңыздар.

Экспедиция мүшелері – ғалым-фольклортанушылар жазып алған фольклорлық шығармалардың келесі тобы ол – тарихи аңыз, әңгімелер. Солардың ішінде тыңдаушы қауым ықыласпен қабылдайтын Абылай ханның, оның ұрпақтарының, сардарларының, оған жан-тәнімен берілген жанқияр батырларының есімдерімен байланысты туған шығармалар. Мысалы – «Қоңыр әулие», «Олжабай батыр», «Абылай ханның жау қоршауынан құтылуы», «Балта керей Тұрсынбай батыр», «Күлеке батыр», «Мәмбет батыр» т.б. Бұлардың біразы алғаш ғылыми айналымға енгізілсе, кейбірі бұрыннан белгілі, баспа бетін көрген шығармалардың варианты болып табылады. Мұнда кейде тарихтан белгілі оқиға, фактілер басқаша түсіндіріліп баяндалатын жағдайларды да кездестіруге болады. Мысалы «Абылай ханның жау қоршауынан құтылуы» деген аңызда ханның қоршауда болса да тұтқынға түспегені әңгімеленеді, ал Абылай ханның тұтқынға түскені тарихтан белгілі. Демек, бұл жерде ханын жауға қимаған халық арманы шындықтан, тарихи нақтылықтан басымырақ болып тұр.

Атап өтетін жәйт, бұл мәтіндерде жаугершілік, ерлік, батырлықпен қатар көбіне түрлі өмірлік жағдайлар, күнделікті тіршілікте кездесетін оқиғалар, кейіпкерлердің адами қасиеттері әңгімеленеді.

Сондай-ақ жезтырнақпен кездесіп, оларды айламен, я ерлікпен жеңген адамдардың ерлігін баяндайтын бірнеше хикая жазылып алынды. Бұлардың бұрыннан белгілі мәтіндерден негізгі айырмасы – ескі хикаяларда жезтырнақты жеңуші – елге белгісіз, аты ғана аталатын (мысалы Қарамерген) аңшы-мерген болса, қазір жазылып алынған хикаялардың кейіпкері – XIX ғасырда өмір сүрген, ерлігімен танылған реалды адамдар. Мысалы, «Бөгенбайдың жезтырнаққа жолығуы» хикаясының кейіпкері – қанжығалы Бөгенбай емес, сол хикаяны жеткізуші Абылайхан Бірәліұлының (1934 ж. туған) арғы аталары; «Тұрсынбай батырдың жезтырнақпен жолығуы» деген хикаяның кейіпкері – Абылай ханның сенімді батырларының бірі – Балта керей Тұрсынбай батыр; ал елге тыныштық бермей, малды да, адамды да жей берген аюдан төңіректегі елді құтқару үшін жалғыз өзі барып, жыртқыш аңды жарып өлтірген Күлеке батыр да – Абылайдың атығай-қарауыл еліне сұлтан болған кезінен қасына ерген мықты батырларының бірі («Күлекенің аюды өлтіруі» атты хикая) т.б.

Сөз қадірін, әсіресе, шешендік сөздің, өткір сөздің, поэзияның қасиетін білген, жоғары бағалаған халық шешендердің, билердің (мысалы Тоқсан би, Шағырай би, Есеней би, Қаз дауысты Қазыбек би т.б.) айтқан сөздерін, олар туралы ғұмырбаяндық дерек-мәліметтерді, шешкен дауларын т.б. осы күнге дейін жадында сақтап, кейінгі жастарға жеткізуді парыз деп санайтынына көз жеткізуге болады, оған «Балта керей Тұрсынбай батырды Абылайдың сынауы», «Тұрсынбай батырдың Уәлиханнның ауылында болуы», «Күлеке батыр», «Мәмбет батыр», «Кенесары туралы аңыз», «Шағырайдың мал, бақыт, дәулет туралы айтқаны», «Мұсаның Мәшһүрге сұрақ қоюы», «Төле биге баласының өлімін естірту», «Бала Егіз бидің дауды шешуі» т.б. осы тәрізді іссапар кезінде жазылып алынған мәтіндер дәлел.

Жиналған материалдардың ішінде жергілікті әулие, ислам қайраткерлерінің әулиелігі, айтқан ғибрат сөздері туралы және зороастр дінінің негізін қалаған Зердеш (Заратуштра) туралы хикаят та назар аударарлық. «Зердеш туралы аңызға» байланысты – бұл ер-

теден жеткен аңыз ба? я біздің заманымызда көптеп жарияланған ғылыми еңбектер, ғылыми-көпшілік мақалалар мен кітаптардың ізімен, солардағы мәліметтерді негізге ала отырып шығарылған, жасанды дүние емес пе? – деген сұрақ туатыны анық. Аталған аңызда бірнеше мотив пен сюжеттер, сюжеттік тақырыптар біртұтастықта алынып, архитектурникасы (құрылымы) күрделі әрі үйлесімді шығармаға негіз болғаны, мотив-сарындардың кейбірі ертеден жеткен болса да, кейін толықтырылып, басқа сюжеттермен біріктіріліп контаминацияға түскені, ал аңыздың өзі әдеби жөндеу, редакциядан өткені анықталды.

Жиналған материалдардың айтарлықтай бөлігін ғұрыптық отбасы фольклорының мәтіндері – сыңсу, бата, жар-жар т.б. (олардың айтылу ерекшеліктері, мәтіндік айырмашылықтары т.б. анықталған), Ресейден (Омбы қ.) қоныс аударып келгендерден жазылып алынған «бұғыбай өлең» (орындау тәртібі, құрылысы, тарихы, таралуы, варианттары т.б. әңгімеленеді), балалар фольклорының үлгілері т.б. құрайды.

Сонымен бірге Қазақстанның жоғарыда аталған аймақтарына жүргізілген экспедиция барысында ұзақ эпостық шығармалардан («Нарқыз», «Қыз жібек», «Қамбар батыр», «Мұңсыз хан» т.б.) үзінділер және бұрын өткен жырау, жыршылардың [Құдайберген жырау, Әбубәкір Кердері, Ізбан Мосойбайұлы, Мұрын жырау т.б.] репертуарында болған дүниелерден үзінділер жазылып алынды. Оларды жеткізуші информанттар – орта және жас буын өкілдері, мысалы Ниязов Қожахмет – 60 жаста, Сәрсенов Бақытбек – 21 жаста. Осы жерде жадында төл фольклорымыздың көптеген мәтіндерін сақтап жеткізуші Шұғайыпов Халимат ақсақалдың атын үлкен құрметпен атап өткен жөн. Бір ғажабы, оның репертуарында бір жанр емес, көптеген жанрларға жататын шығармалар бар. Х.Шұғайыповтан біраз материалдар жазып алған фольклортанушы Д.Жақанның куәлігі бойынша оның тағы бір ерекшелігі – көлемді жырлар мен дастандарды аспаптың сүйемелінсіз, белгілі әуен-мақамға салып айтуында. Демек, жыршылық өнер, жыршылық дәстүр дегеннен біз құралақан емес екенімізге көз жеткізуге болады. Бұл, әрине, зерттеушілердің айырықша назарын аударатын жәйт. Бірақ осы жерде мына жәйтті анықтап, нақтылау лазым. Қазіргі зерттеуші, жинаушылар: «инфор-

мант жыр, дастанды жырлады», «жырлап берді», «жырлауынан жазылып алынды» дегенде бұрынғы, дәстүрлі ұғымдағы жыраулықты меңзегені емес. Әңгіме – тек жыршылық төңірегінде. Дәлірек айтатын болсақ жыршылықтың [сказительство, искусство сказывания/складывания текста] өзі орындаушылық мағынада ғана алынады. Байқап жүргеніміздей, бүгін жыр, дастан мәтіндері баспа бетін көрген, мыңдаған данамен таралған кітаптардан, пластинкадан жаталады. Ал халыққа, баршаға аян мәтіннен алшақтау мүмкін емес екені түсінікті. Демек, бұрынғыдай импровизацияға бару, мәтінге шығармашылық өңдеу, жөндеу, қандайда болсын өзгеріс енгізу мүмкін емес. Сондықтан бүгінгі жыршылар – шындығында тек орындаушы, айтушы, жеткізуші ғана. Орындаушылық өнердің өзі өзекті емес; ол – ситуативті, яғни шынтуайтын айтқанда, көбіне сахналық өнер ретінде ғана, эпизодтық көрініс ретінде ғана сұранысқа ие.

II

Қазақстандағы диаспоралардың фольклорын сөз етпес бұрын елімізде сол диаспоралардың қалай пайда болғанына тоқтала кеткен жөн. «Диаспора» ұғымының анықтамасына келсек – «диаспора» сөзі ұғым ретінде ерте замандарда пайда болғаны белгілі, бірақ ғылыми термин ретінде қолданыла бастағанына көп бола қойған жоқ. Ол тек 1970 жылдардың аяғы мен 1980 жылдардың бас кезінде ғана зерттеушілердің жіті назарына ілікті. Себебі кей мемлекеттерде диаспоралардың саны көбейгені сонша, сол қоғамның түрлі салаларында көрініс бере бастағандықтан, оған назар аудармасқа болмады. Көп ұзамай диаспора мәселесін, олардың қоныс тепкен елдеріндегі қоғамда және тарихи отандарындағы өзара қарым-қатынасын зерттеуді алдымен Батыс, нақтырақ айтқанда АҚШ, сосын Ресей ғалымдары қолға алды. КСРО-ның құлауы бұл зерттеулердің одан әрі дамуына серпін берді. Себебі бұрындары түрлі этнос өкілдері бір шаңырақ астында тұрса, ендігі жерде олар өздерінің ұлттық мемлекеттерінен тысқары жерде қалып қойды.

«Диаспора» термині гректің бөліну, бөлшектену, шашылу (*diaspeirein* – шашылу) деген сөзінен шыққан. Бұл мәселемен

шұғылданған әрбір зерттеуші диаспора терминіне өз анықтамасын береді. Олар кейде бір-біріне қарама-қайшы болуы да мүмкін. Бұл жағдай анықтама беруші әрбір зерттеуші, ғалым мәселенің әр түрлі қырына, аспектісіне көңіл бөлуімен байланысты.

Дегенмен, диаспора деп – сан алуан объективті және субъективті себептермен тарихи отанын тастап, әртүрлі мемлекеттерде тұрып жатса да тілін, ұлттық салт-дәстүрін, ең бастысы, ұлттық болмысын сақтап отырған этникалық топты айтуға болады. Сондай-ақ диаспора құру кез келген этностың қолынан келе бермейтіні, ондай құбылыс тек ассимиляцияға бой алдырмайтын ұлттарға ғана тән екені анық.

Өзге этнос өкілдері жерімізге қашан, қалай, неге келді, қалай орналасты, деген мәселеге келсек, онда біздің жерімізге ең алғаш қоныс аударғандар – славяндар.

«Орыс тайпаларының (славяндардың) Азия бөлігіне сирек те болса кездейсоқ кіруі тек қана І Петр басқарған кезде, яғни XVIII ғасырдың басында жүйелі сипат алады. Дипломат Құтлұмұхаммед Тевкелев өзінің мемуарларында «Ұлы Петр Парсы және Астрахан жорығында болған кезде көп жағдайдың ішінде, Қырғыз-Қайсақ (Қазақ хандығы – Б.Ә.) ордасы туралы айта келе: «Осы Қырғыз-Қайсақ жерлері барлық Азия елдері мен жерлеріне шығатын қақпа да, тұтқа болады, тек қана сол арқылы барлық Азия елдеріне байланыс орнайды, сол себептен Ресей жағына келтіру үшін пайдалы және қабілетті шаралар қолдану қажет» – деп, атап көрсеткені туралы жазады...

XIX ғасырдың 40 жылдары Британ тәжі мен Ресей патшалығы Азияны құпия түрде бөліп, Памирдің оңтүстік сілемдерін Британия, ал оның барлық солтүстік бөлігін, атап айтқанда Орта Азия мен Қазақстанның барлық аумағын Ресей империясы күштеп тартып алады. Мұны аса көрнекті тарихшы Н.Г. Аполлова «жерлерді бейбітшілік жолмен басып алуға» бағытталған Ресей патшалығының ірі агрессиясы» – деп, атап көрсетті [9, 274-275].

1710-1760 жылдар аралығында Қазақ даласында шұғыл түрде әскери қалашықтар салына бастады, мысалы 1716 жылы Омбы бекінісі, 1718-1720 жылдары Өскемен мен Семей бекіністері салынды. Сонымен 9 бекіністен және 53 қорғаннан тұратын бекініс жүйесі бой көтерді. 1750 жылы Петропавл бекінісі бой көтерді. Мұнда

тұрақты әскери гарнизондар мен казак разъездері қызмет істей бастады [9, 275].

Қазақ жерін отарлау осылай басталған болатын. Оның екінші кезеңі Ресейде басыбайлылық (крепостнойлық) құқықтың жойылуымен байланысты. Бұл кезеңде патша үкіметі Қазақстанның солтүстік және шығыс өңірлеріне Ресейден, Украинадан және Волга бойынан шаруаларын көшіріп, жоспарлы түрде орналастырады.

XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басында патша үкіметі қазақ жерін отарлауға белсенді түрде кірісті.

1817 жылы Бөкей, 1819 жылы Уәли хандар қайтыс болғаннан кейін Орта жүзде хан сайланбады. Хан билігі біржола жойылды.

Патша әкімшілігі Қазақстан аумағын ішкі отарына айналдырып, 1867-68 жылдардағы Уақытша ережелер арқылы қазақтарды басқару және бағындыру жүйесін бір ізге келтірді... Өлкенің бүкіл жер қоры үстемдік етіп келген Шыңғыс ұрпақтары саналатын хан-сұлтандардан алынып, Ресей империясының меншігіне көшті. Қазақ жеріне XVIII ғасырдың бірінші жартысынан XX ғасырдың бірінші онжылдығына дейін қоныс аударғандардың жалпы саны 1,5 миллион адамды құрады. Патша үкіметінің аграрлық саясаты қазақтың шұрайлы жерлерін тартып ала отырып, қазақ аймақтарының этникалық құрылымын түбегейлі өзгертті [9, 283]. Осылайша қазақ жерінде славян диаспорасы қалыптасты.

Ұйғырлар мен дүнгендер XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап Қытай билігі жүргізген репрессиядан қашып Шығыс Түркістаннан Орта Азия мен Қазақстанға (Жетісу өңіріне) қоныс аудара бастады. 1884 жылдың бас кезінде Жетісуға 9572 ұйғыр отбасы (45373 адам) және 1147 дүнген отбасы (4682 адам) қоныс аударды [10, 14]. Ұйғыр және дүнген диаспорасының қалыптасу тарихи осыдан басталады.

Ал басқа этнос өкілдерінің қазақ жеріне келу тарихы мен себебі Кеңес үкіметінің өзге этнос, халықтарға деген агрессивтік саясатымен байланысты екені ақиқат. Бірақ олардың бір мезетте режимге жақпай, күштеп көшіріліп, депортациялануын 1940-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысымен байланыстыратын біржақты тенденция қалыптасқан. Деректерге қарағанда түрлі әлеуметтік топ өкілдерін, аз ұлттар мен ұлыстарды күштеп көшіру соғысқа дейін көп бұрын

басталған. 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін-ақ Мәскеуден, Ленинград пен Ресейдің өзге де қалаларынан жоғарғы тап өкілдері, бұрынғы патша әкімшілігінің шенеуніктері Уралға, Қазақстан мен Сібірге айдалды [11]. Ресейдің орталық өңірлері мен Украина, Белоруссиядан ұжымдастыру кезінде қудаланған ауқатты шаруалар да көшірілді. Ресейден, Украина мен басқа да республикалардан Қазақстанға көшірілгендер саны 1936 жылға қарай 360 мың адамға жетті. Режимге жақпағандарды жаппай жер аудару тәжірибесі осылай қалыптасты. Осылайша Қазақстан Қ.С. Алдажұманов жазғандай 1930-жылдардың өзінде-ақ жер аударылған халықтардың тұрағына айналды [12, 40].

Ал соғыс қарсаңындағы жылдары бірінші боп күштеп көшірілген Қиыр Шығысты, яғни Приморьеде тығыз қоныстанып отырған 200 мыңға жуық кәріс болды [13]. Оларды жаппай көшіру КСРО-ның Қиыр Шығысындағы шекара қауіпсіздігін сақтау үшін қажет болды деп түсіндірілді. 1937 жылдың соңына дейін Қазақстанға 20530 кәріс отбасы көшірілді [14].

1937 жылдың соңына қарай Әзірбайжан, Армения КСР-ларынан Қазақстанға 1121 курд, армян, түрік отбасы әкелінді.

1938 жылдың қазан-қараша айларында Түркіменстан, Әзірбайжан, Грузия, Арменияның шекараға жақын аймақтарын мекен еткен ирандықтар да Қазақстан жеріне әкелінді (2000-нан астам отбасы) [15].

Халықаралық жағдайдың ушығуы мен соғыс өрті тұтану қаупі артқан сайын КСРО-ның ұлттық саясаты да репрессиялық сипат ала бастады. Бүгінде «Молотов-Риббентроп пактісі» деген атпен белгілі КСРО мен Германия арасындағы 1939-1940 жылдардағы құпия келісімнің арқасында КСРО Балтық жағалауы елдерін, Батыс Украина, Батыс Белоруссия мен Бессарабияны өз құрамына қосып алды. Көп ұзамай сол өңірлерде кеңестендіру мен ұжымдастыру зор қарқынмен басталып кетті. Батыс Украина мен Батыс Белоруссияда жергілікті халықтармен бірге 1939-1940 жылдары Германияның Польшаға басып кіруіне байланысты ауып келген поляк ұлтының көптеген өкілдері де тұратын. 1940 жылдың қазан-қараша айларына

Келтірілген мәліметтердің көпшілігі Қ.С.Алдажұмановтың осы мақаласынан алынды.

да Қазақстанға Батыс Украинадан 6478, Батыс Белоруссиядан 203, Бессарабиядан 8000 поляк көшірілді [12, 42].

Сондай-ақ сол жылдары Қазақстанға неміс ұлтының 800 мың өкілі әкелінді [16].

1943 жылы жаудан босатылған аймақтарды «тазарту» жұмыстары басталып кетті. Аталған науқан барысында жаумен ауызжаласқан жекелеген тұлғалар ғана емес, тұтас ұлттар мен ұлыстар да биліктің қырына ілікті. Күштеп көшірілген алғашқы ұлттардың бірі қарашайлар болды.

1944 жылы Қалмақ АКСР-нан 99252 адам көшіріліп, солардың ішінен 2268 адам, яғни 648 отбасы Қызылорда облысына әкелінді [17].

1944 жылдың ақпан-наурыз айларында елімізге жалпы саны 406375 адамды құрайтын 89901 шешен және ингуш отбасы әкелінді [18].

1944 жылы Қазақстанға жалпы саны 25 мың адамнан тұратын 4660 балқар отбасы қоныс аударылды [19].

1944 ж. Қырым АКСР-нан татар ұлтының 191044 өкілі көшірілді. Олардың 4501, яғни 1268 отбасы Қазақстанға жеткізілді. Олардан бөлек, осы науқан кезінде Қазақстанға 7 мыңға жуық болгар мен грек депортацияланды [20].

1944 ж. Грузияның Ахалцих, Адиген, Аспиндз, Ахалкалак және Богданов аудандарында тұратын 115,5 мың адам депортацияланды. Солардың ішінен Қазақстанға жалпы саны 27833 адам немесе 6300 түрік отбасы жеткізілді [21].

Сонымен Кеңес үкіметі (жүйесі) орныққаннан бастап 1936 жылға дейін Қазақстанға күштеп көшірілген 360 мың адамға қоса 1937-1951 жылдар аралығында тағы да шамамен 800 мың неміс, 102 мың поляк, Солтүстік Кавказ халықтарының 507 мың өкілі депортацияланды. Сондай-ақ соғыс қарсаңында елімізге өндіріс құрылысы үшін 1 миллион 200 мың адам әкелінсе, Ұлы Отан соғысы жылдары әскери жабық нысандар 150 мың адамды қабылдады.

Жаппай қоныстандырудың екінші толқыны ХХ ғасырдың 50-жылдары тың және тыңайған жерлерді игерумен байланысты болды. Сол жылдары тың игеру үшін Республикамызға 1,5 миллион адам қоныстандырылды.

Осылайша сталиндік тоталитарлық режимнің қанқұйлы саясатының салдарынан 1937-1951 жылдар аралығында тұтас этностар мен көптеген ұлттардың өкілдері қуғындалды, мысалы: шешен, ингуш, қалмақ, қырым татарлары, неміс, кәріс, қарашай, поляк, балқар, украин, парсы, күрд, түрік т.б. этностардың едәуір бөлігі депортацияға ұшырады. Қазақ жеріне күштеп қоныстандырылған олардың жағдайы өте ауыр болғаны белгілі.

Ал, қазақтың жағдайы сол кезде қандай болды? Біздің жерімізге өзге халықтарды әкелерде бізбен ақылдасты ма? Рұқсат сұрады ма? Әлбетте, сұраған да, ақылдасқан да жоқ. Сол кездегі қазақтың жағдайын сипаттау үшін екі жағдайды атап өтсек те жеткілікті:

1. 1921-1922 және 1930-1933 жылдардағы ашаршылықты бастан кешіріп, есімізді енді жинап жатқан болатынбыз. 1921-1922 ж.ж. ашаршылықтан Қазақстан халқы 30 пайызға дейін азайғаны, ал 1930-1933 ж.ж. ашаршылықтан қазақтардың үштен бірі ғана қалғаны белгілі [22].

2. Ұлы Отан соғысына елімізден 1 200 000 азамат сол кездегі бәрімізге ортақ Отанымызды – КСРО-ның еуропалық аймақтарын қорғауға аттанған болатын, олардың 350 000 қаза тапты, көбісі мүгедек боп оралды [10].

К.С. Алдажұманов жазғандай: «Ол жылдары күштеп көшірілгендер ғана емес, бүкіл республика халқы азық-түлік пен тауарларға мұқтаж еді. Халықтарды көшіру, жалпы, зорлықпен жүргізілген осы науқан онсыз да соғыстан титықтап жатқан мемлекетке ауыр жүк болды. Сондықтан соншама халықты бірден қабылдау азық пен өндірістік тауарлардың тапшылығын бір кісідей-ақ сезініп отырған елдің жағдайын одан сайын қиындата түсті» [12, 49].

Ал Е.М. Грибанова былай дейді: «Шел третий год войны, материальные и людские ресурсы Казахстана были истощены. Республика постоянно кого-то принимала: депортированных или эвакуированных» [23, 50].

Осыған қарамастан қазақ халқы қиын жағдайға тап болған депортацияланғандарға мүмкіндігінше жәрдем берді. Е.М. Грибанова Қазақстанға көшірілген шешендер мен ингуштардың аса ауыр халын айта келіп былай дейді: «Скученность, антисанитария породили

вспышки эпидемий, сопровождались высокой смертностью. Этому способствовали голод, отсутствие одежды. Но смертность была бы выше, если бы не помощь со стороны местного населения, в первую очередь, казахов. Обычные люди, рядовые труженики пускали в свой дом обездоленных, делились с ними последним куском хлеба. Милосердие коренного населения Казахстана навсегда осталось в исторической памяти чеченского и ингушского народов» [23, 50]. Шешендер мен ингуштар ғана емес, басқа халықтар үшін де дәл солай екені анық. ПХК (НКВД) депортацияланғандарды Отанын сатқан опасыздар деп атап, оларға көмек қолын созғандарды жазасыз қалдырмайтынын айтып қорқытты. Соған қарамастан, қазақтар қатаң жазаға тартыларын біле тұрса да, қуғын-сүргінге ұшыраған халықтарға жанашырлық таныта білді.

Қазақ халқының жомарттығы мен дархан көңілінің арқасында елімізге еріксіз көшірілгендер аман қалып қана қоймай, аяқтарына тік тұрып, өздеріне тән мәдениеттерін де сақтап қалды. Сол себепті де депортацияға ұшыраған халықтар ақталып, тарихи отандарына қайта көшуге рұқсат алғанда олардың көбісі Қазақстанда қалып, осында мамыражай өмір сүруде.

Қазақстандағы диаспоралық фольклорлық мәдениеттердің ішінде ең көп зерттелгені славян диаспорасының фольклоры. Ол 1970 жылдары М.М. Бағызбаеваның жетекшілігімен зерттеу нысанына алынғаны белгілі. Қазіргі таңда Орал, Шығыс Қазақстан, Жетісу, Көкшетау, Петропавл мен Ақмола өңірлеріндегі славян фольклоры едәуір зерттелген. Солардың ішінде монографиялық деңгейде зерттелгендері: ғұрыптық емес өлең, ғұрыптық поэзия, ертегілер, ертегіден басқа проза, частушкалар, балалар фольклоры, ұсақ жанрлар, маусымдық және славяндық үйлену фольклоры т.б. Қазақстандағы славян фольклорын жинау, жариялау және зерттеу ісі бүгін де қызу жүргізілуде, бұған ресейлік әріптестеріміз де атсалысуда.

Ал өзге диаспоралардың фольклорына келетін болсақ, оларды жинау және талдау алғаш рет осы жоба аясында жүзеге асып отыр. Ұйғыр фольклорына қатысты еңбектердің аз емес екенін айта кетуіміз керек, бірақ олар дәстүрлі фольклорға арналған және ұйғырлардың тарихи отаны ҚХР-дің ШҰАА-нан жиналған материалдар бойын-

ша, сондай-ақ Қазақстандағы ұйғыр диаспорасының кеңестік дәуір кезеңінде, яғни 1991 жылға дейін жиналған материалдар негізінде жазылған. Сол кездің өзінде-ақ ғалымдар XX ғ. фольклорының XIX ғ. фольклорына қарағанда өзгеріске ұшырағанын анықтаған. Мысалы, М.М. Алиева 1989 жылғы еңбегінде былай дейді: «...Изменения произошли не только в содержании фольклорных произведений, но и в жанровом составе, в частности, некоторые формы фольклорных произведений, связанные со старой общественной идеологией, перестали существовать. Однако ряд древних жанров – сказки, дастаны, генеалогические и исторические предания, космологические легенды, исторические песни – продолжают бытовать. Изучение материалов по этим жанрам показывает, что они не развиваются, т.е. содержание их остается без изменений. Однако сказки, предания, легенды, дастаны обрели вторую жизнь. Они стали богатым источником сюжетов и образов для письменной литературы, а также для художников и композиторов.

Другая группа традиционных, тоже древних по генезису, жанров, таких, как загадки, лирические песни, пословицы и поговорки, жанры сатиры и юмора – латифы (анекдоты), чакчак (шутка), за советский период трансформировались, приобрели новый характер, обогатились по содержанию и тематике. И, продолжая активно бытовать, постоянно подвергаются переработке» [24, 156-157].

Заман ағымына сай фольклорлық мәдениеттің өзгеру, трансформациялану үдерісі жалғасуда: «Исконно народная, традиционная часть свадебной и похоронной обрядности уйгуров в целом следует издавна сложившемуся образцу, хотя ее структурные, функциональные и смысловые характеристики претерпели некоторые изменения. В частности сократился и упростился весь ритуал свадеб...

Сегодня многие специалисты отмечают, что с распространением денежно-вещевых отношений этно-традиционное значение многих обычаев перестает осознаваться, а следование ритуалам зачастую носит конформный характер. Знание и исполнение старых правил ритуального поведения утрачивают былую всеобщность и становятся в социальном и региональном отношении дифференцированными» [25, 44].

Бұл пікірлерді Қазақстандағы басқа диаспоралардың қазіргі фольклорлық мәдениетіне қатыстыда айтуға болады, дегенмен олардың әрқайсының өзіндік ерекшеліктері де жоқ емес. Бұған шешен диаспорасының отбасылық ғұрыптық фольклоры дәлел. Оларда, мысалы, ғұрыптық отбасы фольклорының маңызды бөлігі – бір қауым ел жиылатын үйлену тойы (мұндай тойды естіген жұрт шақырылмаса да келе береді), әдетте, келіннің құрметіне жасалады. Күйеу жігіт өз тойына қатыса алмайды және оған бірнеше күн туған-туыстарының көзіне түсуге болмайды.

Жалпы вайнах қоғамында әйелдердің орыны ерекше екеніне көз жеткізуге болады. Мысалы, жаңа салынған үйдің табалдырығын алдымен әйелі аттап, сосын ғана күйеуі кіреді. Әйелдерден қанды кек алынбайды. Олардың өміріне, арына қол сұққан жағдайда екі есе құн төленеді. Ал жүкті әйелдер әулиеге баланады. Тіпті құрметті ақсақалдың өзі жүкті әйелге жол береді. Мұның себебін вайнахтар: «Кім біледі, мүмкін әулие, пір, ұстаз немесе әйтеуір бір жақсы адам дүниеге келер» деп түсіндіреді.

Шешендерде жерлеу рәсімі, негізінен, шарифат талаптарына сай жасалады, бірақ кейбір ерекшеліктері де бар: егер үйде кісі қайтыс болып жатқанда қонақ келе қалса, алдымен қонақты рәсімге сай күтіп алып, қайғылы жайтты содан кейін барып естіртеді және де келген қонаққа ол үйде ешкімнің қорлауына жол берілмейді; вайнахтардың дәстүрі бойынша бейітті безендіруге болмайды, себебі пенденің бәріне өлмек бар, ал жаратушының алдында бәрі бірдей; кейбір мәліметтерге қарағанда соңғы уақыттары кавказдықтар, соның ішінде шешендер де қайтыс болған адамдарын тарихи отанында жерлеуге тырысады.

Патриархалдық әулет болып өмір сүретін шешен қоғамы ғасырлар бойы түзілген дәстүрлер мен ғұрыптарын, тұрмыс-тіршілік шарттары мен заңдар жиынтығын фольклоры мен әдебиеті арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келеді, солардың бір-екеуін мысалға келтірейік:

1. Бабалардың салтын, дәстүрі мен наным-сенімін көздің қарашығындай сақтап, өзіңнен кейінгілерге қалдыр.

2. Өзінді және бабаларыңды таны, басыңда тік ұста, қадірлі бол, әдептен озба.

3. Аңаңды қалай құрметтесең Жерді де солай құрметте. Өйткені Құдай жаратқан тіршіліктің дiңгегі сол. Табиғатты, бұлақтар мен өзен-көлдерді ластама. Бірінші анамыз Жер болса, екінші анамыз – су, ал үшінші анамыз – сені дүниеге әкелген анаң. Оның ділінде Жаратқанның қасиеті барын ұмытпа т.б. Шешендердің бесік жырының үлгісі төмендегідей:

Ночь весенняя в окошко
Тихо улыбается.
Спи козленок мой бесценный,
Оле-бале-лю,
С миром спи, родной.

Ангел твой у изголовья,
Он убережет
От злых духов и от сглаза,
Спи, козленок мой.

Небо спит и спит луна,
Звезды спать легли.
Горы спят и спит родник,
Спи, родной малыш.

Спи, мое дитя
Вырастешь – джигитом ты!
Радость ты моя!
Ведь тебя Аллах нам дал,
Радость ты моя!

(1953 ж. туған Б.А. Асламбековадан жазылып алынды)

Осы шағын мәтінде, көріп отырғанымыздай, шешен халқының архаикалық дүниетанымы да, ислами көзқарастары да, тарихи отаны – Кавказ тауларының әдемі, панорамдық көрінісі де, ана махаббаты да, оның баласы бейбітшілік, тыныштықта өмір сүрсін деген арман, тілегі де жырланады.

Ұжымдық еңбекте Қостанай, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Атырау, Ақмола, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан, Жамбыл және Алматы облыстарына жасалған ғылыми экспедиция барысында жиналған этникалық диаспоралардың фольклоры біршама жүйеленіп, сипатталып, зерттеу қорытындылары ғылыми айналымға енгізіліп отыр.

Қостанай облысындағы славян фольклорын, соның ішінде маусымдық ғұрып фольклорын, үйлену және жерлеу-азалау ғұрпын, өлең дәстүрін, ертегіден басқа халық прозасын, балалар фольклорын, магиялық ғұрыптар мен жанрларды зерттей келе Г.И. Власова мынадай қорытынды жасайды: «Актуализированные жанры фольклора (календарные и семейные обряды, песенная лирика, детский фольклор, устные рассказы, бывальщины, предания и легенды) в силу своей приспособляемости к новой социокультурной ситуации продолжают бытовать в живой традиции, во вторичном проявлении...

Славянский фольклор в течение более чем столетнего бытования на земле Казахстана образует вторичную по отношению к фольклору метрополии (России и Украины) локальную традицию. Славянская традиционная культура в Казахстане – это культура диаспорная, бытующая в условиях вторичной локализации» (осы кітаптың 164 б.).

Батыс Қазақстанның Орал аймағындағы маусымдық салттар мен мерекелер, үйлену салты мен поэзия, өлең дәстүрі мен халық прозасын зерттеу нәтижесінде ғалым былай дейді: «Наибольшей устойчивостью, однородностью и самобытностью отличается фольклорный репертуар бывших казачьих станиц. Самыми актуальными для казачьего населения оказываются песенная лирика и жанры семейного обрядового фольклора, в живом бытовании находится устная проза. Устойчивость фольклорного репертуара казачьих станиц определяется историческим прошлым, составом населения, малой миграцией, изолированностью и, как следствие, – своеобразным бытовым укладом сел».

Сондай-ақ монографияға А.Д. Цветкованың да «Славянский фольклор Павлодарского Прииртышья в современных записях» атты зерттеуі мен Шығыс Қазақстандағы көне ғұрыптық фольклорға арналған «Устная несказочная проза старообрядческих сел Восточ-

ного Казахстана (по современным записям)» және «Семейный обрядовый фольклор старообрядческих сел Восточного Казахстана в современных записях» (соңғы еңбек Т.Д. Гостищевамен авторлық бірлестікте) атты екі еңбектері енгізілді.

Алғашқы еңбегінде Қазақстанның шығыс өңіріне Ресейдің әр аймағынан түрлі ұлттардың көшіп келу үдерісі туралы қысқаша анықтама бере келіп А.Д. Цветкова былай дейді: «В этом контексте Г.И. Власова считает возможным принять русское, украинское и белорусское население Центрально-Северного Казахстана за некоторую условную модель развития славянской культуры в данном регионе». То есть этноним «русский» в Казахстане размыт, и говорит исключительно о русской культуре, о русском фольклоре – значит, искусственно выделять их из унифицированной восточнославянской культуры» (кітаптың 211 беті).

Одан ары қарай автор маусымдық ғұрып, үйлену және жерлеу-азалау ғұрпын, сонымен қатар магиялық жанрларды, ертегі, ертегіден басқа жанрларды, лирикалық өлеңдер, мақал-мәтелдер, жұмбақтарды қарастыра келе: «Славян фольклорының функциясы, бір жағынан, өзге этникалық ортада өзінің мәдени мұрасын сақтап қалуға деген ұмтылыстан, екінші жағынан басқа халықтардың фольклорымен өзара ықпалдастығымен байланысты. Осылайша, «фольклор – тек өткеннің жаңғырығы ғана емес, сонымен қатар осы күннің де әуезді үні» деген қорытындыға келеді (кітаптың 233 беті).

А.Д. Цветкова соңғы екі зерттеуінде Шығыс Қазақстандағы ескілікті ұстанатындар (староверы) арасында отбасылық дәстүрлі ғұрыптар өз орынын жоғалтпаған, ал ертегіден басқа проза жанрлары белсенді түрде қолданыста деген қорытынды жасайды.

Соңғы екі мақаланың қорытындысында А.Д. Цветкова зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып Шығыс Қазақстандағы ескілікті ұстанатындардың дәстүрлі отбасылық ғұрпы едәуір ауқымды, ал ертегіден басқа проза жанрлары сол аймақта белсенді түрде қолданылады деп түйіндейді (кітаптың 238 беті).

¹ Власова Г.И. «Фольклорная ситуация» славянской диаспоры Казахстана (к проблеме регионального / локального в обрядовом фольклоре) // Евразийский ежегодник: сборник научных статей, посвященных памяти К.А.Акишева. – Астана, 2005. – С. 241-243.

Славян диаспорасымен қатар Қазақстанда тұрып жатқан өзге ұлт өкілдерінің фольклоры да аймақтарға жасалған ғылыми экспедиция кезінде жиналып, бүгінгі жай-күйі сарапталды. Мысалы, Оңтүстік Қазақстан облысына жасалған іс-сапар барысында (К. Кенжалин) өзбек диаспорасының өкілдерінен отбасылық ғұрып фольклорының көптеген үлгілері (соның ішінде: бесік жыры, үйлену ғұрыпына жататын – жар-жар, беташар, келін сәлемі, т.б., азалау фольклоры және маусымдық ғұрып фольклорының мәтіндері) жиналып, олардың орындалу тәртібі, ерекшеліктері, қазақ фольклорының әсері т.б. анықталды.

Солтүстік Қазақстан мен Павлодар облыстарында тұрып жатқан армян, поляк, әзірбайжан, украин т.б. диаспораларының үйлену салт дәстүрлері, магиялық жанрларының үлгілері, балалар мен үлкен кісілер ауырғанда жасалатын іс-әрекеттер, соның ішінде құрбан шалу дәстүрі, сәби дүниеге келгенде жасалатын ырымдар, олар орындалғанда айтылатын мәтіндер жазылып алынды (А. Ақан). Батыс Қазақстан, Атырау, Ақмола, Қарағанды облыстарына жасалған ғылыми экспедиция кезінде бірнеше диаспоралардың – татар, славян, кәріс, неміс, поляк, шешен, ингуш т.б. – фольклорлық-этнографиялық мұралары жиналып, жүйеленіп, ғылыми тұрғыда сипатталды, мысалы: ғұрыптық отбасы фольклоры мен маусымдық ғұрып фольклоры, мақал-мәтелдер, халық өлеңдері, ертегі мен көлемді дастандардан үзінділер т.б. (Д. Жақан).

* * *

Жоғарыда аталған өңірлердегі фольклорлық-этнографиялық зерттеулер нәтижесінен қандай қорытындылар жасауға болады?

Фольклор – тарихи құбылыс. Ол заманның талап-мақсатына, қоғамның тарихи-саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайына орай, қауымның рухани сұранысына сай өзгеріп, құбылып трансформацияға түседі. Тарихи даму үдерісінде фольклордың бір жанрлары/түрлері ұмытылып, ал енді бір түрлері/жанрлары жаңадан пайда болып, дамуы мүмкін; сондықтан оның функциялары да өзгеріп отырады, әсіресе, бұл айтылғандар XX, XXI ғасырлардағы фольклорға тікелей қатысты.

Бұрын қоғамның рухани сұраныстарының басым көпшілігі дәстүрлі мәдениеттің ажырамас бөлігі болып табылатын фольклор өтеп келгені белгілі. Фольклор көне замандар тереңінен нәр алып, халықтың көркемдік-эстетикалық, философиялық, моральдық-этикалық, жалпы дүниетанымдық ұстанымдарға негізделген өзіндік үлгілерін шырқау биіктерге көтерген синкретті өнер. Ол ғасырлар бойы еліміздің мәдениеті мен рухани келбетін өркендетудің негізгі формасы болып келді.

XX ғасырда дәстүрлі қазақ фольклорын туғызған орта, яғни көшпелі-отырықшы өркениет келмеске кетті. Ал ғасырдың 20-жылдарынан бастап қоғамдық өмірде көрініс тапқан барлық шұғыл өзгерістер, сондай-ақ радионың, теледидардың, қазіргі жазба әдебиеттің жедел дамуы, жалпы еуропалық сауаттану фольклорды өз кезіндегі басымдылық позицияларынан ығыстырып тастады. Ол көркем мәдениеттің қазіргі түрлеріне жол беруге мәжбүр болды. Нәтижесінде бүгінгі таңда қоғамның рухани сұраныстарын жазба әдебиет, заманауи өнер (опера, балет, драма мен бейнелеу өнері т.б.) мен қазіргі мәдениет, радио, теледидар, ғаламтор т.б. өтеуде, сонымен бірге жаңа дәстүрлер, өзге құндылықтар, өзге дүниетанымдық көзқарастар да өз ықпалын тигізуде.

Сондықтан XXI ғасырда дәстүрлі фольклорды, өткен замандарда жүйе ретінде қалыптасып, дамыған, қоғамға кешенді түрде қызмет еткен дәстүрлі фольклорлық мәдениетті, әсіресе, оның классикалық формалары мен жанрларын іздеп табу мүмкін емес екенін мойындауымыз қажет. Бұдан, әрине, төл фольклорымыз мүлде жоқ, жойылып кетті деген қорытынды жасауға әсте болмайды. Керісінше. Кенес заманымен салыстырғанда бүгінгі қазақ фольклоры рухани сілкіністі байқатады.

Еліміздің бірнеше аймақтарында жиналған материалдар бойынша төмендегідей қорытындылар жасауға болады:

1. Халық прозасы сұранысқа ие және даму үстінде деуге негіз бар. Жазылып алынған тарихи, топонимдік аңыз, әңгімелердің, әпсана, хикая мен хикаяттардың басты ерекшелігі – мұнда дәстүрлі жанр аясында бұрынғы сюжет пен мотивтер белгілі дәрежеде өзгеше, жанаша әңгімеленеді және бұл шығармаларда қазіргі заманның бейнесі түрлі

элемент, детальдар енгізу арқылы анық көрініс береді. Сондай-ақ, бұрын жазылып алынбаған, баспа бетін көрмеген, зерттеушілерге беймәлім сюжеттерге құрылған мәтіндердің кездескенін атап айту лазым.

2. Мақал-мәтелдер, бата, қарғыс пен алғыс, тілек сөздер, жұмбақ, шешендік сөздер т.б. бұрынғыдай өзекті болмаса да, күнделікті өмірде, түрлі ситуативті жағдайда, яғни қажет жағдайда орындалуда.

3. Дәстүрлі халық әндері де белгілі деңгейде сұранысқа ие. Олар актуальды болмаса да, ситуативті, яғни жағдайға қарай, шағын топтар арасында (мысалы, дастарқан басында) орындалады.

4. Ғұрыптық отбасы фольклоры – бүгін де өте өзекті, сұранысқа ие болып отырған жанр десек артық айтқандық емес. Мысалы, үйлену тойында жасалатын салт, кәделер. Әрине, үйлену тойлары көбіне арнайы, алдын ала дайындалған сценарий бойынша өтеді, демек белгілі дәрежеде асабаның сценарийіне тәуелді жағдайға түсетіні анық, бірақ ежелден қалыптасқан негізгі қағидалар мен ұстанымдар, рәсімдер міндетті түрде орындалады. Жалпы алғанда үйлену тойындағы ғұрыптық дәстүр қайта жандануда. Ұмыт болған формалар, түрлер мен үлгілер қайта оралып, жаңа дәстүрлер пайда болуда. Ескі мәтіндер жаңаша орындалып, мәтіндерге жаңалықтар енгізілуде. Демек үйлену тойындағы ғұрыптық дәстүр жаңғырып, жаңа деңгейге көтерілуде.

Жерлеу салт-жоралары да, негізінде, исламға дейінгі о дүние туралы мифтік түсініктерге сәйкес қалыптасып, аруақтар культі заманында тәртіптелген дәстүрлерге сай орындалады. Әлбетте, бүгінгі заман адамдары алғашқы қауымда қалыптасқан о дүние туралы, марқұмның жаны қандай сапарға, қалай, кімнің көмегімен аттанатыны т.б. туралы байырғы дүниетаныммен егжей-тегжейлі таныс емес, көбіне бейхабар. Дегенмен әрбір қазақ дүние салған адамның алдындағы өз парызын жақсы түсінеді, ол – тірілердің кінәсінен, туған-туыстарының, әулетінің жіберген қате, олқылығынан марқұмның о дүниедегі өміріне қиындық туғызбау.

Атап айту керек, ежелде қалыптасқан жерлеу ғұрпының рәсімдері ислам дінінің ұстаным, қағидаларымен, талаптарымен тығыз араласып кеткен. Нәтижесінде елімізде типологиялық тұрғыда бірыңғай

жерлеу ғұрпы қалыптасқан (әрине, аймақтық ерекшеліктер жоқ емес). Отбасылық ғұрыптық фольклор әр отбасыға, әр адамға тікелей қатысты, сондықтан ол қоғам өмірінің маңызды бөлігі болып табылады.

5. Бұрыннан белгілі, негізгі тақырыбы – жерін, елін қорғау және ұлт-азаттық көтерілістерге арналған көлемді эпостық жыр, дастандарға қызығушылық мол, бірақ, жоғарыда айтылғандай, жыршылық өнер бүгін дәстүрлі қолданыстан бөлек, сахналық қажеттілік үшін ғана орындалады. Демек бұл жанрлар қоғамға бұрынғыдай, дәстүрлі түрде қызмет етпейді.

Көріп отырғанымыздай, қоғам дәстүрлі фольклорлық санадан әжептәуір ажырап, фольклор аясы тарығаны, яғни фольклордың статусы төмендегені анық байқалады. Сонымен бірге фольклорымыздың жоғарыда аталған жанрлары бүгін де қоғамға қызмет атқарып жаңғыруда, яғни бүгінгі өмірдің, ел тұрмысының, қазіргі мәдениеттің ажырамас бір бөлігін құрайды, ал көркем жанрлардың үлгілері бабаларымыздың даналығы, еншімізге тиген рухани мұра ретінде жоғары бағаланып, қазақ сөз өнерінің мұзарт шыңы, классикалық мұра ретінде қабылданып қастерленеді.

Қорыта айтқанда Кеңес заманында коммунистік партия мен үкіметтің белсенді түрде жүргізген рухсыздандыру, ұлтсыздандыру, дінсіздендіру саясатына, бүгінгі нарық пен жаһандандудың қатал заңдылықтарына қарамастан ғасырлар қойнауынан жеткен төл фольклорымыз ешқашан қоғам үшін қажеттілігін жоғалтпайтын. халықтың мәңгі жасайтын рухани мұрасы, руханиятымыздың мәдениетіміздің ажырамас бір бөлігі болып қала бермек. Фольклор – этностың дүниетанымдық және философиялық, этикалық, моральдық, эстетикалық т.б. принциптері мен категорияларына сүйенеді, оларды насихаттайды, өзінің гуманистік тенденцияларымен, жалпы адамзаттық үнімен келешекке ұмтылады.

Осы айтылғандар Қазақстандағы диаспоралар фольклорына да тікелей қатысты. Сонымен бірге, мысалы, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстандағы славян фольклорына қазақ фольклорының ықпалы бар, яғни өзара ықпалдастық тән. Ол қазақ жер-су атауларының пайда болуына қатысты мәтіндер тобынан, яғни топонимдік аңыздардан

анық байқалады. Жалпы айтқанда, әр диаспора төл фольклорының сұранысқа ие жанрларын/түрлерін тұрақты қолданыста ұстауға тырысады. Бұл, біріншіден – диаспора өкілдерінің фольклорлық саны мен фольклорлық жадысының әжептәуір сақталуының нәтижесі, екіншіден – туған жерінен, тарихи отанынан жырақта жүрген әрбір ұлт өкілдері өзінің төл, этникалық белгілерін сақтауға тырысатыны – табиғи құбылыс. Қазақстандағы диаспора өкілдері өздерінің төл фольклорын, әсіресе, отбасылық ғұрып фольклорын мейлінше сақтағаны анықталды. Әрине, олар өткен ғасырлардағыдай, тарихи отандарындағыдай толық сақталмаса да негізгі базистік салт жоралары мен мәтіндері тұрақты орындалады. Қазақстандағы саяси тұрақтылық, үкімет тарапынан олардың рухани-мәдени тұрғыдан дамуына барлық жағдайдың жасалуы диаспора фольклорының жандануына сеп болып отырғанына көз жеткізу қиын емес.

* * *

Ұжымдық монографияға ғылыми-зерттеу мақала жазған ғалымдар: ф.ғ.д., профессор Б.У. Әзібаева («XXI ғасыр және фольклор»); Д.С. Жақан («Батыс Қазақстан, Атырау, Қарағанды, Ақмола облыстарындағы қазақ фольклорының бүгінгі жай-күйі», «Батыс Қазақстан, Атырау, Ақмола, Қарағанды облыстарында тұрып жатқан диаспоралар фольклоры»); Н. Набиолла («Солтүстік Қазақстан, Павлодар облыстарындағы қазақ фольклорының қазіргі жағдайы»); ф.ғ.д., профессор Г.И. Власова («Современное состояние традиционного фольклора Костанайской области»); ф.ғ.к., доцент А.Д. Цветкова («Семейный обрядовый фольклор старообрядческих сел Восточного Казахстана в современных записях» (Т.Д. Гостищевамен бірге), «Славянский фольклор Павлодарского Прииртышья в современных записях», «Устная несказочная проза старообрядческих сел Восточного Казахстана (по современным записям)»); PhD докторы Қ. Кенжалин («Оңтүстік Қазақстанға жасалған фольклорлық экспедиция ізімен»); ф.ғ.к. А.Ұ. Ақан («Солтүстік Қазақстан мен Павлодар облыстарындағы диаспоралар фольклорының жай-күйі»).

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Пропп В.Я. Специфика фольклора // Пропп В.Я. Фольклор и действительность. Избранные статьи. – Москва, 1976. – С. 16-33.
2. Чистов К.В. Народные традиции и фольклор. Очерки теории. – Ленинград, 1986.
3. Путилов Б.Н. Фольклор и народная культура. – СПб., 1994.
4. Мелетинский Е.М. Первобытные истоки словесного искусства // Ранние формы искусства. Сборник статей. Составитель С.Ю.Неклюдов. – Москва, 1972. – С. 149-186.
5. Мирча Элиаде. Шаманизм и космология // Мировая фольклористика. В трех томах. Том II. – Алматы, 2008. – С. 7-26.
6. Радлов В.В. Образцы народной литературы тюркских народов, живущих в Южной Сибири и Джунгарской степи. Часть 3. Киргизские наречие. – СПб., 1870.
7. Азибаева Б.У. Образы пророков авраамических религий в казахском эпосе // Простор. – Алматы, 2013, №6. – С. 151-161.
8. Турсунов Е.Д. Истоки тюркского фольклора. Қорқыт. – Алматы, 2001.
9. Қазақ хандығы тарихы: құрылуы, өрлеуі, құлдырауы. – Алматы, 2011.
10. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. Т.9. Бас ред. Б.Аяған. – Алматы, 2007.
11. Бугай Н.Ф. 20-40-е годы: депортация населения с территории Европейской России // Отечественная история. – 1992, №4.
12. Алдажуманов К.С. Депортация народов – преступление сталинского тоталитарного режима // От депортации к интеграции. Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 60-летию депортации чеченцев и ингушей в Казахстан (21 мая, 2004 г.). – Алматы, 2004. – С. 40-49.
13. О выселении корейцев из Дальневосточного края // Отечественная история. – 1992, №6; Ким Г. Социально-культурное развитие корейцев Казахстана: научно-аналитический обзор. – Алма-Ата, 1989.
14. ЦГА РК. Ф. 1987. Оп. 1. Д. 12. Л. 1.
15. ЦГА РК. Ф. 1987. Оп. 1. Д. 10. Л. 1; Д. 8. Л. 27-29.

16. Кичихин А.Н. Советские немцы: откуда, куда и почему? // Военно-исторический журнал. – М., 1990. №9.
17. ЦГА РК. Ф. 1987. Оп. 1. Д. 16. Л. 8-10.
18. ЦГА РК. Ф. 1987. Оп. 1. Д. 33. Л. 16.
19. ЦГА РК. Ф. 1987. Оп. 1. Д. 16. Л. 7.
20. ЦГА РК. Ф. 1987. Оп. 1. Д. 9. Л. 8-10.
21. ЦГА РК. Ф. 1987. Оп. 1. Д. 16. Л. 8.
22. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. Т.1. Бас ред. Ә.Нысанбаев. – Алматы, 1998.
23. Грибанова Е.М. К вопросу о депортации чеченцев и ингушей // От депортации к интеграции. Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 60-летию депортации чеченцев и ингушей в Казахстан (21 мая, 2004 г.). – Алматы, 2004. – С. 50-53.
24. Алиева М.М. Жанры уйгурского фольклора. – Алма-Ата, 1989.
25. Джалилов З.Г., Молотова Г.М. Миропонимание уйгуров в устной традиции, обычаях и обрядах. – Алматы, 1999.

**ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫНЫҢ
БҮГІНГІ ЖАЙ-КҮЙІ**



Батыс Қазақстан, Атырау, Қарағанды, Ақмола облыстарындағы қазақ фольклорының бүгінгі жай-күйі

Заман жаңғырып, қоғам ауысқанымен, ұрпақтан-ұрпаққа сан ғасыр елегінен өтіп жеткен фольклорлық құндылықтар да өз мәнін жоймай, қайта түрленіп, дами түскендігіне ғылыми ізденістер, іссапарлар барысында көз жетті.

«Елдің тірегі – ер, тұрағы – жер» дейтін Батыс Қазақстан өңірінің жергілікті халқы туған жұртының әрбір тау, бұтасын аңыз арқылы тарихқа байлап, өз қонысының «тамыры – тарих», «тау, тасы – шежіре» екендігін үлкен-кішісі мақтан тұтатындығын танытты. Бұл аймақтағы көңіл аударарлық мәселе – қазақтың хандары мен жергілікті жер-су атауларына байланысты топонимикалық миф, аңыздардың молдығы. Олар «Шыңғырлаудың жеті кереметі» атанған: Шоқайтерек, Торатбас, Қонақай, Сарқырама, Хан шатыры, Қыземшек, т.б. жерлер туралы аңыздар. Сондай-ақ, Шыңғыс ханның анасының батырлығы, ақылы туралы, Алматыға жорығы, Кавказды жаулауы туралы фольклорлық әңгімелердің кең таралғандығы байқалды. Жалпы Шыңғыс хан туралы аңыздардың тарихи-шежірелік тұтастануға түсу белгілері бар.

XIII-XVI ғасырларда Батыс пен Шығысты байланыстырған Ұлы Жібек жолы бойындағы маңызды қала, Жеті ханның жаны жай тапқан қасиетті мекен Сарайшық мұражайындағы ел тарихының тереңіне бойлататын мұрағаттарының ғажайыптығын (күн мезгіліне сәйкес құбылып тұратын құмыра, тек адал ас құйылмаса өзгертін кесе, жүзбелі көпір, әр үйге тартылған су құбырлары, алуан түрлі әшекей сәндік бұйымдар т.б.) былай қойғанда, тылсымдық танымға толы фольклорлық аңыз, әңгімелері бір төбе. Мәселен, «Әз Жәнібек хан мен оның сұлу қызы» туралы, «Секер көлі», «Алтын қайық» жайлы аңыздардың түрлі нұсқалары мен бүтін бір жұртты қауіптен құтқарған, түрлі науқасты дертінен айықтыратын Сарайшықтағы «Әулие ағаш» жайлы мифтік әңгімелер әлемдік фольклордағы ағаш культімен тамырластықта терең тексеруді қажет ететін мәселе. Арнайы барып көргенімізді былайшы мазмұндауға болады:

Сарайшық мұражай кешенінің жанындағы ескерткіштің ортасында орамал байланған ағаш бар. Мұражай басшысы Молдаш Бердімұратов ақсақалдың айтуынша, бұл – әулие ағаш. Оның неліктен бұлай аталғандығы туралы әңгімені де осы кісіден естідік. Ескерткіш құрылысы жүріп жатқанда Сарайшық ауылында тосын оқиға орын алып, бір жазда 12 адам асылып өліп, ауыл адамдары үрейленіп қалады. Сол тұста ескерткішке қажетті тасты ізден Маңғыстауға сапар шеккен Молдаш қария қайтар жолда тоқсан төрт жастағы Төлепберген атты ақсақалмен сапарлас болғанда, әңгімеден әңгіме туып, ауылдағы оқиға да тілге тиек етілгенде көпті көрген абыз қария сәл ойланып: «Халқың бір қасиетті орманды өсіріп, рақатын көрген екен. Сол орманның атымен атақтарын да жайылыпты. Бірақ орманды жазықсыз өздерің жойыпсыңдар. Халық рақатын көрген заттың иесі болады. Иесі есесін алып отыр. Сол орманның ең көне ағашын жұмысыңның басына апарып қой. Халық өткен өмірін көз алдына елестетіп, тәубаға келер. Сонда аруақтардан кешірім болар». Болмаса бұл қайғының жеті жылға созылатындығын айтыпты.

«Молдаш ақсақалдың бір таңқалғаны, қарияның сөзі негізсіз емес екен. Шынында ауылдың екі шетінде аумағы сексен гектар болатын алма бағы болған. Кеңес дәуірінде бүкіл Атырау халқын алмамен қамтамасыз еткен осы бақты тоқсаныншы жылдардағы жекешелендіруде жұртшылық бірінен-бірі қызғанып, қараусыз қалдырғаны да – шындық. Кейін қураған ағашты халық отын еткені де – шындық. Ең көне ағашты қалай табарын білмей аңырған Молдаш қартқа Төремұрат ақсақал Хақтан бір белгі болатынын айтты. Ауылға келгеннен кейін Молдаш ақсақал бір айдан аса уақыт бақтан көне ағашты іздеп, таба алмайды. 1 қыркүйек күні құрылыс аяқталып, жұртшылық екі күннен кейін ескерткіштің ашылуын күтіп жүреді. Бір бала үш күннен бері бір талдың астынан қояндар шығатынын, олардың өзінен қашпайтынын айтады. Ал еріп барған иттер қоянды көрсе қыңсылап, қарасын көрсетпей кетеді екен. Ит қорқатын қоянның қандай екенін көрмек болып барған Молдаш ақсақал бала көрсеткен талдың түбінен қоян емес, аю сиятындай үлкен шұңқырды көреді. Молдаш ақсақал:

– «Ой, балам-ай, мынадан қоян емес қасқыр шыққан ғой, иттің қашып жүргені содан болар» – деп енсе, бала: «Ата, мен бұл жерден жарты сағат бұрын кеткенде бұндай шұңқыр болған жоқ» – дейді. Ал жарты сағатта бұндай шұңқырды бала түгіл үлкен адамның өзі қаза алмайды. Бір кереметі, түп-түзу қазылған шұңқырдың айналасында топырақ жоқ. Топырағы қайда кеткен деп үңіле беріп едім, әлгі бала арқамнан қағып: «Ата, жүрші, кетейікші, ішінде адамдар отыр ғой», – деді дауысы дірілдеп. «Қой, қайдағы адам» – деп бұрылып қарап едім, бала қалшылдап отыр екен. «Биссимилламды айтып», баланы үйіне апардым. Оқиғаны ауылдың үлкен ақсақалы Шайдулла қартқа баяндап едім, ол кісі аруақтар екенін айтты. Ертеңіне әлгі талға барсам, кешегі шұңқырдың ізі де жоқ», – дейді Молдаш ақсақал [1]. Сол ағашты ескерткіш ортасына орнатқан күннен бастап ауылдағы кісі өлімі тыйылып, ем қонбай ауырған адамдар ағаш басына түнесе, сауығып кеткендігін әңгімелеп берді. Қазірдің өзінде еліміздің түпкір-түпкірінен әулие ағашқа тәу ету үшін арнайы келетіндер бар екен.

Бұл әңгімеде фольклорлық санадағы «ағаш» культінің сілемдері сақталған. Ол табиғатқа табынған кезеңдерден хабар беретін әлем халықтарының бірқатарында, соның ішінде түркі-монғол халықтарына ортақ мотив. Өзінің шыққан тегін ағашпен байланыстыру (яғни, тотемдік негіз) я болмаса мәуелі ағашты дүниенің әртүрлі бөліктерін (асты, үсті, жоғарғы жағы) жалғастырушы киелілікке ие деп түсіну, тек әдет-ғұрып, салтта ғана емес, көркем фольклорда да сақталған.

«Жер мен көктің кіндігінде жападан жалғыз өскен киелі бәйтерек бар. Бұл теректің басы аспанмен, түп тамыры жер астымен жалғасқан. Ол – көзге көрінбейтін киелі ағаш. Бұл бәйтерек жайқалып өскен әрбір жапырақ жер жүзінде жасаған әрбір адамның өмір тіршілігінің нышаны, жер жүзінде тіршілік етіп отырған әрбір адам киелі теректің жапырағы жарылғанда өмірге келеді, жапырағы жайқалып өскенде өсіп, үлкейіп, кемеліне келеді, жапырағы мезгілсіз сарғайса, қайғы-қасіретке тап болады, жапырағы солса, қартаяды, жапырағы үзіліп, жерге түссе, қазаға ұшырайды» [2, 22]. Жиналған прозалық фольклор үлгілерінің ішінде затпен құбылыстың жаралу тарихын біртұтастықта қарастыратын көне мифтік әңгімелердің бір

саласы сақталғаны белгілі болды. Бұл әсіресе жер-су атауларына байланысты. Әрине, ол өзгерген, түрленген, басқа прозалық жанрлармен өзектесіп, белгілі бір көркемдік мән иеленген дүниелер.

Белгілі бір тау мен тастың пайда болуы адам мен аң-құстың түрленуімен байланыстырылады, түрленудің өзінің әрқилы себебі бар.

- 1) Қатты шаршап-шалдығу
- 2) Кінәлі болу
- 3) Төнген қауіптен құтылу

Осы Батыс Қазақстанда да кездесетін жоғарыда атап өткен бәйтерек, зәулім ағаш жайындағы мифтік түсініктерді терең қарастырған С.А. Қасқабасов: «Ағаш көп жағдайда мифтік үш әлемді вертикальді түрде жалғастырып тұрады. Ғылымда оны «әлемдік ағаш» (мировое дерево) немесе «космостық ағаш» (космическое дерево), – дейді [3, 37]. Осы әлемдік ағаш туралы мифтік ұғым қазақтың ертегілері, аңыздары мен шамандық нанымдарында да кездесіп, мәселен, кейбір қазақ ертегілерінде кейіпкердің өмір жолында өте маңызды рөл атқарады. Бәйтерек кейіпкердің төменгі әлемдегі сынағының аяқталып, ортаңғы әлемге оралуының себепкері болатындығын айтады. Бұл туралы Шоқан Уәлиханов былай деп жазған:

«Жапаңда өсіп тұратын жалғыз ағаш, немесе бұта қадірленіп, оның басына түнейді. Оның қасынан өтіп бара жатып, адамдар ағаштың бұтақтарына шүберек байлайды, ыдыс тастайды, тіпті, құрбандыққа мал шалады, я болмаса, аттың жалын түйіп тастайды [4, 113].

Үш әлемді дәнекерлеп, жалғастырып тұратын космостық ағаш бейнесінің шамандық нанымдарында жақсы сақталғандығы, қазақ бақсыларының қолына ұстап жүретін асатаяқ (асай-мұсай) осы Сібір шамандарының үш әлемді шарлауға мүмкіндік беретін космостық ағашы болуы мүмкін деп Қасқабасов ой тұжырымдап қорытқан. Шыңғырлау ауданының өзінен ағашқа қатысты бірқатар топономикалық аңыздар жазылып алынды. Мысалы: «Көктерек» жер атауына байланысты аңыз былайша мазмұндалады:

«Көктерек деген жерде байдың жеті қызының бейіті бар. Сарыөзеннің қасында бір Көктерек тұр. Баяғыда бір байдың жеті

қызы болады. Күн ыссыда барлық қыздар суға түсіп жүреді. Бір қыз ағып кете бастағанда екіншісі, сосын үшіншісі сөйтіп, жетеуі де суға кетіп қалады. Сөйтіп байдың бірде-бір баласы қалмайды. Қыздары суға кеткен жерде «бір белгі болсын» деп бай сол жерге терек екенде, жер солай аталған екен. Көктеректің сынықтары облыстық мұражайда сақталған». Ел арасына «Көктерек» деген ән тараған, сөзі де, әні де Сәуле Жұмағазимованікі (жасы 35-те. Шыңғырлау селосының тұрғыны).

Осы өңірде өмір сүргеніне 500-600 жылдай уақыт болған 6-7 кісінің құшағы жетпейтін алып терек «Шоқайтерек» деп аталып, оған қатысты да аңыз тараған.

Осындай фольклорлық әңгімелер Қарағанды облысында да кездесті. Мысалы, «Екі ғасыр жасаған терек» деп аталатын ағашты үлкендер, «Әулие терек» деп атап, бұған кір жайғызбайды, ат байлатпайды, маңайын тазалатып тұрады екен. Әңгіме Жәкеш Әбішев, Тай Тілгенов деген кісілерден алынды.

Орал өңірінде «Алматы қаласының атауы» туралы да өзіндік ерекшелігі бар фольклорлық әңгімелер сақталған. Соның бірі – Шыңғыс ханның Алматының атына, алма ағашына байланысты әңгіме. «Шыңғыс хан өмірінде алма жеп көрмеген кісі екен. Ол қалың қолымен Алмалыққа жеткенде алдынан халық шығып: «Біздің елде мынандай дәмі бөлек жеміс өседі, дәмін татып көріңіз» деп, алма ұсынады. Шыңғыс хан: «Мынау бір бұрын мен жеп көрмеген керемет дәмді нәрсе екен. «Осы жерге бір ай аялдаймыз» деп әскерін жайғастырып, Алмалыққа жайғасып, алма ағаштарының саясында демалып, алма таусылғанша жатыпты. Сонан соң «бұл жердің бірде-бір нәрсесіне қол тигізілмесін, шабылмасын, бүлдірілмесін» деп әскеріне бұйрық етіпті. Сөйтіп Алмалық Алматы атанып, өзінің жері мен суының, керемет көркем келбеті мен өсетін алмасының дәмділігі арқасында аман қалыпты» – дейді. (Айтушы: Ғұсман Жұмағазимов. 55 жаста)

Қазақ мемлекетін басқарған хандардың бірі – Әз Жәнібек ханның өзі салдырған Сарайшық қаласының іргесіндегі әйгілі «Секер көлі» туралы аңыз әңгімелер де сақталған. Секер көлдің орны қазіргі Сарайшық ауылының орнында қалып қойған. «Теп-тегіс жерде ойпаңдау болған

түбінен, кезінде жиектерін қолмен нығыздап, кейбір жерлерінің тас, топырақпен, қызыл қышпен көмкерілгені көлдің заманында қолдан жасалғанын дәлелдейді», – дейді ауыл қарттары. Кезінде Шамполов деген орыс көпесі 1920 жылдары осы жерден кірпіш зауытын салып жүріп, көлден алып жұмыртқа тауып алған көрінеді. Өз Жәнібек хан өзінің ең сүйікті қызына арнап, Жайықтың оң жақ бетінен жасанды көл салдырған. Көлдің суын ауыстырған сайын, хан қайықпен жүріп шекер септірген. Су тәтті болған сайын, аққу да көп қонатын көрінеді. Сондықтан да, бұл көл ел арасында «Аққу көлі» немесе «Шекеркөл» болып танылған. «Көлдің сәнін арттырайын, халықтың келуін көбейтейін» деген ниетпен хан қызына алтын қайық жасатып беріпті. Ел аузындағы кейбір әңгімелерге қарағанда, қыздың есімі – Сүйімбике болған екен. Сүйімбике аптасына екі-үш рет серуенге шыққан кезде, оны тамашалау үшін көл жағасына халық көп жиналатын көрінеді.

Аққулардың көп болғаны сондай, Сарайшықтың қыздары көлден су алғанда, аққуларды ығыстырып жіберіп, шелектерін содан соң ғана суға батырады екен. Бұл көл «Жәнібек ханның аққу көлі», «Сарайшықтың аққу көлі», «Аққу көлі» деп аталыпты.

«Хан қызы өзінің құрбыларымен бірге әкесі жасатып берген аққу мүсінді алтын қайығымен (мұражайда сақталған суреті бар) құстарға жем беріп, кісіден үрікпеуге үйретеді. Құс атаулы жаз бойы Секер көлде еркін жүзіп жүреді екен. Жәнібек ханның сол қызы ұзатылғалы жатқанда, 15 жасқа қараған шағында ауырып, кенеттен қайтыс болады. Хан қызын алтын табытпен, барлық жасауымен, алтын қайығымен қоса жерлеуге әмір етіпті. «Қызыңыздың осынша байлықпен қоса жерленгенін білген бір қатыгез моланы ашып, байлықты тонап кетсе, жалғызыңыздың мүрдесі айдалада қалар. Сондықтан қызыңыздың денесін жасырын жерлеңіз» деп ақыл айтқандар болыпты. Осы кеңеске құлақ асқан Жәнібек хан жеті кісіні шақырып, қара жамылған хан қызын бір айдан соң жерлейтіні жөнінде айтқан. Бірақ, хан сол түні өзіне сенімді деген жеті адамды шақыртып, құпия түрде қызын жерлеуді тапсырады. «Алтын табытқа салып, алтын қайығымен, қайыры жоқ алтын жасауларымен бірге көміңдер. Көмген жерлеріңді жан баласы білмейтін болсын. Осыны тиянақты орындаушы болсаңдар, алтын қайықтың құнындай құн төлеймін, – деп құпия тап-

сырма беріпті. Қабір қазылып, түнде қызы жерленген соң, әлгі жеті кісі де сол бойда өлтіріледі. Ал қызының қабірін «ешкім білмесін, ашпасын» деген пиғылмен жас қабірдің үстінен түнімен бірнеше үйір жылқыны өткізіпті. Ат тұяғынан тып-типыл болып тегістелген жерден ертеңіне ханның өзі де қызының моласын таба алмай қалады». (Айтушы: Молдаш Бердімұратов. 75 жаста)

Ел ауызындағы осындай қызықты да тартымды әңгіме, аңыздардың әрқайсысының өзіндік тарихы Жәнібек хан (1341 ж.) билік құрған тұстан бастап Сарайшықтың Ұлы Жібек жолындағы ең ірі қалалардың бірі болып әлемге танылғандығын дәріптейді.

Ал «Сарқырама» туралы әпсанада адам еңбегінің күшін ардақтайтын жасампаздық мифтің сілемі бар.

Әрине, жер-судың пайда болуындағы адамның еңбегін жоғары дәріптейтін жасампаздық мифтер өте мол. «Алайда әйел затының бейнесі көрінетін, мысалы: сахалардағы апалы-сіңілі үш алып қыз Баахынай тауын көтеріп, Лена өзенінің арнасын бұратындығы секілді әңгімелер бізде аз» [5, 211-213].

Сондай аз әңгіменің бір үлгісі Шыңғырлауда сақталыпты. Мысалы: Шыңғырлаудағы Сарқырама көлі туралы: «Бір қыз түннің ортасында оянып кетіп, жоқ боп кетіп таңда келеді. Тырнақтары қанға боялған күйде келіп ұйықтап қалады. Ана бақсыға апарады, мына бақсыға апарады. Ақыры дауа таба алмаған соң қызды аңиды. Сөйтсе, ол қыз түнде барып алты бұлақтың көзін ашады екен. Сол алты бұлақтан Сарқырама көлі пайда болған. Шілденің шіліңгір айында суы мұздай қыстың қаңтарында жылы болып тұрады екен» – дейтін мифтік әңгіме тіршіліктің табиғаттың жаратылысындағы әйел еңбегін дәріптейтін көне танымдармен сабақтас.

Яғни «Сарқырама» туралы әңгіменің адам еңбегінің күшін ардақтайтын нұсқасымен қоса бүкіл Жайық өзенін Шыңғырлау сұлудың көз жасынан пайда болды дейтін де бір варианты кездеседі.

Себебі, көне түсінікте үш әлемнен тұратын мифологиялық кеңістікті байланыстыратын «өзен-су» туралы ұғымдар элементі кейінгі заманға дейін сақталған.

Атырау облысының Жылой өңірінде өмір сүрген атақты адамдар, әулие-әнбиелер (Ахмет ата, Оңай ата, Кәу ата, Сары ата) жайлы

және жер-су атаулары «Қара-Шүңгіл», «Асалы-Көкетай», «Махаббат күмбезі», «Құлсары» туралы аңыздар мен әңгімелер де бұрын ғылыми айналысқа түспеген.

Мысалы, «Қара-Шүңгіл» дейтін жер атауын халық былай аңыздайды:

«Қара дейтін етікші кедей жігіті және Шүңгіл дейтін байдың еркетотай қызы болған. Бір күні бай етікшіні қызына етік тіктіруге шақыртады. Сол бірінші көргеннен-ақ екеуі бірін-бірі ұнатады. Ғашық болады. Сол заманның салтына сәйкес қосыла алмайды. Қыз басқаға айттырылады. Екеуі қосылғысы келген соң қашып кетеді. Қашып кетіп бір-біріне жақындағанда опат болады. Біреуі ойда, біреуі қырда жерленген. Осы жер «Қара-Шүңгіл» деп аталған».

Ғажайып қасиетке ие әулиелер туралы әңгімелер де мол. Мысалы: «Ұшқан әулие», бір жерде «Үш хан» делінеді. Оның Өзбекстандағы бір атақты хазіретке ұшып барып, сонымен бірге құран оқып, кешке қайтып келетін ғажайып күшке ие екендігі айтылады.

Шыңғырлау ауданында сөзге шешен, елдің өтініші бойынша жоқтау шығарып беретін Зейнеп әже деген өнерпаз адам өткен. Ол шығарған өлеңдер, жоқтаулар ел жадысында сақталған. «Зейнеп әжейдің екі құрбысы барып қоймадан бидай ұрлайды екен. Біреуі кәрі кемпір, бір көзінде тыртығы бар. Біреуі аяғын сылтып басады екен. Ел солардан күдіктенсе де бірақ оларды ұстай алмайды. Зейнеп әже барып бастыққа: Мен олардың кім екенін айтайын, бірақ бір жылға дейін оларға тиме» – депті. Сонда бастық: «егер кім екенін нақтылы айтып берсең, бір жылға дейін оларға тимеймін» депті. Сонда Зейнеп әже:

Біреуі құлын ерткен кәрі бие.

Біреуі құлын ерткен сары бие.

Біреуінің көзінің тыртығы бар,

Біреуінің аяғының сылтуы бар – деп бейнелеген екен.

«Ия, өзім де солар деп ойлап едім. Дәл бейнелеп айттың, сондықтан тимеймін» депті. (Айтушы Адақ Шатпанов, 62 жаста).

Ал Шыңғырлау топырағында кең тараған «Торыатбас» аңызына қанатты ат, жер-судың жаратылуындағы адам құрбандығының рөлін танытатын мифтік түсініктер негіз болған. «Торы аты бар бір жігіт

бөтен елден келіп, Шыңғырлау сұлуға ғашық болады. Елдің жігіттері намыстанып, жатқа қызын бергісі келмей алысады. Бірақ бәрі күрестенде, қол күрестен жеңіледі. Енді осының «атын қарайықшы» деп келгенде, оның өзі бір киіз үйде, аты бір киіз үйде тұратындығын, сүттей жап-жарық ай туған күні, торыаттың алдындағы астаудан су ішіп, екі жағындағы астауға екі алтын қанатын салып тұрғанын көргендер таң қалып, көрші ауылда көзінің сұғы бар әйел бар екен – соны шақыртады. Әлгі әйел бұл атқа басын шайқап, таңдайын қағады. Ертесіне жарыста ең бірінші келе жатқан ат қарауылға жақындай бергенде жығылады. Көзінің сұғы күшіне енген кезде ат өледі. Атты бәрінен жоғары қоятын жігіт үшін өмірдің мәні жоғалады. Тіпті ғашық болған сұлуға да мойнын бұрмайды. Аттың басын кесіп алып, таудың басына барып шаншиды. Ол шаншыған жерде тау пайда болған. Ал жігітке көңілі қалған сұлу ағып жатқан өзенге кеп өзін-өзі тастайды. Сол сынғырлап аққан су Шыңғырлау өзені деп аталады». Мұнда Жылқының адам өміріндегі рөлін көркем дәріптейді. Көне түсінікте жаратылысы, бағымы, күтімі бөлек қанатты аттар дүние қабаттарын жалғастыратын күшке ие.

Бұл жөнінде В.Я. Пропп: «Ат құстың тек атрибуттарын (қанатын) алып қана қоймай, функцияларын да алған. Ат тотемдік жануар болмаса да, тотемдік жануарлар тәрізді, ертегілік бүркіт тәрізді жемделеді... Аттың жемделуі мәселенің атты тойғызуда емес екенін көрсетеді. Жемдеу атқа сиқырлы күш береді», – деп жазады [6, 171].

Суы тұщы, шөбі шүйгін ерекшелігімен белгілі Шыңғырлау өлкесі жылқы өсіруге қолайлы барлық табиғат байлығымен ерекшеленеді. Халық қазақ атқа мінсе рухы көтеріледі, ештеңеден қайтпайтын қайсарлығы оянады деп есептейді.

Шыңғырлауда «Қонақай» деген көл бар, оған ешқандай еш жақтан су құйылмайды бірақ өз деңгейінен түспейді.

Мұсылман діні мен көне наным-сенімдер біртұтастықта, көркемдік қызметте жұмсалып, ғибраттық мән атқаратындығы да ел жадындағы әңгімелерден байқалды. «Үлгілі деген жерде Хасан хазірет, Хамал хазірет деген болған. Ол ауылдың күнде кешкісін мал жайғап болған соң барлық мәселені шешетін соты да, прокуроры да өзі болған. Яғни барлық тойға, өлікке байланысты мәселені

шешетін, билік айтатын адам болған. Бір күні біреудің биесі жоғалады. Сосын иесі хазіретке келеді: «Менің бием жоғалды. Таба алмай жатырмын. Бір жұма болды. Керемет семіз бие еді», – дейді. Сонда бір құрдасы тұрып, Хасен хазіретке: «Сені керемет көріпкел», – дейді. «Ал керім болсаң тап, обал ғой» – дейді. Хасен хазірет Құранды алдырып, ұзақ тоқтамай сүрелерді оқи бастайды. Сонда Құранның арасынан кеуіп жатқан бір бақа секіріп жерге түседі де жиналған адамдардың арасына жақындайды. Сонда Хазірет айтады: «Мен сендерге ескертем. Білмей қалдым деп жүрмеңдер. Мынау ұрыны тапты. Қазір соған барып жабысады, сол отырған орнында қатады. Сонда нән бір жігіт атып тұрып, мойындайды. «Қызығып алып едім, жаздым-жаңылдым» деп. «Енді не істейміз?» – деп халықтан сұрайды. Халық: «Кешірейік, ауылдың баласы ғой, бір қателескен шығар», – дейді. Бақа шегініп кейін қарай келеді. Біраз жатып өледі. «Мынаны далаға апарып тастаңдар!» деп хазірет айыптыларға айыппұл салады. Мұнда халықтың бақсылық, көріпкелдік сияқты магиялық наным сенімдерінің ізі сақталған.

Информатор Адақ Шатпановтың айтқан бұл әңгімесіндегі адамды бақа арқылы арбау тарихи тұрғыдан алғанда, магияға жатады. «Магия дегеніміз адамға, жануарға, затқа немесе бір құбылысқа, т.б. дүниеге әсер ету үшін қолданылатын ғұрыптар мен сөздердің құдіретіне сену» [7, 112].

Ел ішінде соғыстан кейінгі уақытта Жексенғали деген әрі молда, әрі хазірет сиқыршы (гипноз) болған. Шолақ өзін белсенділерден, соттан, оттан сақтап қалатын қасиеті болған. Жынданған адамды емдейтін. Қамшымен бірақ тартқанда құтырған кісіні айықтырып, тіпті оны көргеннен-ақ абдырап, асып-сасып, аурулар жөніне келетін болғандығы жайлы әңгімелерді де осы кісінің аузынан естідік. Сондай-ақ, Адақ Шатпановтың өлім үстінде күзетке барған кісі уағыз, хадистен үзінділер, марқұмның тірі кезіндегі жақсылықтарын айту керек, оны бала-шағасы тыңдап отыру керек – дейтін пікірлері аса бағалы. Ол бүгінгі күнгі салт-дәстүрлерімізде орын ала бастаған келеңсіздіктерді танытады.

Шыңғырлаудағы Тілеген Кенжетайұлы Қалиев (1981 жылы туған. БҚО, Шыңғырлау ауданы, Белогор ауылында дүниеге келген.

Шыңғырлау ауданы ішкі саясат бөлімінің бастығы, 37 жаста.) айтқан аңыздардан да жергілікті жерлердің ерекшеліктері айқындалып, жастығына қарамастан ел шежіресіне қанықтығы көрінеді.

Батыс Қазақстан облысының Шыңғырлау ауданындағы «Ханшатыр» деген жер атауына байланысты қалмақ шапқыншылығы кезіндегі кіші жүздің ханы Әбілқайыр ханның қалың қолды жинап, шатыр тіккен жері аңыздалады. Шын мәнінде, үстіне шықсаң, көз талдырар кең жер алақанында тұрғандай сезіледі.

Ал «Қыз мола» деген аңызда бір перзентке зар болған бір бай құдайдан тілеп жүріп бір қызды болады. Оны ер балаша кіндіріп, ерке бұла етіп өсіреді. Қызы кәмелетке толғанда бүкіл бай-бағланды жинап, ұлан-асыр той жасайды. Сонда тігілген бәйгеге қызы: «өзім шабам» деп бой бермей шауып, оқыста аты сүрініп кетіп қаза болады. Жер атауы сол қыздың жан тапсырған жерімен аталыпты.

Өңірдегі «Шыңғыс хан руын байбақты деп» есептейтін ауызекі әңгімелер де фольклорлық жанрлардың өзгерісін көрсетеді. Мәселен: бір аңызда: «Шыңғыс ханның шешесі сақ болған. «Сен әлемді жаулау үшін алдымен сақтарды алуың керек» дейді шешесі Шыңғысқа. Сөйтіп баласын Алтайдың бергі бетіне шығарып, жол көрсетіп тұрып: «Сақтардың жаны – жылқыда», жылқысынан айырсаң, оларды жеңу оп-оңай» дейді. Шыңғыс ханның өзі де айлакер адам, оған қоса анасының ақылын қолданып, ұйықтап жатқан сақтардың алдымен жүз елу мың жылқысын жайратып салып, жаяу қалдырады. Жаяу қалған қолды алу қиынға соқпайды. Тарихта солай дейді», – деп, халық әңгімесі «ер қанаты – ат» дейтін халық мәтелін бекіте түседі.

Шыңғыс ханның тағы бір айласы жайында: «Тау елі, Кавказ халықтары ұзақ уақыт Шыңғыс ханға алдырмапты. Әсіресе алаңдар, гүрзілер, абхаздар тұрған жерді соғыспен ала алмаған. Шыңғыс хан айлаға барып, әскеріне «бүкіл Кавказды қоршауда қалдырып, екі жыл бойына адам баласының кіріп-шығуына тиым салады. Елде қуаңшылық басталып, жұт болады. Негізгі күн көрісі егін мен дақылмен байланысты ел есеңгіреп, ақыры сыртқы күшке берілуге мәжбүр болыпты» – деп әңгімелейді. (Айтушы: Әбдіғали Жұмағазимов. 52 жаста).

Сондай-ақ осы аймақта Сырым батырдың керемет алып адам болғаны, оның шешіп қойған етігінен ойнап жүрген баланың төбесі зорға-зорға көрінетіндігі, және Сырымның Хорезм ханының тапсырмасымен де ерлік көрсетуі (көшпелі сығандарды отырықшыландыру) сияқты фольклорлық әңгімелер сақталған. Әсіресе Сырымның ешуақытта өзбекке сенбегендігі, үнемі бір қолымен қылышын ұстап отырғандығы баса айтылады.

Батыс Қазақстанның Теректі ауданындағы Өзбекстаннан қоныс аударған қазақ отбасыларындағы салт-дәстүр мен фольклордың сақталу барысын анықтау кезінде «қалың малға» қатысты ұғымдар мен «той бастар», «қыз қашар», «қыз тартыс», «құда тартыс» рәсімдерінің сақталу жағдайымен қоса өзіндік өзгешелігі және жиен мен нағашы қарым-қатынасындағы ерекшеліктерді меңзейтін тыйымдар мен «азан шақырып ат қою», марқұмға арнап «ағаш ат» соғу рәсімдерінің ерекшелігі айқындалып, бұл рәсімге қатысты мәтіндік үлгілердің ерекшелігі де көңіл аудартты. (Информатор Наджимов Садуақас Мұқанұлы 1954 жылы туылған).

Өзбекстанда, Қарақалпақстанда тұрған 72 жастағы Тасығалиев Ғайсағали ақсақалдың жадында Өзбекстан жеріндегі қазақтардың түркімендермен жауласуы жайында дастаннан үзінді сақталыпты. Бұл Өзбекстан, Қарақалпақстан қазақтарының арасында кең тараған, ол қазақ пен түркімен арасындағы кейбір қақтығыстарды бейнелейді.

Алайын халем қолыма,
Жігіттің жолы болады,
Айналса ісі оңына.
Ай мүйізді қошқардың,
Жабысты қасқыр соңына.
Түркімен деген басмашы,
Қазақтың түсті соңына
Біліп алды айламен,
Кім басшы қазақ қолына.
Бекінді бәрі сертпенен,
Қаруы бар жігіттің
Аянбай қару қылуға.

Фольклор ғылымында басқа адамға қастандық жасау мақсатында сөз киесіне сеніп, арнайы шартпен айтатын магиялық өлеңнің шағын түрі қарғыс деп аталып, оның ашық қарғыс, астарлы қарғыс дейтін түрі ажыратылады. «Ашық қарғыста сөздің ызыты, айбаты бірден айқын сезіледі. Ал, астарлы қарғыстың сыртқы тұрпаты батаға ұқсап келеді де, оны айтушы кекету әдісін (әдемі сөздер арқылы) шебер пайдаланып, арғы ойын жымысқылықпен тұспалдап» жеткізеді [7, 87]. Осы түсініктер негіз болған әңгімелер де ел ішінде біршама сақталған. Мысалы, Жәукен батырдың «жүзге жетпе, жүзге жетсең де күзге жетпе» деп қарғыс алып, оның зияны бүкіл үрім-бұтағына кері әсер еткендігі жөнінде әңгімеленеді. Сондай-ақ осы өңірдегі қолөнер, ұсталық өнердің, мысалы он екі түрлі қамшы өру өнерін меңгеріп, осы кәсіптің қыры мен сырын, оған қатысты фольклорлық әңгімелерді сақтаушыларды білетін кісілер де кездесті. Оған Исатай ауданының Нарын құмындағы атақты өрімші Есболай Қуатұлын айтуға болады.

Ежелден эпикалық өңір саналатын жырау, жыршыға бай Батыс өңірінің, соның ішінде Атырау облысындағы эпикалық жырлау дәстүрінің ізі жоғалмағандығы Исатай ауданына жасалған іссапарда мәлім болды.

Фольклорлық мұраларды ауызша жырлау дәстүрінің өкілі Шұғайыпов Халимат ақсақалдың жадысында жатталған түрлі аймақ ақын-жырауларының мұрасы, алуан түрлі бата үлгілері (бала туылғаннан кісі қайтқанға дейінгі өмір кезеңдерінің бәріне арналған), жергілікті жер-су атауларына байланысты аңыздар, қазақтың тапқырлық сөздері, құрдасқа, заманға қалжың өлеңдері т.б. осының айғағы. Бұл кісінің бір ерекшелігі: ұзақ жырлар мен дастандарды, үзінділерді аспаптың сүйемелінсіз белгілі әуен-мақамға салып айта береді.

Осылайша ауызша жырлау, телпекпен, тостағанмен ауызды үрлеп отырып жырлау осы өңірге тән дәстүр болған. Мәселен, атақты Мұрат Мөңке ұлы жорық үстінде аттың үстінде жүріп, тостағанымен жырлаған дейді. Тостағанмен, телпекпен жырлау дәстүрі 70 жылдарға дейін болғандығын, Тауман Амандосов Мұхиттың әндерін тәрелкемен жырлағандығын көргендігін журналист Өтепберген Әлімгереев әңгімелеп берді.

Халимат ақсақалдан жазылып алынған жыр бастау өзіндік ерекшелігімен көңіл аудартады:

Гүлім солып сарғайып,
Шамшырақтай өшесің.
Жас кетіп біреу дүниеден
Арт жағына қалдырды,
Әкесі менен шешесін.
Қартайып жетсе қазасы,
Төлейді баласы есесін.
Бұл дүние дүрпінді
Талпынтып қайта өсесің.
Сөйлеп қалшы тіл-жағым
Қаумалап тұрса жан-жағым.
Бәйгеге қосқан бедеудей,
Сөзге мен де самғадым.
Ерінбей сөйле қызыл тіл,
Ешкімге түспес салмағым.
Қолымдағы домбырам,
Өзімнің әбзел сайманым
Бұлбұлдай бүйтіп сайрау жоқ,
Алаңсыз көшіп жүргенде
Ажал кеп салса қармағын.

Ашаршылық жылдарда босқан елдің хал-күйінен хабар беретін өлең үлгісін де сақтаған.

Астрахань мен жеті Оралдай
Елі ортасы шойын жол.
Төменгі жағы жол торап,
Байқағанға алыс жер.
Менің Мақан жайлауым,
Екеуінің арасы таба алмадым таныс жол.
Кіндік кесіп кір жуған,
Мың төбе еді туған жер.
Домалантып қақпақтай,
Айдады бізді биыл жел.

Әсіресе бұл кісінің жадында үйлену ғұрпындағы беташар

жанрының үлгілері мол. Оның кейбірі дәстүрлі өлең шумақтары болса, біразын өз жадынан шығарған. Салт өлеңінің өміршең бұл түрінің күні бүгінге дейін өзіндік орындалу ерекшелігі сақталған.

«Беташарды кез келген адам айта бермейтін болған. Ертеде беташарды арнаулы, өзінің жолы бар, той иесіне сыйлы адам ашқан. Кейін оны ел ішінде ақындығымен, өнерімен танылған, әдет-ғұрып, салт-санаға жетік жігіт ағасы атқарған. Беташарды міндетті түрде жігіт айтады, мұның да өзіндік мәні болса керек. Ахмет Байтұрсыновтың айтуынша, ертеректе беташар көбінесе әндетілмей, тақпақтап айтылғанға ұқсайды. Сондықтан оны ғалым «өлеңді сөйлемдерге жатқыза отырып, онда әннен гөрі мазмұнға көбірек көңіл бөлінетіндігін ескертеді» [8, 87]. Халимат ақсақалдан жазылған, төмендегі баталар үлгісінде ғибрат, пен сын қатар өріліп, жақсы мен жаманды, қыз дәурен мен келіншек болған кезді салғастыру арқылы келіннің жаңа мәртебе иеленгендігін бекітеді.

Келінге болсын өсиет,
Желдетсем сөздің шарасын.
Ақ та болсаң қарасың,
Орынсыз ырбың күлем деп,
Өсек сөздің өзіңе,
Жапсырып алма шаласын.
Бір ілінсең жалаға,
Бұғалықпенен қалмайтын,
Бәлеге келіп қаласың.
Алсаң да, келін, тілімді,
Сақтарсың түйіп жадыңа.
Салмақты болсаң, білімді-ай.
Ақылы кемге айтқан сөз,

Далаға кеткен шығынды-ай – деп төкпелете басталатын баталар кіріспесінде жамандықтан сақтандырып, жас келін үшін ең қауіптісі – жел сөзге үйір болу екендігіне көңіл аудартады. Әрі қарайғы өлең мазмұнында келіннің өзгелерге қатысты әдеп-ибасы өрнектеледі.

Аға менен жеңгеге,
Туған үй, төркін, өзгеге,

Қыз күніндегі еркелік,
Болмасын мұнда бұрынғы-ай.
Өзіңнен үлкен кісінің,
Бетіне тіке қарама.
Бешірейіп отырма,
Өзіңді зорға санама
Үйде отырған кісіге,
Сыртыңды беріп есіктен,
Жүгіре шықпа далаға.
Даусыңды қатты шығарып,
Қарғап-сілеп кейіме,
Жаман сөз айтып балаға.

Осылай бір қайырған соң жас келінді сабырға, төзімге бір шақырып алып, жақсы жар, әдепті келін атанудың алғы шарттарын тереңдете түседі.

Асықпай тағы тыңдай тұр,
Болғаным жоқ тағы бар,
Айтатын сөзім және де.
Сабыр қып келін сыр берме,
Аштық пенен тоғыңа.
Әңгімелессең біреумен
Абайлап сөйле ақ болып,
Оңы менен солыңа.
Келе жатқан үлкен кісінің
Алдынан өтіп ордаңдап,
Кестенең жүрме жолына.
Ауылдастан қызғанып,
Ас-суыңды қорыма.
Ерте тұруды әдет қыл,
Ерініп жатпа төсекте.
Бойкүйезденіп ұйқыны,
Бойыңа үйір дос етпе.
Қыз күнінді еске алып,
Делебең қозып желікпе.
Ойын-той болса барам деп,

Қалайша бармай, қалам деп,
Ретсіз босқа елікпе.
Жұбайың жауап бермесе,
Барғанды мақұл көрмесе,
Қатарымнан қалдым деп,
Ретсіз босқа демікпе.
Білгенде үгіт, нақылын,
Тұта бер болса ақылың.
Әдепсіз келін атанып,
Бағанды сөйтіп кемітпе.

Бұл беташардың өзіндік ерекшелігі: келіннің жеке басына тән әдеп нормалары да тілге тиек етіледі.

Қонышыңнан шығып тұрмасын,
Көрініп сыртқа балағың.
Өз бойыңды күтпесең,
Ол сенің әбден салағың.
Жалаң аяқ жортақтап,
Әдетін етпе баланың.
Келмейді қайтып құғанмен,
Қыз күніндегі заманың.
Аңдитын сені тыңшы көп,
Сынайтын сырттан сыншы көп,
Жабылуы оңай жаланың.
Әдеп пен ақыл өшірер,
Өсек сөздің тамамын.
Айтпады маған демессің,
Білмейтін жап-жас емессің,
Білгенге сөзім бағалы-ай,
Ықыласымен тыңдасаң.
Түсінбей босқа терлетіп,
Еңбегінді еш қылмас.
Еңбегім болад менің де
Жұрт жиналып қолдаса.
Ұйқысы көптің ашылад,
Айтушы дұрыстап жырласа.

Беташар дәстүрлі түрде батамен түйінделеді.

Қоса ағарып еріңмен,
Ұрпақтап, келін, мың жаса!
Мың алғыс айтып ару келініме,
Тілеймін зор денсаулық өміріне.
Сүйікті қосағымен қоса ағарып,
Дақ жұғып, «кір» түспесін өміріне.

Айтылған сөзге ерекше жауапкершілікпен қараған қазақ халқы сөз арқылы жамандықты өшіріп, жақсылықты дарытуға болады деген ұғымды берік ұстанған. Мысалы, бата жанрының пайда болып, дамуы осыған байланысты.

«Бата берудің өз жоралғысы бар. Бата беру өте құрметті іс деп саналады, өйткені, бата – қасиетті сөз деп есептеледі. Сондықтан бата айтыларда бата тілеуші адам немесе жамағат алақанын жайып, ишарат білдіруі тиіс. Сол кезде ақсақал әуезді үнмен мәнерлеп, киелі кейіпке еніп, бар ынтасымен өлеңдетіп, бата береді. Бата аяқталғанда жиналған қауым бір ауыздан қуаттап, «Әумин! Айтқаныңыз келсін!» деп, бет сипап, ырымды қимыл жасайды. Яғни айтылған ақ тілекті, жүзеге асқалы отырған рәсімді заңдастырып, куәландырады деуге болады» [7, 168].

Халимат қарияның жадында сақталған баталар тақырыптық жағынан сан алуан. Мысалы, кісі қайтқанда беретін батада енді осындай жағдай болмасын деген тілек батамен бекітіледі:

Жаратқан Аллаһ пендесін,
Ошағың оты сөнбесін!
Қалған жанның басына,
Қайғының бұлты төнбесін!
Қайнасын күнде қазаның.
Тірліктің көрме азабын.
Жұлдызың жанып қашанда,
Бақытты болсын қазағың.
Дастархан құт боп жайнасын!
Бағыңда бұлбұл сайрасын!
Қырықтың бірі Қыдыр боп,
Басыңнан бағың таймасын!
Салтымыз берік орнасын!

Жамандық енді болмасын!
Бір Алла өзі жар болып,
Тіл менен көзден қорғасын!
Бата дарып бақ қонсын
Берген батам қабыл болсын
Иләһи әумин!

Қыз ұзатып, келін түсіру рәсімдеріне қатысты бата түрлері де өзіндік өрнегімен өзгешеленеді.

Мысалы: «Құдалар келгенде беретін бата»:

Көңілім енді серпілші,
Құда, құдағи, құда бала, құдашалар,
Барлығы енді келсінші!
Ақ дастархан, мол бата,
Ақының енді берсінші.
Жаңбырдай бата тілекті,
Берейін көптеп көлемді.
Қызығың, құда, ұл мен қыз
Жемісін теріп же енді.
Жатпаңыз, сірә, бұйығып,
Байлық келсін құйылып.
Үйіңізде той болсын,
Несібеңіз бұйырып.
Балаға толсын маңайың,
Тату болсын ағайын.
Жұмылып көзім кеткенше,
Кәдеңізге жарайын.
Алдымда жатқан ақ қағаз,
Өшпесін отың қыс пен жаз.
Ақ әділ көңілің қараймай,
Алладан болсын ықылас.
Өтсе де жылдар жаңғырып,
Шаңырақта болсын сәнділік.
Қыдыр дарып бақ қонып,
Ұрпаққа жетсін мәңгілік.
Бата дарып бақ қонып,

Берген батам қабыл болсын!
Иләһи әумин!

Балалардың алды үйленгенде берілген бата:

Бабалар ырым жасаған,
Бауыр бүтін, бас аман.
Қалған балалар да үйленіп,
Балаға толсын босаған.
Көңілің болсын қошамаң.
Мен де осы үйге дос адам.
Қыдыр дарып, бақ қонсын,
Қолдай берсін Жасаған.
Істеріңіз ақ болсын,
Көңіліңіз шат болсын.
Немерелер шуылдап,
Қариялар шат болсын.
Бабалар айтқан мұра сөз,
Мұра сөзің рас сөз.
«Көп тілегі - көл» деген,
Тимесінші тіл мен көз.
Сыбаға тиіп адамға
Гүл бітсін әрбір қадамға.
Жұғысты болсын ақ бата,
Береке берсін тағамға.
Бата дарып, бақ қонсын,
Берген батам қабыл болсын
Иләһи әумин!

Жас жұбайларға бата:

Қосылған теңін тауып балалардың,
Әуелі жасын ұзақ бақытты қыл.
Қаптаған қара ормандай шоғырлы қыл,
Әр істен асықпайтын сабырлы қыл.
Алдында ақсақалдың абыройлы,
Өзінен кейінгіге қадірлі қыл.

Сөйлесе айтар сөзін жүйелі қыл.
Қалдырмай қатарынан киелі қыл.
Тілегін екі жастың қабыл етіп,
Қос-қостан машиналы жүйелі қыл.

Жолға шыққанда берілегін бата:

Я, Құдайым, қазірет!
Не тілесем әзір ет.
Мәдинада Мұхаммед!
Түркістанда Қожахмет!
Маңғыстауда пір бекет!
Періштелер қолдасын!
Сапар айтып жол шықсаң,
Қыдыр болсын жолдасың.
Қасыңнан досың қалмасын,
Ізіңнен дұшпаның шалмасын.
Ұзақ та болсын өмірің,
Өсе берсін мал-басың.
Әумин деңіз, жамағат!
Бұл батам жерде қалмасын!
Иләһи әумин, Аллаһу акбар!

Жас балаларға бата:

Балалардың ұзақ болсын өмір жасы,
Бірге өссін біте қайнап мал мен басы.
Қашанда тіл мен көзден аман болсын,
Қасыңда жүрсін оның пір парасы.
Үйреніп өнер-білім, өрге жүзсін,
Қондырып оң жағына отауларын,
Қызығын көрсін оның ата-анасы.
Алдынан шамшырағы қарсы жанып,
Гүлденсін жер мен көктің екі арасы.

Облыстағы салт-дәстүрлік ерекшелігі бар аудан ретінде өзгешеленетін Жылой өңіріндегі дүниеден озған адамды жоқтау, ұзатылған қызға сыңсу айту салттарының өзгешелігі де байқалды.

Ал мына бір бесік жырының үзіндісі де өзіндік ерекшелігімен көңіл аудартады.

Бесік жыры

Айналайын, ақ бөпем-ай
Ақ бесікте жат, бөпем-ай
Ақ арманға сай, бөпем-ай,
Қараңғыға ай, бөпем-ай.

Аю-аю, аю-ай,
Айналайын, қозышам.
Маңдайға біткен жұлдызшам,
Қараңғы түнде жарқ еткен-ай,
Жанға медет жұлдызшам.

(Айтушы: Жұмақыз Әбдірәсілқызы. 69 жаста)

Ел арасында өмірдің әртүрлі жағдайларына байланысты тапқырлық сөздер де мол сақталған. Солардың бірі былай мазмұндалады: «Ертеде бір ауылда байдың қызы мен кедейдің қызы екеуі қатар өмір сүріпті. Байдың қызы кедейдің қызына «сен анаусың, мынауың деп күн бермейді екен». Қас қылғандай кедейдің қызының тілі шөңтік болыпты. Бір күні үлкен тойға екеуі бірге барыпты. Байдың қызы алдыңғы күні түскен жеңгесінің күмбір сырғасын тағып барыпты. Кедейдің қызы құлағындағы жібімен барыпты. Шәй ішіп көңілі көтерілген байдың қызы: «О, құлағын тесіп, жіп байланыпты ғой, енді біреу мойныңа арқан салып алып кететін болар» депті. Сонда кедей қызы жұлып алғандай:

Есім дұрыс болғанмен тілім мүкі,
Танимын көргенімді көзім жіті.
Таққанын күмбір сырға біреудікі
Менікі жіп те болса өзімдікі – депті.

(Айтушы: Молдаш Бердімұратов)

Қарға тамырлы қазақтың әзіл-қалжыңы, нағашы-жиен, балдыз-жезде аясынан асып, ру аясына дейін қамтыған.

Сондай ел арасында қазақтың әр түрлі руларға арналған әзіл-қалжың мағынасындағы өлеңдер мен әңгімелер жазылып алынды. (Айтушы: Адақ Шотпанов, 62 жаста. Шыңғырлау ауданы)

Қосқолдегі тамамын,
Жалаңаяқ баламын.
Қуанышәлі болмаса,
Басқаларға ағамын.

* * * * *

Арғын кетті отына,
Қара төбенің сотына.
Бұл арыздан танбаймын,
Қыр соңыңнан қалмаймын.

* * * * *

Менің атым Байсеркеш,
Ала атын сойғызған,
Қасасына тойғызған.

* * * * *

Қарасу қайнай-қайнай сабын болған,
Рудың шамалысы табын болған.
Табыннан қыз алмаймыз,
Қыз бермейміз,
Жылқының шуын жейтін заңы болған.

Ыссықтарда жәдікбай деген ру бар. Жас кезінде айранға тоймай, айран жалай бергендіктен, «Айран жалаған Жәдікбай» атанған.

Ыссылардың өзі ұрлықты кәсіп етіп, соны мақтан көреді екен. «Бір күні ыссының бір құрметті адамы қонаққа келіп отырса, үй иесі сояр малға бата сұрап: «ақ адал баққан малымыз сізге арнап соймақшымыз» дегенде, әлгі ыссының құрметті ақсақалы қалғандарға: «сендер адам емес екенсіңдер, сендер ата кәсіптеріңнен (ұрлықтан) айнып адал мал соятын болғансыңдар ма, елдің малы жетпей ме сендерге деп ұрсыпты».

Жылой өңіріндегі ежелгі жыраулық өнердің мол дәстүрін сақтап отырған орта және жас буын өкілдерінің, мәселен, Ниязов

Қожахмет (60 жас), жырлайтын Құдайберген жыраудың «Әнес Сахаба», Әбубәкір Кердерінің «Имандылық жайындағы өсиеті» және «Қамбар батыр» дастаны, Сәрсенов Бақытбектің (27 жас), Ізбан Мособайұлының «Көкмойнақтың үйірі», Мұрын жыраудың репертуарынан үзінділері, т.б. репертуарымен танысып, жазып алу үстінде дәстүрлі өнердің сақталу, өзгеру, құлдырау, қайта жалғасу заңдылықтарын аңғаруға болады.

Облыстағы салт-дәстүрлік ерекшелігі бар аудан ретінде өзгешеленетін осы өңірдегі дүниеден озған адамды жоқтау, ұзатылған қызға сыңсу айту салттарының өзгешелігі анықталды.

Жалпы Қарақалпақстан мен Өзбекстаннан қоныс аударған жыршылардың эпикалық дәстүрінің жергілікті дәстүрмен өзара сабақтастығы мен өзіндік ерекшелігі жөнінде де жаңаша ой-тұжырымдар жасау басы ашық мәселе.

Қазіргі кезеңде аймақтағы жас жыршылардың фольклорлық мұраларды жырлауға деген құлшынысы назар аудартты. Мысалы: Жолдыбаева Фариза (19 жас) «Нарқыз» дастанын, Хасанова Гүлжайна (21 жас) «Қыз Жібек» дастанын жырлауға ден қойған.

Атап өтерлік тағы бір жайт, осы өлкеде жылқы өсіру кәсібіне байланысты ырым-тиым сөздер, бәйге атын таңдау, баптау, сақтау туралы, атақты Қара атбегі туралы әңгімелермен қатар, «желі байлар» рәсімінің өткізілуі, «тұлдау» рәсімінің сарқыншағы туралы мәліметтер алуға мүмкіндік туды. (Мәлімет беруші: Өтепберген Әлімгереев. 70 жаста. Этнограф-өлкетанушы, журналист).

Асанқайғы Ұлытауға келгенде, «Елдің аласы, рудың таласы жоқ, бауыры – құт, шөбі – ет, суы – сүт, жердің ортасы, елдің ордасы болатын жер екен. Мен іздеген Жерұйық осы көктөбенің бауыры шығар» деп, осында тұрақтап қалыпты» – деп аты Асанқайғымен тығыз байланыстырылатын, ұлттық тарихымызда өзіндік орны бар Ұлытау өңірінен жиналған топономикалық аңыздар да сан салалы тақырыпты қамтиды. Мысалы: Ұлытау ауданының тұрғыны Мағзумбек Машайықұлынан жазылып алынған:

«Қанды бұлақ» оқиғасы туралы ел ішінде сақталған әңгімелер; «Айдаһарлы-Құдайберлі» үңгірі туралы аңыздар. - «Зердеш (Заратустра)» туралы аңыз; - «Ұлытау» атауы туралы аңыздар; «Шаңырақ

би туралы аңыздар», «Алыптың моласы» туралы аңыз; «Жұмбақкөл құпиясы» туралы аңыздар т.б. осының айғағы. Бұл аңыздардың мәтіндерін бізге тапсырған: «Ұлытау қорық-мұражайының» меңгерушісі Балдуова Гүлсұлу Әділбекқызы.

Бұл аңыздардағы дала өмірінің өзіне тән ерекшеліктері, фольклорлық жанрларда кездесе бермейтін тосын сюжеттер мен мотивтерге құрылған оқиғалар, фольклорлық әңгімелер, аңыздар көңіл аудартады.

«Аңыздың бір ерекшелігі – онда баяндалатын оқиға тек ұлттық сипатта болып, белгілі бір жерге ғана байланысты болып келеді. Яғни, аңызда тек жергілікті тарихтың ғана оқиғасы әңгімеленеді», – десек [3, 180], бұл тұжырымдар Арқа өңіріндегі түрлі жер атаулары осы елдің түрлі тарихи кезеңдеріндегі өмір суреттерін көркемдеген.

«Иә, бұл шынында «Қандыбұлақ»

«Бұл жерде сан шаңырақ қалды құлап» – дейтін ел арасындағы өлеңге негіз болған «Қандыбұлақ» аызы өзіндік мазмұнымен ерекшеленеді. Мағзұмбек Машайықұлы бұл оқиғаны Сағындық Есенаманов деген ақсақалдан естіген. Ал Сағындық Есенаманов қария бұл әңгімені сол байдың кезінде амалсыз қолшоқпары болған, бірақ оны қашпақшы болғанда құтқармай халық жазасына ұстап берген Бүркіттен естіген. Жарлы Жақыбайды адал еңбегімен асыраған аңшы, мерген Қазыбек пен оның баласы Әлімнің адам естімеген қандыкөз қараулық пен сұмдық жазаға тап болған оқиғасы, адамнан гөрі иттің иесіне адалдығы аңызға өзек болған. Бір жылқы үшін қандықол жауыздың бүтін бір ауылды сыртынан байлап-матап тірідей отқа жағып жіберуі, Әлім мергенді бітеу сойдырылған бұзау тұлыбының ішіне қол-аяғын байлап-матап салып, күннің аптап ыстығында қарға-құзғынға жем болсын деп таудың беткейіне апарғызып тастауы, қорлау үшін қасына бір тобатай су қоюы фольклорлық әсірелеу ғана емес, дала өмірінде орын алған кейбір сұмдық оқиғалардың елесі іспетті.

Қорғасынның оңтүстік шығысында, Ұлытаумен екі арада Арғанаты тауының сілемі – Алайғыр деген адыр 1964 жылға дейін бір кеңшардың қыстағы болып, кейін бос қалған. Осы адырдың батыс жақ етегіндегі бұлақты ел Қандыбұлақ деп атайды. Бұлақты шарбақпен қоршағандай, тура жиегін дөңгелетіп көмген адам мола-

сы. Бұлаққа сол молалардың арасымен ғана барады. Жағалай он бес-жиырма адам көмілген.

«Зекет деген бай Әлімнің ала айғырына қызығып, сұратып жібереді. «Астындағы ала айғырын менің балам Жанайға берсін, жылқымнан таңдап тұрып бір ат алсын», – дейді. Жаушылар келіп байдың сөзін жеткізеді.

«Ат – ердің қанаты» дейді халқымыз. «Маған қанатыңды кесіп бер дегені ме, байекеннің бұл қай қолқасы. Мен осы атыммен ауылға азды-көпті несібе тауып беріп отырмын. Үйірлеп жылқы берсе де атымды бере алмаймын», – деп қайтарады.

«Жанына көзіне көрсетіп, бір тобатай су құйындар, сол судан іше алмай, қор болып, қаталап өлсін» деген байдың тапсырмасын жанлайшаптар бұзжытпай орындайды. Байға «мұның дұрыс емес» деп айтуға ешкімнің батылы жетпейді. Байдың бәйбішесі Қадриша ақылды адам болыпты. «Мырзам, мынауың бұрын құлақ естіп, көз көрмеген сұмдық оқиға. Баланың көзі үшін бір ауылды отқа орап, қырып тастадын. Бұл қанды оқиғаны Алла кешіре ме? Ел бетіне қалай қарайсың?» Қарабет болдық қой. Мыңдаған жылқын тұрып, кедейдің жалғыз атына жармасудың не реті бар? Енді азаптап өлтірмексін. Ана жігітті босат!» – дейді. Қаныпезер бай: «Сен маған ақыл айтайын дедің бе? – деп бәйбішесін қамшының астына алып, соққыға жығады. Қадриша да бір аймақты билеп отырған Әзімбай деген шонжардың қызы екен. Жанайбайдың токалынан туыпты. Сол түнде Қадриша сенімді екі жігітті ертіп, төркініне кетіп қалады». (Жаушы: Мағзұмбек Машайықұлы).

Одан әрі қарай дүниеқоңыс, өзінен басқаны көрмейтін көр кеуде, ұрда жық Зекет байдың зұлымдығы, адам айтқысыз қаныпезерлігі бір ауылды түтел шандып байлап тастап өртеп жіберуі, ал өзіне ауыр жаза қолдануы баяндалады.

«Әлімнің сенімді серіктері ала аты мен ала тазысы Құмай еді. Күннің ыстығынан жас тері кеуіп, қуырылып, жігіттің денесін қысып, халі ауырлайды. Бір жағынан шөл қысып барады. Сол кезде иесін іздеп тапқан Құмай жетіп келіп, тайынша терісіне ауызды салып жіберіп, жұмалай бастайды» деп сипатталатын аңызда адамнан мейірімді ит образы бар.

Қазақтың «жеті қазынаның біріне» санайтын ит образы фольклорда адамның көмекші, жақсылық тілеуші жолдасы бейнесінде ұғынылады. Оның түпкі бастауы түркі халықтарын ит-құстан тараған деп қарастыратын көне тотемдік мифтерде жатқандығы да белгілі. Мысалы: қырғыздарда бір ру сұлу ханша мен оның нөкері қырық қыздың қызыл итке жақындасуынан пайда болған дейтін миф кең таралған көрінеді.

Талданып отырған аңызда халық идеалындағы дана әйелдердің образы да сомдалған. Қалың ел қарсы шыға алмаған Зекеттің хайуандығын бетіне басып, әділетті жақтаушы Қадидиша тұлғасында тектіліктің ізі бар. Және осы қырғында айласын тауып жасырынып қалған ауыл малшысы Бөлтіріктің қызы Құралайдың ақылдылығы мен даналығы фольклордағы аяулы бейнелердің заңды жалғасы іспетті. Ол сегіз жыл болыс болып, ел ұстаған.

Ашынған халық «Зекетке де оның бала-шаға үрім-бұтағына да өзі секілді адам айтқысыз жаза қолдану керек» дегенде жап-жас Құралай былайша билік айтады:

«Сол кезде ортаға менің әжем – Құралай қыз суырылып шығып, Әзімбайдың алдына шығып, Әзімбайдың алдына барып, тізерлеп отыра қалып, екі қолын кеудесіне қойып «дат, тақсыр!» дейді.

«Датың болса, айта ғой», – дейді. Ел қаршадай қыздың ісіне таң қалып «не айтар?» екен деп сілтідей тынады. Сонда, Құралай: «Уа, халайық, ардақты аталарым! Ата тұрып ұл сөйлегеннен без, ана тұрып қыз сөйлегеннен без» деген мақалды білемін. Менің әкем де, анам да, ауылым да, бауырларым да жауыздықтың құрбаны болды. Азалы ауылымыздың жазықсыз өлген жандарды аза тұтпақ түгілі, осы уақытқа дейін өлігімізді жерлей алмай жасырынып күн өткіздік. Зекетті Әлім мен Жаппас үшеуімізге беріңіздер, оның жазасын өзіміз берейік. Ал баласы Жанай әкесінің айтқанын істейді, ол балалық парыз. Ол парызын орындады. Оған кешірім жасап, ал ауылдастары күнкөріс үшін, отбасын асырау үшін һәм мына сұмырайдан қорыққанынан, амалсыздан қылмысқа барды. Олар өлім жазасынан босатылып, ауылдан алыстатылсын! Байдың малының үштен бір бөлігі Қадидиша анамызға берілуі керек. Артық айтсам ашынғандығым болар, Сіздердің алдарыңызда сөйлегенім ашынудан ашылғаным

болар. Халқымнан, ел билеген ақылшы аталарымнан кешірім сұраймын» – депті. Өзімбай: «Шырағым, ел аузында жүретін жас боларсың, өскенде ел анасы боларсың. Сенің билігіңе тоқтадық» депті. Содан бастап әжеміз «Биханым» атаныпты. Азан шақырып қойған аты «Құралай» екенін ел ол кісі қайтқанда бірақ білді – деп әңгімесін аяқтайды». Яғни қаршадайынан әділетті шешімімен елге танылып «Биханым» атанған Құралай ана жайлы аңыздар қазақ фольклорындағы аяулы аналар образын толықтыра түседі.

Ұлытау ауданының Алғабас ауылының солтүстік шығысында орналасқан Жақсыкөң, Жаманкөң деген жерге жақын, Бұлтай қыстағынан 12 шақырымдай жерде «Айдаһарлы-Құдайберлі» деп аталатын алып үңгірдің кіреберіс қабырғаларына жыландардың, алып айдаһардың суреттері салынған. Халық үңгір аузындағы үлкен тасты айдаһардың иіріліп жатқан жеріне ұқсатады. Халық аңызы бойынша, бұл жерде «40 мың жылқысы бар, өзі айдаһардың тілін білетін Құдайберлі деген бай өмір сүреді. Оның жылқышысы жылқыларынан түгел айырылып ауылға келгенде, «айдаһар бәрін жеп қоймаған болар, өзім барып көрейін» деп атқа қона бергенде, бүкіл жылқының мұртын бұзбай алдына салып айдап келген айдаһар қайтып кетеді. Құдайберлі жылқылардың ішінен соғымға соям деген ту биесін таңдап алып келсе, айдаһар сыртта жатыр екен. Екеуі тілдеседі. Алайда екеуінің анттасқан бұл сертінің бұзылуына байдың есерсоқ еріккен баласының серуендеп жүргенде жай жатқан айдаһардың құйрығын басы екен деп шауып алуы себеп болады. Ашуланған айдаһар баланы жұтып қояды. Бүкіл ел дүрліккенде Құдайберлі ғана сабыр сақтап, болған істі Алланың жазуына балап, әрі өз баласының жай жатқан жыланға соғысуы бұзақылық екенін мойындап, өзі айдаһардың алдына келеді». (Жинаушы: Мағзұмбек Машайықұлы)

Адамнан шықпаған әділдік пен досқа адалдық сезімдерін ұлықтайтын «Айдаһарлы-Құдайберлі» аңызындағы мифтік ұғымдардың бүгінгі күннің өзекті мәселелерді көтеріп тұрғаны қызықты құбылыс.

Айдаһар образы әлем халықтарының фольклорына тән. Бірақ оның қызметі, образы әр халықта (бүкіл елге қауіп төндіруші, апта сайын бір қызды жұтып, еріне қастандық жасаушы зұлым әйел т.б.)

әр түрлі көрінеді. Ш. Уәлиханов монғолдардағы жауын жауғызып, табиғатқа әсер ететін айдаһар образы бізде жоқ екендігін айтқан. Қазақ түсінігіндегі айдаһар жылан бейнесіндегі алып жануар деп түсініліп, кейде айдаһар, кейде жылан деп айтыла береді,

Демек, өмірдегі бар құбылысқа жақын бейнеде, кейде адамға мейірбан дос, кейде жыртқыш, қаскөй күш ретінде көрінеді десек, бұл аңызға оның жағымды бейнесі негіз болған.

«Сен достық ниетпен келіп отырсың. Менің жыртқыш екенім рас. Бірақ достықты біз де ардақтай білеміз. Адамдар сияқты екіжүзділік, алдау, уәдеден тайып кету бізде болмайды. Үңгірге келген жылқының бір тайына тимей, ауылыңа айдап апардық. Рас, кейде бір тайыңды жем етіп келдім. Онымен дәулетің ортаймайды ғой. Енді келген шаруанды айт», – дейді. Құдайберлі дос болуға келгенін, достық белгісі ретінде соғымға алып қалған ту биесін әкеліп отырғанын айтады. Сонда айдаһар: «Сенің достық ниетіңді қуана қабылдаймын. Ал биенді қабылдай алмаймын. Өзіңе арнаған екенсің өзің же, мен қыс бойы қалың ұйқыда боламын. Жаз шыққанда бір малыңды берерсің. Осыған дейін өзіңнің рұқсатыңсыз бір малыңды шығындап келдім. Енді тек өзіңнің бергеніңді аламын». – дейді.

Жалпы, түркі халықтарындағы Жылан образы негізінен тотемдік түсінікпен байланысты. Қазақ түсінігіндегі «жыланның адамның киіміне енсе оны бай және бақытты етеді» деген сенімі мен адамдардың жылан басы бейнеленген тұмар тағуы да осы танымның іздерін танытады.

«Қайырымды жылан» мотиві көптеген шығыс халықтарына (араб, парсы, түрік, армян, әзірбайжан, түрікмен, өзбек, т.б.) ортақ. Жыланның материалдық байлық беруші ретіндегі ролі оның өз бастамасы бойынша я болмаса қайырымдылыққа қайтарым ретінде көрінеді.

«Е, Құдайберлі досым, екеуіміздің айрылысар кезіміз келді. Мен өзінді күтіп отыр едім. Бұл жерден енді кетемін деп лоқсып қалғанда, баланың өлі денесі сыртқа шығады. Сенен бір тілегім: мына балаңды жерлегенде менің құйрығымды да жерлей сал», – дейді айдаһар. «Жазу солай болған шығар. Сен жылы орныңды суытпа», – дейді Құдайберлі.

«Жоқ, досым, бұл оңай шаруа емес. Бір күні сенің балаң есіңе түсер, менің құйрығым есіме түсер. Сөйтіп, бір-бірімізге қастық жасармыз. Осы жақсы күнімізде айрылысқанымыз жөн. Жүрегімізде өкініште, достық та сақталады», – деп айдаһар кетіп қалыпты. Құдайберлі айдаһардың құйрығын бір биік қырқаның басына жерлепті. Оны ел қазір Құйрықжал дейді».

Ежелгі түсінік бойынша әр рудың мекен-қонысы сол қауымның қасиетті ат-бабасының рухы ұялаған нақтылы мызғымайтын шекара, яғни «игерілген кеңістік» болып табылады. Сондықтан да қадым заманда жер-судың аты-жөні ерекше қасиетке баланып, оның шығу тегі жөнінде неше түрлі аңыздар, мифтер таралған.

Ұлытаудың да әрбір тауы мен тасы, жері мен суы жайлы әңгімелер сан-салалы. Қазақтың батырлық жырларында бұрын-соңды талай - талай арыстан жүрек батырларды дәріптеудің сан алуан амал – тәсілдері қалыптасқан.

Бірақ Ұлытау жері аңыз ететін «Алыптың моласы» атты аңызда Лақ батырдың батырлығын дәріптеудің ерекше үлгісі көрінеді. Батырдың ұрыс үстінде тізесіне тиген оқтан аяғы сіңіріне ілініп қалғанда өз аяғын өзі шауып тастап, соғысты жалғастыра беруі қалмақ ханының үрейін ұшырса, оның адамгершілігі мен азаттық сүйгіш өрлігі екі ел арасында көп жылғы соғыссыз тіршіліктің себепкері болады.

Қазақ фольклортану ғылымының негізін салушылардың бірі А.Байтұрсынов: «Адамның анайы шағындағы шығармалары орасан кереметі көп, расы аз түрде айтылған. Анайы заманда адам бұл заманнан гөрі де күшті көбірек сыйлап, күшке көбірек бағынған... Сондықтан күшті болған нәрселердің бәрін де құдай деп білген. Адамнан қадірлеп, құдайдай көретіндері батырлары болған... Батырларға адам баласына бітпейтін қайрат, адам қолынан келмейтін іс ұйғарылып, артықша қасиет, керемет таңылып, құдай болмаса да, соған жақын бір нәрсе болып, құдайлары мен батырларының арасында жік қалып жарымаған», – деп жазады [8, 279-280].

Осы өңірден жазылып алынған Асанқайғы мен оның бәйбішесі Тана жайлы, Ұлытау атауы жайлы, Зердеш / Заратуштра / туралы аңыздың да талдауға тұрарлық бағалы тұсы мол.

«Көпқұдайлық мифологиядағы алыптар құдай дәрежесіне көтерілсе, қазақ-моңғол мифологиясындағы алыптар рух-иелік, ары кетсе, «жарты құдай» дәрежесіне ғана жеткен. Біздегі алыптардың әлемді реттеуші жасампаз қаһарман ретінде атқаратын қызметтері тау-тас, өзен-көл жасау, дарияның арнасын бұру, көпір салу, тас қалап, шаһар тұрғызу олардың өзін кейде саналы, кейде мақсатсыз, кездейсоқ жағдайда жасай береді. Бұның өзі түрік-моңғол мифологиясының ыдыраңқы, шашыраңқы, жүйеленбеген қалыпта алғашқы қауымдағы арғы тегінен ұзап кете қоймаған көнелік сипатынан хабар береді» [9, 38-39]. Бұл аңыздағы кейіпкердің тылсыммен тамырлас табиғаты, жаратушыдан ғажайып нұр иеленіп, оны жер бетіне таратуы баяндалады.

«Зердеш туралы аңызға» назар аударатын: «Сонау бір заманда Тұран ойпатындағы осы бір тауда Зердеш (Заратуштура) есімді ұл өмір сүріпті. Кейінде бүкіл әлем адамзаттың ұлы ұстазы деп таныған сол Зердеш тау басына шығыпты. Тас үңгірде тұрыпты. Таң атқаннан кеш батқанша таудың ішін аралап, көкке шаншылған ғажап шыңдардың сұлулығына таңданып, маңайына хош иісті жұпар шашқан көгілдір көркем аршасына, ақ балтыр ару қайыңы мен хас батырдай қасқайып өскен жас теректеріне сүйсіне қарайды. Тауда туып, таста өсіп, дала сырына қанығып жүрген бала жігіт бірде таудағы үңгірде ұйықтап қалады. Түннің бір уағында Зердешті ғажайып бір күш орнынан тұрғызып, таудың сонау ең биік ұшар басына аяғының ұшын жерге тигізбей алып ұшып, көтеріп шығарады. Тау басына шыққан Зердеш өн бойындағы бір оң өзгерісті байқайды. Есін жиып, жан-жағына қарағанша болмайды, аспан әлемінен маңайын алтын сәуле, нұрға бөлеген ғажайып шуақ төгіле береді. Нұр сәуле қапелімде не болғанын аңғармай қалған Зердештің жүрегін жырға толтырып, көңілін қуанышқа бөлейді. Шуақты нұр тұтас тауды бұрын-соңды жер беті көрмеген ғажайып алтын шұғылалы сәулеге шомылдырады. Мол шуаққа бөленген Зердеш сол сәтте Жаратушы Алланың нұр сипатын көреді. Алланың нұрына бөленген Зердеш өзіне Жаратушының аян беріп тұрғанын біледі. Адамзат баласына тура жол нұсқауды жақсылыққа бастауды Алла тағала Зердешке жүктейді. Сөйтіп, ұлы ғұлама осы шап-шағын кішкентай таудың үстінде Алланың

шуақ нұрына бөленеді» (Балдуова Гүлсұлу Әділбекқызы тапсырған мәтіннен). Бұл аңыздағы кейіпкер бейнесінде мәдени қаһарманның ізі болса, оның тауды мекендеуі тау туралы көне мифтік ұғыммен сабақтас.

«В мифологической традиции «гора – духовная высота и центр мира, место сопрокосновения неба и земли, символ превосходства, вечности, чистоты часто почитаются священными: вершина горы – место на полпути между небом и землей, место, где человек встретит Бога» [10, 458]. Яғни тау – ежелгі таным түсінікте киелілік мән иеленген.

«Ертеңіне Зердеш етектегі елге елдіктің жайын, адамгершіліктің мәнін уағыздайды. Сол заманда біреу қайтыс болса, сол үйдің ет жақындарының бірін бірге көметін бір ғұрпайылық бар екен. Зердеш алдымен осыған тоқтау айтады. Бұрыннан қалыптасып қалған дәстүр-салты бар ел Зердеш айтты деп тоқтай қалсын ба?

– Осының өзін өлтірейік.

– Біге жөн-жоба айтатын бұл кім? – деп Зердешке қалың топтың ішінен он шақты адам тұра ұмтылады. Олар жақындап, Зердешке қол сала бергенде, көктен жасын ойнап, ызалы топты түгелімен ұйпап жібереді. Оны көріп тұрған қалың топтың ішінен Зердешке батып енді ешкім қайта ұмтыла алмайды. Көп ішіндегілер арасынан:

– Оу, халайық, мына балада қасиет тұр ғой.

– Осының айтқанына көнейік, – деп Зердештің сөзін құп алады. Сол жерде Зердеш халыққа Алладан аян алғанын, Жаратушының осы тауға нұры тигенін, осы өңірдің қасиет шуағына бөленгенін айтып:

Бұл тау бұдан былай барлық таудың ұлығы – Ұлытау болып аталады, – деген екен. Содан бері бұл тау жай тау емес, Алланың аян нұрына шомылған қасиетті Ұлытау болып аталыпты. Алланың нұры тиген тау содан кейін жер бетіндегі барлық таудың өзгеше ұлық атанып, ұлы болған екен. Алланың нұр шапағатымен қатпар-қатпар тасты жарып тереңнен шыққан толқынды тас бұлақты күндіз-түні, қысы-жазы алты басты айдаһар күзеткен дейді.

Тас бұлақ таудың әр тасына нәр беріп, жер бетіндегі барлық сулардың түйіскен жүрегі, арналы анасы аталған екен. Бұл сөздің шындыққа келетін де қисыны бар. Оның дәл айғағындай жер бетіндегі

үлкен кіші өзен, көл, теңіз бен мұхиттың түп тамырына көз салсаңыз тарау-тарау, сан-салалы тармақтардың бәрі келіп осы Ұлытаудың тас үңгірінен басталып, дүниенің төрт бұрышына таралған бұлақ түбінде түйісетін секілді. Осы бұлақтан бастау алған төрт тармаққа зер салсақ, әлем картасындағы барлық судың негізгі көзін көргендей боласыз. Сонау Солтүстік мұзды мұхитына құйып жатқан Обь өзені осы Ұлытау түбіндегі Айдаһар күзеткен, Зердеш су ішкен бұлақтан бастау алатын Терісаққаннан басталады. Терісаққан Есілге, Есіл Обь өзеніне құйып жатыр. Одан әрі Солтүстік мұзды мұхитының ернеуіне асып түседі. Ал мына жағы оңтүстікте Қаракеңгір, Сарыкеңгір жарыса ағып таласқан бойы Бетпақтың шөлін кесіп өтіп, Сарысуға қосылады да, әрісі жеті өзен.

– Жетісуға құлап Іле бойлап Азия асып кетеді. Шығысында осы бұлақ Жақсыкөң өзені арқылы теңізге жетеді. Батысын бойлай жүрген адам өзен арнасымен Қараторғай, Сарыторғай, Ұлыжыланшақты бойлап Торғайды толтырып, Бірғызбен Аралдан асып, теңізге жетеді. Аңыз түбі шындық деген осы болар». (Жинаушы: Болдуова Гүлсұлу Әділбекқызы).

Демек, аталмыш аңыз фольклорлық танымдағы тау-көне дәуірлерде әлемнің үш бөлігін біріктіріп тұрған, әртүрлі киелі қасиеттерге ие дейтін ұғымдарды жаңғыртады. Алғашқы қауымда таулар, үңгірлер түрлі ритуалдар мен әдет-ғұрыптардың атқарылатын орыны болған. Кейінгі замандардағы биік төбенің басына жиналудың бастапқы мәні таудың басы жоғарғы әлемді, яғни, құдайлардың, әсіресе, Тәңірі құдайдың мекені, одан көмек сұрау үшін оның мекеніне бару керек дейтін түсінікті тудырған. Сондықтан қазақ хандығының тұсындағы Ордабасы тауының басына жиналудың да сакралді мәні бар. Сондай-ақ тау ұғымына қатысты фольклорлық түсініктер жерлеу ғұрпына да әсер етіп, қабірлерді тау секілді үю, оба, төбе түрінде тұрғызу дәстүрлерін туғызған себептердің бірі.

Таудың құдайлардың, дүниені табиғат құбылыстарын жаратушы алыптардың мекені болғаны туралы М.Стеблин-Каменский: «Они живут в горах и пустынях, сами они-полубоги, полугоры», – деп жазады [11, 67].

Ата-ананы зарықтырып келген ұлдың әкеден қалған қара шаңырақты ғана емес, бүкіл қазақты қатерден құтқаруына себепкер болған ақылы мен асқан шешендігі жайлы «Шаңырақ би» атты аңыз қалмақ ханының ақылы мен парасатын тереңдей көрсетуі тұрғысынан ерекшеленеді.

Ұлытау ауданының құрметті азаматы Қазақстан Республикасы Журналистер одағының мүшесі Мағзұмбек Машайықұлының отыз жыл бұрын 95 жастағы Құлыбек дейтін қариядан жазып алған «Шаңырақ би» аңызының тәрбиелік-тағлымдық мәні өте терең.

Бұл ежелден күні бүгінге дейін қастерлейтін халқымыздың «атамекен», «туған топырақ» «қара шаңырақ» ұғымдарын тарихи оқиғалармен сабақтастыра отырып ғибрат етудің ғажап үлгісі деуге болады. Ұлттық ұғымдардың ата қаны, ана сүтімен сіндірілетіндігі, болашағы зор баланың бала кезден болмысы бөлек болатындығы, өз қара басын, тіпті отбасын ғана емес, жалпы елін сүюдің маңыздылығы ғибрат етілетін бұл аңыз өмір шындығына көп жақын. Аңыз идеясы небір қанқұйлы соғысты басынан кешіргенмен, ұлттық тәрбиенің қаншалықты мәні бар екенін көрсетіп, тіпті қарсылас күштің өзін сол идеяға жеңдіріп, бағындырады. «Шаңырақ би» аңызы ел үшін жанын құрбан етуге даяр ардақты ұлдарды аңсап, ел-жұрттың тәуелсіздігін көксеген халық аңсарының жарқын көрінісі.

Киіз үй – қазақтың көне дүниетанымын, әдеп-мәдениетін танытатын мұра. Ол этнографиялық, этнологиялық жағынан біршама жақсы зерттелген. Мәселен, Н. Шаханова еңбегінде [12, 138-140] киіз үйдің түрлі ішкі құрылымдарының, төр, босаға, оң жақ, сол жақ, шаңырақ, есік, көне заманнан келе жатқан мән-мағынасы біршама ашылған. Дәстүрлі баспана киіз үйдің шаңырағы – әулет, отбасы ұғымының символикасы. Көктен келетін киелі нұрдың шаңырақ арқылы өтіп, бүкіл үй ішіне тарайтындығы туралы көне түсінік оған «киелілік» мән дарытқан. Көші-қон кезінің өзінде қазақтың шаңырақ пен бесікті киелі, арнайы алып жүруінің өзі үлкен мағына аңғартса керек. Қазақ үшін «Шаңырағың ортасына түссін!», «Түндігің ашылмасын!» дегеннен ауыр сөз жоқ. Талданып отырған аңыз осы ұғымдарды растайды. Сондай-ақ бұл аңыздан халқымыздың «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ», «Өнер алды – қызыл тіл» деп тұжырымдап, сөздің

қоғамдағы мәнін ғана емес, оның еларалық деңгейдегі ролін де жоғары дәріптеген салтын көреміз.

Бұл жоңғарға қарсы жүргізілген ұзақ уақытқы шайқастың тарихи-тұтастануға түсіп, тарихи фольклорлық образ жасаудың бір формасына айналуының мысалы.

«Арада жылдар өтеді. Тосынкелді 9 жасқа келеді. Жайбарақат, мамыражай тірлік кешіп жатқан ауылға тағы да қалмақтар шабады. Ауыл адамдары қарақұрттай қаптап келе жатқан жаудың хабары жеткенде бәрі Қамсақты көлінің қалың қамысына жасырынып, ауыл бос қалады. Қалмақтар қаңырап тұрған иесіз ауылға келіп, аңтарылып қалады, үйлерді тонайды. Хан ауылды жағалап, тірі жан іздеп келе жатып, үлкен ақбоз үйдің алдында отырған бір егде әйел мен баланы көреді. Қалмақтың ханы әлгі екеуге келіп: «Сендер кімсіңдер, неғып отырған жансыңдар?» – деп сұрайды. Сонда бала ханның көзіне тайсалмай қарап: «Біз осы ауылдың адамымыз. Осы шаңырақтың иесіміз. Мынау менің апам, осында жаналғыш «әзірейіл» келе жатыр дегенді естіп, «өз шаңырағымыздың астында өлейік» деп ажалымызды күтіп отырмыз. Ал өздеріңіз кім боласыздар? Мұнда неғып жүрсіздер?» – дейді бала.

– Біз жоңғарлықтармыз. Қазақтарды шауып, мал-мүлкін, жерін тартып алып, еркектерін құл, әйелдерін күң етуге келдік. Мына кісі біздің ханымыз, – дейді бір қолшоқпары.

– Біздің елде «Ата тұрып ұл сөйлегеннен без, ана тұрып қыз сөйлегеннен без» – деген мақал бар. Ханыңыз тұрғанда сіздің көсемсуіңізге жол болсын, – дейді бала.

– Ханымыз сен сияқты боқмұрын баламен сөйлеспейді. Хан елдің ханымен ғана сөйлеседі, – дейді.

– Мен қазір сіз айтқандай боқмұрын бала емеспін. Дәл қазір осы жердің ханы да, қарасы да, баласы да менмін. Өйткені бұл ауылда мені мен анамнан басқа хан да, қара да, тіпті тірі жан жоқ. Ал шешімді қабылдайтын шешенсіп тұрған сен емес, елдің басшысы хан ғана қабылдайды», – дейді.

Бір ғажабы аңызда мадақталатын кейіпкердің болмысы ерекше болатындығы ертегілік поэтика тәсілімен, яғни, ерекше туу

мотивімен басталады. XVIII ғасырда өмір сүрген Әбдулхах деген атақты адамның бір перзентке зар болуы, жасы бар, кәрісі бар алты әйел алуы, алтыншы әйелінің 37 жасқа келгенде алтын асықтай ұл тауып, оның атын Тосынкелді қоюы, бірақ ол бір жасқа келгенде әкесі қайтыс болуы, содан алты ай өткенде жау шауып бүкіл ауылды қанды қырғынға ұшыратып, әсіресе ұл балаларды қырғанда анасының төңкерілген қазан астында жасырып қалған баланың үйіне қалмақ өрт қойғанда үйдің өртенбеуі, жау ханның өзі «бұл қасиетті шаңырақ екен» деп мойындауы аңызда алда болар қызғылықты оқиғалардың алғышарттары.

«Сөзді ханыңыз бастады, сол кісі аяқтауға тиіс. Ал кімнің құл, кімнің күң болатынын Алла ғана біледі, – дейді бала.

Қалмақтың ханы баланың өткір көзіне қарап, айтқан сөздеріне қарап, «Болайын деп тұрған бала екен!», – дейді ішінен.

– Сенің атың кім? Нешедесің, – дейді хан.

– Атым Тосынкелді, жасым тоғызда, – дейді.

– Неге Тосынкелді деп қойған, – деп сұрайды.

– Ауылымызға тосыннан келген сіздер сияқты өмірге мен де тосыннан келіпмін, – дейді бала.

– Ауылыңның адамдары қашып кеткенде, сен неге қалып қойдың? – дейді хан.

– Тақсыр, осы жасыңызға дейін ажалдан қашып, құтылған адамды көріп, білдіңіз бе? Ажал қайда қашса да адамды құтқармайды. Ал, жаудан қорқып қашудың өзі өлгенмен тең емес пе?

Екі өлгенше бір-ақ өлейік деп қалдым. Сіздермен күш сынасып, жекпе-жекке шығып, қарсылық көрсететін жаста емеспін. Әлі буыным бекіп, бұғананам қатқан жоқ. Өлсем әкемнен қалған қасиетті қара шаңырағымның астында қалайын деп ойладым, – дейді Тосынкелді.

– Буының бекіп, бұғанаң қатқаннан кейін бізге қарсы соғысасын ба? – дейді хан.

– Егер, сол жасқа жетсем, мағынасыз қан төгісті тоқтатуға, екі елдің арасында достық қарым-қатынас орнатуға, халықтың қорқынышсыз, үрейсіз, бейбіт, рахат өмір сүруі үшін әрекет етер едім. Өлмейтін адам жоқ. Қан ішер ретінде емес, халықтың қамын ойлай-

тын адам ретінде есте қалуды ойлар едім. Қауқарсыз қарияларды, әлсіз әйелдерді, жазықсыз балаларды өлтіріп, қара орманын өртеуде қандай батырлық, қандай әділдік, қандай адамгершілік жатыр. Дүние кезек, бір елдің басына түскен зобалаң, соған ұшыратқан елдің басына келмесіне кім кепілдік береді, – дейді бала.

– Сонда, сен, ол «қой үстіне боз торғай жұмыртқалайтын заманды» қалай орнатуға болады деп ойлайсың?

– Мен қазір оған жауап беретін жаста емеспін. Екіншіден, ажал аузында тұрмын. Менің осы сәтте санамда «жаным қалай аман қалар екен деген сұрақ бар және шаңырағымды қалай сақтап қаламын, өлтірсе жанымды қинамай өлтірсе екен», – деген ойдамын. Меніңші бұл мәселені шешу ел билеген хандардың қолында, – дейді бала.

Жас баланың аталы сөздеріне риза болған хан, әлі де сынап көруге бекінеді.

– Біз анаңды, өзіңді аман қалдырайық, үйіңді өртеп, шаңырағыңды отқа жағуға келісесің бе? – дейді. Бала «жоқ» деп жауап береді» деп тұжырымдай отырып, аңыз өз кейіпкерін отбасы, шаңырақ, босаға ұғымдарының киелі құндағында тәрбиеленген дәстүрге берік ұл ретінде дәріптейді. Халқымызда шаңырақтың, үйдің кіре беріс босағасының да магиялық семантикасының жоғары болғандығына: келіннің босаға алдында үш рет иілуі, ең алдымен табалдырықты аттауы, балаларға босағаға сүйенуге тыйым салу, балалары көп өле берген әйелдің баласының кіндігін табалдырықта кесу, көптеген жерлерде марқұмның денесін табалдырықта үш рет көтеріп қоюы сияқты т.б жағдайлар айғақ. Фольклорда шаңырақ пен босаға – әке мен күйеудің символы ретінде түсінілген.

Демек, дәстүрлі ұғымда шаңырақ, есік, ошақ – ұрпақ жалғастығының символы ретінде бірден-бірге жалғасып отырған космостың киелі бөлігі.

Себебі, шаңырақ арқылы киіз үйдің тұрғындары киелі аспан шырақтарымен Күнмен, аймен, Жұлдызбен байланысады. Күндізгі шырақ пен күн сәулелерінің шаңырақ арқылы түсуіне де қазақтар ерекше мән берген.

Әйел толғатып жатқанда да есік алдында зиянкес күштерді қорқыту үшін ат байлап, шаңыраққа бүркіт қондырған.

Жаугершілік заманның өзінде де шаңырақты жұртқа қалдырмай көшпен бірге алып жүрген.

Шаңырақ пен есік вертикалды, горизонталды кеңістіктің киелі орындары саналып, түнде міндетті түрде жабылады. Белгілі бір мақсатта заттар ілінеді. Мысалы: босағаға қойдың кәрі жілігі ілініп, ол әр түрлі бәлелерден сақтайды деп есептеледі. Босағадан түнде жайпақ ыдысқа «ақ» құйылып, жыланның үй тұрғындарына зиян жасалмауының алдын-алатын, т.б. ырымдардың барлығы баланың өз шаңырағын құрметтеуі мен отбасына адалдығын қалыптастырудың тәрбиелік құралдары.

– Ауылыңның адамдарына тиіспейік, үйлерін өртемейік, тек сенің үйіңді ғана өртеп кетуге келісесің бе? – дейді хан.

– Елдің шаңырағы шайқалмайтын болса, адамдарды аман қалдыратын болсаңыздар, әрине, келісемін. Тек бір ғана өтінішім бар.

Сол шаңырақпен бірге өзімді де өртеп жіберіңіздер, – дейді бала.

– Неге? – дейді хан.

– Әкемнен қалған шаңырақ ел үшін өртенсе, оның иесі менің қоса кеткенім әділдік болады.

– Сен неге керексің ғой, – дейді хан.

– Ел аман болса, аналарымыз талай даналарды өмірге әкелері анық. Сізден бұрын да талай ақылды, ер жүрек хандар өмірден өтті ғой. Ел аман болған соң аналар өмірге сізді әкелді. Сізден кейін де не бір мықты, ақылды хандар дүниеге келеді. Мүмкін олар мынадай мақсатсыз қантөгіске, жазықсыз жазалауға бармай, елдің тыныштығын сақтайтын болар, – дейді.

Қалмақтың ханы әңгімені басқа жаққа бұрып: «Сені мен еліме алып кетіп, бала да болсаң өзіме ақылшы етіп алайын. Оған қалай қарайсың? – дейді.

– Тақсыр, – дейді Тосынкелді, өзіңізге сол сұрақты қойса, менің орнымда болсаңыз қалай жауап берер едіңіз?

Қалмақтың ханы атынан түсіп, «Ассалаумұғалейкум, Шаңырақ би!» – деп сәлем беріп, сенің атың бұдан былай «Шаңырақ би» болсын!» дейді. Ал мен қалған ғұмырымда екі елдің татулығын қалыптастыруды ойлайтын боламын. Өзім өлгенше бұл елге тиіспеймін. Шаңырағыннан шаттық шалқысын, сені тапқан асыл

анаң, елім аман болсын. Біздің елге зиялы адамдарыңды ертіп келіп, қайт. Еліңнен алған дүние мүлікті, малды осында қалдырып кетемін» – деп, бәрін сол жерге қалдырып, нөкерін алып еліне қайтып кеткен екен дейді. Мұны естіген қазақтың ханы Тосынкелдіні алдырып, өзіне ақылшы етіп тағайындайды. Кейін Төле би бас уәзір болып, сол «Шаңырақ би» атымен аталып кетеді. Көп жылдар бойы қалмақ пен қазақ тату-тәтті тыныш өмір сүрген». Қаршадай баланың ел басына қауіп-қатер төнгенде өрелі ой, уытты тіл арқылы дұшпан елдің басшысын тізе бүктіруі тек фольклорлық дәріптеудің көркем түрі ғана емес, халықтың алдан құткен арман-аңсарының сәулесі.

Бұл аңызда елдің дұшпаны да өзімен текетіресте тең тұлғалас дәрежеде суреттеліп, тіптен асқан ақылға, сұңғыла сөзге бай бейнеде көрсетіледі.

Қарағанды облысының Қарқаралы ауданының тұрғыны, 79 жастағы Әзімбай Кәрімұлынан жазылынып алынған ел ішінде «Жеті молда» атанып, қуғын-сүргінге ұшырап, екеуі ғана тірі қалған ерекше қасиет иелерінің қиял-ғажайыптық істері туралы әңгімелер мен Қамар Нұрке бақсы туралы хикаяттарды да тың материалдар ретінде таңуға болады.

Сұрасың менің атым Байжан шолақ,
Оң қолым сол қолымнан болды олақ.
Шықсам да сәтсіз күні жылқы аламын
Ежелден атым шыққан қанды балақ.

деп жырлаған «қайрымды қарақшы» Байжан шолақ туралы әңгімелердегі оқыс оқиғалар мен сол кезеңдегі ел өмірінің суреттері аймақ тарихынан хабардар ететін дүниелер.

Осы ауданның Қарағайлы ауылының тұрғыны 65 жастағы Оспанов Саят Қуанышбайұлынан жазылып алынған 1930 жылғы Боқты көтерілісі тұсындағы туған зар өлеңдер, тарихи өлеңдер, шежірелік аңыз, сайтан қамшы туралы хикая т.б. материалдар да ғылыми талдауға негіз боларлық. Көкшетау қаласының тұрғыны Жүнісбек Құсайынұлынан (64 жаста, Арғын, Қылды қарауыл, Жасымбет) жазылып алынған «Оразгелді, Өтек батыр», «Атығай Аңғал батыр», «Ағылқожа батыр» туралы, «Мәкі болыс туралы», «Балуан Шолақ туралы әңгімелер» мен «Қасым төреге» байланысты ел ішінде сақталған әңгімелердің де фольклорлық сын-сипаты бөлек.

Ел арасында елдің елдігін сақтау үшін күрескен батырлардың өзара сыйластығы, бір-біріне құрметі жайлы туралы әңгімелердің ғибраттық тағлымы терең. Солардың бірі «Шамай батыр туралы» аңыздағы Кенесарының Шамай батырды бағалауын тарихи аңыз былайша баяндайды.

«Көкшетауда 60-70 шақырым жерде Сандықтау деген жер бар. Бұл жерлер Кенесары-Наурызбайдың жерлері. Біздің ұранымыз: «Қарақой» (Қарауыл руыныкі). Біз Абылайлап шаппаймыз. Бір күні Кенесарыға қасындағылар: «Мына қарауылдар бөлінейін деп жүр, Абылайлап шаппайды, Қарақойлап шабады. Оған не дейсіз? – деп шағыстырыпты. Кенесары: «Ертең басын шауып аламын» – депті. Қараша Алдан Шамай деген батыр бойы тапалтақ, бірақ еңгезердей жауға шапқанда, аттың тізгінін қоя беріп екі қолымен шабады екен. Өте шапшаң, екі қолымен екі жағында қамтып отырады. Кенесарының «алып кел» дегенін іштері сезіп отырады. Іштерінен сауыт-сайманын киіп, сыртынан желбегей шапан жамылып, «Ассалаумағалейкум!» деп кірген екен. Алдында Кенесары маңайындағыларға: «Олар «Ассалаумағалейкум!» деп кіріп келгенде басын шабасыңдар!» деген. Арлан, Шамай кіріп келгенде алдында Арлан, артында Шамай, ол өңірінен қолын алмай тұрып: «Батыр, неге шақырдың? – дейді. Кенесары: «Жәй амандық білейін дегем» деп басын көтермей отырыпты. Олар шығып кеткен соң маңайындағылар: «Кенеше, сізге не болды, ең болмаса басыңызды көтермедіңіз ғой» – дегенде Кенесары: «Немене, сендер менің басымның домалағанын көргілерін келді ме? Шамайдың түріне, екі қолын қойнынан шығармай тұрғанына қарамайсыңдар ма?» депті. Батырлардың бөлек болмысы жөнінде де қызғылықты әңгімелер бар. Бір күні Арлан мен Шамай екеуі жылқы күзетіп отырады. Бір күні бір байталды сойып екеуі отырғанда Арлан айтыпты: «Шамай, сен ұйықтай бер» деп – таң ата бірақ оятылты. Әй, Шамайжан! Сен тағы бір байтал соясың ғой деймін. Мен мынаның етін жеп қойдым» депті. Ол кезде жана сойылған етті отқа істік салып күйдіріп жейді екен. Солайша батыр бір байталдың етін таң атқанша тауысыпты» – дейді.

«Қошқарбай батыр туралы аңыздың» да мазмұны тағлымды. «Қошқарбай батыр деген бәкене бойлы кісі екен. Атақты Бөгенбай

батырдың қартайған шағында елді қалмақ шабады. Батырлардың бәрі жас. Астында пілдей аты бар, екі мұрты шоқпардай бір батыр: «Әй, қазақтар, менімен қайсың жекпе-жек шығасыңдар?» – депті қабағын түкситіп. Бөгенбай жас батырларға: «Қане, қайсың шығасыңдар?» – дегенде, Қошқарбай тұрып: «Ата, батаңды бер! Мен шығамын!» – деген екен. «Ал шық, олай болса!» – деп, – Бөгенбай батасын береді. Қошқарбайдың сыртқы түріне қарап, қораштанған қалмақ сақ-сақ күліп: «Әй, байғұс бала, кезегімді бердім саған, ал» – деп мазақ етеді. Қошқарбай тайсадағын алып аттан секіріп түсіпті. (Баяғыда тайсадақ деген садақ болады екен, оның мәнісі: садақтың сыртын тайдың терісімен буып тастайды екен. Керемет мықты болады екен). Қошқарбай тайсадақты бір шетін жерге тіреп, бір шетін көкке қаратып, көздеп атып жібергенде қалмақтың қарнынан кірген оқ арқасынан бірақ шығыпты. Қалмақ қорқырап құлағанда қазақтар өзенге қойып кетіп, жеңіске жетіпті. Сөйтіп батырдың бір оғының өзі бір соғыстың шешімін шығарыпты. Қошқарбай батырдың ерлігі елге тарапты».

«Қаһармандық эпостағы батырдың жеке өз басының ержүрек, батыл болғаны жеткіліксіз, оның сол ержүректігі мен батылдығы ел игілігіне, әділетсіздіктен жапа шеккендер мен жаудан жәбір көргендерді құтқаруға жұмсалуды тиіс. Бір сөзбен айтқанда, батырдың батырлығы ел тағдырына қатысты маңызды оқиғамен өлшенеді» [13, 131] – десек осы үддеден шыға білген батырлар даңқы бүгінгі күнге жеткен.

«Қазақтар тағы бір соғыста қалмақтардан көп олжа алыпты. Қыздарын байлап, матап алып келе жатады ғой. Бір кезде ақжаулықты әйел оқ бойы көштің алдына озып шығып: «Қошқарбай батыр кім?», – деп сұрайды. Сұрай-сұрай көштің алдына келгенде «Мен!» дейді, сонда әйел: «Айналайын даңқыңнан. Өлім берсін сиқыңа» деген екен. Өйткені сыртқы тұрпаты сиықсыз екен. Батырдың даңқына сырттай қанық әйел: «Мына тұтқындардың ішінде батыр ұл туатын екі қызым бар. Соны кім болса соған қор қылмай өзің ал, я өзің сияқты батырға қос» – депті. Шынында да, кейін осы екі қыздан небір батырлар дүниеге келіпті. Біз: «Әке балаға сыншы» дейміз де ананың қызға сынын көп айта бермейміз ғой» (Айтушы: Жүсіпбек Құсайынұлы).

Мұсылман дінінің маңызы, халық арасында оны ұстанған молдалардың ерекше болмысы жөнінде де бірқатар әңгімелер сақталған. Мысалы: «Салық молда туралы аңыз».

«Арқада (оңтүстік жағында) мына Степногорск жақта (бұрынғы аты Мыңшұңқыр) бір шоқы бар. Ол – керейлердің жері. Ол Салық молданың жері деп аталады. Оған адамдар бөгеліп дұға етпесе, көліктері жүрмей қалады екен. Содан Әлиакпар деген адам Меккеге жүрмекші болады. Сонда Салық молда: «Әй, Әлиакбар, сен Меккеге барғанда мен үшін тас ат, топырақ үй, Бәделқажылықты өтеп кел» дейді. «Жарайды» дейді. Кетеді. Әлиакбар келеді. Бір тойда, көп ортасында Салық молда Әлиакбардан: «Сен менің аманатымды орындадың ба? – дейді. Ой, орындағаны несі, сен жаңа жұма намазға бізге имам боп тұрдың ғой, сары шапаның бар. Бұл ілімің, сол Алланың шапағатынан келген нұр ғой!» – деген екен.

«Бірде Салық молдаға Науан хазірет дүниеден қайтты деген хабар келеді. Арақашықтығы мың шақырым болса керек. «Мен қалайда түскі жаназасына үлгеруім керек» дейді атқосшыға. Атқосшы «ол жер қайда, біз қайда» дейді. Сонда Салық молда: «шуу, жануарым, шу» дегенде арбаның доңғалағы жерге бірде тиіп, бірде тимеген жылдамдықпен жүріп отырып, түскі жаназаға үлгеріпті».

«Бірде малға зекет бергенде Салық молданы кемсіткен болып бір бай асау атты байлап-матап беріпті. Сонда Салық молда асау аттың жалынан сипап: «тыныш, жануарым, тыныш» дегенде асау тыптыныш тұра қалыпты дейді. Салық молда бірде жолда бір жас отауға түсіпті. Жалғыз ешкісінен басқа ештеңесі жоқ жас жұбайлар «атаның батасын алайық» деп сол ешкісін сойыпты. «Қалай тұрасыңдар? Қанша малдарың бар?» дегенде, жалғыз ешкісінің барын, оны өзіне арнап сойғанын біліпті. Таңертең тұрған соң, астына мінген жүйрігін екі жасқа сыйлап, мынаны керектеріңе жаратыңдар» депті. Салық молда бір түйір артық дүние жинамаған. Елдің адал несібесі үшін қызмет жасаған адам болыпты. Бір күні бір үйір жылқыны суарып жатқанының үстінен түсіп: «Бұл кімнің жылқысы?» десе «Біздің ғой, ата, білмейсіз бе» депті балалары. Сонда Салық молда: (Ой-буй, құдай-ай! Әбден күнәға батқан екенмін ғой. Аллатағалам мені мына малдардан азат етіп, адал адамдарға бұйырт!» деп дұға жасап-

ты. Осындай кіршіксіз адалдығы мен даңқы Мекке, Мединеге дейін жеткендіктен, сол жақта «Арқаның Салық молдасы» қайтыс болды» деген хабар кең тараған екен».

Ал Көкшетау қаласының тұрғыны белгілі өнерпаз журналист Жұмабай Ешекеев (75 жаста) «Арқа ақындарын таныстыратын жыр бастау», «Сал-сал», «Зарқұм», «Сейтбаттал», «Мұхаммедтің Миғражға ұшуы» сияқты діни дастандардан үзінділерін әлі күнге дейін жырлайтындығымен көңіл аудартты. Әсіресе оның орындауындағы «Орынбайдың қырық парызы» деп аталатын мұсылман дінінің ғибратын түсіндіретін жыр үлгісі бүгінгі заманның өзекті рухани қажеттілігін қанағаттандырады.

Сонымен бірге қарт журналисттен Үкілі Ыбырайдың бұрын толық күйінде жарық көрмеген, тек үзінділері ғана айтылып жүрген «қоштасу» өлеңі жазылып алынды.

Ел арасында аң-құстың киесі жайындағы фольклорлық әңгімелер де мол сақталыпты.

Жалпы фольклорда аңшылық, аңшы-мергендерге қойылатын талап-тілектер де табиғат байлығын пайдаланудың қалыптасқан қағидасы барлығын көрсетеді. Табиғат пен адамның арасындағы үйлесімділікке нұқсан келтіретін аңшы-мергеннің өзіне халық кешірімсіз қараған. Жазаға ұшыратқан. Ол, әсіресе, мифтік дәуірдегі табиғат, адам жайлы ру-тайпада қалыптасқан киелі қағида-ережелерді бұзбаудан сақтандыру, ал оған қарсы келушілерді ауыр жаза күтіп тұрғанын көрсету [14, 11-12].

Мысалы: «Ұшқан құс, жүгірген анды құтқармайтын, дүниедегі күллі хайуанды жоймақ болған Жайық мергенді Тәңірдің жазалауы, атқан оғы жерге түспейтін Дондүгұл мен Дуайсоқыр деген қанішер мергендерге қаһарланған Құдай олардың біреуін суырға, енді біреуін құндызға айналдырған деседі» [15, 48]. Үш арқардың қыр соңынан түскен тасжүрек Көгедай мергенді Тәңір жұлдызға айналдырған, арқарлар мен тазы итін де жұлдыз болдырып жіберген деген сюжет түркі-моңғол халықтарының бәріне ортақ таралған. Қатігез аңшылықтың небір жамандыққа ұшырататындығы жөнінде тек сөз ғана емес, саз түріндегі үлгілерде де сақталған. Киіктің жыл сайын туған төлін аулап, соңында қысыр қалған кәрі киіктің өзін құртпақ

болған аңшы қарғыстан қара тасқа айналса, бөкенге шатастырып, бөкенжарғақ киген өз інісін атып ап, қан жылаған аңшы жайында «Бөкенжарғақ» деген сыбызғыда зарлы күй тартылады [7, 38].

«Аңның киесі бар деген дұрыс сөз. Өткен ғасырдың 60 жылдарында біздің елде өмір сүрген Құлжабай деген адам болды. Өмірінің соңында қатты науқастанып, 3-4 рет ішкі құрылысына операция жасады. Ауырып халі нашарлағанда ел-жұрты жиналады. Ауруханадан адам болмайды деп шығарып тастайды. Өзі тілі шешен адам болатын. Сонда жақындарына: мен жастықтың желігімен қасқыр, аңды көп құдым. Ұрғашысын да, текесін де, бас-көзіне қарамай арқар, киік демедім. Әсіресе бір күні ұрғашы қоңыр аңның қарынынан атып, бірден өлтіре алмадым. Ол ішек-қарыны ақтарылған күйі жанталасып таудың басына шығып кетті. Енді міне, мен де қайта-қайта қарным ақтарылып жатырмын. Олай өз басыңның қызығы үшін қоңыр аңды көп қууға болмайды екен. Оның да өз жаны, тілеуі бар. Мен аңға не істесем, сол алдыма келіп жатыр. Ол Алла жаратқан адал дүния ғой» депті. (Айтушы: Ерболат Баяты. Жасы 50-де. Тіл маманы. Көкшетау қаласының тұрғыны).

«Қасқырдың киесі» жөніндегі тағы бір әңгімені келтірейік. «Біздің елде бір қасқырдан қасқыр қоймайтын аңшы болған. Терісін сатып байыған. Біраз жасқа келгенде оған біреу «ажалың қасқырдан болады» депті. Қорыққан аңшы Баян Өлгейден көшіп Уланбаторға келеді. Ол жақта даланың қасқыры жоқ, әрине. Бірақ ішкі жақта қаптаған шибөрі болады екен. Бұл қасқырмен тұқымдас аң. Аталған аңшы Монғолияның ішкі жағына бір ауылға көшіп барса, сол ауылда шибөрі қаптап кетіпті. Өзі сескеніп қанша сақтанып, сақ жүргенімен, бір жеке қалған тұсында 40 шибөрі қаптап екі алақаны мен табанын ғана қалдырып талап кетіпті. Тіпті мылтығының ұңғысындағы ағашына дейін тістелеп тастаған» – дейді. (Айтушы: Асылбек Болтаев. 48 жаста)

Сондай-ақ аң-құстың киесін қастерлеп, ешқандай зорлық-зомбылықсыз айла-әдіспен аң аулаудың шебері болған адамдар жайлы да әңгімелер сақталған.

«Семейдің Беген деген ауылында Қойхан деген ақсақал өмір сүрген. Ол баяғы нағыз аштықтың кезінде басқарма болған. Халық аштықтан

қырылатын болған соң үйректерді аулаумен айналысқан. Оның өзінде атып я болмаса т.б. жолмен емес, арнайы қораптар жасап, сол арқылы аулаған». (Айтушы: Құдайберлі Мырзабеков. 51 жаста).

Кейбір балалар фольклорының үлгілерінің үлкен кісілердің жадында сақталған жайттары да кездесті.

Көкшетау қаласының тұрғыны 76 жастағы Жанназарова Ақниет қарияның айтуынша қазақ ежелден көрші-қолаңның, ауылдың қуаныш, қайғысын қатар көтерісетін салт ұстанған. Әскерде балалары опат болып жалғыз қалған анаға шығарған өлеңінен үзінді кейуананың жадында сақталған.

Базардан келген матаны,
Беліме мата батады.
Айналайын көрші, апа-ау,
Жалғыздығың батады.
Жылама, бауырым, жылама
Жылағанмен бола ма?!

Сондай-ақ ол кісі өзінің балалық шағындағы қыз ұзату өлеңдерінің сарыны көбіне мұңды болып келетінін айтты.

«Өйткені, қоғамның ұстанымы солай. Біріншіден, оң жақтағы балалық бал дәуренмен қоштасудың өзі аса мұңды дүние. Екіншіден, баратын жат жұрт ұзатылатын қыз үшін мүлде басқа жұмбақ әлем, тосын орта, бейтаныс адамдар оны қалай қарсы алары белгісіз, міне, жар-жар мәтінінің бүкіл мазмұн-мәні осы ахуалды жырға қосады. Мұндайда жыламау қыздың өзіне, ата-анасына, қала берді, бүкіл елге сын» [16, 158].

Әжей өзінің ұзату тойы кезінде айтқан сыңсу өлеңінің үзіндісін айтып берді. Бұл әдеттегі сыңсу үлгісін өз өмірінің ерекшелігіне сай түрлендіріп айтудың бір үлгісі. Бір отбасының ұлға балап өсірген қызының ұзатылу тұсындағы өзгеше сезім сыры.

Есіктің алды талды ғой,
Алтынды үйім қалды ғой.
Айналайын, жан анам!
Ақ сүтіңді кеше гөр.
Алдыңнан өтсем кеше гөр.
Ақылыңды тыңдадым,

Айтқан сөзінді ұқтым.
Ақ батаңды бере гөр.
Айналайын, жан әкем!
Ер баладай тәрбиелеп,
Балапан құстай баптаған,
Маңдайымнан қақпаған.

Әсіресе, құрбы-құрдасымен қоштасар тұсындағы өлең өрнегі ой мен ұйқастың ғажап үйлесіміне құрылған.

Бозторғайдай мұңдасым,
Сыбызғыдай сырласым,
Сыбызғы қайда, сыр қайда?!
Сырласатын күн қайда?!

Ал ол кісі айтқан кісі жөнелту әдет-салтындағы жоқтау үлгісінде де ежелгі жерлеу рәсімдерінің ізі байқалады.

«Бұрын марқұмды қабірге дейін жеткізу үшін Қазақстанның оңтүстік, батыс аймақтарының қазақтары мен Орта Азиядағы кейбір халықтарында арнайы «табыт ағаш» қолданылған. Ал бір өңірлерде табытты ақ киізден басылған арнайы киіз ауыстырады. Ол «ақ киіз», «иман киіз», «табыт киіз» деп аталады. Бастапқы кезде бүкіл ру үшін бір киіз басылса, келе-келе әрбір үйдің өзінде болуы міндеттеліп, өлімнен тыс уақытта қадірлі жерде, жүк арасында жинаулы тұрған. Жерлеуге пайдаланылған киізді түнде «жұлдыз көрсін» деп, далада қалдырған. Жерлеу салтына қатысты өлеңдерде «табыт ағаш ұғымы көбірек сақталған десек» [7, 134] мына мәтін соның дәлелі:

Есіктің алды күрке еді-ау,
Күркеден атым үркеді-ау.
Кешегі жүрген әкемді,
Тақтайлап бетін бүркеді-ау.
Әкем кетті-ау бел асып,
Беліне белбеу жарасып.
Сол кеткеннен келмесе,
Біздер қалдық адасып.

«Әлеуметтік топтың мүшесі қандай ортадан шықса да теңесетін дәрежесі батырлық. Бұл хандық, билік сияқты тартып алатын, байлық сияқты сатып алатын дәреже емес, ел қорғаған ерлік,

елге сіңірген еңбек арқылы келетін құрметті атақ. Сондықтан да батырлық-барлық әлеуметтік өкілдерге бірдей қаһармандық дәуірдің сынақ көрсеткіші, сынап бағанасы. Хан мен қара, бай мен кедей, бек пен нөкер өзара теңесе алатын биік меже; ерлікпен, маңдай термен келетін халықтық идеал бұл – деп Ш.Ыбыраев тұжырымдағандай, Арқа өңірі азулы ақындары мен қоса жүректі батырларымен даңқы шыққан ел. Бұған ел аузында әлі де сақталған батырлық әңгімелер куә.

Көкшетау қаласының тұрғыны Жүнісбек Құсайынұлы (Өленнің баласы 63 жаста) айтып берген: «Аңғал батыр» туралы әпсана-хикаятта Аңғал батырдың албастыны жеңгені; оның батырлығының киесі болғандығы айтылады. Бірде қалмақтардан: «Сендер неге Аңғалдан қорқасыздар?» – дегенде: «Біздің одан қорқатын себебіміз: ол бізге шапқанда екі жағында екі айдаһар ысқырып, ысылдап отырады, содан сескенеміз» деген екен. Бурабайдың арғы бетінде осы Аңғал батыр атында ауыл бар.

«Атақты Азнабайдың Мәкі деген сөзге сараң, мінезге салмақты баласы болған. Бірақ онысын өнер тұтып бел шешіп күреске түспеген. Атақты Балуан Шолақтың өзінің оны мойындағаны жөнінде мынадай әңгіме бар «Бір күні сол елге Балуан Шолақ өнер көрсете келіп, оң жақтағыны сол жаққа, сол жақтағыны оң жаққа қойып күшін танытып отырады да, осы елде менің мойнымды қысатын адам жоқ па? – деп мақтаныпты. Сонда Мәкі орнынан атып тұрып, балуанның мойнын қысқанда аузы-мұрны қан болып кеткен. Балуан Шолақ: «Күресесің бе?» – дегенде, «Жоқ, күрессем жеңер едім. Бірақ әкемнің бел шешіп күреспе» – деген өсиеті бар еді. Соны ұстанамын депті. Сонда Балуан Шолақ: «Кінә менен, ат-шапан айып менен» деп сый-сияпат көрсетіпті», – дейді. Бұл аңыздың бір вариантында Балуан Шолақтың атақты Қажымұқанды жеңгендігі баяндалады. Арқа өңіріне жасалған сапарымызда бір байқағанымыз: бір аймақта бір кезеңде өмір сүрген ержүрек батырлардың ел ішіндегі беделі биік. Қай батыр жайында айтса да оларды жеріне жеткізе дәріптейді. Бұл өлке жұртының басынан өткерген қаһармандық тарихының сәулесі десек болады. Бұл ретте А. Байтұрсыновтың: «... жұртта жоқ рухты ақын өзінен шығарып айта алмайды. Ақын

сөзіне жұрт рухының сәулесі түспей тұрмайды» – деген сөзінің жаны бар [8, 236-238].

«Шауыпкел батыр» деген шынжыр балақ, шұбар төс батыр болған. Күн шілде, ыстықта да жас ет жейді екен. Қасындағы батырлары сынамаққа келіп: «Әй батыр, саған ханның қара қасқа тұлпарынан басқа соятын лайықты мал жоқ, не істейміз? – депті. Сөйтсе батыр: «Сойып тастандар!» – депті. Сөйтіп, қара қасқа тұлпардың етін жеп қояды. Ханға хабар жетеді. Сонда хан: «Ешнәрсе етпейді, үндемендер!» – дейді. Олай болатын себебі, дайын тұрған әскер жоқ. Батырлардың: хан маған «бір күн жалынсын» дейтін ханның батырға тәуелді кезеңі екен».

Яғни, бұл әңгімеде батыр тұлғасымен бірікпеген әлеуметтік топтың өзге өкілдері, тіпті хан да қалай сипатталса да шешуші мәні жоқ. Әрбірден кейін батырлық қасиет жоқ емес хан да, бай да халық үшін маңызды тұлға еместігін көрсетеді.

Шауыпкел батыр қартайды. Балалары, байлығы жетерлік. Бір күні балалары келіп: «Аллаға шүкір мал бар ғой, біреуден алғаныңыз болса біз берейік» дейді. Сонда батыр: «Шауыпкел заманында батыр еді, енді ана жаман балалары төлем төлеп жатыр – деген атқа қаласыңдар» – дейді.

Көп ұзамай Шауыпкел қайтыс болады. Балалары ас беріп, басына күмбез орнатады. Бір күні Уәлихан көшіп келе жатып бір тамаша күмбезді көзі шалады. «Бұл кімнің күмбезі?» – деп нөкерінен сұрағанда: «Хан ием, білмейтін бе едіңіз, бұл Шауыпкел батырдың күмбезі» – деп жауап береді. Хан күмбездің жанына шауып келіп: «Әй, Шауыпкел-ай, Шауыпкел! Қара қасқа атымды жеп қойып едің, қара жер енді сені жұтты ма?» – деп айғайлағанда қалың шөптің арасынан пыр етіп ұшқан бөденеден аты үркіп, Уәлихан аттан құлап есінен танып қалыпты. Ел-халқы жиналып, бетіне су бүркіп, есін жиғызғанда: «Көшті тоқтатыңдар!» деп бұйырады. Көшті тоқтатып, ту бие сойғызып, Шауыпкел батырдың аруағына құран бағыштап, аттанып кетіп бара жатып: «Әй, Шауыпкел-ай, Шауыпкел!» Тірінде де соңымнан қалмап ең! Өлгенде де соңымнан қалмадың-ау!» – депті.

Ел ішінен жиналған әңгімелердің бір шоғыры Балуан Шолақ есімімен байланысты.

«Бір күні Балуан Шолақ базарға барса, қалың орыс қақпаны жауып, сырттан адам кіргізбей, қаумалап ұстамақшы болады. Балуан атымен омыраулап ұзақ уақыт бой бермейді. Мұны естіген Мәкі батыр Балуан қамалып қалған қақпаның қасына келіп, аттың үстінен шіреніп тұрып тепкенде қақпа қақ жарылып, дүрс етіп құлапты. Қазақтар орыстарды қамшымен, дүремен соғып Балуанды құтқарыпты» – дейді.

«Бокқарағай деген жерде Жүсіп дейтін Балуан денелі, өзі бай адам болған. Балуан Шолақпен аралас-құралас, дос-жаран екен. Бір күні Балуан оған қонақ болып келіп, аттанып кетеді де, орта жолдан қайта оралады. «Бұл неге бүйтті екен, қақпаны жаппандар!» деп, Жүсіп балуанды алдынан қарсы алады. Сонда Балуан:

Уа, шіркін, құрбы қайда-ай замандастай,
Күн болар замандасты көре алмастай.
Алладан тағдыр айдап ажал келсе,
Кетерсің замандасқа амандаспай – дейді.

Бұл кез денесіндегі орыстың оғы асқынып жүрген кезі екен. Бірақ бір ыңырсып, ауырсынып, сыр бермеген. Жүсіпке: «Менің сүйегіме сен түс, және зиратты екі түрлі қып, баланікіндей етіп жасырыңдар» деп аманат етіпті. (Айтушы: Жүсіпбек Құсайынұлы).

Себебі, аталар аруағын қастерлеген халық марқұмның жерленген орнын да ерекше қадірлеген. Ата-баба қорымы – ата-баба сүйегі жатқан жер – олардың мәңгілік мекен тұрағы ретінде жан-жақты қамқорлықпен күтілген. Қабірді бүлдіру – ата-баба намысын қорлау, таптау боп есептеліп қорлықтың ең үлкені саналған.

Ел салтында ақтық сапарға аттанып бара жатқан адамның артындағыларға айтылған ақырғы аманат сөзін орындау парыз болған. Балуан Шолақтың артындағыларға айтқан аманаты жөнінде де ел ішінде әр түрлі айтылатын, бірақ түпкі мазмұны бір әңгімелер бар екен. Соның бірі былайша баяндалады.

«Алдыңғы жылы жазға қарай менің даладан қатты ауырып келгенім естеріңде болар. Ақбалақтың ну орманынан шыға бергенімде қарсы алдымнан мылтық атылды. Оқ ердің қасына тиіп, әлсіреп барып, кіндігімнің төменгі тұсына барып қадалды. Үйге келдім де ішімді таңып, жатып қалдым. «Балуан Шолақ қойдың құмалағындай

қорғасынды көтере алмай ауырып жатыр» деген сөзден қорықтым. Сол міне, ажал болып жабысты. Сендерге айтар өсиетім: сүйегіме басқа адамды түсірмендер, ана Сабыр қажыны қасыңа алып, Төке, өзің атқар. Менің өлгенімді білсе, қара шекпенділер де қарап қалмас. Бұл найсаптар өлігімді қорлаудан тайынбайды. Зираттың бір жағына құпия үңгір жасап, бөлек жерлеңдер де, басқа жерге жалған зират тұрғызыңдар», – депті.

«Мен бұл әңгімені 1959 жылы нағашы атам Ғаббастан естіп жазып алдым. Нағашы атам жоғарыдағы Қаныкей апамыздың бауыры болатын. Жарықтық апамыз дүниеден өтер алдында, яғни 1934 жылы құпия оқиғаны інісіне айтып кеткен екен.

Сондай-ақ, бұл әңгімені дәл осы мәтінде Төлеубай атамыз өлер шағында ортаншы ұлы Есенжолға айтып кеткен екен. Есенжол әкесінен естігенін өзінің ұлы Талғатқа жеткізіпті», – дейді зейнеткер-ұстаз Ақмола облысы Макинқа қаласының тұрғыны Ақшатай Изахметова.

Сөйтіп, Балуан Шолақтың жаны жай тапқан жер бертінге дейін белгісіз болып келді. Оның себебі – жоғарыдағыдай. Балуанды жерлегенде бірге болған Сәкен Оспанов деген кісі 1943 жылы оның нақты жамбасы тиген жерді (Қызыл кордон ауылы) көрсетіп береді де 1999 жылы балуанның немересі Шайдолла Шолақов бас болып, сол жерде аудан халқы ас береді.

Балуан Шолақтың жаны қиналып өлім алқымына тіреліп тұрса да, баяу үнімен қоңырлатып, мына бір шумақтарды айтқан екен – дейді ел аузында:

Атандым Балуан Шолақ бала күннен,
Ту ұстап, ерлік етіп, тұлпар мінген,
Ешкімге опасы жоқ жалған дүние,
Өттің ғой талай-талай кемеңгерден.

Өлімнен құтылу жоқ батыр болып,
Сөзге шешен, әнге жүйрік, ақын болып,
Барамын алыс сапар қайтып келмес,
Қалыңдар, елім-жұртым, бақұл болып.

Көп сәлем жақсыларға болған сырлас,
Дәурені жігіттіктің қолда тұрмас,
Көз көріп, заманымда бірге жүрген,
Жүріңдер дұға қылып, құрбы-құрдас.

Ақшатай қарияның дерегі бойынша, «ел құлағы – елу» дегендей, елдің адамдары балуанға оқ атқан кімдер екенін сұрастырып біліп жүрген екен. Олар қазақты көрсе қаны қарайып тұратын Евшученко, Беляков дегендердің өзі балуанның өлгенін жыл асқан соң бір-ақ білген. Зиратын таппай аласұрған көрінеді. Аз ғана үйсін ауылының үстіне ат ойнатып, балуанның ұлы Исчажарды атып өлтіреді».

Әрине, қазақ фольклоры әртүрлі кезеңдерде жан-жақты жиналғаны белгілі. Ал бүгінгідей түрлі өзгерістер орын алып отырған кезеңдегі қазақ фольклорының жай-күйі мен оны сақтаушылардың типін бағамдау ғылыми зерттеудің де, арнайы ыссапардың маңызды міндеттерінің бірі болып қойылды. Зерттеу нәтижесінде көкірегі зерделі, құйма құлақ кісілер ел арасында әлі де бар екендігіне көз жетті. Олар өздерінің бала кезінде қазыналы қарттардан естіген әңгімелерін жадынан шығармаған. Кезінде эпикалық аймақ атанған Батыс өлкесі мен арқалы ақындар мен сал-серілердің мекені болған Арқа өңірінде аңшылық, саятшылық, аң-құстың киесі туралы әңгімелер мол сақталғандығы мәлім болды.

Жалпы алғанда, зерттеу мен жинау ісі қатар жүргізілген Батыс Қазақстан мен Атырау облысы және Қарағанды мен Ақмола облысына сапар барысында көз көріп, көңіл түйсінген жайттарымыз бүгінгі қарқынды даму мен жаһандану үрдісіндегі ұлттық құндылықтарымыздың сақталу, даму жай-күйін саралауға және бұрын назарға ілікпеген үлгілерін жинауға мол мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Кобаева К. Сары айшықты Сарайшық // Ақтөбе облыстық қоғамдық-саяси газеті. – 2012. – 26 шілде.
2. Қазақ аңыз ертегілері. – Бейжін: Ұлттар баспасы, 2002.
3. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984.

4. Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалары. 1-том. – Алматы: Ғылым, 1985.
5. Предания, легенды и мифы саха (якутов). Сост. Н.А. Алексеев, Н.В.Емельянов В.Т.Петров. – Новосибирск: Наука, 1995.
6. Пропп В. Исторические корни волшебной сказки. – Ленинград: Изд. ЛГУ, 1986.
7. Қазақ әдебиетінің тарихы. Фольклорлық кезең. I том. – Алматы: ҚазАқпарат, 2008.
8. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы, 1989.
9. Тойшанұлы А. Түрік-монғол мифологиясы. – Алматы, 2009.
10. Лотман Ю.М., Успенский Б. Миф – имя – Культура // Ю.М.Лотман. Избранные статьи – СПб., 1998 – Т 1.
11. Стеблин-Каменский М.И. Миф. – Л.: Наука, 1976.
12. Мир традиционной культуры казахов. – Алматы, 1998.
13. Ибраев Ш. Эпос әлемі. – Алматы, 1993.
14. Еремина В.И. Миф и народная песня // Миф, фольклор, литература. – Л., 1978.
15. Казахский фольклор в собрании Г.Н.Потанина. – Алма-Ата, 1972.
16. Матыжанов К. Қазақтың отбасылық фольклоры. – Алматы, 2007.

Солтүстік Қазақстан, Павлодар облыстарындағы қазақ фольклорының қазіргі жағдайы

Солтүстік Қазақстан мен Павлодар облыстарына жүргізілген фольклорлық экспедиция барысында біраз дүниелерге көз жеткізілді. Екі облысты дерлік қамти алмасақ та, қазақтар шоғырланған аудандар мен ауылдарды қамтуға тырыстық. Атап айтқанда, экспедицияда Солтүстік Қазақстан облысынан Петропавл қаласы, Мамлютка ауданы, Белое ауылы, Жамбыл ауданының орталығы Пресновка ауылы, Айымжан ауылы, Жаңа жол ауылы, Сәбит ауылы, Тайынша ауданы, Уәлиханов ауданы, Уәлиханов ауданына қарасты Бидайық ауылы мен Мырзағұл ауылы, Павлодар облысынан Павлодар қаласы, Жолқұдық ауылы, Баянауыл ауданы, Аққулы ауданы, Екібастұз қаласы қамтылды. Осы барыста қазақтың ескілігін сақтап отырған көнекөз қарттарымыздың көбінің бүгінгі күні бұл дүниеде жоқ екендігін, кейбірінің жадында жүрген фольклорлық мұралардың тыңдаушысы жоқ болғандықтан айтылмай ұмыт болғандығын байқадық. Сондай-ақ, соғыстан кейінгі жағдай, ауыр тұрмыс, қиындықтың барлығы да фольклорлық мұрамыздың сақталуына әсерін тигізгені анық. Сонымен бірге экспедиция барысында үлкен кісілердің санасында аз да болса ескіліктің мұрасы, бала кезінде естіген аңыздардың сұлбасы сақталғандығы аңғарылады. Екі облыста жүргізілген фольклорлық экспедиция кезінде ел аузынан аңыздар, қара өлеңнің аздаған шумақтары, шешендік сөздер, ғұрыптық фольклордың, соның ішінде «бесік жыры», «жоқтау», «сыңсу» үлгілері жазылып алынды.

Петропавл қаласында тұратын Исағұлов Мағзұм ақсақал соғыс кезіндегі өз атасының келіндерге айтқан «ғақлия» өлеңін айтып берді. Осы қалада тұратын Ожан Қалитегінен «Балта керей Тұрсынбай батырдың жезтырнаққа жолығуы» деген хикаяны, Зейнолла Әкімжановтан нағашысы Мұхаметжан Сандыбаевтың айтып берген «Абылайдың балта керей Тұрсынбай батырды сынауы» деген аңызды, Тоқсан би, Еселей биге қатысты шешендік сөздерді, Дәстен Баймұқановтан «Құлеке батыр», «Мәмбет» батырларға байланысты аңыздарды жазып алдық. Уәлиханов ауданының Мырзағұл ауылында тұратын Күлпән Әміржанқызы «Мұңсыз хан» дастанынан үзінді,

сонымен бірге «бұғыбай өлең» шумақтарынан да есте қалғандарын айтып жаздырды.

Төменде экспедиция қоржынына түскен кейбір мұраларымызға жеке-жеке тоқталамыз. Фольклорлық жанрдың әр түрінен санаулы мәтіндер жазылып алынғандықтан, зерттеуде ескіліктің бүгінгі сақталу жағдайын сараптау үшін осы экспедиция материалдары негізінде жұмыс жасауды мақсат еттік.

Бөгенбайдың жезтырнаққа жолығуы (айтушысы – Абылайхан Бірәліұлы 1934 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл ауданы, Жаңа жол ауылында туған). Бұл хикаяда айтылып отырған Бөгенбай, қанжығалы Бөгенбай батыр емес, осы хикаяны айтушы Абылайхан Бірәліұлының арғы аталары. Хикаяда жайлауда қоспен отырған жалғыз үйді екі жезтырнақ торуылдап жүреді. Үйден шыққан Бөгенбай оларға қарсы барайын десе, жазым ете ме деп қорқады да, мылтығын алып, орман ішіне кетеді. Соңынан ерген оларды адастырып, бір ағаштың түбіріне үстіндегі шапанын жауып, теріс қарап отырған адам бейнесінде жасайды да, өзі орман ішіне жасырынып, аңдып отырады. Ағаштың түбіріне жабылған шапанды олар адам екен деп, екеуі қатар келіп тырнағын салғанда мылтығымен атып қалады. Жараланған жезтырнақтар қаша жөнеледі. Соңынан қуып, үңгіріне келсе ұлар-шу болған дауысты естиді. Ол үңгірдің аузын жезтырнақтар шыға алмастай етіп бекітіп кетіп қалады.

Хикая бір ғана сюжеттен тұрады. Әдетте хикаяның ерте кезеңнің жемісі екендігін ескерсек, халық арасында мұндай сюжеттің әлі де бар екендігін байқау қиын емес. Және айтушының да тура түсініп, арғы аталарының басынан өткен нақтылы оқиға деп сезінуі халық жадында ескіліктің сәулесі әлі де сақталып келе жатқандығын байқатады. Бұл хикаяда көнеден келе жатқан аңшы-мергендердің ормандағы жезтырнақ, жалмауызбен жолығып, оны жеңуі секілді сюжет көрініс тапқан. Осындай жезтырнаққа байланысты хикаяларды академик С.Қасқабасов тек қазаққа ғана тән дейді [1, 117].

«Қоңыр әулие туралы», «Олжабай батыр туралы», «Абылай ханның жау қоршауынан құтылуы туралы» аңыздарды айтып берген – Алтынбек Құрманов 1964 жылы Баянауыл ауданы Сұлтанмахмұт ауылы Жоғарғы Қызылшілік елдімекенінде туған.

Бұл аңыздардың ішінде «Абылай ханның жау қоршауынан құтылуы туралы аңыздың» орны ерекше. Осы сюжетке құрылған аңыздың бірнеше нұсқасы сақталған. Жүз томдық «Бабалар сөзі» сериясының 87 томына енген «Абылайдың тұтқында болуы» деген аңыздың нұсқаларында Абылайдың өзінің шешендігінің арқасында, ұтқыр сөйлеп құтылып шыққаны туралы айтылады. Сондай-ақ, аңыздарда Абылайдың тұтқынға түсуінің себептері бірнеше түрде баяндалады. Мысалы, бірде ұйықтап жатқан жерінен аңдып жүріп ұстап әкетсе, бірде саятшылықта жүрген жерінен ұстайды, кейде шайқаста тұтқынға түседі.

Біз жазып алған аңызда аңшылықта жүрген Абылайды қалмақтар қоршап алады. Болған жағдайды Абылайдың бір батыры диуана бейнесінде киініп, қоршаудан шығып Қазыбек биге келіп айтады. Сонда Бұқар жырау мен Қазыбек би өздерінің дәрменсіздіктерін айттып: «Қазаққа хан болу маңдайына жазса құтылады, жазбаса амал жоқ. Қоңыр әулие үңгіріне кіріп, астындағы атын айтып сойып дұға тілесін, жылқының етін қасындағы жолдастарына таратып берсін», – дейді. Диуана бейнесіндегі Абылайдың батыры оған келіп айтады. Абылай Қоңыр әулие үңгіріне кіріп дұға тілейді. Сол кезде үш күн, үш түн қалың тұман басып, жоңғар қолы Абылайды таба алмай қалады, жауырыншысына жауырын аштырса «Абылай Ертістің бойында аң аулап жүр» деп түседі. Амалсыз қалған олар кейін қайтып, Абылай аман қалады. Алдыңғы аңыздардан мұның ерекшелігі Абылай қоршауда қалғанымен тұтқынға түспейді. Қоңыр әулиенің шарапатымен жау қолынан аман қалады. Бұл аңыз мәтіні бұрынсоңды еш жерде жарияланбаған және осы аңызда кездесетін сюжет желісі Абылай ханға байланысты туған басқа аңыздардан мүлде бөлек. Бұнда ханын жау қолына түсіргісі келмеген халық тілегінің аңызбен ұштасқаны байқалады. Сондықтан да қоршауда қалған Абылайға шығар жол іздейді, әулие адамның үңгіріне түнетіп, оны жау қоршауынан құтылдырады. Ал шын мәнінде тарихта Абылайдың тұтқынға түскені ақиқат.

«Қаз дауысты Қазыбек би» (Самат Көпеев сақтаған материалдан алынды) атты аңыз екі үлкен бөліктен тұрады. Бірінші бөлігінде Абылай хан қасына ерген 40 сарбазымен Қоңтажының әскеріне

қарсы жорыққа шығып, майдан даласында тұтқынға түседі. Тұтқында отырған Абылай терезеден өтіп бара жатқан (сол елде бұрыннан тұтқында жүрген) қазақ жігітін шақырып өздеріне тамақ алдырады. Бар малы жалғыз сиырын сойып ас әкелген жігіттің көмегімен Қоңтажының тұлпарын алдырып, қасындағы жігіттеріне сойдырып төсенішінің астына басып жатады. Абылайдан күмәнданған Қоңтажы Абылайдың қасындағы қырық жігітін тінтсе де ештеңе таба алмай, соңында Абылайдың өзінен сұрайды. Сонда Абылай: «Екі күн қонақасы бере ме деп күтіп едім бермедің, сондықтан тұлпарыңды алдырып сойып жедім» дейді. Сөзден ұтылған Қоңтажы енді соғыспай бейбіт өтуге қошқар сойып сертеседі. Сонымен бірге Дүңкілді деген сол елдің екінші ханы қызын Абылайға қалыңсыз беріп, Қоңтажы Абылайдың қырық жігітіне қырық ат мінгізіп еліне қайтарады. Екінші бөлігінде қазақтардың қалмақтардың ауылын шапқанын естіген Қоңтажы «Абылай сертінде тұрмады» – деп қазақтың 100 үйін барымталағаны айтылады. Бұл жерде Абылай Қоңтажының өз ауылын шаппауға серттескені айтылса, ал Қоңтажы бүкіл қалмақты шаппауға анттастық деп қабылдағаны туралы Абылайдың аузынан беріледі. Барымтаны қайтару үшін елдің игі жақсыларын жинаған кеңеске Қазыбектің әкесі тоқсан алты жастағы Келдібек шақырылмай қалады. Оны білген Келдібек үш ұлын сынап, сыннан өткен Қазыбекті Абылайдың ордасына жібереді. Қателігін мойындаған хан ат-шапан айыбын төлейді. Он жасар Қазыбектің біліктілігін біліп, оны жаушылармен бірге билік айтуға жібереді. Ешкімге дес бермей, сырт айналған қалмақ ханын Қазыбектің сөзбен бұғаны баяндалады.

Бұл аңыздарда мүлде басқа екі аңыздың бір тұтастықта қызмет атқарып тұрғанын байқаймыз, олар: «Абылайдың тұтқында болуы», «Қазыбектің елші болып қалмақ ханына баруы» дейтін аңыз. Аңызда Қазыбекті Абылайдың тұсында он жасар бала деп көрсетеді. Бұл жағдайды халық санасындағы фольклорлық мұралардың бір-бірімен араласып келе беретін заңдылығы деп қабылдағанмыз орынды. Өйткені белгілі бір тарихи оқиғалар фольклорда ілгерілі-кейінді келе береді. Ал шын мәнінде Қазыбектің Абылайдан әлдеқайда үлкен екендігі тарихтан белгілі.

Балта керей Тұрсынбай батыр – Абылай ханның сенімді батырларының бірі болғаны белгілі. Оның есімі жыраулардың толғауларында, Абылай ханға байланысты туған жырлар мен аңыздарда кездеседі. Соның бірі «Балта керей Тұрсынбай батырды Абылайдың сынауы». Мұны алғаш жазып алғандардың бірі – М.Ж. Көпеев. Алайда осы аңыз ел арасында күні бүгінге дейін айтылатыны белгілі болды. Талданып отырған нұсқа Петропавл қаласында тұратын Зейнолла Әкімжановтің (1951 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл ауданы, Амангелді ауылында туған) аузынан жазылып алынды. Аңызда Тұрсынбай батырды «жаужүрек батыр» деп естіген Абылай, оны сынамаққа бейіттің бет ағашын алып келуге жұмсайды. Тұрсынбай батыр бейіттің бет ағашын алып жатқанда, көрден шыққан екі адам оған тап береді. Екеуін де сабаған батыр «өлі сендер тұрмақ, тірі Абылай аштан өлгелі жатыр» дейді де, алған отындық ағашын Абылай қосының сыртына әкеп тастап кетеді. Осы аңызда айтылатын батырдың батырлығын сынау үшін «бейіттің бетағашын алып келуге жұмсау» мотиві «Абылайдың керей Жәнібек батырды сынауы», «Қабанбайдың Жәнібекті сынауы» деген аңыздарда да кездеседі.

Тұрсынбай батырға байланысты айтылатын «Тұрсынбай батырдың жезтырнақпен жолығуы» деген хикая ел арасынан алғаш рет жазылды (айтушысы – Ожан Қалитегі, 1927 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, Есіл ауданы, Сарман ауылында туған). Хикаяда Тұрсынбай батыр орман ішінде адасып кетеді де, от жағып, атып алған аңның етін қақтап жейді. Жатайын деп ойлайды да «орманда жезтырнақ, жалмауыздар болатын еді, солар келіп жүрмесін» деп, бір үлкен бөренені жатқызып, үстіне киімін жауып адам бейнесінде жасап, анадайдан күтіп отырады. Сол кезде әйел бейнесіндегі жезтырнақ келіп, жатқан бөренені адам екен деп бассалады, сонда Тұрсынбай батыр атып қалады. Жезтырнақ жараланғанымен өлмейді, «Тұрсынбай батыр ер болсаң тағы бір ат» дейді (өйткені жезтырнақ Тұрсынбай батырды бұрыннан таниды екен-міс). Тағы атса жезтырнақтың жарасы жазылып кететінін білген батыр атпайды. Жараланған жезтырнақ кетіп қалады. Соңына түскен Тұрсынбай батыр үңгіріне кірген жезтырнақтың ұлар-шу дауысын естиді де, кіруге батпай қайтып кетеді. Батырға байланысты

айтылған осы хикаяда көнеден келе жатқан аңшы-мергендердің жезтырнаққа жолығуы, оны жеңуі көрініс тапқан. Бұл хикаяның баяндалуы басқаша, көп хикаяларда кездесетін батырдың ет қақтап отырған кезінде келіп, қақтаған етінен жеп, өзінің жезтырнақ екендігін сездіретін (пышақты кертіп жұтып қою т.б.), болмаса, белгілі бір дыбыстар («зыр-зыр еткен») естілетін жағдайлар бұл хикаяда жоқ. Алайда жезтырнақ бар екендігін, оның келетіндігін батыр сезеді. Тағы бір жағдай, жезтырнақтың да Тұрсынбай батырды тануы және оған жараланғаннан кейін тағы да ат деп тіл қатуы. Басқа хикаяларда (мәселен Мамай батыр т.б.) аңшы-мергендер жезтырнақты атып, естелік үшін, жезтырнаққа жолыққандығын дәлелдеу мақсатында жез тырнағын кесіп алуы сөз болады. Ал бұл хикаяда батырдың жүрексінуі, бөренені үгітіп жіберген тырнақтан сескенуі айқын көрінеді. Айтушы хикаяны реалдыққа жақындатқан.

Тұрсынбай батырға байланысты тағы бір аңыз «Тұрсынбай батырдың Уәлиханның ауылында болуы» (айтушы – Зейнолла Әкімжанов). Бұл аңызда Абылай ханның ұлы Уәли бір сапардан келе жатқан Тұрсынбай батырдан баласы Шыңғысқа бата сұрайды. Шыңғысты көрген қарт батыр ат үстінде кеңкілдеп жылайды. Сонда Уәлихан «Неге жыладыңыз?» деп сұрағанда батыр «Абылай төрем көз алдыма елестеді» депті. Сөйтсе, Шыңғыс Абылай ханға ұқсайды екен дейді. Аңыздан батырға деген халықтың құрметі аңғарылады. Шыңғыстай тұлғаға Тұрсынбайдай батырдың бата беруін жақсылыққа балайды. Алайда Тұрсынбай батырдың қайтыс болған жылы мен Шыңғыстың дүниеге келген жылдарының арасындағы алшақтықты ескерсек, бұлай болуы мүмкін емес екендігі түсінікті. Фольклорлық шығармадан тарихты іздеу ағаттыққа әкеліп соғатынын ескерсек, бұл мәтін де нақтылы тарихи оқиғаға байланысты факті іздеуді қажет етпейді.

Жиналған аңыздардың тағы бірі – «Құлеке батыр» аңызы (айтушы – Зейнолла Әкімжанов). Құлеке батыр туралы аңыз-әңгімелер ел арасында сақталғанымен, баспа бетінде көп жарияланбаған. Ол туралы баласы Шал ақынның әкесіне арнап шығарған жоқтау өлеңінен ғана білеміз. Осыған байланысты экспедиция барысында ел аузынан жазып алған төмендегі мәтінді ұсынып көрелік.

Құлеке батыр қайтыс болғанда Шал ақын теріс қарап жатып алады, көңіл айта келген кісілерге басын көтермейді. Сонда бір қария «балам, басың көтер, Құлеке жалғыз сенің әкең емес, бәрімізге ортақ» дегенде ақынның басын көтеріп айтқаны деген өлең жолдары төмендегідей:

Құлеке жиырмада арқар еді,
Отызда би, қырқында дарқан еді.
Кешегі дулап өткен Құлекенің
Алдынан орыс, қазақ тарқап еді.

Алпыс бір мүшел келді мерттей болып,
Өтпедің сол мүшелден серттей болып.
Кешегі дулап жүрген ер Құлеке,
Су тиген сөне қалдың өрттей болып!

(айтушы – Қазез Құсайынов 1928 Солтүстік Қазақстан облысы
Явлинка районы Қараағаш ауылында туған).

Құлеке батыр Абылайдың атығай-қарауыл еліне сұлтан болған кезінен қасына ерген мықты батырлардың бірі болған. Құлеке батырдың Абылайдың сенімді серігі ретінде Ресеймен дипломатиялық қарым-қатынас жұмыстарын реттеуде маңызды рөл атқарғандығы белгілі.

Батырға байланысты аңыздардың бірі – «Құлекенің аюды өлтіруі» (айтушысы – Зейнолла Әкімжанов). Қазіргі Шал ақын ауданында Аютас деген жер бар екен. Абылай жаугершілік заманында орыстың мысын басу үшін Құлекедей батырын осы жерге әкеліп қоныстандырыпты. (Әсілі, Құлекенің тұрған жері қазіргі Тайынша ауданындағы Азат деген бекет екен).

Құлеке жаңа қонысында отырған бір мамыражай кезде бір аю малға шауып маза бермейді. Сергеевқадан (қазіргі Шал ақын ауданы) үш шақырым жерде «Аютас» деген жер бар екен. Ол кезде онда аю бар екенін ешкім де білмейді. Сол жерге барған мал да, малды іздеп барған адам да жоғала берген. Бір күні сол аюды ауылдың бір адамы көріп, елге айтып келеді. Ол: «аю тастағы апанында үндемей жатады да, малды, малды іздеп барған адамды тарпа бас салып жей береді екен» дейді. Осы сөз Құлекенің құлағына жетеді. Сонда Құлеке

жанына нөкер алмай жалғыз шығады. Ол: «өлсем өлдім, өлімтігімді ешкім көрмесін, аюды өлтірсем өсіріп ешкім әңгіме айтпасын» – деп найзасы мен қанжарын қолына алып, қасқырдан үрікпейтін айғырын мініп, түнде аюдың жел жағынан келіп аюдың иісін сезеді. Аю да адамның иісін біледі. Құлеке «аюдан қорқып, атымның жүрегі жарылып кетпесін» деп атын оңашаға тастап, жаяулап келіп тастың үстіне шығып отырады. Содан алакеуімде аюды іздеп шығады, сол кезде аюға қарсы келіп қалады да найзасымен шанышқанда талай жауды өлтірген найза, аюдың бір ұрғанынан қалмай сынып кетеді. Аю келіп Құлекені құшақтағанда, қанжарымен аюдың кіндігінен тартып алқымынан бірақ шығарып жарып өлтіреді. Құлеке арқанмен сауытының сыртынан, қардан білекке дейін, кеудесін неше қат қып ораған екен, ондағы мақсат аюдың тырнағын денеге дарытпау, алайда аюдың тырнағы арқанды да, сауытты да жыртып Құлекенің денесіне дарыған, аяқтағы саптамасын да жыртқан екен дейді. Құлекені іздеп артынан ел жиылып келіп аюдың жарылып жатқанын көреді. Аңыз батырдың табиғаттың тағы аңына жалғыз, жаяу келіп жүректілікпен жарып өлтіргендігін, батырдың асқан қайратпен, қайтпас қайсарлықтың иесі екендігін айғақтайды.

Құлеке батырға байланысты тағы бір аңыз қазақтар мен башқұрттардың арасындағы жағдайды бейнелейді. «Құлеке батырдың башқұрт Бағанаты батырды өлтіруі» (айтушысы – Дәстен Баймұқанов 1958 жылы 9 қаңтарда қазіргі Шал ақын ауданы Бірлік ауылында туған). Аңызда башқұрттар мен қазақтардың арасындағы соғыс баяндалады. Сол кездерде башқұрттар қазақтардың біраз жерлерін иемденіп алған. Башқұрттың «естек» тайпасынан шыққан Бағанаты, Шудасай, Сарыбұлақ деген үш батыры далада аңшылықта жүрген Құлекенің інісі Тілеке батырды өлтіріп кетеді (анығында Тілеке де батыр болған адам, негізі ол Құлекенің ағасы, бұнда біз айтушының өз сөзін сақтадық). Ол кезде Құлеке Түркістан жақта жорықта жүрсе керек. Елге келіп жағдайды естіген соң естектерді Есідің бойынан, қазіргі Ресейдің Шелябі облысының Шұбаркөл деген жеріне дейін түре қуады. Жекпе-жекте Бағанаты батырдың атқан сұр жebesі Құлеке батырдың алты қабат сауытын бұзып өтіп, иткөйлегіне барып тоқтайды. Мәлімет берушінің сөзінше Құлекенің

анасы емшектегі баласының батыр болатынын біліп, ержеткенде, жауға аттанғанда кисін деп, иткөйлек тігіп, оны омырау сүтімен жуып сақтаған, батыр жорық сайын сол көйлекті киген екен. «Құлекені сол жолғы өлімнен иткөйлек құтқарып қалды» деген уәжді айтады. Өлкетанушы Қ. Мұқанов Құлекенің башқұрттың естек тайпасының үш батырын өлтіргені туралы халық ақыны Ахметжан Нұртазиннің төмендегі өлең шумақтарын келтіріп дәлелдейді:

Сарыбұлақ, Шуда менен Бағанаты,
Естектің батыры екен шыққан аты.
Соғысып, сойылдасып берілместен,
Белдеуден босамапты байлаулы аты.
Тілеке сол ұрыста қаза тапты,
Құлеке ашуменен ерттеді атты.
Өлтіріп Бағанаты, Сарыбұлақты,
Ағасы Тілекенің кегін апты, – деп жырлаған.

Осы оқиғаның дәл қай жылы болғаны белгісіз. Ахметжан ақынның шамалауынша, бұл 1750-1760 жылдардың кезеңі. Бұл шындыққа келеді. Орыс үкіметінің ресми құжаттарынан Құлеке батырдың ауылы 1761 жылы Есіл бойында көшіп жүргенін білеміз. Алайда, Құлекелердің бұл жерді нақты қай жылдан бері иемденгенін дөп басып айту қиын [2].

Ел арасынан жиналған аңыз бен бұл келтірілген өлеңде айырмашылық бар. Аңызда аңда жүрген Тілекені естек тайпасының үш батыры өлтірсе, ал өлеңде байқалатыны қан майданда қаза табады. Қалай болғанда да Тілекенің башқұрттардың қолынан қаза тапқаны, Құлекенің олардан кек қайтарғаны айтылады.

Бұл аңызда назар аударатын дүние – «иткөйлек». Әдетте иткөйлекті жаңа туған нәрестеге кидіретіні белгілі. Ал мұнда баласының батыр болатынын білген анасы өз қолымен тігіп, оны омырау сүтімен жуып дайындап қоюында үлкен мән бар. Жауыздықты ізгіліктің жеңетіндігін айғақтайтынын аңыздың өзінен де аңғаруға болады. Тыныш, бейбіт жатқан қазақтарға башқұрт батырларының өзі келіп соқтығуы, оған Құлекенің қайтарған тойтарысы, ал өлім қатеріне ұшыраған батырдың ана махаббаты мен мейірі, арман-тілегі өріліп дайындалған иткөйлектің күшімен аман қалуы соның дәлелі.

«Мәмбет батыр» аңызы (айтушысы – Дәстән Баймұқанов). Мәмбет батыр Абылайдың атығай-қарауылға сұлтан болып тұрған кезіндегі жеті батырының бірі екен. Жаугершілік жорықтарда болып үйлене алмай қалады. Жасы біразға келіп қалған кезі болса керек, жау келді деген хабарды естіп бес қаруын асынып аттанайын деп жатса, бір бүлдіршіндей жас қыз келіп «аға сыртыңыздан ғашық болып жүр едім, жорыққа аттанып бара жатсыз аманатқа бір затыңызды тастап кетіңізші» депті. Аман-сау келсең жар болам дегенді аңғартса керек. Не берерін білмей сасқалақтап қалады да кездігін жұлып алып:

Қимассың бұл ағаңды жаманатқа,

Қыларсың берген затты қанағатқа.

Басымда бес қарудан басқа түк жоқ,

Алып қал саусағымды аманатқа, – деп шынашағын буыннан кесіп қолына ұстатып кетіпті. Сосын жорықтан қайтып келіп, қызға үйленіп, содан бүгінгі ұрпақтары тарап отыр. Аңызда Мәмбет батырдың тұлғасы көрнекілене түскен. Қиналмастан, шынашағын буыннан кесіп беріп аманатқа қалдыруы, бір-бірімен серттесуі, сонымен бірге ердің басын құрмет етіп, бас иген қыздың да бейнесі көрінеді. Бір әулеттің таралу шежіресінен де хабардар етеді.

«Сары, Баян» аңызында (айтушысы – Дәстән Баймұқанов) Сары батыр жорық кезінде қалмақтың бір қызын барымталап күндікке әкеледі. Оны әйелдікке алмақ болғанда баласы Қыстаубай батыр қызға ғашық болып, қызбен бірге оның аулына қашады. Аңнан келген Сары мұны естіп інісі Баянды шақырып, Қыстаубай мен қызды өлтіріп келуге жұмсайды. Баян соңдарынан қуып жетіп, Қыстаубай екеуі жекпе-жекке шығып айқасып жатқан кезде (негізі Қыстаубай садақ тартуда өте мерген екен, сондықтан ағасымен жекпе-жекті садақ тартудан емес, найзаласумен бастаған. Ондағы себеп ағасын жазым етіп алмауды ойлайды) Асқап бастаған керейдің батырлары жорықтан келе жатып үстінен түсіп, оларды тоқтатады. Бір қозыны сойдырып, қанға саусақтарын батырып анттасып, Қыстаубайды нағашы жұртына жіберіп, оның киімін қозының қанына бұлғап, Сарыға апарып беруге Баянға береді, бұл жағдайды өле-өлгенше ешкімге тіс жарып айтпауға серттеседі. Сары Қыстаубай өлді деп сенеді. Қыстаубай кіші жүздегі нағашыларының ауылына кетеді.

Кейін Сары да, Баян да өмірден озғаннан кейін оның кіші жүзде ұрпақтары бар екендігі анықталып, кейіннен оларды Есеней би елге әкелгені туралы айтылады. Бұл оқиғаның барысы Қыстаубайдың ұрпақтары арқылы елге таралады.

Аңыз негізінен М. Жұмабаевтың «Батыр баян» поэмасымен үндес. Алайда поэмада Баян батыр інісі Ноянды өлтіреді. Ал бұл аңыздан көрініп тұрғандай Ноян деп отырғанымыз Баянның ағасы Сарының баласы Қыстаубай екендігі айтылады және оның ұрпақтары бүгінгі күнге дейін өздерін уақ руының ішінде қыстаубаймыз деп атайтыны туралы мәлімет береді.

Шын мәнінде Мағжан Жұмабаевтың Қыстаубайды білмей қалуы мүмкін емес. Ақын поэмасында алынып отырған кейіпкер Ноян, Қыстаубайдың прототипі. Ақын ел аузында тарап кеткен Қыстаубайды Баян өлтірді деген аңызды негізге алғаны байқалады.

Сары, Баян, Қыстаубай батыр болған адамдар. Алайда Абылай хан және оның айналасындағы қазақ батырларының атына байланысты жырлар мен аңыздар кеңес дәуірінде жабық болып келгені белгілі. Солардың қатарында Сары, Баян батырлардың бар екені анық. Ш.Уәлихановтың жинаған материалдарында Абылай ханның бас батырларының бірі Баянның қалай қаза тапқаны туралы айтылады [3, 191]. Кеңестік кезеңде Баян батырға қатысты аңыз-әңгімелердің ел арасында жабық қалғаны туралы зерттеушілер төмендегідей екі тұжырымды ұсынады: біріншіден Баян батыр Абылай ханның бас батырларының бірі болғандығында, екіншіден М.Жұмабаевтың «Баян батыр» поэмасының жарық көруі [4, 47].

Сары мен Баян аттары сол дәуірде жасаған жыраулардың айталық Үмбетей жыраудың «Бөгенбай өлімін Абылай ханға естірту» [5, 79] атты ұзақ толғауында, Тәтіқараның Абылай ханға арнаған [6, 70] толғауларында кездеседі.

Аңыздар мен толғаулардан байқалатыны көп жағдайда Сары, Баян батырлардың қосарланып айтылуы. Сары да асқан батыр болған адам. Кейбір зерттеушілер Сарының жауға аттанғанда екі көзі қанталап көрмей кететіндігін, жауын жапырғаннан кейін ғана өз-өзіне келетіндігін айтса, кейде соғысқа кірген ағасының тұлпарының шылбырынан жас батыр Баян ұстап жүретіндігін де сөз

етеді [7, 66]. Қатарласып жауға шапқан қос батырдың алдындағы жау қынадай қырылатын болғандықтан Сары мен Баянның аты қатар айтылатыны сондықтан болса керек. Сол себепті кейде «сары Баян» деп Сарыны Баянның алдындағы анықтауышы ретінде жаңсақ ұғатын да жағдайлар кездеседі.

«Кенесары туралы аңыз» (айтушысы – Қазез Құсайынов). «Ертеде бір ауылдың жылқысы жоғалады. Ізінен қуған ауыл азаматтары жылқының Кенесарының ауылына кірген ізін біледі де, шыққан ізін таппайды. Кенесарының жігіттеріне қуғыншылар бата алмайды да, үйіне келіп ақылдасады. Сонда біреуі тұрып «осында көп жасаған бір шал бар емес пе, соған барып ақылдасайық, не дер екен?» дейді. Шалға келген екен, шал отырып қалған кезі болса керек, дәурекөрсендер «мені атқа көтеріп мінгізесіңдер, көтеріп түсіресіңдер, мені апарыңдар» дейді. Атқа көтеріп мінгізіп ханның есік алдына апарды. Кенесары хан екеніне қарамастан үйден шығып, шалға сәлем беріп «Не датыңыз бар?» деп сұрайды. Сонда шалдың айтқаны:

Абылайдың тұсында атқа шапқан бала едім,

Қасым ханның тұсында ақыл айтқан дана едім.

Кенесары, сенің тұсында

Малын алдырып, жоқ іздеген шал едім, – депті.

Содан Кенесары барымтаға алған малдарын жігіттеріне қайтарып, ат-шапан айып төлеген екен» дейді. Аңыздан Кенесарының парасаты, ақсақалға құрмет етіп, жүйелі айтылған сөзге тоқтағаны аңғарылады. Мұндай аңыздар кеңестік кезеңде қанша қара күйе жағылса да Кенесарының жарқын бейнесі халықтың санасынан өше қоймағандығын көрсетеді. Экспедиция барысында аңыздармен қоса, билердің шешендік сөздерінен де біраз дүниелер жазылды. Айталық Солтүстік Қазақстан облысының Тайынша ауданында тұратын көнекөз қарттардың бірі – Әукен Сұлтанұлының (1926 жылы туған) аузынан «Бала би», «Төле биге баласының өлімін естірту», «Бала Егіз бидің дауды шешуі», «Егіздің Егіз би атануы», «Абылай хан мен Арыстан ақын», «Егіз би» және өзінің дастарханға, ел азаматтарына, сәбилерге берген баталары жазылып алынды.

Шешендік сөздердің фольклор мен авторлық ауыз әдебиетінің аралығындағы жанр екендігі белгілі. Шешендік сөздерді

фольклорлық тұрғыдан қарастырған Б.Адамбаев: «Есте жоқ ескі замандарды елестететін ертегілерден бастап шешендік сөз нұсқалары халықтың өлең-жырларының, хикая-дастандарының көбінде кездесіп отырады» [8, 143], – дейді. Ойын жинақтай көрсеткен ғалым шешендік сөз нұсқаларының көп таралғандығын және әр өңірдің би, шешендерінің атынан айтылатындығын да сөз етеді. Ғалым: «Фольклордың басқа жанлары сияқты шешендік сөздер де көп нұсқалы болады. Бір ескеретін нәрсе – белгілі, үлгілі сөздердің бүкіл қазақ еліне көп таралғандығы және бір сөздің азды-көпті өзгеріспен әр жерде, әркімнің (әдетте сол жерлік, сол елдің адамының) атынан айтылатындығы» [9, 327], – деп көрсетеді.

Шешендік сөздерде әдеуметтік мәселелермен қатар, жеке адамның өз басына байланысты түйінді мәселелер де сөз болатыны белгілі. Көбінде ондай жағдай жасы жетіп қартайған би-шешендердің қолынан билік кетіп, тұрмыстық жағдайы әлсіреген тұсын суреттеуден көрінеді. Осы арқылы сол дәуірдегі қазақ қоғамы мен туыстық қатынас айқын сезіледі. Ел ардақтаған бидің дәрменсіз халі, сол күйді кешіп отырған билердің өз аузымен суреттеледі. Экспедицияда жиналған Бала биге қатысты шешендік сөз соның дәлелі. Бұл жағдай шын мәнінде Бала бидің басынан өтті ме, жоқ әлде кейінгі айтушылар мен жеткізушілер теліді ме ол жағы белгісіз. Төменде жазылып алынған мәтінге назар аударып көрелік.

«Бала би деген кісі әрі шешен, әрі би болған кісі екен. Осы Бала биді Мұса деген жолдасы іздеп келіпті, көп уақыт аралары сұйылып, бірін-бірі көрмесе керек. Бала би сексеннен асып тоқсанға таяп қалса керек, төсектің үстінде ғана отырып қалған екен. Сонда Мұса келіп:

- Биеке халың қалай? – деп сұрайды ғой. Сонда Бала би:

- Сен бекер келген жоқсың, менен бірдеңе сұрай келдің, – деп Мұсадан сұрайды ғой. Сонда Мұса:

- Жоқ, ештеңе сұрай келген жоқпын, сенің амандығыңды білейін деп келдім, – дейді. «Сөйлесіп, әңгімелесіп отырайық» дейді. Сонда Бала би:

- Жасымда мен қандай болдым?

Етім кетіп тырдай болдым.

Қатын менен балаға

Сатып алған құлдай болдым.

Елу келді еңкейтіп,

Кәрілікті теңкейтіп.

Алпыс келді ақырып,

Кәрілікті шақырып.

Жетпіс келді төтелеп,

Кәрілікті жетелеп.

Сексен келді бүйірден,

Айдап шықты үйірден.

Тоқсан келді есіліп,

Екі аяғы көсіліп.

Алпыс екі тамырдың,

Барлық буыны шешіліп.

«Досым маған не дейсің?» – депті.

Басты шайқап отырып Мұса айтты дейді «мен бір далаға шығып келейінші» деп. Далаға шықса бұрынғыдай жайнап тұрған жағдай жоқ, дәрет алайын деп қора жаққа барса, бұрынғыдай толып тұрған мал жоқ, қораның бұрышында бір қара ешкі кішкене лағымен байлаулы тұрады. Соны шайлық сүтке байлап отырса керек. Бидің өзін кәрілік алқымдаған. Қайтып келіп отырғаннан кейін тағы да Бала би сөз бастады дейді:

Көрпе тастар кілем жоқ,

Көрпе менен жастықтан,

Сілкіп алар сілем жоқ.

Бала ынжық,

Келін шайпау,

Енді менде жағдай жоқ.

Лағын сойсаң жетпейді-ау,

Ешкісін сойсам өмірім естен кетпейді-ау,

Уа, шіркін,

өмірде жоқшылыққа ештеңе жетпейді-ау, – депті.

Мұса айтады: «Ештеңе сойма, өзіміз соятын мал әкелдік», – деп, бір қойын әкеліп сойып, қонып, ертеңінде аттанып кетіпті» дейді. Бұл шешендік сөздің мәтінінен бидің сол кездегі тұрмыс жағдайы Мұса мен Бала бидің диалогы арқылы көрсетілген.

Шешендік сөздердің бастауы да басқа жанрлармен тоқайласатындығын бағамдасақ және жанрлардың бір-бірімен араласып келе беретіндігін ескерсек шешендік сөздердің қаралы адамдарға қайғыны естірту, жұбату үшін де айтылатындығын білеміз, экспедиция барысында жазылып алынған «Төле биге баласының өлімін естіртуі» деген мәтін соның дәлелі. Қаралы жағдайды жай ғана сөзбен айта салмайтын қазақ халқы алдымен кісіні қаралы жағдайға психологиялық жақтан дайындап, алыстан орағыта сөз қозғайтыны бар. Өлімді әрқашан төте естіртпеген, оған ауылдың тілді, жақты кісілері, көпті көрген үлкендері естірткен. Соның бірі осы шешендік сөзде айтылатын Сырымның Төле биге, Қазыбектің Төленің әйеліне және Әйтеке би айтты дейтін естіртуі мен жұбату сөздері соның дәлелі. Төменде ел аузынан жиналған мәтіндерді толық беріп отырмыз.

«Төле би бір жорыққа кеткенде оның баласы Өміртас белгісіз себептермен ауырмай өмірден өтіп кетеді, әкесіне қалай естіртуді білмей жұрт аң-таң, у-шу болады. Онда Сырым естіртсін дейді, Сырым өте шешен адам ғой. «Төле би қашан келеді? – дейді Сырым, – егер келетін болса маған хабар беріңдер», – дейді. «Бір ақсақ ат тауып қойыңдар», – дейді. Жұрт: «келе жатыр», – деп Сырым батырға хабар береді. Сырым ақсақ атқа мініп Төле бидің алдынан шықты дейді. «Ассалаумағалейкум», – дейді Сырым. «Уағалайкумассалам», – дейді Төле би.

Төле би: – Ел аман жұрт тыныш па?– дейді. Сырым: – Бәрі жақсы, – дейді. Сосын Сырым батыр Төле биге айтты дейді: – Биеке, мен бір әңгіме айтайын естисіз бе? – дейді.

- Айтыңыз естиін, – дейді.

- Біреуден несібе алса қайта беріле ме? – депті. Төле би: – Енді, біреуден қажеттілік үшін қарыз аласың, неге бермеске? Бер оны!– депті.

- Құдай тағала берген несібесін өзі алды, – депті Сырым. Сонда Төле би: - Ой, шіркін, Құдай тағала берген жалғыз баласын өзі алған екен ғой, - деп қатты ренжиді. Төле бидің алған жамағаты Ханшайым деген кісі екен, сол кісі жылап шыдатпады дейді. «Құран оқиын деп жатыр, құранмен жарыспа» деп үлкендер айтады, сонда да тоқтас бермейді, Сонда Қазыбек би Ханшайымға:

– Айғайынды ары сал,
Құлағынды бері сал.
Құлақ қойып тыңдасаң,
Айтайын деген сөзім бар.
Кеміріліп селге кетті,
Келмейтұғын жерге кетті.
Өміртас енді оралмайды,
Оралмайтын жерге кетті.
Көпке жеткен нақылың,
Бұған жетер ақылың,
Көп жылауды қояйық,
Күтейік енді ақырын, – депті.

Сонда мына жақта отырған Әйтеке би айтты дейді:

– Өтпейтін өмір жоқ,
Сынбайтын темір жоқ.
Тағдыр келсе өтпейтін адам баласы жоқ,
Көп жылауды қойыңыз,
Тілейік Алладан ақырын, – депті.

Бұл шешендік сөздердің дені естірту мен тоқтау айту, жұбату сөздерінен тұратындығы жоғарыдағы мәтіндердің сөздерінен аңғарылады. Қазыбек би мен Әйтеке бидің басу айтуы сәл өзгешелігі болмаса ғұрыптық фольклордың мұн-шер өлеңдерінде кездесетін жұбатудың тұрақты тіркестері екендігі байқалады.

Әукен ақсақалдан жазып алған шешендік сөздің бірі «Бала Егіз бидің дауды шешуі». Төле биден бұрын ұлы жүзде Нығыметжан деген би болыпты. Ол кісі нашарлап жатқанда «мені ұлы жүз ғана емес, дүйім үш жүз біледі, мен қайтқаннан кейін үш жүзге хабар беріңдер», – дейді. Сонымен ол кісі өмірден өтіп, қырқы болады, сонда Ақкөл деген жерге қырық үй тігілді, тігілген үйдің оны ақ үйі екен де, отызы қара үй екен. Елдің жақсы мен жайсаңдарын он үйге түсіреді де, басқаларын отыз үйге түсіреді. Тіпті сол он үйге түскен кісілерді күтетін адамдарды да іріктеп орналастырады. Дәм беру керек, біреу келіп айғай салды дейді «ас келеді, далаға шығыңыздар» дейді. Жұрт далаға шығып қайта кірген соң бір жас жігіт нығында орамал, бір қолында леген, енді бір қолында шәйнек, су құюы керек ғой. Бір

үйге келсе елдің дөкейлері отыр дейді. Біздің ағамыздың да жас шамасы он екі жаста болса керек, ол кезде төрді үлкендерге береді ғой. Бірақ біздің елдің кісілері ол баланы біледі екен (елдің жақсы мен жайсаңдарын жиған кезде бала «мен де барайыншы» деп өтінеді, сонда үлкендердің біреуі ұрсады «бұл қатындардың жиыны емес, күшті әңгіме болатын жер, балдарға орын жоқ, сен барма» дейді, бірақ үлкендер жібереді). Сол жиында жігіт суды құя бастағанда төрде отырған би «суды сүбе-сүбе жерінен құй» дейді, сонда бала, яғни біздің ағамыз Егіз би, кетіп бара жатқан кісінің етегінен тартып қалыпты дейді «менің елімде кісі емес, ит екенімді сен қайдан білдің» деп, су құюшыға «Кел бері, құй!» депті. Сосын төрде отырған әлгі кісі «құй, сол баладан бастап құй» депті. Төрде отырған кісілер жай жата ма, аяқтарын созып-созып тастап, сіресіп жатады. Сонда әлгі су құйып жүрген жігіт біреуінің аяғына шалынып легендегі суын төгіп алады, төрде отырған кісі «мұның иесі кім?» депті, есік жақтан біреуі жүгіріп келіп «мен едім» депті, онда алған олжаңнан қарас депті. «Балаға неге құйдырдың?» деп сынағаны болса керек. Сонда бала төрдегі отырған дөкейдің қасына барып шарт жүгініп отыра қалып:

Түннің түн екенін кім біледі,
Қызарып барып батпаса.
Күннің күн екенін кім біледі,
Сарғайып барып атпаса.
Байдың бай екенін кім біледі,
Ордасын қоқыр-соқыр қылып жатпаса.
Біз секілді жамандар
Қоқыр-соқырға сүрініп-қабынып жатпаса,
Иттің ит екенін кім біледі,
Жығылып жатқан баланың,
Тақымынан келіп тартпаса, – дейді.

Қасында отырған кісі оған «сыбағанды алдың ба?» дегенде, **төрде отырған дөкей үнсіз қалыпты** дейді.

Бұл шешендік сөздерден бірден аңғарылатыны билік басына келіп, ел тізгінін ұстайтын адамның бала кезінен сөзге шешен, ойға жүйрік, тілге алымды, алғыр екендігін байқатуы. Яғни халықтың тұрмыс-салтын жетік білетін, әдет-жоралғыларына жүйрік адамның

ел тізгінін ұстайтын заңына сәйкес келуінде «ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермейтін» тұлғалардың бала жастан жарқырап көрінуі соған мысал. Егіздің «Егіз би» атануы да осындай топты ортада, қалың елдің алдында шешімін тапқанын аңғаруға болады.

«Егіз би». «Бір дауға баратын боп жұрт жиналады. Сол кезде ауылдағы бір ақсақал: «Ана Егіз биді де ерте барындар, ол сендердің барған жүзіңнен де артық, қысылған жерде жол табады», – дейді. Барған жері кәрі адам, тоқсанға келіп отырған шал екен дейді. Әлгі кісінің кірпігі ұзын, көзін жауып тұрады екен дейді, ол кісі кірпігін қолымен көтеріп келгендерге қарап «қай елсіңдер, біле алмай отырмын» депті. Келгендер жөнін түсіндіріпті. Содан ақсақал қолын қимылдатып отырады. Сонда Егіз би: «ата не ойлап отырсыз», – дейді? – Мен бір жұмбақ ойлап отырмын, – дейді. Сонда бала: «мен айтсам қайтеді» – дейді? – Білсең, балам, айтшы, – дейді? Он екі жастағы Егіз би:

Біріншіден не жаман,
Бірлігі кеткен ел жаман.
Екіншіден не жаман,
Егесіп өткен ер жаман.
Үшіншіден не жаман,
Үш жерінен буылып,
Көрге түскен сол жаман.
Төртіншіден не жаман,
Төсектен безген сол жаман.
Бесіншіден не жаман,
Белсеніп шапқан жау жаман.
Алтыншыдан не жаман,
Асқынып кеткен дерт жаман.
Жетіншіден не жаман,
Жасынан жесір қалған әйел жаман.
Сегізіншіден не жаман,
Сейілмеген қайғы жаман.
Тоғызыншыдан не жаман,
Торқалы той мен топырақты өлімде
Келе алмаған дос жаман.
Оныншыда не жаман,

Oh, деген оңалмас,
Қайтып оралмас,
Кәрілік деген сол жаман – депті.

Сонда ақсақал көзін ашып «балам, қай елсің, қайдан келдің» – дегенде, бала тұрып айтыпты:

Наманай атты көлім бар,
Асқан шалқар жерім бар.
Сол елден келген,
Егіз би атты балаң бар – депті.

Сонда әлгі шал, балам қолыңды жайшы саған бір бата берейін депті:

Айналайын өзіңнен,
Алғыр тартқан сөзіңнен.
Шештірер ем талайды,
Кештеу келдің кезінен.

Он жыл ерте келгенде бірталай әңгіме айтар едім» депті.

Егіз бидің жасы тоқсанға келген ақсақалдың жұмбағын шешуі, осы экспедицияда жиналған «Бала Қазыбек бидің Досбол бидің жұмбағын шешуінен» аз ғана айырмашылығы болмаса негізінен үндес. Аңызда Досбол бидің қартайып тұғырдан түскен кезінде ұлы жүзден Төле би мен кіші жүзден Мамай би, орта жүзден бала Қазыбекті ертіп барғаны айтылады. Досболдың жұмбағына Төле би мен Мамай би тосылып, не дерін білмей аңтарылып қалғанда Қазыбектің шешкені сөз болады. Онға дейін санамалап шешкеніндегі жұмбақ жауабының ұқсамайтын жерлерін ғана мысал ретінде көрсетеміз:

Үш дегеніміз – астыңдағы жалғыз атың қашаған болып, үш тиекті шідерге тоқтамаған, ұстап берер адамың болмаса сол жаман.

Сегіз дегеніміз – сергелдеңге түскен ел жаман.

Он дегеніміз – жасы жетіп қартайып, төсек тартып отырғанда сәлем беріп халіңізді білетін ешкім болмаса бәрінен де сол жаман.

Егіз бидің жұмбақты шешуі термелеу тәсілімен берілсе, Қазыбектің жұмбақты шешуі пернелеу тәсілімен берілген.

Экспедицияда Тоқсан би айтты дейтін шешендік сөздер де жазылып алынды (айтушысы – З.Әкімжанов). Тоқсан XVIII-XIX ғасыр аралығында өмір сүрген шешен, би. Ол жас кезінде Омбы, Түмен

жағындағы керейлердің алдай руына билік құрған [10, 356]. Тоқсан би тап бермеде тауып айтатын шешендігімен орта жүздің қала берді үш жүздің адамдарына танымал тұлға екендігі белгілі. «Бір кісі Тоқсан биге:

– Тоқсан би, бір қомсы деген адам екенсің, Тоқсан, Тоқсан дегенде томашадай екенсің, – депті. Томаша деген құс болады екен, өзі кішкене бірақ дауысы зор екен. Сонда Тоқсан би:

– Томаша тоғыз жұмыртқалайды, оның біреуі құмай шығар, мына отырған Тоқсан сенің Құдайың шығар, – депті. Сонда қасында отырған адамдар: «Тоқсан бидің кереметін-ай!», – депті».

Тоқсан би мен Есенеіге қатысты төмендегі аңызда екеуінің арасындағы жағдайға түсінік беріп сөзбен баяндауға баса мән берген. Осы баяндаулар туралы Б.Адамбаев төмендегідей тұжырымды ұсынады: «Шешендік сөздер, көбінесе, түсінік сөзбен басталады. Түсінік сөзде шешендік сөздің нендей мәселемен байланысты, қандай жағдайда туғандығы және кім айтқандығын баяндайды. Түсінік сөздің көркем болуы шарт емес, тек ықшамды, әрі түсінікті болуы шарт» [8, 171], – дейді. Бұл тұжырымның мысалын төмендегі мәтіннен толық аңғаруға болады

«Есенеі сибанның атақты биі болған. «Есенеі екі сөйлемейді» деген ел арасында сөз бар. Жамбыл ауданындағы Ғабит Мүсіреповтердің жайлауы Елтіңжалда Есенеі бүркеуі деген жер бар. Ғабиттің атасы Мүсіреп те Есенеінің қарамағында болған. Есенеінің «ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болған». Бір жылы Есенеі Біржан салдың аталары Қожағұлдың құдығын тартып алады, мал жаюы керек қой. Қожағұл содан амалсыздан қазіргі Көкшетауға қарайтын Атбасардағы құдасының ауылына көшіп кетеді. Содан Қожағұл Тоқсан биге шағым айтады. Ал Тоқсан би болса Есенеіден үлкен. Тоқсан би пәуескемен Есенеінің үйінің алдына дейін келеді. Ол кезде Есенеінің үйінің айналасы көк шөппен көмкерілген, келетін адам анадайдан атын тастап, жаяулап келеді екен. Ол жерде оттың түтіні, тамақтың иісі шықпайды. Демалатын ақ үйі екен.

Сырттағы дабыстан Есенеі Тоқсан бидің келгенін біледі де, теріс қарап жата қалады. Есенеінің бәйбішесінен туған екі егіз баласы бар (сол екеуі Тоқсанның бір қарғысынан өлген деген сөз бар).

Есіктен кірген Тоқсан би: «Әй, Еселей, көтер басыңды!», – депті. Сонда Еселей теріс қарап жатып сөйлеген екен.

Тоқсан би сонда:

– Теріс қарап сөйлейтін,
Жазық екен не бізден?
Әй, Еселей, басыңды көтер,
Халқың сені емізген.
Менімен теріс қарап сөйлессең,

Айрыласың егізден, – деп оттың басын қамшымен бір салып қалып, тұрып жүре беріпті. Қожағұлдың дауымен келген ғой. Сол кезде әлгі оттың басында асық ойнап отырған екі егіз баланың біреуі аузынан көбік ағып ұшып түседі. Сонда шошып кеткен Еселей Тоқсан бидің артынан ұшқыр атпен бір кісі жіберіпті: «Еселей райынан қайтты, Тоқсан да райынан қайтсын» деп. Сонда Тоқсан би: «Тоқсан екі сөйлемейді», – депті де кете беріпті.

Қайролла Мұқанов пен Социал Жұмабайұлы «Тоқсан би» деген жеке кітап шығарған [11]. Онда Тоқсан бидің ел арасында таралған, мерзімді басылымдарға, әртүрлі жинақтарға енген шешендік сөздерін топтастырып берген. Н. Төреқұлов пен М. Қазбековтың құрастырған «Қазақтың би-шешендері» деген кітапта да Тоқсан биге қатысты аңыздар жарияланған. Алайда жоғарыдағы екі аңыз бұл кітаптарға енбеген.

Ел арасынан жиналған қолжазбалардың бір шоғыры Шағырай шешенге тән. Солтүстік Қазақстан облысындағы студент Самат Көпеевтің жинаған материалдарынан алынған. Шағырай айтты дейтін шешендік сөздердің мәтіні біршама көп, санамалап айтатын болсақ олар: «Кім жау», «Шағырайдың лақ теке әкеп соймақшы болған үй иесіне берген батасы», «Шағырайдың шай құйып отырған Үмсайдыққа айтқаны», «Болыстыққа таласып жүрген керей Қорымбай баласы Нұрғожаға айтқаны», «Шәкең келе жатқанда алдынан бір әйел кесіп өткенде айтқаны», «Шағырай сөзі», «Ақырзаман туралы Шағырайдың айтқаны», «Жақсы әйел мен жаман әйел», «Шағырайдың мал, бақыт, дәулет туралы айтқаны», «Шағырай сөзі», «Шағырайдың қартайып, екі көзі соқыр болып қалғанда айтқаны» т.б. Демек, ел арасында Шағырай айтты дейтін мәтіндердің бар екені анықталды.

Петропавлдық Социал Жұмабайұлының құрастыруымен «Шағырай шешен» [12] атты кітап шыққан. Экспедицияда жиналған материалдардың біразы сонда жарық көрсе, жарық көрмеген материалдардың да бар екендігін көрсету мақсатында олардың тақырыбын беріп отырмыз.

Төменде «Шағырайдың мал, бақыт, дәулет туралы айтқаны» деген шешендік сөзде бір-біріне қарама-қарсы шендестіру арқылы мал, бақыт, дәулеттің басқа қонары мен қолдан кететіні туралы халық ұғымын қатар қойып тілге тиек етеді.

Мал, бақыт, дәулет бітеріне келгенде

Ғашық болған қыз сияқты.

Кетеріне келгенде қолға ұстаған мұз сияқты.

Мал, бақыт, дәулет бітеріне келгенде,

Иті үреген келеді, тіркелген малы жүреген келеді.

Ағайыны бірі оған, бірі бұған ғе болады,

Жалшысы жалаугер болады.

Қызы қылықты болады,

Келіні епті болады.

Мал, бақыт, дәулет кетеріне келгенде,

Иті үрмейді, тіркелген малы жүрмейді,

Иесі екі етем десе де, тәңірісі бір етеді.

Малшысы жалқау болады,

Келіні керенау болады,

Қызы бейбастақ болады,

Қатыны салтақ болады,

Мінген аты жылдақ болады.

Көшпені өмірдегі халық тұрмысымен тікелей байланыстыра отырып өмірдегі тұрмыстық жағдайларды бейнелейтін «береке-бірлік» тағулық, іскерлік, ұйымшылдық туралы ұтымды ой айтады.

Екі бөлшегі аралау барысында ұрғынның рәсімдер орындалғанымен оған тән фольклорлық мәтіндердің көп жағдайда айтылмайтындығы белгілі болды. Беташардың қазіргі алаңдасушы әлемдер арқылы айтылып жүрген жаңа нұсқасы келіп отырған. Кісі ұрғыннан кезде айтылатын сыңау, кісі ісайғыс болғанда жоқтау айту дәстүрі қазір сиреп кеткен. Тек әжелеріміз ғана есте қалғандығын ай

тып берді. Павлодар облысынан Бақтылы Әмірғалиқызы (1937 жылы сол кездегі Шығыс Қазақстан облысына қараған, қазір Павлодар облысына қарайтын Аққулы ауданының Қарақала ауылында туған) өзінің осыдан отыз, қырық жыл бұрын әкесі мен шешесіне айтқан жоқтауынан есте қалғандарын айтып берді.

Әкесіне айтқаны:

Аспанда ұшар жапалақ,
Бауырда жүні ұйпалақ.
Кешегі жүрген, жан әке,
Қалдым-ау орныңды сипалап.

Шешесіне айтқаны:

Төрге бір жайдым алаша,
Алланың ісі тамаша.
Кешегі жүрген, жан ана,
Айрылып қалдым қалайша?!

Келтірілген үзінді өз уағында, қаралы жағдайдың үстінде, не жыл уағы емес, ширек ғасырдан кейінгі есте қалғаны ғана.

Павлодар облысынан Сәуле Білалова (1951 жылы Павлодар облысында туған) есте қалған шешесіне айтқан жоқтаудың бірер шумақтарын айтып берді:

Сары майдай сақтаған,
Балапан құстай баптаған.
Айналайын анашым,
Маңдайымнан қақпаған.

Жамыларсың топырақ,
Жастанарсың жапырақ,
Жатқан жерің жарық боп,
Басыңа жансын шам-шырақ.

Экспедиция барысында жиналған фольклорлық жанрлардың бірі – бата. Ел арасынан жиналған материалдардың ішінен айырықша назар аударатын мәтін «Құрмалдықтың батасы» (Самат Көпеевтің жинаған материалдарынан алынды). Діни мейрамның бірі саналатын құрбан айт кезінде шалынатын малға жасалатын батаның мәтіні төмендегідей:

Құрмалдықты қабыл ет,
Иманымды кәміл ет.
Тозақ отынан сақта,
Жауыздың қолынан сақта.
Зұлым ұлықтан сақта,
Әр пәледен сақта.
Мейірімсіз баладан сақта,
Текке күйгеннен сақта,
Нақақ жаладан сақта.
Айтса жөнге көнбеген,
Сөйлесе жағы сембеген,
Көкдауыл қатыннан сақта.
Өзі тебеген, өзі қашаған
Үркек атыңнан сақта.
Жанға жақсылық ойламайтын,
Көңлі батылдан сақта.
Белгісіз өлімнен сақта,
Өзі кеуде, өзі би,
Керауыз келіннен сақта.
Татымсыз тұздан сақта,
Ұятсыз қыздан сақта.
Жәбірлі таңнан сақта.
Үлкендерінде дуа жоқ,
Жастарында бәтуа жоқ,
Құр айғай даудан сақта.
Жаңбырсыз жылдан сақта,
Бәтуәсіз елден сақта.
Ғұмыр берсең бағыт бер,
Дәулет берсең қайырлы ғып бер.
Әйел берсең мінезді қылып,
Қыз берсең қылықты қылып бер.
Бала берсең ырысты қылып бер,
Ат берсең жүрісті қылып бер.
Тіріде тамақ бер,
Өлгенде жұмақ бер.
Осы айтқанның барлығын үйіп-төгіп бер.

Әрине, батаның түрлері айтылу мазмұнына қарай бірнеше түрге бөлінетіні белгілі. Айталық «Дастарқанға бата», «Үйленген екі жасқа бата», «Сүндеттелген сәбиге бата», «Жас келінге бата» т.б., мысалы екі жасқа берілген батаның үлгісі төмендегідей:

О, Құдайым оңдасын,
Оң жолына бастасын.
Әулие, әнбиелер қолдасын,
Кетпес ырыс, кең пейіл берсін,
Шаңырақтарың биік,
Босағаларыңыз берік болсын.
Әмәнда екеуің бір-біріңе серік бол,
Ғұмыр жасың ұзақ,
Іздегенің бақ болсын,
Көңілдерің ақ болсын,
Туыс-туған, ағайындарың бәрі де аман болсын!

Мәтіннен жаңа шаңырақ көтерген екі жасқа деген ауыл-аймақтың ықылас-тілегі, ізгі лебізі еседі, қосағыңмен қоса ағарып «ақ сақалды ата, ақ самайлы әже» болындар деген ақ тілек аңғарылады. Бата мәтіні құлаққа таныс, естіп жүрген тұрақты баталардың бірі екендігі анық. Алайда ел арасынан осындай баталарды жазып алудың өзі, халық арасында бата беру дәстүрінің әлі де өрсі биік екендігін дәлелдейді.

Дастарқанға берілетін бата дегенде, астың алдында берілетін және дастарқан жиналғанда ас қайыру батасы болатыны белгілі.

Асың, асың, асыңа,
Береке берсін басыңа.
Қырғауылдай қорғалап,
Қызыр қонсын қасыңа.
Келген байлық өтпесін,
Тепкілесе кетпесін.
Иә, Алла, осы тілегімді қабыл ет,
Осы үйдің жандарын аман ет.

Келтірілген үлгіден баталардың көбінде кездесетін «Қызыр дарып, бақ қонсын» дейтін ұғым мен үй иесіне деген бата берушінің ізгі ниеті, жақсы тілегі көрініс тапқан. Батаның мәтінінен ел арасында кең таралған және көп айтылатын батаның түрі екендігі байқалады.

Әуелі Құдай есен ет,
Жиреншедей шешен ет,
Мөңке бидей көсем ет.
Қанша пәле келсе де,
Бәрінен де есен ет.
Ибраһим пайғамбардың жасын берсін,
Сүлеймен пайғамбардың тағын берсін,
Не болса да қайырын берсін.
Жоғары болсын жұлдызың,
Бақытты болсын ұл-қызың,
Әр уақытта басыңда,
Жарқырап тұрсын жұлдызың.
Риза болса мейманың,
Алдыңнан шығар жиғаның.
Көпшіліктен бата алсаң,
Мұратыңа жетерсің,
Көпшіліктен бата алсаң,
Той-думанмен өтерсің.

Бұл айтылған батаның алдыңғы батадан ерекшелігі, аңыз кейіпкерлері мен тарихи тұлғалардың және пайғамбарлардың өмір жолын берсін, солардай шешен, әділ, ғұмырлы, бай-бақытты өмір сүрсін деген тілектің «баталы құл арымас, батасыз құл жарымас» деген халық даналығымен ұштасуы.

Батаның бір түрі – Сәбиге бата беру. Кез-келген ата-ана өмір есігін шыр етіп ашқан ұрпағының аман болып, елдің үмітін ақтайтын, үлкен азамат болуын тілейтіні белгілі. Ел арасынан осы батаның да үлгілері жазылып алынды.

Нәрестенің бауы берік болсын,
Ата-анасына серік болсын.
Азамат боп ержетсін,
Ақсақал боп төрлетсін.
Азамат болсын ардақты,
Мінезі болсын салмақты,
Өнерпаз болсын жан-жақты.
Осы айтқанның бәрі келіп,
Алла берсін зор бақты – деп бата беріледі.

Экспедиция барысында жиналған материалдардың бір парасы Мырзағұл ауылында практикада болып, ауыл қарттарынан фольклордың әртүрлі жанрын жинаған, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің студенті Надира Бурасованың материалдары болды. Надира Бурасова Уәлиханов ауданы Мырзағұл ауылының тұрғыны. Оның сол ауылдағы Рысқұлов Солтанбек Әшімұлынан жазып алған батасы төмендегідей:

Ел-жұртыңның гүлі бол,
Шам-шырағы, нұры бол,
Көп жасай бер, қарағым,
Болашақта ірі бол,
Ірілердің пірі бол!

Батырлардай санды бол,
Сал-серідей сәнді бол,
Бақ-дәулетті, малды бол,
Өз құрбыңның алды бол!

Көзімнің нұры бол,
Көңілімнің жыры бол!
Бақ құшып,
Бал жұтып,
Бабырдай ұлы бол!

Балдай бала бол,
Нардай дана бол,
Таудай талапты,
Фарабидей дана бол!

Майқыдай сыйлы бол,
Қорқыттай күйлі бол.
Асандай ақылды,
Бұқардай жырлы бол.
Аллаһуәкбар!

Бата мәтінінен кәдімгі жастарға берілетін бата екендігі аңғарылады. Сонымен бірге батаның арысы түркі дүниесінде және қазақ халқының тарихында айрықша орны бар тұлғалардың есімімен сабақтасып келуі оның құндылығын арттыра түскен. Қорқыт, Бабыр, Фараби, Майқы, Асан қайғы, Бұқар есімдері әр қазаққа таныс екендігі белгілі. Солардай халқының қалаулы азаматы болсын деген ізгі тілек кімді болса да елең еткізбей қоймайтыны анық. Ұлы тұлғаларды батаға қосып айтып, олардың рухын жастарға сезіндірудің де маңызы жоғары екендігі анық. Сондықтан фольклорлық және тарихи тұлғалардың санада жаңғырып, бата сөзі болып айтылуы, адам жадында ғасырлар бойы сақталған ұғымдардың көрініс беруі заңды.

Батаның төмендегі түрлері қаралы шаңыраққа құран оқи келген адамның жасайтын батасы. Одан дүниеден өткен адамға сауап, тірілеріне сабыр тілеу мақсатында айтылатындығы көрінеді. Қайтқан адамның екінші өмірінің басталғаны туралы айтып, тек Алладан жақсылығын, шарапатын тілеуді, құран бағыштап тұруды ескертеді. Батада о дүниелік болған кісіні ақырына дейін жақсы күтіп, өз қолдарымен ақтық сапарға арулап шығарып салғандығын, кей кезде мұндай мүмкіндіктің де бола бермейтіндігін, бір көруге зар болатын жағдайдың да болатындығын айтып, бұған да шүкірлік етіңдер, тірілерге тауипық берсін дейді. Қайтқан кісіге жасалатын дұғалықтың батасы (айтушысы – Әукен Сұлтанұлы):

Дүниеден өткен адамның
Орыны болсын жұмақтан.
Жазуына Алланың
Көркем сабыр етіңіз.
Сабырлық қып отырып,
Мақсұтқа солай жетіңіз.
Қабірдің жарық болуын,
Алладан үміт етіңіз.
Бейсенбі, жұма күндері дұға оқып,
Алланың аманатын өзіне табыс етіңіз.
Басына жастық қоя алмай,
Аузына сусын бере алмай,

Өткендер көп жалғанда,
Бұған да сабыр етіңіз.
Адамның өзі өлгенмен рухы өлмейді,
Өлген адам тіріліп,
Қиямет-қайым болғанша,
Бірін-бірі көрмейді.
Өлген адам тіріден дұға тілейді.
Таупиықты болса қалғаны,
Өзіне дұға етеді.
Таупиықсыз болса қалғаны,
Жылап-сықтап кетеді.
Жарылғасын Жаппарға,
Қайыры мол жетеді,
Шын көңілмен тілесе,
Алла қабыл етеді, аумин!

Дұғалықтың батасы сабырға шақыру, жұбату мақсатында айтылатыны байқалады. «Болған іске болаттай берік бол» деген халық даналығын айтып, өмірден өткен адамға иман байлығын тілеп, біліп, білмей істеген күнәларына жаратқаннан кеңшілік тілеуді ниет еткені аңғарылады. Ажалдың адам талғамайтындығын, дәм-тұзы таусылған күні біреудің жалғызын, біреудің нар қызын алып кететіндігін айтып, о дүниелік болған кісіге жұмақтан орын, артта қалғандарына береке-бірлік, денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейтіні айтылады.

Орны болсын жұмақтан,
Жаны болсын жаннаттан.
Мінгені болсын пырақтан,
Жаққаны болсын шырақтан.
Сусын берсін бір Алла,
Кәусар суы бұлақтан.
Қабыл етсін бір Алла,
Қимасын беріп жаратқан.
Сауабы тисін жақыннан,
Мына келген адамның,
Жақын менен жырақтан.
Тыныштық ғұмыр тілеймін,

Кейінгі келген ұрпақтан.
Қызғалдақтай гүл атқан,
Сабыр ет өзің, бір Алла,
Өлім дейтін тұзақтан.
Біреудің алып жалғзын,
Біреудің алып нар қызын,
Жапанда жалғыз қалдырып,
Орынсыздан құлатқан.
Қабыл етсін батамыз,
Кешіре гөр болса қатамыз.
Дүниеден өткен адамның,
Орны болсын жұмақтан.
Туыс-туғандарына,
Бала-шағаларына,
Көрші-қолаңдарына,
Еліме, бақытты, баянды,
ұзақ ғұмыр берсін, аумин...

Өткен ғасырдың алғашқы жартысындағы 1921-1923 және 1932-1933 жылдардағы қолдан жасалған ашаршылық, 1937-1938 жылдардағы қуғын-сүргін қазақ тарихы үшін аса ауыр кезең болды. Ұлт зиялылары қудалауға түсіп, барар жер, басар тау таппай сеңделгені, кейбірі шетел асып жан сақтаса, итжеккенге айдалып, түрмеге тоғытылып, атылып кеткендері де аз болмады. Экспедиция барысында сол жылдары Қызылжар өңірінен қуғынға түсіп, елден жырақ кеткен жанның ащы зары мен құса-мұңы өрілген «37 жылғы айдауда болған бір кісінің шығарған өлеңі» деген төмендегі шумақтарды жазып алдық (айтушысы – Күлпән Әміржанқызы, 1932 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, Қызылту ауданында туған):

Тасқын су талай гүлді жайнатпай ма,
Бұлбұлдай гүлстанды сайратпай ма.
Зарлы күй ауруға шипа болып,
Мұңлы шер жүректі өртеп қайнатпай ма.

Сайраса шерлі жүрек мұң кетпей ме,
Шерлі мұң, шер көңілді тербетпей ме.

Шарықтаған қырандай қиял кезіп,
Көзіңе өткен күнді көрсетпей ме.

Елестеп ел-жұртым көрінбей ме,
Бауырлар, құрбы-құрдас тірілмей ме.
Арманда көре алмаған жан достарды,
Жоқтасам бойым балқып егілмей ме.

Атығай-қарауыл мен қыпшақ, керей,
Қызылжар, Омбы маңын жатқан керней.
Баласы қанжығалы, қарындасым,
Халқымды жалпақ жатқан кеттім көрмей.

Қараған Қызылжардың аймағына,
Қызылту ауданының қармағында.
Қонысым Теке теңіз, елім керей,
Қыстауым Талдысайдың тармағында.

Текедей Сексен сайлы шалқар көлім,
Аңқыған жұмақ иісі қайран жерім.
Мың түрлі шөп құлпырып масатыдай,
Көңілді қош өсірген сондай жерім.

Есімнен сондай жерім түссең кетпес,
Мұрнымнан жұмақ жерім иісің кетпес.
Жүрсемде сансыз есен басқа жақта,
Жүректен елі-жұртым шерің кетпес.

Өлең жолдарынан туған жерін, құрбы-құрдас, дос-жаранын, туыс-туғанын бір көруге зар болған адамның ащы шері төгіледі. Өзінің туып-өскен, кіндік қаны тамған жерінің тау-тасы, сай-саласы, өзен-көліне дейін тізбектеп көз алдына әкеледі. Бір көруге зар болған мұң мен нала еседі.

Әрине, бұл өлеңнің авторы бары шындық. Алайда автордың аты қазір белгісіз болғандықтан кімнің шығармасы екендігін басып айту қиын.

Ел арасынан жиналған өлең үлгілерінің бірі – «бұғыбай өлең». «Бұғыбай өлең» жиын-тойда, мерекелерде, жастар арасында ойынды қыздырып, көркін келтіру үшін айтылатын өлең. Негізінен қайым айтысқа ұқсайды. Алайда, екі жаққа жарылып, бірін-бірі жеңу шарт етілмейді және қатарласып отырған жастар бірінен соң бірі кезекпен айтуы да, не болмаса кезек аттап айтуы да мүмкін, бастаушысы кімді айтады, сол орнынан тұрып талапты орындауы керек, егер бұғыбай өлең айта алмаса басқалай өнер көрсетуге міндеттеледі. Бұғыбайды айтудың үлгісі төмендегідей:

Бұғыбай өлең (айтушысы – Күлпән Әміржанқызы)

Бірінші адам:

Бұғыбай баста десең мен бастайын,
Басыңа асыл жібек тон жастайын.
Атадан артық туған құрбы екенсің,
Көтеріп қалың топқа мен тастайын.

Екінші адам:

Бұғыбай тастады ғой теңдесіне,
Тастаса көрмеді ме өзгесіне.
Сыйға сый, сыраға бал дегендейін,
Алайын топты ортада мен де есіме.

Бұл бұғыбай мереке,
Айтыспайық біз жеке.
Құрбым тегіс айтылсын,
Түрегелші он екі.

Айтушылар өлеңнің не себепті «бұғыбай өлең» деп аталатыны туралы толық дерек бере алмады. Тек орындалатын барысын, қандай жерде орындалатыны туралы айтты. Бұғыбайдың бұл түрі жеке бір ауылда емес, сол Уәлиханов ауданының әр ауылында айтылатыны анықталды. Бұған назар аударатын және бір жағдай, осы ауданда тұратын кісілердің дені өткен ғасырдың 50-60 жылдары Омбы жақтан келген. Айтушылар «бұғыбай өлеңнің» Омбыдағы қазақтардың арасында бүгінгі күнге дейін айтылатындығы туралы мәлімет берді. Бұғыбайдың бір нұсқасын Мырзағұл ауылынан

Нұрғайша Шәдинақызы (1937 жылы Ресейдің Омбы облысы Қоянбай ауылында туған) айтып жаздырды.

Бұғыбай

Бұғыбай баста десең мен бастайын,
Басыңа жасыл барқыт тон жастайын.
Атадан артық туған бала екенсің,
Көтеріп тон ішіне ән тастайын.

Бұғыбай келгеннен соң іркілмеймін,
Жүніндей ақ қоянның үлпілдеймін.
Бұғыбай келгеннен соң айту керек,
Несіне білген сөзден бөгелейін.

Жоғарыдағы екі шумақ «бұғыбайды» айтудың тұрақты үлгісі екендігі байқалады. Бұл «бұғыбайды» бастаушының айтатын шумақтары. Кейде «бұғыбай өлеңде» жұмбақ араласып, қарсыластың қарымын байқау үшін де айтылатындығы аңғарылады. Біріншісі сұрақ қойса, екіншісі жауап қайырады да, дөңгеленіп отырған кісілердің барлығы дерлік қатысады.

Бірінші адам:

Мәккәдә бір ағаш бар майырылған,
Бұтағы бұтағына қайырылған.
Замандас өте ақын көрінесің,
Мәдина қай арада айырылған.

Аспанда ай да тұрар, күн де тұрар,
Жарасып күміс жүген тайда тұрар.
Замандас өте ақын көрінесің,
Тұрағы бір Алланың қайда тұрар.

Екінші адам:

Бір Алла көкте де емес, жерде де емес,
Тұрағын бір Алланың ешкім білмес.
Тұрағын бір Алланың білемін деп,
Қалуың бүгін түннен қиын емес.

Жұмбақты шешкен адам, «бұғыбай өлеңді» өзі бастап айтады да, өз қалауындағы отырған әріптесіне жұмбағын шешуге тастайды.

Арқандап тоқсан тоғыз киік бақтым,
Арқанға үш жүз алпыс шынжыр тақтым.
Бес ұры аламын деп келгенінде,
Бекітіп отыз екі қазық қақтым.

Бір хайуан алты аяқты тарам-тарам,
Болғанда сүгі халал, еті арам,
Сүтінің халалдығы не себептен,
Мәнісін таба алмайды ешбір адам.

Үшінші адам:

Ол хайуан алты аяқты ара емес пе,
Ол дағы Құдайдың да малы емес пе.
Болғанда бірі халал, бірі арам,
Үяда шайқап қойған бал емес пе.

Тұрымтай көл басында қонып отыр,
Үшуға қанаттарын сайлап отыр.
Ей, құрбым, айтар болсаң өзімдей айт,
Супілер қыстырылмай жөніңе отыр.

Бір нәрсе атып жіберсең қадалар оқ,
Жалғанда ас ішпейтін тамағы-ай тоқ.
Кеудесі жүремін деп ойласа да,
Жүруге аяғында-ай дәрмені жоқ.

Төртінші адам:

Ол нәрсе атып жіберген балта емес па,
О дағы Құдайдың бір салты емес па.
Ағаштың ас ішкенін қайдан көрдің,
Жел соқса қимылдайтын салты емес па.

Ақ үйдің ай көрінер маңдайынан,
Жақсының бал тамады-ай таңдайынан.
Замандас өте ақын көрінесің,
Жаралдың шымқат жанның маңдайынан.

«Бұғыбай өлең» жастар жиналған жиын-тойда, бас қосқан мерекелерде, жиналған топты көңілдендіру үшін ойналатын ойынның бір түрі екені белгілі. «Бұғыбай» айта алмаған жастар әріптесінің қойған қандай да бір талабын орындауға міндетті. Сол арқылы отырыстың көркін қыздырады. Жастарды көңілдендіреді.

Ел арасында белгілі бір кісілерге байланысты айтылатын әңгімелер де жиналды. Айталық «Әкімбекке қатысты әңгімелер» (айтушысы – Мүкәрәм Шүленбаев 1935 жылы Ресейдің Кемеров облысында туған). Онда Әкімбек деген кісінің туа мырза болғандығы жайлы айтылады. Туа мырза болды дейтін себебі Әкімбек туғанда сол ауылда тағы бір бала дүниеге келеді. Ол баланың анасы қайтыс болып кетеді де бала жетім қалады. Сол кезде омырау еміп жүрген Әкімбек те ембей қояды. Омырауы сыздаған анасы жетім баланы әкеп емізгенде ол да бірге емеді, ал баланы алып кетсе, ол да жылап ембей қояды, соны естіген ел Әкімбекті туа мырза болған деп атап кеткен. Негізі, Әкімбек деген кісі Кеңес одағы кезінде байларды қудалағанда қуғынға ұшырап елден кеткен екен.

Баянауыл ауданынан шыққан Түйте әулие мен Әбжалап әулие есімдеріне байланысты аңыздар да бар. Түйте әулиеге байланысты бір аңызда Түйте әулиенің қанжығалының бір батырымен бәстесіп, оның бос жүрген атын дұғамен тұсап кеткені туралы айтылады.

Ал Әбжалап әулиеге қатысты аңыздар да ел арасында кең таралған. Әбжалап қайтыс болғанда Мәшһүр Жүсіп жаназасын шығарып қояйын десе, Әбжалап әулие орнында жоқ болып шығады. Содан ақыретін қояды. Сонан күні бүгінге дейін ел арасында «Әбжалап жерге жатпайды, Мәшһүр Жүсіп қырық жыл болса да шірімейді» деген аңыз тараған.

«Мұсаның Мәшһүрге сұрақ қоюы» (Самат Көпеев жинаған материалдан алынды) деген мәтін де осы экспедиция барысында кездесті. Онда Мұса Мәшһүрге «Алтау ала болса ауыздағы кетеді, төртеу түгел

болса төбедегі келеді» дегенді шариғатқа келтіріп қалай айтар екенсіз дегеніне орай, Мәшһүрдің берген жауабы төмендегідей:

– Құдайдың міндет қылған бес парызы бар, ол оқылмаса Алланың өзімен алтау емес пе, алтау ала деген сол. Төбедегі төртеу дегені төрт мәзхаб бар емес пе, сол төрт мәзхабтың жолын ұстасаң төртеу түгел болады деген сол, – деп жауап беріпті.

Жоғарыдағыдай өткен ғасырдың басында жасаған тұлғалар туралы ел арасында ауызекі әңгімелердің де молынан айтылатындығының куәсі болдық.

Дастан жанрын арнайы зерттеген Б. Әзібаеваның «Қазақ дастандары» атты еңбегінде: «Хикаялық шығармалардың басты кейіпкерлері – ақсүйек адамдармен қатар қарапайым адамдар – саудагер (көпес), оның балалары, кедей, ағаш сатушы, діни адамдар және т.б. болады» – делінеді [13, 146]. Экспедиция барысында жиналған төмендегі хикаялық дастан кейіпкері де сол тұрғыдан қарастырылады. Мұндағы жұмбақты шешуші қыз кедей шалдың жалғыз баласы болып суреттеледі. Енді мәтінге назар аударалық:

«Мұңсыз хан» дастанынан үзінді (айтушысы – Күлпән Әміржанқызы). Дастанда Түркістанды билеген бір хан халқына жарлық шашып, үш ауыз жұмбағын шешкен жанға қырық мың ділда алтын беретіндігін, сонымен бірге бас уәзірлікке қабылдайтындығын айтады.

Үш ауыз жұмбағы төмендегідей:

...Сөйтті де жұмбағының түрін айтты,

Тәттіде не тәтті деп бірін айтты.

Қаттыда не қатты, ауырда не ауыр деп,

Түгендеп үш жұмбағын тамам айтты.

Алайда жоғарыдағы жұмбақты ешкім шеше алмайды, сол хандықта өмір сүретін бір кедей шал үйіне күндегісінен жай қайтады. Кешігіп келген себебін сұраған қызына ханның жұмбағын айтады. Ойланбастан жауабын тапқан қыз әкесіне жұмбақтың шешімін айтып, ханға жібереді. Шалдың шешкеніне күмән келтірген патша оған қысым жасап, жұмбақты кімнің шешкенін біліп, қыздың өзін ордаға шақыртады. Сонда жұмбақтың шешімін қыз төмендегідей тарқатады:

Хан сонда шалдың қызын алдырып: «Жұмбақты тапқан жан сен бе?» деп сұрады.

– Жаңадан келді дейсің жасым оңға,
Келіп тұр жас та болсаң сөзің оңға.
Жардың сен тәтті екенін қайдан білдің,
Әлі өзің жүрген жоқсың ондай жолға.

– Деп сүйген «жаным-күнім» ата-анам,
Деп сүйген «айым-күнім, жалғыз балам»,
Жатарда ортаға алып жатушы еді,
Оянсам тоңып, жаурап шетте қалам.
Тәттінің ең тәттісі жар екен деп,
Осыдан тәмсіл ғып ғибрат алам.

Кей күні келуші еді үйге қонақ,
Ұялып қалушы еді атам бейбақ.
Берерге асы жоқ боп терлеп-тепшіп,
Онымен не қымақшы жанды қинап.

Ауырда ең ауыры сертің еді,
Не қылсаң әмірің бар, еркің еді.
Үш ауыз жұмбақ үшін қан төккендей,
Соншама халқың саған не етіп еді?

Жұмбақты шешкен қызға ғашық болған хан, ол қызды жар етіп алмақ болады. Қыз әкесі қиналып жылайды. Сонда қыз оған өзім жауап беремін деп, қызға берілетін қалың малдың талаптарын қояды, оны орындаса, Мұңсыз ханға барып некемді қидырып алсын дейді. Қыздың қалың малға қойған талабы төмендегідей:

Он жасар қалың малға қозы берсін,
Жиырма санға айбатты бөрі берсін.
Отыз арыстан, қырық жолбарыс,
Түлкіден бір кемі жоқ елу берсін.
Алпыс арқан, жетпіс шідер берсін,
Сексен бұт қуарған қу сүйек берсін,
Тоқсан бұт қаны кепкен жүрек берсін.

Бір кемпір мен бір шалды әдемілеп,
Оларды хан, ханышадай киіндірсін.
Некемді қидырып алсын Мұңсыз ханға,
Ризамын сертпен алған осы жанға.

Қыз жұмбағын шеше алмаған хан, Мұңсыз ханға аттанады. Мұңсыз хан қыз талабын естіп көріп, ханның ақымақ екендігін бетіне басып, қыздың жұмбағын шешіп береді. Бір ескеретін жағдай Күлпән Әміржанқызының айтуынан жазылып алынған үзіндіде шешімі айтылмайды, айтушы ұмытып қалғандықтан есіне түсіре алмады. Оның шешімін Павлодар қаласындағы Мәшһүр Жүсіп мешітінің баспасөз хатшысы Амантай Тойшыбайұлы өткізген авторы белгісіз қолжазбада бар мәтін негізінде беріп отырмыз. Онда ханның өтінішін естіген Мұңсыз хан оны төмендегідей шешеді:

Он саулық осы айтылған он жасар қыз,
Бармаймын дегені ғой сендей шалға.
Жігіт адам жиырмада бөріге ұқсар,
Отызда жолбарыстай күші тасар.
Елу жаста түлкідей қайла қылар,
Алпыс жаста атсың ғой арқандаулы.
Жетпісте төрт аяғың бірдей баулы,
Сексенде сіңір, тамырың бәрі кеуіп,
Тоқсанда құр сүйегің қанша аяулы.

Мұңсыз хан он жасар қызға хан тағының қызық емес екендігін айтады. Әркімнің өз мұңы бар деп, қызға қолы жетпеген ханға Мұңсыз хан өз басының мұңын айтады.

Хан да болсаң ақымақ хан екенсің,
Сол үшін іздеп келдің мені Мұңсыз.
Мен дағы мұңдымын ба, мұңсызбын ба? –
деп үлкен сарайына алып келді.

Есігін ашып:

Анау менің сүйікті,
Таңдап алған ғашығым.
Ана жігіт жай адам емес,
Ол да менің жақыным.
Осыларды көргенде,

Оттай қайнап тұрады,
Бойымда болмай ақылым.

Халқым мені хан сайлап,
Ел биледім жасымнан,
Бір-бірлеп сөзді айтайын,
Түсіндіріп басынан.
Тандап алған жарымның,
Қызығын көрдім екі-үш жыл,

Ешқайда шықпай қасынан.
Тәмсіл қылып сөйлейін,
Жан бар ма деп жалғанда,
Татулық бізден асырған.
Сол секілді дәурен бір,
Өтіп бір кетті-ау басымнан.

Мұңсыз хан да мұңын айтып, бұл тығырықтан шығуға
екеуі серттесіп қажылыққа баруды ұйғарады да, мал-жанын
артындағыларға тапсырып жолға шығуымен аяқталады.

Кел, уағыда етейік,
Жүзін көріп Расулдың,
Риза етіп кетейік.
Бұ да бір жүрген ер еді,
Уағданы береді.
Бағанағы жігітке,
Елі-жұртын, мал-мүлкін,
Тапсырып соған кетеді.
Алланың іздеп ақ жолын,
Жалғанға бұрмай көңілін,
Мекке жолы қайсы деп,
Сапар тартып жөнелді.

Бұл дастандағы Мұңсыз ханның өмір жолы толық көрсетілмеген.
Өйткені айтушы тарапынан ұмтылған болса, ал хатқа түсірушіде де
дәл сол жайлы айтылатын шумақтары жазылмай, ортасынан үзіліп
аяқсыз қалған.

Дастанның «Мұңсыз хан» деген атпен қара сөз түрінде баяндалған ертегілік нұсқасы жүз томдық «Бабалар сөзі» сериясының 76 томына (новеллалық ертегілер) енген [14, 125-129]. Кейбір сөз-сөйлемдеріндегі алабөтендік болмаса дастанның сюжеті толықтай сақталған. Тек жұмбақты қоюында сәл өзгешелік бар.

Фольклорлық мұралардың ішінде кең көлемде таралып, балалардың тілін жаттықтыруға, дұрыс сөйлеу қабілетін жетілдіріп, сана-сезімін, ойда сақтау қабілетін арттыруда балалар фольклорының орны айрықша. Экспедиция қоржынына түскен диалог арқылы айтылатын санамақ ойынының түрі төмендегідей (айтушысы – Күлжия Дайырова):

Бір!
Біздің үйге кір!
Екі!
Ет турайтын бәкі!
Үш!
Сені жықпақ күш!
Төрт!
Маңдайымнан шерт!
Бес!
Майлы құлақ кес!
Алты!
Ата-баба салты!
Жеті!
Жел-боранның өті!
Сегіз!
Болсын серкең семіз!
Тоғыз!
Борсық жейді қоңыз!
Он!
Атаң киген тон!
Он бір!
Қонақ келсе қондыр!
Он екі!
Жаман насыбай, темекі!

Он екіге дейін санап, оған жауап ретінде берілген мәтіннің мағынасы айшықтылығымен балаларды өзіне тартады, тілі қарапайым, алайда бос сөз емес, танымдық, тәрбиелік мәні бар екендігі байқалады.

Санамақ ойындарының кең таралған бір түрі бес саусаққа байланысты айтылады. Алайда төмендегі мәтіннің бұрын-соңды жарияланып жүрген осы тектес мәтіндерге қарағанда көркемдік, тіл қолданысы жағынан жоғары екендігі көрінеді. Жүз томдық «Бабалар сөзі» сериясының балалар фольклорына арналған томында бұл мәтін кездеспейді.

Бес саусақ

Балаларым тұрыңдар,
Сөзге мойын бұрыңдар!
Бас бармақ
Жатып алдың талайдан,
Бұзауларды бақ айнам.
Кешке үйге келгенде,
Құйып берем ақ айран.

Балаң үйрек

Шөп жиналып бітпеген,
Сен сонда бар жұртпенен.
Кешке үйге келгенде,
Май беремін құртпенен.

Орған терек

Сен, ортаншым, бөбегім,
Қырда бүтін көп егін.
Сен қырманнан келгенде,
Кәмпитті үйіп төгемін.

Шылдыр шүмек

Еңбек еткен жақсы адам,
Қарбыз жина бақшадан.
Дастарқанға сен үшін,
Тәтті нанды көп салам.

Кішкентай бөбек

Жатып бекер жеп-іше,
Үй жұмысын сен істе.
Кешке қарай өзінді,
Тойдырамын жеміске.

Солтүстік Қазақстан, Павлодар облысындағы қазақтар шоғырланып отырған аудандар мен ауылдарға жүргізілген фольклорлық экспедиция барысында информаторлардан қазақ тарихындағы әйгілі тұлғалар: хан, батыр, би-шешендерге қатысты аңыздар мен шешендік сөздерден санаулы ғана мәтіндер жазылып алынды. Негізгі аңыздар Абылай хан дәуірінің батырларына тиесілі. Кең көлемде жиналып қоржынға түскен материалдардың арасында батаның түрлері де қамтылды. Шешендік сөздердің де ел арасында жақсы сақталып, әлі айтылатындығы белгілі болды. Балалар фольклорынан аз да болса жақсы мәтіндер жазылып алынды. Сонымен бірге «Науан хазірет 8 жылға сотталған уақытта Ақанның хазіретке айтқан сөзі», «Ақанның хазірет үшін қарауылға окпелеп шығарғаны», т.б. материалдар табылды. Алайда көшпелі мәдениеттен алшақтап қалғандықтан тарихтан жалғасып келе жатқан қазақ салт-дәстүрлерінің біразы ұмыт болып, халық жадынан өшіп бара жатқандығы сезіледі. Уақыттың жылжып өтуіне байланысты көнекөз қарттарымыздың арамыздан күн санап азаюы, сонымен бірге бүтінгі жаһандану үрдісінде фольклорлық үлгілерді тыңдайтындай ортаның болмауы, ұрпақ сабақтастығының үзіліп бара жатқандығы байқалады. Бұлардың бәрі фольклорымыздың сақталуына, бүтінгі жағдайына өз әсерін тигізбей қойған жоқ.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қасқабасов С. Жаназық. – Астана, 2002.
2. Мұқанов Қ. Абылайдың қос батыры – Күлеке мен Кұлсары // Егемен Қазақстан. 2006. 19 маусым.
3. Уәлиханов Ш. Көптомдық шығармалар жинағы. I том. – Алматы, 2010.
4. Абдуллин Х. Баян батыр // Баян батыр. Құраст.: С. Жұмабаев З.Олжабаев. – Петропавл, 2008.

5. Үмбетей жырау. Бөгенбай өлімін Абылай ханға естірту // Бес ғасыр жырлайды: 2 томдық. 1-том. Құраст.: М.Мағауин, М.Байділдаев. – Алматы, 1989.

6. Тәтіқара ақын. Абылайға арнаған толғауы // Бес ғасыр жырлайды: 2 томдық. 1-том. Құраст.: М.Мағауин, М.Байділдаев. – Алматы, 1989.

7. Омаров Қ. Қазақтың қос қыраны Сары-Баян // Баян батыр. Құраст.: С.Жұмабаев, З. Олжабаев. – Петропавл, 2008.

8. Адамбаев Б. Шешендік сөздер // Қазақ әдебиетінің тарихы. I том. 1-кітап. – Алматы, 1960.

9. Адамбаев әлемі. Құраст.: Ж.Адамбаева. – Алматы, 2011.

10. Төреқұлов Н. Қазбеков М. Қазақтың би-шешендері. 1, 2-кітап. – Алматы, 1993.

11. Мұқанов Қ., Жұмабайұлы С. Тоқсан би. – Қызылжар, 2001.

12. Жұмабайұлы С. Шағырай шешен. – Петропавл, 2007.

13. Әзібаева Б. Қазақ дастандары. – Алматы, 2009.

14. Мұңсыз хан // Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т. 76. Новеллалық ертегілер. – Астана, 2011.

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДИАСПОРАЛАР
ФОЛЬКЛОРЫНЫҢ БҮГІНГІ ЖАҒДАЙЫ**



Современное состояние традиционного фольклора Костанайской области

История заселения Костанайской области

Костанайская область входила в состав Тургайской области, которая включала в себя 4 уезда: Тургайский, Николаевский (Костанайский), Актюбинский и Иргизский. Переселение крестьян в Костанайские степи началось с конца 70 - начала 80-х гг. XIX столетия. Основной поток переселенцев был из Самарской, Саратовской, Астраханской, Оренбургской, Воронежской, Тамбовской, Полтавской и других губерний России. По левому и правому берегам Тобола возникают первые русские поселения: в 1879 году переселенцы основали пос. Костанай, и уже летом этого же года сюда прибыли первые 300 семей переселенцев из Самарской губернии. Возникшее поселение получило название Ново-Николаевское, затем Костанай, и к 1883 году насчитывало уже 1392 двора с населением в 8 тысяч человек. С 1 октября 1893 года поселение получило статус города и наименование Николаевска, а с 8 февраля 1895 года городу было возвращено прежнее название Кустанай. Уезд стал именоваться Костанайским.

В 80-е г. в Костанайском уезде возникли поселения – Боровское (1885), Александровское, Давыденовское, Жуковское (1886), Романовское (1887), Борисовское, Владимирское, Ивановское, Михайловское и Степановское (1888). В них поселяются крестьяне из Самарской, Саратовской, Астраханской, Пермской, Челябинской губерний. Крестьяне поселяются по среднему течению Тобола, а также к северу Костанайского уезда (Карабалык, Пешковка, Федоровка, Пресногорьковка) [1].

Собирание, изучение и популяризация фольклорной культуры региона

Казахстан как фольклорно-этнографический регион стал в 1970-е годы объектом внимания лаборатории русского фольклора под руководством М.М. Багизбаевой. К наиболее изученным регионам А.Б.Абдулина справедливо относит Уральский, Восточно-Казахстанский, Семиреченский, Кокчетавский, Петропавловский и Це-

линоградский (современная Акмолинская область) [2, 65]. В центре научного интереса казахстанских фольклористов находятся такие жанры русского фольклора, как необрядовая песня (А.Б. Абдулина, У.К. Абишева, И.П. Князева, А.В. Иванова), обрядовая поэзия (Т.Я. , Г.И. Власова), сказка (В.А. Василенко, А.Б. Нургалиева), несказочная проза (Н.М. Могилевская, Н.М. Назаренко, А.Д. Цветкова), частушка (Г.З. Бектурганова), детский фольклор (О.И. Сластухина, Н.Б. Токарчук), малые жанры (Е.В. Латыева).

Научные центры изучения русского фольклора (Алматы – КазНУ) и университеты городов Казахстана (Астаны, Кокшетау, Павлодара) занимаются региональным исследованием современной бытующей фольклорной традиции, в частности песенного и прозаического фольклора русских Казахстана. Календарному и свадебному фольклору восточных славян в Казахстане посвящена монография Г.И. Власовой [3].

Центрально-Северный Казахстан лишь недавно попал на фольклористическую карту республики, то есть до настоящего времени славянский фольклор Костанайской области не становился предметом научного исследования.

Казахстанские материалы попадают в поле исследовательского интереса российских этнографов. На основе обобщенного анализа полевых материалов, хранящихся в Архиве Музея археологии и этнографии ОмГУ, М.А. Жигунова реконструирует традиционный свадебный цикл сибирских казаков в конце XIX – начале XX вв. Исследования проводились на территориях Омской, Костанайской, Павлодарской, Северо-Казахстанской областей и Алтайского края [4].

Собиранием, изучением и популяризацией фольклорной и этнографической культуры области и районов занимаются Кустанайский областной историко-краеведческий музей, областной Дом народного творчества, общественные объединения – «Межнациональный культурный центр Федоровского района Костанайской области», Управление внутренней политики Мендыкаринского района, Костанайский государственный педагогический институт, ученые – краеведы и историки. Областные и районные официальные интернет-ресурсы содержат страницы о развитии культуры в области и районах.

Функционирует качественный сайт «Костанай и костанайцы. Портал о городе и жителях», где размещены сведения об истории города.

В рамках проекта Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан «Фольклор диаспор Казахстана» учеными Института литературы и искусства им. М.О. Ауэзова летом 2012 года было предпринято фольклорно-этнографическое обследование Костанайской области с целью выявления и изучения фольклорной традиции славянских этносов региона.

Современное состояние традиционного фольклора может быть осмыслено лишь в сопоставлении репертуара с общерусским фольклорным фондом, зафиксированным в классических и современных фольклорных сборниках, что позволяет сделать более определенные выводы о его региональной специфике. В качестве контрольного материала привлекаются опубликованные тексты сопредельных территорий (Среднее Притоболье, Сибирь), общерусские и украинские. Важным материалом для характеристики современного состояния традиционного фольклора являются и опубликованные казахстанские сборники, фольклорные архивы университетов, сведения местной периодической печати.

При сборе информации использовался метод интервьюирования, метод непосредственного наблюдения, метод фиксации явлений культуры. При изложении и изучении собранного материала применяется метод научного описания. Для воссоздания картины современного состояния обрядового фольклора был использован метод ретроспективных реконструкций. При характеристике традиционной и современной этнокультурной ситуации использовался метод социально-исторического анализа. При выявлении трансформационных элементов был употреблен сравнительно-исторический метод, а при сравнении с фольклором в других регионах – сравнительно-типологический подход. Для сравнения привлекались материалы из опубликованных сборников, отражающих фольклорную традицию Акмолинской области [5], Павлодарской области [6] и Восточного Казахстана [7], классический сборник украинского фольклора И. Бессарабы [8].

Фольклористическое обследование, результаты которого использованы в работе, проводилось преимущественно в тех селах и рай-

онах области, где славянское население составляет основную его часть: Федоровский район (села Пешковка, Курское, Владыкинка, Первомайское) и Мендыкаринский район (село Боровское). Исполнителями в основном являлись лица русской, украинской, белорусской и казахской национальности, принадлежащие к различным социально-профессиональным и половозрастным группам. Информаторы являются потомками и представителями различных переселенческих потоков.

Культурно-просветительская работа Костанайской области

Областной Дом творчества свою деятельность осуществляет под руководством областного Управления культуры Костанайской области. В Доме творчества г. Костаная функционирует 16 национально-культурных центров. Коллектив областного Дома творчества регулярно выступает инициатором и непосредственным организатором проведения в области общественно-политических акций, семинаров и мероприятий, активно способствующих сохранению и развитию национальных культур, языков, народных традиций.

Заметными событиями в общественной и культурной жизни Костанайской области стало ежегодное проведение таких мероприятий, как Фестиваль авторской песни «Мой край родной»; Фестиваль украинского народного творчества, в котором принимают участие до 500 человек со всех регионов области. Представители всех диаспор поют песни на украинском языке, демонстрируя интерес и уважение к национальной культуре украинского народа.

Ежегодно в области проводятся празднования Наурыз мейрамы, Праздника единства народа Казахстана, Дня Победы, Дня конституции, Дня Республики Казахстан, а также Дней национальных культур: Армянский праздник «День Матери», татаро-башкирский национальный праздник «Сабантуй», Еврейский праздник «Песах», туркменский День нейтралитета. На этих праздниках собираются представители всех диаспор. В сценарий входит песенный репертуар, танцы, народные игры и конкурсы.

Примечательно, что мероприятия привлекают всё большее число молодёжи разных национальностей, которая учится с уважением относиться не только к своей, но и культуре других народов, их обычаям и традициям. Костанайский областной Дом Дружбы ведет систематическую работу по формированию и распространению идей духовного единства, сохранения и укрепления дружбы и межнационального согласия между представителями разных народов, населяющих Республику Казахстан [9].

В Федоровском районе плодотворно работает общественное объединение «Межнациональный культурный центр Федоровского района Костанайской области», функционирует украинский национальный центр «Свитанок», (с. Пешковка (руководитель Шевченко Е.Д.), славянский (руководитель Шевченко И.И.) , русский (руководитель Краснорылов Ю.П.). Значительное место в работе клубных учреждений занимает проведение традиционных мероприятий и праздников, конкурсов, фестивалей. Особенно активно работают Пешковский и Первомайский сельские клубы [10].

Обрядовый фольклор

Цикл традиционной праздничной обрядности реконструирован по рассказам-воспоминаниям сельских жителей. В описаниях календарных празднеств исследуемого региона представлена картина празднования календарных и церковных праздников, многие из которых отмечаются и поныне. Календарные праздники Рождества, Нового года, Крещенья, Масленицы, Пасхи, Троицы, Ивана Купалы передают последовательность основных обрядовых действий праздника.

Одним из самых любимых и почитаемых праздников был и остается Новый год. Активное бытование новогодних обрядов и песен отмечено в 1920-30-е годы, в послевоенное время на волне фольклоризации населения, вплоть до 1980-х годов. В конце XIX – начале XX вв. праздничный обход дворов и колядование стали молодежной и детской обрядовой игрой.

Структурно святочные праздники включали три этапа: Рождество, Новый год и Крещенье. Новогодние праздники называются в

регионе Новый год, Рождество, Старый Новый год, Крещение (название “святки” встречается очень редко). Обряды подразделялись на славление, хождение со звездой, посевание и колядование, щедрование; производились в разное время: утром, днем или вечером, разными половозрастными группами.

Рождество (6–7 января) отмечалось обычно три дня, которые были выходными. Обрядовое поведение включало раннее вставание, запрет на работу, приготовление ритуальной пищи (мясо свиные, колбасы, печенье, кутя), праздничный обход дворов и славление Христа. На Рождество ходили к соседям и родным с поздравлениями.

Приведем типичное описание Рождества, записанное в селе Пешковка Федоровского района Костанайской области: «Рождество обязательно отмечали. Мы носили вечерю. Из пшеницы варили кашу, туда ягоды из компота. Нам завязывала мама в платок, пирожки накладывала, и мы носили по родственникам, а потом по всем. Вот занесишь и говоришь: «Мама и папа прислала вам вечерю». Те развязывают, пробуют, докладывают своего и дают нам конфеты и по копейке. На Рождество, как первая звезда выступит, до тех пор никто не ходил. И вот начинают носить вечерю. Это святой вечер. А на другой день, уже на Рождество, гуляли взрослые. Колядовали взрослые» (Зап. в 2012 г. в с. Пешковка Федоровского р-на от Полко Л.И., 1944 г.р., украинки).

Новогодний обряд посевания в Казахстане, как и в России, распространился поздно, под влиянием переселенцев из европейской части России и Украины. «На Новый год посевали. Ходили, посевали и пели. Мужчина должен был петь: «Сею-вею, посеваю! С Новым годом поздравляю! Счастья, радости желаю! Здравствуйте! С праздником!» Стараются насыпать везде в доме, потом не выметешь! И сейчас посевают. Им надо наливать, угощать. На Старый Новый год у всех двери открыты. И каждый старается, чтоб кто-то к ним пришел. Чем больше придет, тем больше чести. И песни поем до утра!» (Зап. в 2012 г. в с. Пешковка Федоровского р-на от Полко Л.И., 1944 г.р., украинки).

Праздничные обходы дворов как доминирующий рождественско-новогодний обряд зафиксированы и в других областях Северного Казахстана [3].

Цикл новогодья завершался Крещеньем – Днем Иордана. В день Крещения повсеместно в храмах, на реках, озерах совершается водосвятие, обряд освящения воды в Иордани (Ярдани, Ердани) – проруби, сделанной в виде православного креста. Святая вода считалась ритуально чистой, сохранявшей в себе целебные свойства на весь последующий год. Этой водой умывались, окропляли дом, скотину. В селе Пешковка зафиксирован обряд молчальной воды: «Рождество, Крещенье, Пасха, Троица, Иван Купала. Эти все праздники мы отмечаем. 19 января крестики везде ставили. Воды набирали в 6 часов утра. Надо идти и молчать, не оглядываться, всякие шорохи слышны. Свята вода от всего помогает» (Зап. в 2012 г. в с. Пешковка от Левченко Л.С., 1941 г.р., украинки, местной).

В соседнем селе Курское бытует обряд изготовления проруби и купания в святой воде: «А на Крещенье и сейчас ребята рубят прорубь крестообразно. И весь поселок почти купаемся. Мороз до 30, а все равно купаемся. Детей макают за руки. Церкви нет, сами ребята помолются, перекрестимся. И чувствуешь себя хорошо» (Зап. в 2012 г. в с. Курское от Симикиной Е.Г., 1940 г.р., украинки).

Собранные в Костанайской области материалы свидетельствуют о том, что празднование традиционной Масленицы сохранилось в воспоминаниях исполнителей старшего возраста. Информанты отмечают следующие обрядовые действия: гостевание (застолье, блины), катание и игры, изготовление и сожжение чучела. «Масленица – это перед Пасхой, А потом начинается пост великий. Чучело делали из соломы, набивали одеждой. На Масленицу песен не пели. Я помню, мама моя, как вечер, они собираются на праздник и поют, в одной хате, в другой хате.

На Благовещенье нельзя ничего делать. Я помню, мне бабушка расчесываться не разрешала» (Зап. в 2012 г. в с. Пешковка от Стар В.Н., 1946 г.р., украинки).

В селе Боровское Мендыкаринского района еще до сих пор делают и сжигают чучело Масленицы: «На Масленицу всегда чучело делают, прошлый год еще сжигали, думаю. Везде, всегда сжигали, целыми ночами костры жгли. Мы еще пацанами были. Делали чучело, сжигали, на озере обязательно были, на саях детишек катали наря-

женные лошади. У нас, может, лет десять назад не стали» (Зап. в 2012 г. в с. Боровское от Чернова А.В., 1947 г.р., русского).

В первой половине XX века Масленица бытовала в Казахстане, в частности, в обследованных селах Притоболья как достаточно целостный фольклорно-этнографический комплекс, включающий архетипические ритуалы и игровые обряды. В начале XXI века Масленица стала праздноваться как светский праздник «Проводы зимы».

К Пасхе всегда готовятся заранее и любят ее встречать. Традиционным для жителей села было приготовление обрядовой еды, гостевание, окрашивание яиц. «На Пасху пришли с церкви, разговелись, потом пошли по родственникам. На второй день носили крестникам пасху и яички. Выкатывали яички. Кто в яичко попадет, тот забирает яичко себе (Зап. в 2012 г. в с. Боровское от Головач М.А., 1935 г.р., украинки).

«На Пасху обязательно три дня. Детям разрешали на церковь заходить. А сейчас не то что детям, Троица или Пасха пошла, священнику некогда даже звонаря поставить, чтоб хотя бы в колокола позвонил. А тогда детям разрешалось самим: они залазили на хоры, а с хоров на колокольню. Не надо было никого ставить, это было пацанам интересно» (Зап. в 2012 г. в с. Боровское от Чернова А.В., 1947 г.р., русского).

Традиция празднования Троицы в селах Костанайской области сохранилась в рудиментарном виде. Исполнители вспоминают основные элементы обряда: посещение церкви, подготовку к празднику, уборку, поминование умерших, украшение дома, запрет на работу и гостевание: «Раньше это был праздник. Все домики украинцы обязательно мазали, белили, окошечки подводили синькой, и печки, и пол земляной. И чтобы обязательно все было помазано и убрано к Троице. И с утра все гуляли. Родители нас наряжали. Раньше наряженную березовую ветку в дом ставили, клечань называется. А сейчас украшаем обязательно березовыми ветками, косим травку и насыпаем на пол. Любую траву можно, хорошо любистик. Сейчас приезжают родственники и обязательно поминаем» (Зап. в 2012 г. в с. Курское от Моисеевой В.И., 1947 г.р., украинки, местной); «На Троицу рубаем березки, травой посыпаем пол. Хорошо пахнет!»; «На Троицу украшали не только березки. Я в этом году еще ветки зеле-

ные вешал» (Зап. в 2012 г. в с. Боровское от Чернова А.В., 1947 г.р., русского). «На Тронцу все травой заправляли и гуляли» (Зап. в 2012 г. в с. Боровское от Головач М.А., 1935 г.р., украинки).

Для Притобольша характерны основные ритуалы дня Ивана Купалы – сбориание трав и обливание водой. «На Ивана Купалу выходили и смотрели – солнце играет или нет» (Зап. в 2012 г. в с. Боровское от Головач М.А., 1935 г.р., украинки); «На Купалу можно купаться, открытие воды. А потом Илья есть. Это уже закрытие воды. Не знаю, шо говорят, но если Илья в воду насцаяв, купаться нельзя. На Покров стирать, вязать – это строго, нельзя!» (Зап. в 2012 г. в с. Пешковка Федоровского р-на от Полко Л.И., 1944 г.р., украинки).

Итак, картина бытования традиционных календарных праздников, восстановленная по рассказам исполнителей, свидетельствует об относительной сохранности календарного цикла славян.

Зафиксированы в живом бытовании колядки и щедривки украинского репертуара. Архивные тексты обнаруживают сходство с опубликованными вариантами, например:

Архивный вариант, 2012	Опубликованный вариант
<p>Коляд, коляд, колядница, Добра с медом поляница. А без меда не така, Дайте, тятку, пятака. Не дасты пятака, Возьму вола за рога. Поведу на криницу, А с криницы на точок, Дайте, дядька, пятачок!</p> <p>(Зап. в 2012 г. в с. Пешковка Федоровского р-на от Полко Л.И., 1944 г.р., украинки)</p>	<p>Коляд, коляд, колядница, Добра с медом поленица, А без меда – не така, Дай, тетка, пятака. Не дашь пятака, Возьму быка за рога, А кобылу за чупрыну. Да и поведу на могилу, А с могилы – в кабак, Да и пропью за пятак.</p> <p>(7, Багизбаева М.М., № 5)</p>

В украинских селах бытует в регионе обряд щедрования и исполнения щедривок, приуроченный к календарному времени (Старый Новый год - 13-14 января).

Архивный вариант, 2012	Опубликованный вариант
Щедривочка щедровала, Под виконце припадала. Шо ты, тетка, напекла, Неси нам до викна. Не щapai, не ломай, А по целенькому давай! (Зап. в 2012 г. в с. Пешковка Федоровского р-на от Полко Л.И., 1944 г.р., украинки)	Щыдривочка щыдрovala, Пидь виконце пидбигала: Шо ты, титко, испыкла, Нысы мини до викна! (8, Бессараба, № 497)

Зафиксированы посевательные песни аграрной тематики с мотивом «работа в поле»: «Ходе Илья на Василья», «Ой, в полях, в полях сам Господь ходил», «Мать Мария по полю ходила», «А в поле, поле»:

Запись 2012 г.	Опубликованный вариант
А в поли, в поли, Сам плужок ходил. А за тем плужком Дева Мария. Дева Мария. Исты носила, Исты носила, Бога просила: Зароди, Боже, Жито, пшеницу. Жито, пшеницу. Всяку пашницю. Сею-вею, посеваю, С Новым годом поздравляю! Здравствуйте, с Новым годом вас! (Зап. в 2012 г. в с. Пешковка Федоровского р-на Левченко Л.С., 1941 г.р., украинки)	Ой, въ поли, въ поли Сам Господь ходе. 2 р. Дива Мария – 2 р. Йисты носыла, - 2 р. Бога просыла: “Зароди, Боже, Жыто, пшеницу, 2 р. Всяку пашницю!” Що в поли зерно, То в доми добро. Сію, вію, посаваю, Зь Новым годомъ поздравляю! При словах “Сію, вію, посаваю” – посыпают зерном всех находящихся в комнате. (8, Бессараба, № 498)

Как следует из сопоставительной таблицы, основные мотивы и их структурная последовательность в архивных вариантах разных сел одинаковы, совпадают с вариантом из классического украинского сборника [8].

В с. Боровское от Головач М.А. записаны редкие рождественские колядки, щедровки «Щедрый вечер» и детские щедровки, которые она привезла с исторической родины и внесла в местный репертуар. Исполнительница подчеркивает: «Я много знаю колядок. О Божьей матери, ангелах. Это на Рождество пели»:

Ой, у Вифлееме стала вся новина,
Там родила Божья маты тай божьего сына.
Вона породила, в яслях положила.
Люли-люли, люби сыну, ты дetyна мила.
А Иисус маленький ручки протягае.
Сред того всего свиту до себе скликае.
Щоб все були добри, щоб все були щастны,
И разумни и здоровы, мовти цвети красны.

На Рождество также исполняются народнопоэтические обработки канонических и апокрифических сказаний о начальных эпизодах земной жизни Иисуса Христа и жизни Богородицы. Так, в Акмолинской области зафиксированы редкие варианты песни «Ой, там на Иордани», песни с зачином «Ой, там на Ярдани», разрабатывающим мотивы рождества, пеленания, колыхания Христа и вознесения его на небеса. Обнаружен аналогичный вариант в сборнике Бессарабы (№ 489). В Акмолинской и Павлодарской областях среди украинцев бытует песня «Нова рада стала», инвариант которой разрабатывает мотивы появления рождественской звезды; рождения Христа; просьбы урожая и счастья для хозяев.

Зафиксирована в с. Боровское также редкая песня «Щедрый вечер», которая исполняется и в украинских селах Северного Казахстана. Это контаминированная «господарская» колядка, в которой представлены мотивы прилета ластивоньки под окно; величание пана-господаря, его жены, детей; благопожелание богатства (скота, дорогих вещей и т.д.)

Сравним два текста:

Запись 2012г.

Щедривонька добривонька,
Прилетела ластивонька.
Стала вона щедровати,
Господаря выкликати.
- *Выйди, выйди, господару,*
Подывыся на кошару.
Вже коровки потелились,
Вже ягнята народились.
Щедрый вечер, добрый вечер,
Добрый людям на здоровье!

Опубликованный вариант

Прилетала ластивонька,
Сама впала край виконца.
Стала она щебетати.
Господина выкликати:
- *Выйди, выйди, господару.*
Подывыся на кошару.
Ой, чьи вивцы покотылись,
Чьи баранцы породылись.
Ой, овечки-белоножки,
Ой, ягнята, белы рожки.
Щедрый вечер, добрый вечер.
Щедрый людям на весь вечер.
(5, №149).

Из сопоставительной таблицы следует, что варианты, записанные в Акмолинской и Костанайской областях, отличаясь временным интервалом в 30 лет, демонстрируют сохранность вербальной части, различаясь только формульной концовкой.

Сравнительно-сопоставительный анализ современных и классических, архивных и опубликованных вариантов свидетельствует о достаточно хорошей сохранности обрядов и песен зимнего цикла. Песни весеннего и летне-осеннего цикла не сохранились.

В сопредельных российских территориях наблюдается аналогичная фольклорная ситуация. “Самый богатый и разнообразный цикл календарных песен в Сибири зимний: обходные поздравительные песни – колядки, винограды, овсени, баусени, щедровки, новогодние “посеванья”, песни святочных гаданий – подблюдные с припевами “Слава”, “Свят вечер”, “Илею”, масленичные. Весенний цикл обрядовых песен представлен закличками и семицко-троицкими. Невелико число записей летних песен, среди них – купальские, кострома, петровка, жнивные”, – подчеркивает Н.В. Леонова, анализируя русские песни календарно-земледельческого цикла, бытующие в Сибири в XX веке [11, 9].

В развитии обрядово-праздничной ситуации можно выделить следующие направления: на бытовом уровне – повышение религи-

озности, на эстетическом – возрождение традиционных праздников, на общественном – широкое распространение гражданских (светских) праздников. Набрали силу зрелищно-досуговые праздники, сценарии которых стали строиться по образцу старых календарных (Рождество, Масленица, Наурыз, Проводы Зимы). В обследованных селах зафиксировано бытование вторичных, этнически окрашенных и светских праздников разнообразного характера, которые иницируются Малой ассамблеей народа Казахстана, проводятся местными Домами творчества, Домами Дружбы, клубами.

Национально-культурные центры ориентируются на фольклорное исполнительство в сценических формах. Зачастую они проводят массовые, искусственно инициируемые праздники рекультивированного типа, программа которых являет образец унифицированного варианта национальной культуры. Со сцены показывают национальные песни и пляски универсального характера – русские, казахские, украинские, белорусские, донских казаков. Новые праздники проводятся по устоявшимся сценариям, которые утвердились еще с советского времени. Ныне государственные праздники во многом повторяют структуру и семантику советских праздников. Зрелищно-досуговые праздники проводятся по образцу календарных и являются полиэтническими (Наурыз, Масленица, Сабантуй, Праздник Урожая).

Так, хор украинской песни «Мрия» (г. Рудный) – постоянный лауреат всех областных фестивалей украинского народного творчества, активный участник городских и областных мероприятий, юбилейных вечеров, творческих встреч. Самобытные фольклорно-обрядовые программы всегда проходят с демонстрацией национальной кухни и выставками украинского прикладного творчества: украинский свадебный обряд; Рождество Христово; Праздник Ивана Купала; Помолвка; Сорочинская ярмарка; Весна-красна; Вечера на хуторе близ Диканьки; Украинские Вэчорныци (Посиделки).

Маусымдық-салттық рәсімдердің бірі егіс жинап болғанда жастардың жиналып бас қосып өткізетін көңілді кеші – «Калата» деп аталады. Оның мәнісі мынадай: Жаңадан жиналған егістен пісірген қалаш төбеге ілінеді. Жігітер жағы секіріп тісімен алуы керек. Сонда молшылық, жақсылық болады деп ұғынылатын мереке көне славян-дардан келе жатқан күннің символдық мағынасымен байланысты.

Орыстың Аяз ата, Санта-Клаусы секілді 19 желтоқсанда өтетін балаларға арналған мереке – Николай мерекесі деп аталады. Ол күні жақсылық әкелуші Николай балаларға сыйлық тарататын күн.

Ой, кто-то Николая любит,
Ой, кто-то Николая служит.
От Николая до нащаство Заградой Николай!

Ал «Рождество» мерекесінде көңілді әзілдегі өлеңдер коляда айтылады.

Добрій вечер тоби,
Мани господ дарю.
Радуйся, ой, радуйся!
Земли Сын, Божіи мы.
Ой, пришли тебе, три праздника гости, радуйся!

«Қасиетті Василий» мерекесі өзен басында өткізіліп, Масленицаға қажетті рәсімдердің бәрі атқарылады. Ораза (Пасханың) ұстаудың алдында мынадай өлеңдер айтылады.

Христос воскрес, Христос воскрес,
Радись небо заявляя.
Пасха красна дельвитая и небес,
Боги добродись, Христос воскресь.

(Айтушы: Берд Роман Степанович).

Ораза кезінде украиндарда да үйлену тойын өткізуге тиым салынады. Жалпы 8 наурыз мерекесі белгіленгенге дейін украиндарда «Аналар күні» (день матери) мерекесі болғандығы белгілі болды.

Және жергілікті орыс, украин фольклорындағы ұқсастық пен қатар айтулы ерекшеліктері, олардың түпкі фольклорымен сабақтастығы жөнінде де тың мағлұматтар алынды. Мәселен: келінге қойылатын қатал сынақтар, жерлеу рәсіміндегі әр ұлтқа ғана тән заңдылықтар т.б.

Батыс Қазақстан облысының көп ұлт өкілдері мекендеген ауданының бірі – Теректі (Федоровка) сапарында украин, белорус ұлтының өкілдері белсенділік танытты. Ұлттық тағамдарды дайындау, ұлттық киімдердің түр-түсі, символикалық мән-маңызы жөнінде кең әңгімелесіп, ою-өрнек тігу үстінде айтылатын ескі өлеңдер мен әскерге шығарып салу, ұсталық кәсіпке қатысты өлеңдер, мақал-мәтел, анекдот, сыңсу типтес өлеңдер, әзіл өлеңнің түрлері, қонақ қабылдау үстіндегі тілек өлеңдерді хатқа түсіру барысында бүгінгі заманға бейімделген фольклорлық жанрлардың өзгерісі айқындалды.

Зерттеу барысында орыс, белорус халқымен бірге жалпы шығыс славяндар тобына жатады дегенімізбен, украиндардың өзіндік дәстүр салт ерекшелігі бар екендігі анықталды.

Мәселен: Украин халқының үйлену ғұрпы той алды (предсвадебный), той үсті (свадебный), тойдан кейінгі (послесвадебный) кезеңдерден тұратындығын, той алдындағы құдалық рәсімдері жігіт жағынан бір топ адамның құдаласуға қалыңдық жағынан бірнеше адамның баруынан басталып, қыз бен жігіттің еркіндігімен қоштасу рәсімдерінен тұратындығы белгілі болды. Мәселен: қыздар жиналып алып қалыңдықтың шашын өріп, өрілген гүл дестелер тағады (веноч) неке күніне дайындалады. Қыз үйіндегі тойдан соң жігіт әкесіне құрмет ретінде жастардың арнайы сәлем беруге баруы міндетті салт болған. Жігіт әкесі үлкен сыйлығын беретін бұл рәсім «пропаял минам» деп аталған. Өзіне жасалатын құрметтен кейін әкесі арнайы дайындаған силығын береді.

Бір атап өтерлік нәрсе информаторлардың айтуынша, украин ұлтының ғұрыптық салттарында егіншілік кәсіпке қатысты ұғымдар маңызды мән иеленеді. Мысалы, жігіт және қыз үйінде міндетті түрде пісірілетін қара бөлке (каравай). Бұл бөлкені пісіруге үлкен жауапкершілікпен қараған. Оны пісіретін әйелдерге бір-ақ рет тұрмыс құрған, өнегелі ата-ана болу міндеті қойылған. Осындай 7 әйел өздерімен бірге ұн, жұмыртқа және бал әкеліп, ортақ ыдысқа салып, түбіне монетка салып ашытып пісіру ең маңызды міндет дейді.

Сондай-ақ, жастарға жапырақ пен гүлдерден гүл дестелер өріп, тағу – үйлену салтының маңызды рәсімі. Бұл христианға дейінгі табиғатқа табынған көзқарасты білдіреді. Ал той алдындағы

рәсімдерде күйеу мен қалыңдықтың бозбалалық, бойжеткендік еркіндімен қоштасу рәсімінің атқарылуы міндетті болып есептеледі. Онда қыздар шашын белгілі формада арнайы өріп, гүлден жасалған десте тағады.

Үйлену салтына қатысты жазылып алынған тілек өлеңінің бір формасы мынадай үлгіде:

Не я бью - верба бьет
Будь большой, как верба
А здоровый, как вода,

(Айтушы: Богословская Нина Ивановна, 77 жас)

Орыстың маусымдық-салттық өлеңдерінің үлгісінен масленицаға байланысты өлеңдер төмендегі жолдармен мазмұндас болып келеді.

А мы масленицу прокатили,
А мы шара не видели
Мы думали: Масленица семь недель
Ажно масленица семь денечков
Масленица сподманила
Велики пост посадило
И на хрен же, на редьку,
На белую капусту.

(Айтушы: Карпова Людмила Петровна, 72 жас)

Сондай-ақ бұл іссапар барысында бүгінгі заманғы қазақ фольклорының да даму, сақталу жағдайларына назар аударылды, қазақтың салт-дәстүрі мен фольклорының сақталу барысын анықтау кезінде, өзара дәстүр алмасу, ауысу құбылыстары байқалды. Той мен ас, маусымдық мерекелер кезінде әр түрлі ұлттардың аралас-құраластығының әсерінен әртүрлі халықтардың ұлттық тағамдарын дайындау, қонақ қабылдау рәсімдерінде ортақ ұқсастықтар қалыптасқан.

Зерттеу нысаны болған Атырау облысының сан түрлі ұлт өкілдері мекендеген Махамбет ауданының Сарытоғай, Сарайшық, Бейбарыс, Береке, Алмалы ауылдарындағы орыс, корей, венгер, неміс, болгар, т.б. ұлт өкілдерінің Қазақстанға қоныстану тарихының ерекшелігіне сәйкес салттық-ғұрыптық ерекшеліктері анықталып, фольклорлық мұраларының өзгеру, түрлену заңдылықтарын айқындауға мүмкіндік туды.

Махамбет ауданының Бейбарыс / бұрынғы Чкалов / ауылында бұрын негізінен кәріс ұлтының өкілдері қоныстанған. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында олардың жартысынан астамы тарихи отанына және облыс орталықтарына көшкен. Осы ауылдағы тұрғылықты кәріс халқының өкілдерімен әңгімелесу барысында анықталған жайттар: әулет шежіресін (чончжок) (пон) кез-келген кәріс өкілінің білуі шарт, жаңа түскен, келген келін ұл бала тапқанша (яғни мұрагер) отбасының толық мүшесі бола алмайды. (Шин Елена, 73 жаста)

Кәрістер де ұрпақ мәселесіне аса қатты маңыз береді. Келіншектің аяғы ауыр болғаннан бастап сақталуы міндеттенетін әдеп нормалары (тхэге) жөнінде кәріс халқында «туған соң он ай ұстаз оқытқаннан гөрі, он ай осы норманы сақтағаны пайдалы деген» мақал сақталған дейді.

Сондай-ақ, Қарағанды, Ақмола облысындағы кәріс диаспорасының орталығында болғанымызда, қала және аудан, ауылдарындағы филиалдарымен әңгімелесу нәтижесінде кәрістерде бала дүниеге келгенде, үйленгенде, 60 жасқа толғанда, дүниеден қайтқанда міндетті түрде атқарылуы тиіс рәсімдердің заңдылықтары анықталды.

Мысалы: дәстүрлі үйлену тойларында 6 түрлі рәсімнің /Сач жу. Немесе хап сач жу; Тхяекиль немесе напкиль; напхе; Хяенге; синтаг; синханг / қатаң сақталуы тиіс екен. Бұл рәсімдердің әрқайсына тән сөздер мен өлең үзінділері сақталған. (Қарағанды кәрістер ассоциациясының төрағасы Ким Лилия Михайловна, 72 жаста).

Бұл жөн-жоралғыларды қазіргі күнге дейін сақтау міндеттеледі, өйткені олардың әрқайсысының мән-маңызы жас жұбайлардың болашағының бақытты болуы үшін және келіннің қайын жұртқа сіңісіп кетуі үшін, болашақ дүниеге келетін ұрпақтың қамы үшін қажетті қасиетті ырым-тиымдармен тығыз байланысты.

Жезқазған, Сәтбаев қалаларындағы кәріс ұлттық мәдени орталығының жетекшісі: Цой Владимир Леонтиевичтің (жасы 83 жаста) жадында бірқатар лирикалық өлеңдер: ырым-тиымдар, маусымдық мерекелердің өту барысы мен мақал-мәтел үлгілері сақталған.

Зерттеу барысында кәріс халқының бірқатар мақал-мәтелдерінің мазмұндық жағынан қазақ мәтелдерімен мағыналаслығы белгілі болды. Мәселен: «Қалыңдық таңдамас бұрын тегін таны», «Жаман күйеу – жүз жылдық жауың», «Қызы жоқ үй, жылуы жоқ пешпен тең», «Бала-шағасын дұрыс тәрбиелеген ата-ананың өз ата-анасы алдында парызы өтеледі», «Ардақты ана жаман он еркекке татиды», «Қайын ата күйеу баласын, енесі келінін сүйеді», «Өзің жайлы қанша жақсы мақтау айтқаныңмен, сыртыңнан айтылған бір мақтау шындыққа жақынырақ», «Келіндердің ұрысы ағалы-інілінің араздығын тудырады», «Бір сөзді бірнеше түрлі айтуға болады», «Сөз мағынасы қандай тонмен айтқаныңа байланысты әсер етеді» т.б.

Кәрістердің үйлену салты той алды, той үсті, тойдан кейінгі рәсімдерден тұрады. Тойға дейінгі қыз үйіне жиналған қалыңдықтың туыстарына сәлем беріп, сыйлық апару рәсімі «ченчи» деп аталады / Айтушы: Анастасия Симофона Ким /.

Той болатын күні күйеу қалыңдық үйіне аттанғанда онымен бірге жүретін адамдарға қатаң талаптар қойылады. Ол өмірде, қоғамда беделді, құрметті әрі өнерпаз адам болуы керек. Әрі олардың саны тақ болуы міндеттеледі. Қалыңдық үйінің алдында атқарылатын күйеу мен оның қасындағыларын сынау әрекеттері қазақ ғұрыптарына ұқсас. Кәріс қыздары үйінен ұзатылып шыққанда міндетті түрде өзімен бірге айна алып шығуы шарт. Жігіт босағасын аттамас бұрын алдымен қыздың айнасын алып кіру дәстүр болған көрінеді. Айна – қалыңдықтың тазалығының, даналығының белгісі. Яғни айна жарқылының шағылысуы анық, айқын болуы қалыңдықтың болашақтағы өміріне сәулесін түсіруі керек. Сондықтанда, қалыңдық айнаны оң жағымен қайын енесіне ұсынып, «мені дәл бүгін мына айнадағыдай қандай көңілді мейірімді жүзбен қарсы алдыңыз, қалған алдағы өмірдің барлығында мені солай қарсы алыңыз» деген ырыммен тілек етеді. Тағы бір ерекше ырым – жас келіннің алдынан көп мөлшерде күріш шашылады. Ол жаңа отбасындағы көп бала мен молшылықтың ырымы. Кәрістерде некелесу рәсімінен кейін қалыңдық пен күйеудің туыстарына сәлем бере барғанда күйеудің ата-анасы келінге арнайы юбка кигізеді. Ол көп бала табуға тілек ырымның белгісі. Бұл рәсім өте жақын туыстар арасында сақталады.

- Жоғарыда аталған информаторлар үйлену салтының мынадай рәсімдерінің барын және оның мәнісін баяндады. Күні бүгінге дейін сақталған «Наппхе» немесе «Хампхальги» рәсімінің мәнісі: күйеу жағы қалыңдық жаққа қалыңдық үшін ағаш қобдишасын сыйлап, күйеудің некеге қатысты хатын жібереді. Бұрын мұны қызметшілер атқарса, қазір күйеудің жолдас жігіті атқарады.

Ал, «Чжонанше» рәсінде күйеу бала қалыңдық үйіне келіп, қайын енесіне жұбайлық адалдық, тұрақтылықтың символы ретінде жабайы қаз ұсынады. Бұрын тірі қаз беру міндет болса, қазір ағаштан жасалған символикамен қанағаттанады.

Күйеу мен қалыңдықтың кездесіп, алғаш рет бір-біріне тағзым ету рәсімі – «Гебэрее» деп аталады. Алдымен қалыңдық екі рет иіліп тағзым еткенде, күйеу бір рет иілу керек.

Ал күйеу мен қалыңдықтың асқабақ қабығынан жасалған ыдыспен шарап ішу рәсімі «Хапгъеные» деп аталып, ол біртұтастық «бүтіндік» деген мағынаны білдіреді. Яғни, ер, әйел затты болып туылған мен отбасы құру мақсатындағы бір мақсат-мүддеге бірігу деген ойды тұспалдайды екен. «Пхебэк» салты бойынша неке рәсімдерінен кейін күйеу мен қалыңдық күйеудің ата-анасына сәлем беруге келеді. Мұнда жоғарыда айтылған «юбка» кигізу рәсімі өтеді. Бұл тек отбасы мүшелеріне ғана қатысты. Өйткені, тіл-көзден сақтану тиымы сақталады.

Жалпы кәріс үйлену тойының өтуі қазіргі заманғы көп халықтармен ұқсас. Бір ерекшелік: көптеген үстелге қойылатын тағамдармен бірге жасыл, қызыл жіптермен оралған тұтас асылған тауықтың жас жұбайлардың алдына қойылуы. Бұл жұбайлық өмірдің ұзақ әрі бақытты болуының символы болса, тауықтың омыртқасының үстіне қызыл бұрыштың қойылуы махаббат белгісі.

Тойдан кейінгі келесі күні – қалыңдықтың күйеудің туыстарына сыйлық апарып тағзым жасау рәсімі кейде «дель» деп аталады. Кәрістер өзара бас қосқан жерде айтылатын халық өлеңінің бір үлгісі «Ариран» деп аталады.

12 жасқа дейінгі өткізілетін мереке «Толь» деп аталады. Оның бірнеше версиясы бар.

Ол кезде мынадай тиымдар жасалады.

1. Жақсылық пен игілік иелерінің күші күннің алғашқы жартысында күшіне енеді. Ал қасқой, зиянкес күштер түстен кейін күшейеді. Сондықтан күн аумаы атқарылу керек.

2. Қыздарға ертерек үстелді дайындау керек, әйтпесе кәрі қыз болып, отырып қалады, ал жігіттерге сәл кешірек жаю керек, себебі, тым ерте үйленіп қоюы мүмкін деген ырымдар бар.

Той иесіне арналған үстелде қойылатын тағам түрлері:

1. Чарбоги – күріштің ерекше сортынан жасалып тағыздалып, пісірілген 3 тәрелке нан.

2. Сари – бір тәрелке күріш

3. КХО – бір тәрелке қызыл фасоль. Қызылшамен ауырудың алдын алу үшін пайдаланады.

4. Чяг – сырты әдемі мұқабамен қапталған кітап.

5. Енфиль-қалам мен қаламсап

6. Кася – қайшы

7. Силь – жіп

8. Тон – ақша

9. Ұлдар үшін семсер немесе найза, ойыншық мылтық, қазір қандай да бір құрал, мысалы, балға қойылады.

Анастасия Симановнаның айтуынша:

Кәрістердің 60 жылдығын атап өтетін міндетті рәсімі (Хангаб) өмірдің белгілі бір кезеңінің бітуі деп есептеледі. Барлық қатысушылар тілектерін мынадай сөздермен аяқтайды:

«Оря, оря, сасеё

Оря, оря анджисипсио»

Егер ата-аналары «Хангабты» өткермей жатып қайтыс болатын болса балалары мұны өткізуі тиіс. Молшылықпен үлкен дастархан жайылады. Бірақ көңіл көтеру мен тілек сөз айтылмайды. Марқұмның қандай болғандығы жөнінде естеліктер айтылады.

Қойылған суретке тағзым етеді, дұға жасайды. Мерейтойды мынадай жағдайларда атқаруға тиым салынады.

– Марқұмның үйлену тойы болмаса немесе баласы болмаса;

– Егер ата-аналары өздерінің «Хангабтарын» көзі тірісінде атқармаған болса;

– Мынадай жағдайларда атқаруға болады;

– Егер ата-аналары балаларына қатыссыз қайтыс болса;
– Егер ата-аналары мерейтойды өткізуге өздері рұқсат беріп, оны туыстары білген болса;

– Егер ата-аналарының қаржылары жетпегеннен қаржы жағынан балаларға тәуелді болғандығынан болса.

Яғни кәрістердің бала туу, үйлену ғұрыптарын негізінен сақтайтыны анықталды. Құдалыққа қатысты өлеңдер де сақталған.

Ал кәрістердің жерлеу салтындағы марқұмды оқшаулау, қазір сурет, бұрын марқұмның аты жазылған тақтайша қою, азалы күнді білдіретін ақ, қара түстің тандалуы, бүкіл рәсімдерді жасы үлкен адамдардың басқаруы, марқұмды жуындыру, тазалау әрекеттері кәріс халқының ғұрыптық заңдылықтарымен жүреді. Бір ерекшелік: бұл кезде қызыл түсті азалы ту «мёнчжан» дайындалып, оған ақ я сары иероглифпен әулеттің фамилиясы («пон») жазылады. Қабірге апарар алдында табыттың алдында осы туды алып жүреді. Кәрістерде де ертеректе, яғни өздерінің айтуынша, Ли династиясы үстемдік алып тұрған кезде әйелдер жерлеуге қатыспайтын болған. Қабір алдын-ала қазылып қойылады. Жарты метрден астам тереңдікке қазылған қабірге табытты салып, оның үстіне қаралы туды салып бірге көмеді. Азалау рәсімдеріндегі ерекшелік әйелдер 3 жыл бойына аза тұтуы міндет. Кәрістерде бұрынғы азалау салтының шарттарын қатаң сақтау қазіргі заманға дейін негізінен сақталған. Кәрістің дәстүрлі маусымдық салтының бірі – Соллаль деп аталады. Бұл жаңа жылдық мереке таңертең ерте аруақтарға құрбандық шалудан басталады. Содан соң үлкендерге сәлем беру рәсімі басталады. Ең алдымен ата-әжеге, сосын әке-шешеге тағзым ететін бұл рәсім «Сэбэ» деп аталады. Сонан соң барлық отбасы мүшелері күріштен жасалған сорпа («токкук») ішу үшін таңғы асқа жиналады. Сонан соң барып өзара бір-біріне қыдырып сыйлықтар тарату, дәстүрлі ойындар ойнау іске асады. Соның ішінде тақтаймен сырғанау (нольтвиги), қағаздан жасалған жылан бейнесін ұшыру (ённалиги) ойындарының өтуі міндетті.

Кәрістердің кісі жерлеу ғұрпының өзіндік ерекшелігі бар. Қайтыс болғаннан кейінгі екінші күні киіндіріп, үйдің көрнекті жеріне альтар (санчоон) қойып, оның жанына қағазға жазылған марқұмның аты-жөні қойылады. Көңіл айтуға келгендер, ең алдымен осы

альтарға тағзым етеді. Аза тұту рәсімі 3 жылға созылады. Осы уақыт аралығында етжақынынан айрылған адам жиын-той, ойын-сауыққа бармайды. Әулет ішінде ғана қарым-қатынас жасайды.

Кәрістердің салтындағы маңызды мәселелердің бірі сәлемдесу рәсіміндегі іс-қимылдардың дұрыс орындалуы халықтық этикетпен байланысты әдет дейді.

Қатты иіліп тағзым ету (чоль)

Белін бұғу (кённе)

Қолын қусыру (хансу)

Жай қусыру (пэден)

Кәрістердің аса мән беретін мәселелері – сәбидің туылғанына жүз күн толғаны «пэкль» деп аталады. Сол күні дәмді тамақтар пісіріп, жүз адамға таратса, ұзақ жасайды деген сенім бар. Әсіресе баланың болашақта кім болатындығын анықтауды мақсат ететін «толь» деп аталатын мерекесі сақталған. Сондай-ақ, 60 жасқа толған мерейтойын тойлап, оны бөлек тұрса да үлкен ұлының өткізуі міндет саналады.

Кәріс диаспорасының арасында мемлекетті алғаш құрған Когурё-Тонмёне Чумане және Чосон Тангун-Вангоме туралы аңыздың үзінділері сақталған. Аңыз-ертегілермен, қиял-ғажайып ертегілерінің еске түскен, жадында қалған үзінділерін араластырып айту тән. Мәселен: «Тангун туралы аңыздың» қысқаша мазмұны мынадай: Хванун мен Хванин көкті мекендейді. Бір күндері Хванун жер бетіне түсіп, соны мекен еткісі келеді. Мұның ойын сезген Хванин жер бетіндегі Тхэбек деп аталатын ең биік тау мен үш түрлі аспанның кілтін береді. Хванун Тхэбектің шыңынан қасиетті ағаштың аруақтар мекендейтін жеріне орнығады. Сонан кейін сол орын «аруақтар мекені» деп аталған. Хванун жел, жаңбыр бұлтты билеп, адам тағдырына әсер етіп, әділет пен ізгілік жаршысы атанды. Сол кезде бір үңгірде тұрған аю мен жолбарыс Хванунға өздерін адамға айналдыру туралы дұға жасап жүреді. 100 күннен кейін аю әйелге айналды. Оның ұзақ уақыт күйеуі болмайды. Бірақ ол қасиетті ағаш басына келіп, көктен бала сұрайды. Содан бір күні алып бала дүниеге келеді. Оны Тангун деп атайды. Яғни, кәрістерде де алғашқы адамның пайда болуы, аң мен адамның некелері туралы мифтермен мазмұндалады.

Ғылыми зерттеудің негізгі мақсатының бірі Қазақстандағы неміс, диаспорасы фольклорының сақталу, қолданылу аясын айқындау болатын. Сол мақсатпен Қарағанды облыстық «Видергебург» (Возражение) деп аталатын неміс диаспора орталығында болып, облыстағы неміс диаспорасының бүгінгі тыныс-тіршілігімен таныстық. (Төрағасы – Виктор Эдуардович Кист).

Нәтижесінде солтүстік Қазақстандағы неміс диаспорасының қоныстану тарихы анықталды. Оның бір тобы 1) XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында келгендер; 2) балалық, жасөспірім шағында Қазақстанға депортацияланғандар; 3) тың игеру кезінде келіп қоныстанғандар.

Информаторлардың мәліметінше, дәстүрлі неміс халқының тіршілігіне көпбалалы отбасылық өмір тән болған. Өзара татулық пен жауапкершілікке негізделген ата-ананы сыйлау, еңбекке адал көзқарас таныту тұрғысынан тәрбиелік тағлымдары кей тұста қазақтармен сабақтасып та жатады. Сондықтан негізінен немістердің балалар фольклорына қатысты этнографиялық-фольклорлық әңгімелері жазылып алынды. Ондағы, әсіресе баланың құрсақта пайда болуы мен дүниеге келуі, асырап-бағу барысындағы ырым-тиымдардың қазақтармен типологиялық ұқсастықтары жөнінде қығылықты тұжырымдар жасауға болады. Мәселен, көптен бала көтермеген әйелдің киелі жерлерге тәу етуі, аяғы ауыр келіншекке түнде далаға шығуға тиым салу, кісі қайтқан жерге барғанда сақтану т.б.

– Баланы уату өлеңі

– Соғысқа кеткен ағаларын жоқтау

– Туған жерді сағыну өлеңдері (Кребс Георгий Георгиевич.. 76 жаста. 23/III-1937 туылған).

XX ғасырдың басына дейін неміс отбасыларында сақталған бір әдет – күйеу қалыңдыққа той туфлин сыйласа, ал қалыңдық күйеуге көйлек (жейде) сыйлауы міндетті. Ерте кезде, XX ғасырға дейін бұл көйлекті қалыңдық өзі тоқыған. Бұл сыйланған көйлекті күйеу тойда ғана киген, сосын қайтыс болғанда кигізілетін болған дейді. (Айтушы: Вера Рон. 70 жаста).

Немістердің үйлену салтына байланысты көптеген ырымдар мен тиымдары табиғатқа қатысты. Мәселен: той күні боран болса, бүкіл

өмірі дауылды бұрқасынға ұқсас болады я болмаса жаңбыр қалыңдық көйлегіне тисе бақытсыздық болады дейтін сенімдер. Салыстырып қарасақ, неміс отбасында отбасылық өмірге ерекше мән беріп, белгілі бір жылдар аралығында салтанатпен атап өтіп отырған.

Баланың дүниеге келуі жайлы мифтік, мысалы баланы құтанның әкелетіндігі туралы және адамның жер-анадан жаратылуы туралы мифтердің жаңғырығы сақталған.

Жалпы немістердің үйлену салттары ғұрыптық жағынан европаланған. Бір ерекшелігі: қалыңдық пен құрбылары жиналып болашақта бала сияйтын «құтан» туралы өлең айтуы және барлық ыдыстарды «бақыт үшін» деп сындыру рәсімі күні бүгінге дейін міндетті саналады. (Екатерина Яковлевна Гасман ұлты неміс. 75 жаста.)

«Роль детского фольклора в формировании национального самосознания немцев» деген еңбегінде ғалым О.С. Дронова неміс халқының ұлттық мінезі оның фольклорлық шығармаларындағы образдарында сақталған дейді. Тіпті жалмауыз кемпір бейнесінің өзі осы негізде жасалған.

1. «die Hexe» сөзінің орыс тіліндегі мағынасы: «Ведьма». Ол өте шағын, іші де сырты да мұнтаздай тап-таза үйде тұрады. Олардың үйінің өзі печеньеден, қанттан, пирогтан жасалған. . «...es war aber ein kleines Gärtchen an dem verwünschten Häuschen, darin standen zwölf Lilien Blumen». Оның үйінде реттілік, әр нәрсенің орнында тұрып, әр істің уақтылы атқарылуы басты мәселе. Яғни бұл образға неміс халқының ұқыптылығы мен дәлдігі т.б. ұлттық мінез ерекшеліктері дарыған. Әрнәрсені уақытысында істеу, уақытты өте жоғары қадірлеуі, кешігуді құрметсіздік, әдепсіздік деп есептеу, ұлттық салттық дәстүрлеріне негіз болады. Бала тәрбиесінде осындай құндылықтар қамтылады, мысалы, балалар фольклорында баланы ұйқыға жатқызып түннің келгені ертең жаңа күн басталатыны айтылады». «Guten Abend! Gute Nacht!// Dein Bett ist gemacht// Alle Freunde wollen jetzt ruhn//Gute Träume wünsch ich nun//Morgen früh//Da freut sich //Schon der neue Tag auf dich //Morgen früh // Da freut sich //Schon der neue Tag auf dich [1, 160]. Мұндай өлеңдер арқылы уақыттың мәні сәби санасына сіңдіріледі. Мысалы, аптаның әр күнін санамалайтын балалар өлеңінің үлгісі: «Laurentia, liebe

Laurentia»: Laurentia, liebe Laurentia mein, //wann wollen wir wieder beisammen sein?// Am Sonntag! //Ach wenn es doch endlich schon Sonntag war' // und ich bei meiner Laurentia wär', Laurentia! [2, 351].

Әр аптаның әр күнінің белгілі бір міндеттерді атқаруға, оқуға , демалуға арналған күндеріне мән беретін өлең үлгісі: «A,a,a, – der Januar ist da. // In die Schule kommen wieder, // Singen neue frohe Lieder, // lesen, schreiben, rechnen hier, // Viele Kinder und auch wir. Ei, ei, ei, – die Ferien sind vor bei»

Сондай-ақ неміс жігіттерінің жарына айтатын әзіл өлеңдері сақталған: (Фасренрот Любовь Александровна 19.12.1948 туылған).

Давай представим, что мы с тобой на шахматном поле,
Ты белая королева, а я черный король.
И у тебя намного больше шансов взять партию,
Бери, мне не жалко, и дело не в азарте.
Просто я мусор не вынес, премию потратил,
Плюс устал, никаких родео в кровати.
Чем от меня пахнет?
Ты самая красивая женщина,
Я не буду убираться, это ж не моя функция.
Бесполезно ругаться,
Я не буду мыть посуду, даже если случится революция.
Ты должна меня понять,
Моя нежная милая умница.
Ну не надо хмурится, тебе это не к лицу,
Я не прилип к дивану и поправился только на унцию,
Ты и твоя подруга, как преступная коалиция
С днем рождения

Пусть в тебе сочетаются
Все хорошие качества!
В жизни чаще встречаются
Шутки, смех и чудачества!
Пусть совет будет дружеским,
А судьба только светлою!
Счастье в доме – супружеским,
А любовь лишь ответною!

Досқа арналған қалжың өлең үлгісі: Айтушы: Иванова Лариса
Ивановна (09.10.44 жылы туылған).

Oh, du lieber Augustin

O, du lieber Augustin, Augustin, Augustin,
O, du lieber Augustin, alles ist hin!
Geld is weg, s Mensch is weg,
O du lieber Augustin, alles ist hin!

Rock ist weg, Stockist weg, Augustin liegt im Dreck.
O, du lieber Augustin, alles is hin!
Und selbst das reiche Wien, Hin ist's wie Augustin;
Weint mit mir im gleichen Sinn, Alles ist hin!

Jeder Tag war ein Fest, Jetzt haben wir die Pest!
Nur ein großes Leichenfest, Das ist der Rest.
Augustin, Augustin, Leg' nur ins Grab dich hin!
Ach, du lieber Augustin, Alles ist hin!

Ох, любимый Августин,
Августин, Августин,
Ох, любимый Августин,
Всё пропало!

Деньги пропали, человек пропал,
Всё пропало, Августин!
Ох, любимый Августин,
Всё пропало!

Пиджака нет, ценностей нет,
Августин лежит в грязи.
Ах, любимый Августин,
Всё пропало!

И даже богатая Вена,
Пропадёт, как Августин;

Она плачет вместе со мной,
Всё пропало!

Каждый день был праздником,
Теперь у нас чума!
Теперь у нас большие похороны,
Это всё что осталось.

Августин, Августин,
Ложись в могилу!
Ах, любимый Августин,
Всё пропало!

«Wenn die Soldaten» атты әскери өлеңін, (Айтушы: Васильева Валентина Яковлевна Шмид 1952 жылы туылған) және махаббат жайындағы қалжың түріндегі әзіл өлең «Muss ich denn zum Städtete hinaus» (Айтушы: Энгель Лариса Николаевна 1939 жылы туылған) жазып алынды.

«Барлық халықта тұрмыс-тіршіліктің салаларына қарай әр алуан мереке болған. Ондай мерекелер шаруашылықтың ыңғайына қарай жылдың әр мезгілінде мейрамдалған. Сол себептен олар маусымдық сипатты болған. Әлбетте, мерекелер кезінде неше түрлі ойын-сауық, ырым-кәде, ән мен жыр орындалған және бұлар белгілі бір еңбек-кәсіпке байланысты болған, сондықтан сол еңбектің үстінде, я болмаса оның алдында атқарылған. Еңбектің түрі мен жылдың мезгіліне қатысты болғандықтан ол мерекелер кезінде орындалатын өлеңдердің тақырыбы да, мазмұны да әр алуан әрі нақты. Мұндай мерекелерді, шығармалар мен ғұрыптарды орындалу мезгіліне қарай көктемгі, жазғы, күзгі және қысқы, ал тақырыбына қарай бақташылық, егіншілік және діни деп, шартты түрде болса да, жіктеуге болады. Көктем мезгілі – малшыға да, егіншіге де өте маңызды, тағдырлы маусым» [3, 27].

Қазақстандық немістерде мынадай маусымдық-салттық мерекелер міндетті түрде аталып өтіледі. Мәселен, Люция (13 желтоқсан), мерекесі мен қасиетті Барбара (4 желтоқсан) мерекелері. Оның мәнісі: аппақ киінген қалыңдық, басына қалыңдық веногын

тағынып, оған шырақ қадап, әр үйге кіріп өлең айтып, сыйлық таратады. Осы күні мүмкіндігінше жүзім ағашының бұтағын алып, жаңа жылға дейін тамырлану үшін суға салып қояды. Әңгіме барысында осы кезде айтылатын өлең үлгілерінен үзінділер жазылып алынды. Рәсім соңында Отты бейнелейтін дөңгелек өзенге ағызылады. Ал 4 желтоқсандағы Барбара мерекесінде белгілі бір ағашты өте әсем безендіреді. Ал 24 желтоқсанда «Сочельник – қасиетті кеш» жаңа жыл алдында аталып өтілсе, 1 майда «Май ағашы мерекесін» тойлауда да ағашты безендіріп, айналып жүріп айтатын тілек, өлең айтады екен (Шмидэн Нелли Дмитриевна. 1947 ж. туған).

Мақал – өмірден, тәжірибеден туған, қоғамдағы сан қилы құбылыстарға берілген баға, қорытынды, түйін.

Неміс халқының мақал-мәтелдері:

Недоверия укор, как для дерева топор.

У любви две дочки: доброты и терпения точки.

Старая любовь, как сухие дрова: легко зажигается она.

Старая любовь заржавеет, когда новою повеет.

Насильную любовь и подкрашенная красота не спасет.

Любовь убивает время, а время убивает любовь.

Глаза – двери любви.

Если поцелуи могли бы след оставлять, чумазым девчонкам было бы стыдно гулять.

Ум и красота – не одного поля ягоды.

Мужчина без жены – голова без тела, женщина без мужа – тело без головы. Кому слишком хорошо живется, тот пускай и женится.

Чем раньше свадьба, тем дольше любовь. Кто женщин ругает, тот слишком сильно их любил.

Что бы дочку приручать, надо с мамы начинать.

Что женщину в сердце разит, то мужику лишь на коже зудит.

Бабы плач и смех из одного кошелька достают.

Девичество – трава, замужество – сено. Любить и петь не заставляют.

Қарағанды облыстық «Видергебург» атты неміс диаспора орталығына мүшелердің алды 90 жастан асса бастауыш мектеп оқушылары да бар екен. Онда әртүрлі ұлттық мерекелер өткізіліп, аптасына бір рет бас қосып, әртүрлі мәселелер жөнінде пікірлеседі.

Жасы үлкен кісілердің жадында көне фольклорлық мәтіндер көп сақталған.

Мәселен үйлену ғұрпындағы қалыңдықтың басынан желегін (фатасын) шешкен кезде айтылатын өлең үлгісін Валентина Яковлевна Шмидт айтып берді. Оның мағынасы:

Прекрасно, свободно,
Юношеская время.
Но оно никогда
Не вернется, не вернется,

Яғни мұнды әуенмен айтылатын бұл салт өлеңі еркін, азат көңілдің өзгеріп, жаңа келінді міндет-парыздардың пайда болғандығынан хабардар етіп, жаңа өмірге қадам басқан қыздың өткенге қимастығы мен қобалжулы көңілін білдіреді дейді.

Ал Любовь Иванова атасы Кален Вахтан естіген бесік жырын айтты. 89 жастағы Энгель Лариса Николаевна әжесі Энгель Эмилия Яковлевнадан естіген көне балаларға арналған мінәжат өлеңін еске түсірді. Оның мағынасы:

Ангел приди, ангел приди!
Сделай так, чтобы
Я на небе к тебе пошел
И твое сердце пустым не было

Жалпы Қазақстандық немістердің салт-дәстүрлерінде Германия немістеріне қарағанда көп өзгешелік қалыптасқан. Бірақ соның барлығында отбасылық фольклордың ортақ заңдылықтары бар екендігі белгілі болды. Соның бірі жаңа түскен келінге жаңа міндеттер мен парыздарды түсіндіру үшін атқарылатын «Shains Deiw» рәсімі.

Информатор Валентина Яковлевнаның айтуынша, неміс отбасы да бұрын көп балалы болған. Ол кісі балалары жан-жағынан «мама, мама» деп етегінен тартып шулаған неміс әйеліне арналған әзіл өлең айтып берді. Мағынасы:

Мама туда, мама сюда,
Мама лохматый медведь.

Қазақстандық немістер ұлттық маусымдық салттық мерекелерін жыл сайын өткізіп тұрады. Мәселен, «Қасиетті Мартин» мерекесі 11

лерде «қуыршақ мүсінді» отқа жағады я болмаса ыстық суға тастайды. Уақыт өткен сайын қысты шығарып салу рәсімі магиялық сипатынан ажырай бастаған. Бүгінгі күні поляк жастары 21 наурызда осы «Мажжанды тұншықтыру» рәсімін көңілді жиын, тойға айналдырады. Мектеп оқушылары, мұғалімдер сабақтан босатылатындықтан Польшада бұл мерекені «қыдырымпаздар күні» деп (день прогульщиков) атайды екен.

Жалпы Ақмола мен Қарағанды облыстарына жүргізілген мақсатты экспедиция аясында Қарағанды облысының Жезқазған, Сәтбаев қалалары, Ұлытау, Жаңарқа аудандарының бірқатар аудан, ауылдары мен Ақмола облысының Астана, Көкшетау қалалары, Целиноград аудандарының бірқатар аудан, ауылдары мен қоса, қазақ фольклорының бүгінгі күнгі хал-күйін бағамдаумен бірге неміс, кәріс, поляк диаспорасының /отбасылық ғұрыптық өлеңдері, дұғалар, мақалдар, тарихи өлеңдер, шежірелер т.б./ фольклорлық мұраларын салыстыра қарастыру мүмкіндігі туды.

Осы іссапар барысындағы Атырау облысындағы шешен-ингуш ұлтының отбасылық ғұрып фольклорындағы ерекшеліктер анықталып, ерлік, батырлық туралы әңгімелерден үзінділер жазылып алынды. Әңгімелесу барысында шешен халқының әдет-салттарының жиынтығы «нохчо» деп аталатыны белгілі болды. Қазақстанда тұратын шешендердің өзара силастық пен отбасы мүшелерінің қарым-қатынасын реттейтін әдет-ғұрып нормаларын міндетті түрде сақтайтындығы мәлім болды. Әсіресе әйелге деген құрмет пен сеніммен қатар ежелден келе жатқан түрлі тыйымдарды сақтауға мейлінше тырысатындығы байқалды Ол: әйелді жамандықтан қорғап қолдаудағы шешен азаматтарының жауапкершілігі. Осыған байланысты айтып берген бір әңгіменің мәні мынандай: «Бір күні әйелдің үйде жалғыз екенін білмеген бір жігіт ауылдың шетіндегі бір үйге келіп қонады. Әйел ежелгі қонақ күту дәстүрін сақтап ас-суын беріп, үйіне қондырады. Таңертең ғана үй иесінің жоқтығын білген жігіт асып-сасып жуынып жүргенде саусағы әйелге тиіп кетеді. Үйден аттана салысымен жігіт сол саусағын қанжарымен кесіп тастапты». Ал шешен жігіттерінің жол беріп әйел қауымының артынан жүруін таулы-тасты қатерлі аймақтағы өмір сүру ерекшелігіне байланысты

қорған болу міндетінен туған деп түсіндіреді. (Облыстың «Вайнах» атты шешен-ингуш мәдени орталығының төрағасы – Акаев Сейтамин Ахмедович).

Ал Жезқазғандық Зинаида Чумакова – «Земные звезды Жезказгана», «Осенняя рапсодия», «Диалектика души» кітаптарының авторы. Көптеген өлеңдері «Юбилейный», «Сарыарқа саздары» жыр жинақтарына енген. «Вайнах сегодня», «Нива», «Парасат», тағы басқа газет-журналдарда өлеңдері жиі жарияланып тұрады. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қызметкері. Ол кісі шешен халқындағы мынадай салт ерекшелігін айтты:

«Күйеу бала қайыненесін қаншалықты сыйласа соншалықты көзіне түспеуге тырысады. Егер қайын енесі келетінін алдын ала білсе, дастархан жасап, сыйлығын әзірлеп, қайын енесі келгенше кетіп қалуы керек. Я болмаса көрші үйде жасырынып отыруы керек. Яғни бұл өзінің жарына, жарының ата-анасына деген құрмет белгісі. Екіншіден, қайын жұртымен татулығын сақтаудың келілі. Өйткені аз көрісу көп жүз шайысулардан сақтайды. Бір-біріне құрмет, ізеті сақталады. Мысалы, мен орыс тілді өзге ұлттардың ортасында көп боламын. Олардың қайын енені келеке етіп, сынайтын әңгімелері, анекдоттары бар. Ал бізде қайын ене ең құрметті адам. Қазақтармен біздің өте ұқсас жеріміз: ер-азаматтарымыздың бедел, абыройын биік қоюымыз. 1944 жылы біздің халықты жер аударғанда кәрілер, балалар, әйелдер кейбіреуі аяғы ауыр, қарттар құлап-сүрініп жатқанда әйелдер: «Еркектер бір нәрсе істесеңдерші деп айғайлағаны» есімде. Өйткені әйелдер өмір бойына ер азаматтардың қорған, пана болып келген дәстүрінде тәрбиеленген. Ең соңғы оғын өзі үшін сақтап, оған дейін бүкіл әйелдерді, Отанын қорғап өту шешен жігіттерінің серті. Сондай-ақ үлкендерді сыйлау, адалдық, серт, дүниеден өткендерге құрмет, қабірлерді құрметтеу дәстүрлерін берік ұстанады. 1944 жылы келген шешен халқы мен қазақтың тез тіл табысып кетуі осы дәстүр құндылықтардың үйлесім табуында деп есептеймін.

Мен өзінің бесік жырын естіп өскен бала ең бақытты бала ғой деп ойлаймын. Мен өзімнің бесік жырымды білмеймін. Бірақ қазақ әжелерінің қалай бесік жырын айтқаны есімде. Менің әке-шешем

жер аударылғанда ауыр аштықты, қиын күндерді бастан өткердік. Менің көршім жер аударылған немістер болды. Бірде көрші қазақ әже бізді, неміс құрбым екеуімізді шақырып алып, нанға май жағып берді. Екеуіміз келе жатқанбыз. Алдымыздан әкем шықты. Мен әкемнен қаймығып, қолымды артыма жасырдым. Әкемнің «көрсет» деген сұсты жүзінен кейін нан мен майды көрсеттім. Әкем өте қатты ашуланып, маған ұрсып: «Сен осыны алдың ба? Сен неге алдың. Енді жұрт сені аш деп ойлайды» деп ренжіді. (Мен баламын ғой, «мен онсыз да аш емеспін бе деп ойлап тұрмын»). Әкем маған: сол уақытта «қандай ауыр халде болсаң да аштығыңды басқаға білдірмейтін төзімді, намысты болу керек» дейтін ежелгі дәстүрді үйретіп тұр екен ғой. Осы кезде әкемнің мені ұрсып тұрғанын көрген қазақ әже қаһарлы дауыспен: «Ұрыспа, балаға. Біз тұрғанда ол ашығуға тиіс емес» деп қалтасынан екі бауырсақ алып, маған ұсынды. Сол бауырсақтың дәмі өмір бойы аузымнан кеткен емес. Ол әже менің ылығы да үйде жалғыз болатынымды, қиналып жүргенімді біліп маған жиі келетін. Сол әженің айтатын «Әди, әлди» әні жадымнан өшпейді. Күйеуге шығып, алғашқы баламды жоғалтқанан соң Аллаға оралдым. Кейін діннің мән-маңызын түсінуге тырысып, бүкіл әлемдік дін өкілдерімен кездесіп, пікірлесіп, танымымды кеңейттім. Қазір мен тек музей жұмысымен ғана шектелмеймін. Алды 90, арты 60-ты алқымдаған қазақ әжелерімен жұмыс жүргізіп, олардың өнерлерін өрістетіп, қазақ отбасының салт-дәстүрлерінің құндылықтарын жас ұрпаққа жеткізуіне септік жасаймын. Маған көп балалы қазақ отбасыларындағы, мысалы, 10-12 бала болса да әрқайсына құрметпен қарап, татулықта тәрбиелейтін дәстүрі ұнайды. Бұл қазақтың ұлттық ерекшелігі деп білемін».

Қазақты жанындай сүйіп атамекені санаған ақын, өз жұртын да сүйеді. Ақын жүрегі үшін Қазақстан мен Шешенстан ажырамас егіз ұғым.

Елім менің
Ордалы ел қайда?
Аулақта.
Мен келдім басқа Станға.
Отаным қалды тау жақта,
Ошағым-Қазақстанда.

Не болды бізге о, Тәңір?!
Өртенген отта ұл ма-аңыз?!
Тамұқты көрді Отаным!
Жұмақта жүрміз мұнда біз.

Адасқан ағам дауылмен,
Бірге ұшты бір ел қауыммен.
Қазақстанда табыстым,
Хабарсыз кеткен бауырмен!

Төбемнен бұлттың қаптауын,
Торғайдай қуып қауымымды.
Ұрады ол неге Қап тауын,
Қырады ол неге бауырымды?!

Ресей!
Өгей анашым!
Жақының әрі жатың-МЕН.
Қара оймен қайда барасың,
Жетім ұл, жесір қатынмен?!

Ақынның «Борз» атты өлеңінде «Көк бөрі», «Қасқыр» ұғымдары батырлықтың өрліктің, жасампаздықтың символына айналған. Мысалы: Шешен Республикасы – Ичкерияның мемлекеттік белгісі – Қасқыр. Шешен тілінде Борз – Қасқыр деген сөз.

Ұлыған қасқыр – Ай астындағы,
Сүйінсем сен деп, – бүлінсем!
Тәнімде-сендей адастың қаны,
Пірім – сен менің,
Ділім – Сен!

Тәкаппар – сенше,
Паң басып едім –
Аярға адым аштырмай.
Армысың, асқақ қандасым менің!
Бармысың, елім – Қасқырдай!

Сайран күндерім, ойран түндерім,
Қап тауым, қайран, – баспана.
Қайратым менің – Вайханым менің!
Бодан болмайсың – басқаға!

Ой менен қырдан оралдым түнде –
Апанға!
Сонда боламын...
О, Борз!
Сенің обалың – кімге?!
Кімдерге менің – Обалым?!!

Аспанға қарап, жарықтық,
Ұлыңыз!
Қарайған жұртқа қас қылмай;
Біз – Қасқыр дейтін халықтың ұлымыз!
Бармысың, елім, – Қасқырдай!

Өзге ұлттың өкілі болғанымен бала жасынан қазақ салт-дәстүрінің қадір-қасиетін жан-жүрегімен сезініп өскендігі ақынның өлеңдерінің мазмұнынан да айқын көрінеді. Мәселен «Ақ бата» атты өлеңін оқып көрейік.

Бокалдың сыңғыры деме сен,
Ақ бата-сөз нұры, құны артқан.
Ақсақал арқылы ол кеңесер
Ғасырлар нақылы ол мұнартқан.

Лебіндей жүзінді шарпыған
Жүректі жылытқан жалынның.
Ақ бата-ақ тілеу аңқыған
Ақ бата-жарлығы жаныңның.

Қадірлі іс басташы, жетесің
Ақ бата серігің сенің де.
Жұбайлар қиярда некесін,
Ақ бата айтуы тегін бе?

Ақ жол деп айтылар өсиет,
Шуақ боп шашылар адалдық.
Ақсақал жүзінде қасиет,
Ақ бата-саған құт, маған құт.

Ұрпаққа қалдырған дастан мол,
Достарға ақ тілеу арна, адам.
Ақ бата өткенге бастар жол,
Баба мен баланы жалғаған.

Ақын өлеңдерінен қазақтың дәстүрлі жөн-жоба, рәсімдерінің бәрін де табуға болады. Ол салтты тек сырттай қызықтаушы ғана емес, қайта оны барлық мән-маңызын (ежелгі, бүгінгі) ақындық қиялмен көркемдеп, ғаламдық ой айтудың құралына айналдырады.

Мысалы: «Шашу» өлеңін алып қарайық:

Ғасырлардан келе жатқан дәстүр бұл,
Шаштым шашу жан-жағыма-
Шаштым нұр!

Міне-саған, алтын-күміс,
Тасқын жыр!
Тек қазаққа біткен ұлы дәстүр-бұл!

Шашу-Далам,
Көк кілемдей ашылған,
Шашау-Ғалам,
Сен де ауыз ти шашудан!

Ырыс ортақ саған дағы,
Маған да,
Дерт болмасын,
Өрт болмасын Ғаламда!

Мына дүние-
Махаббат пен Шапағаттың мекені,
Адамзатқа Алла ырзығы жетеді!

Ал, «Алтыбақан» өлеңінің мазмұны мен поэтикасының қуаты кез келген қазақ ақынымен иық теңестіре алады.

Сауық, сайран ақпейіл халқыма тән,
Жан жүректі баурайды шалқыған ән.
Маған ыстық балауса қыз күнімнен
Айлы кеште тербелген Алтыбақан.

Бұл өлкенің ғажайып сұлулығын,
Жеткізе алса жақсы ғой, ғұмыр-жырым.
«Дударайды» сызылқан Мариямдай,
Мен де әнге қосқанмын өмір сырын.

Домбыра үнін жүрекке тыңдатамын,
Қуанышқа, мұңға да шын батамын.
Алтыбақан басында өткен түндер,
Алыс қалды, сыйлап тек нұр, шапағын.

Өстім, өндім қазақтың даласында,
Қазақстан ұқсайды анашыма.
Алтыбақан тербелсе айлы кеште
Көңілім менің түспейді сабасына.

Жетпейді ғой еш нәрсе бағасына,
Шын достықты балаймын бар асылға.
Қайран жастық дегендей қолын бұлғап:
«Алтыбақан тебуге барасың ба?»

Барармын-ау, мынау ай баяғыдай,
Жылжымайды енді ол бояу бұлай.
Ғашықтардың жүрегін табыстырып,
Тербелші Алтыбақан аяулым-ай!

Балалық шағында қиындығын бөлісіп, ержетіп, ес жиюына мол мүмкіндік берген қазақ жұртының салт-дәстүрінің мәнін «Қазақтың дәстүрі» атты өлеңінде тереңдете түседі.

Бұл дәстүр көне жырдай естіледі,
Шашудың күміс нұрдай есті лебі.
Қазақтың көріп өстім жомарттығын,
Төріме шық, той тойла, қонақ, бүгін.

Халықтың даналығын, дархандығын,
Бір ғана шашудан-ақ аңғардым мың.
«Шашудан ауыз тиген бақытты» деп,
Менің де тілімде жүр жақұт тілек.

Әжелер құрт-ірімшік, теңге шашып,
Ақындар термелеткен әнге басып.
Осындай сәтті айтшы бұйыратын,
Шашулар шаттық болып құйылатын.

Ғажайып мұнын бәрі тойда мынау,
Болмасын тосын мінез, ойда қылау.
Бейбіт күннің жарқырап шашулары,
Жақындай түс арманның асулары.

Жинақтай келгенде мынадай ой-қорытындыларын жасауға болады. Мемлекетті құраушы – қазақ ұлтының бейбітшілік сүйгіш пейілінің арқасында әр ұлттың фольклорлық мәдениетін қайта жаңғыртып, заманға сай өркендету жолы ашылған. Жоғарыда келтірілген мысалдар осының – дәлелі.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Grimm V., Wiegen- und Kinderlieder. Gesammelt durch die Brüder Grimm . – Weimar: Verlag Hermann Döhlaus Nachfolger, 1999.

2. Weber-Kellermann I. Das Buch der Kinderlieder: 235 alte und neue Lieder. – Mainz: Atlantis-Schott, 2002.

3. Қазақ әдебиетінің тарихы. Фольклорлық кезең. I том. – Алматы: ҚазАқпарат, 2008.

Оңтүстік Қазақстанға жасалған фольклорлық экспедиция ізімен

Фольклор – әлемдегі барша халықтардың ұлттық мәдениетінің қайнар бұлағы, тарихи жадының, дәстүрлі дүниетанымның алтын қоры, рухани жан дүниесінің айнасы. Елдің ежелгі дүние танымын саралауда, өмір салты мен рухани әлемін бағамдауда одан өткен кенен қазына, құнды да құнарлы дерек көзі жоқ. Сондықтан да ол қай халықтың болмасын этникалық тек тамырын танып, ұлттық келбетін айқындап, келешекке бағдар түзуде ұстанатын темір қазығы болып табылады [1, 5].

Әрине, барлық түркі халықтары сияқты өзбек халқының, соның ішінде қазақстандық өзбектердің фольклорлық мұраларын зерделей қарасаңыз өзіндік бай әдет-ғұрыптарды көруге болады. Экспедиция барысында жинақталған материалдар негізінде қазіргі таңда қазақстандық өзбектер арасында, әсіресе отбасылық ғұрыптарға байланысты көптеген мұралардың барлығы анықталды.

Зерттеуші К.Махмудов өзбек халқының фольклорының жанрлық ерекшелігі, әсіресе ғұрыптық фольклорының жанрлары туралы зерттеуінде: «... по своей направленности и целям он разделен на две части – сезонный и семейно-бытовой обрядовый. В свою очередь, эти два направления, в зависимости от структуры и поэтической природы, объединяют ряд жанров.

Особую роль играет семейно-бытовой обрядовый фольклор. По своему предназначению и содержанию он разделяется на следующие виды:

а) основанный на магической силе слова: кинна, бурей-бурей, авраш и каргиш (проклятие), бадик и др.;

б) связанный с ритуалом укладывания ребенка в колыбель (бешикка солиш) и сорока днями после родов (чилла чакириш);

в) отражающий элементы свадебного торжества (ёр-ёр, улан, лапар, келин саломы, туй олқишлари, ойна курсатар қушиқлари и т.д.);

г) похоронно-поминальный» – деп саралайды [2].

Өзбек зерттеушісі Музаффар Наимов ғұрып туралы өз зерттеуінде: «Обряд представляет собой определенное символическое действие,

которое проводится при участии человека, семьи, общины. Он связан с важнейшими событиями в определенных жизненных ситуациях и по установленным веками законам таким, например, как рождение ребенка, бракосочетание, похороны, поминки, сев или уборка урожая и пр. Среди различных форм художественного творчества огромные потенциальные возможности для передачи традиционного опыта имеет фольклор – явление живое, развивающееся. Важной закономерностью его сохранения является формирование и развитие определенных жанров и в целом жанровой системы. Одни традиционные жанры по-прежнему функционируют, другие угасают, третьи трансформируются и служат основой для зарождения следующих. И вся эта картина усложняется их взаимодействием и взаимовлиянием» – деп сипаттама береді [3].

Адам баласының тіршілігі жылдың төрт мезгілімен, салт-дәстүрмен байланысты түрлі ғұрыптарға толы екені баршаға аян. Жырлар арқылы халықтың отбасылық мерекелерін, ғұрыптық ерекшеліктерін көруге болады.

Бесік жыры. Бесік жырын айтпайтын халық жоқ. Бесік жырының маңызы, ерекшелігі туралы якут ғалымы Ю.Шейкин: «Значение колыбельных песен велико, они являются и средством психофизиологического воздействия, благотворно влияющего на здоровье ребенка, и средством приобщения детей к богатствам интонационной культуры этноса» – дей келе, «Анализ древнейших колыбельных песен показывает, что в традиционной культуре родители зная, что первые дни и месяцы после рождения очень трудны для ребенка, окружали его заботой и вниманием. Чтобы создать младенцу необходимую комфортность в новых для него условиях, роженицам рекомендовалось – постоянно поглаживать ребенка, припевать, приговаривать при укачивании. Это, вероятно, привело к устойчивым словесным формам при укачивании, который затем выделился в жанр колыбельных песен» – деп анықтама береді [4, 135]. Ғалым К.Ісламжанұлы өз зерттеуінде баланың дүниеге келуі, бесікке бөлеуі, тұсау кесері және т.б. ғұрыптар барысында айтылатын жырларды «сәбилік ғұрып жырлары» деп топтастырады [1, 85]. Жалпы түркі халықтары сияқты өзбектердің де өз тілдерінде «Алла» деп атап, баланы бесікке бөлеп

жатқызарда, ұйықтатарда күні бүгінге дейін қолданып келе жатқан жыры да – осы бесік жыры. Мысалы:

Алла айтай, жоним болам,
Мехрибоним, болам, болам.
Бов-бовларин бов босган-ей
Чудаларин чанг босган-ей.
Туядай шумақ бирлескан
Турт оёгни кенг босган-ей.

Жонимнинг исаконаси сан
Юрагим садпораси сан.
Онажангнинг тинга бул
Кузим, алла-ё алла.

Кузим қуванчи алла,
Белим таянгичи алла.
Оносининг бахти сан
Отасынинг тахти сан.

Алла айтсам овунсан
Қулоқ салиб тинлагинг
Бахтлим мининг қузима
Тотли ширин сузима.

Алла боламнинг боласи
Додасининг донаси
Теги тахтинг сурасалар
Сен Қарабулақ боласи

Акли бул, дона бул
Бахтли булгун, тахтли бул.
Номардлардай ширақбул,
Суйлап сози нақдли бул! [5]

А.Сафаров өзбек поэзиясын, соның ішінде балалар поэзиясын зерттей отырып әлпештеу поэзиясын «бесік жырлары және аналардың

айналып-толғану жырлары» деп екі үлкен топқа бөледі. Алғашқы топқа бесік жырлары, бата-тілек жырлары (благопожелания), екінші топқа мәпелеу, уату-алдарқату жырлары, қызықтырмаларды жатқызады [6, 16-17]. Өзбек халқының ауызекі өнерін зерделеген «Узбек халқ оғзаки поэтик ижоди» атты еңбекте бесік жыры, яғни алла туралы: «Баланың ұйықтайтын уақытында анасы тарапынан айтылатын жырды алла деп атайды» деп анықтама береді [7, 84]. Аллаларда аналарға тән мейірбандық пен мейірімділік айқын көрініс береді:

Алла. (1-нұсқа)

Алла айтай, жоним балам,
Қулоқ солгин алла-ала.
Ширин болам тинглаб аста,
Ухлаб қолгин алайо-ала.
Юзларинга томган ёшға,
Хайрон бўлма алай-ала.
Бахтимга сен амон бўлгин,
Қатта бўлгин алайо-ала.
Истиқболинг порлоқ сенг,
Жаттигинам алайо-ала.
Бахтимга сен қатта бўлгин,
Хазон бўлма алайо-ала.
Севганимдан ёдигоримсан,
Олтин қўзим алайо-ала.
Мен шўрликдай тұқилмагин,
Қўрар қўзим алайо-ала.
Алла айтай жоним болам,
Қулоқ солгин алайо-ала [8].

(2-нұсқа)

Мен сени алла дейин,
Аллангда ором олиб.
Ухлаб қатта булсин,
Ширингинам, алла.
Юзимининг қизили болам,

Тахтимнинг узун болам.
Алла болам, аллаё
Ширин сузим, аллаё.
Алла айтсам отинг яхши,
Қайғу ғамдан шодлик яхши.
Қадринг билмаган қариндошдан,
Қадринг билган ёт яхши.
Алла болам, аллаё!
Алла айтиб ухлатаман.
Алла қузим, аллаё
Сени қандай юпатаман.
Алла шириним, аллаё,
Кичкинасан, лоласан [9].

Алла айту барысында, әсіресе қайырмаларында баланың аты да үнемі жырдың ішінде аталып жүреді. Мысалы:

Сенга қойдим яхчи от, алла
Яхчи нијатдир мурод алла.
Юрту элга суянсанг, алла
Сенга булғуси қанот, алла [9].

Аналары баласын тыныштандыру үшін жыр айту барысында өзінің өткен өмірінен, өмірінде көрген бейнеттері мен қиыншылықтарынан да сөз етіп отырады. Ананың өз перзентіне деген шексіз мейірім-махаббаты, сәбиінің өз өмірінің мәніекені жырларда айтылып отырады. Мысалы:

Алла айтсам овунгин
Оппоқ құзим, алла.
Бешигингда қувонгин,
Жоним болам, алла.

Оппоққина құлидан
Онагинаси айлансин.
Мунчоқдайин кўзида
Отагинаси айлансин.

Алла, болам, аллаё,

Қўзичоғим, аллаё.
Онасининг эркаси,
Овунчоғим, аллаё.

Алла айтсам, қулоқ сол
Алла деган сўзима.
Эркатойим хамиша,
Нурлар тўлсин кўзинга [10].

Зерттеуші М. Якуббекова: «Образ матери в колыбельных песнях представлен в разнообразных ракурсах. Об этом свидетельствует каждая строка, каждый элемент слова, каждый звук колыбельной песни. Мать – самая преданная личность» – деп, бесік жырын айтушы ананың ролін сипаттайды [11]. Ана жүрегі баласының келешекте бақытты да, дені сау болғанын тілейді. Баласының балуандай күшті, арыстандай мықты, жолбарыстай жүректі болғанын қалайды:

Қули арслон билаклим,
Ботир, қоплон юраклим.
Чхши еман кунимда
Менга жуда кераклим.
Алла, болом, алла-ай
Жоним, болом, алла-ай [9].

Жалпы бесік жыры ретінде аллалардың мазмұны ана жүрегінен шыққан сезімді баяндайды. Бесік жырлары баласының бақытты да баянды ғұмыр сүруін тілеген ананың ақ ниеті, арманы екені анық. Өзбекстандық ғалым М.Якуббекова: «Мир матери, характер её, чувства, заботы и тревоги все – так или иначе отражено в колыбельной поэзии» – дейді.

Үйлену ғұрпы. «Үйлену ғұрып фольклорының жеке жанрлық түр ретіндегі өзіндік ерекшеліктерінің қатарында олардың белгілі сарынмен, яғни әнмен орындалатынын да атап айтқан жөн» – дей келе ғалым К. Исламжанұлы, тойбастардың да, жар-жардың да, сыңсудың да домбырасыз (қобызсыз) айтылмағандығын алға тартады [1, 129]. Үйлену тойы барысында айтылатын өлең-жырлар туралы М.Әуезов: «Бұл – қуаныш, қызық үстіндегі өлең. Оның үстіне әрқайсысында да арнаулы мағына бар, тудырған белгілі себептер бар. Үй ішіндегі тұрмысты ескі

қазақ қалай ұғып, қалай түсінген, үй ішінің, от басының ұйытқысы кім деп білген, сол сияқты пікірді анықтаумен бірге, көп ел ішінде жайылған ескілікті нанымдарды білдіреді. Бұл қыздың тойын қызық қылу үшін, жиылған жұртты күлдіру үшін ғана айтылатын өлеңдер емес, бұлардың әрқайсысында арнаулы терең мағына бар, көздейтін арнайы сұлу мақсат бар», – деп жазғандай [12, 46] қазақстандық өзбектердің үйлену ғұрыптарында да отбасылық үйлену ғұрыптарының бірнеше түрлері бар екендігі аталмыш экспедиция барысында анықталып отыр.

Жар-жар. Жар-жар – түркі халықтарының отбасылық фольклорында көнеден келе жатқан жанрлардың бірі. Ғалым А.Байтұрсынов: «Жар-жар қыз ұзатар үйде ұзатылатын қызды жұбату үшін айтылатын өлең. Жар-жарды екі жақ болып бастап, соңынан бір жақты етіп жібереді. Олай болу себебі, жұбатушының сөзіне әуелі жауап қайтарылып отырады. Сонан соң жұбату сөз қыздың жақындарын жұбатуға ауып кетеді. Екі жақ болған жерінде жұбатушы жақ жігіттер болып, қарсы жақ қыздар болып айтады», – деп, қазақ халқының отбасылық ғұрпындағы жар-жардың ерекшелігі туралы айтқан болса [13, 252], қазақстандық өзбек фольклорында жар-жардың бір жақты айтылатынын көруге болады. Мысалға:

Аввал худо номини бошлаб айтсай, ёр-ёр,
Пайғамбарнинг ёдини едлаб айтай, ёр-ёр.
Тахта тахта куприқдай тахтинг булсин, ёр-ёр
Пайғамбарнинг қизидай бахтинг булсин, ёр-ёр.

Қат-қатгина қатлама қатланади, ёр-ёр
Қизни олиб янгалар отланади, ёр-ёр.
Қизни олиб янгалар тура турсин, ёр-ёр
Оқ сут берган онаси рози булсин, ёр-ёр.

Хиром этик қунжи тор киёлмайман, ёр-ёр
Қулим бориб дунёни йиғолмайман, ёр-ёр
Қулим бориб дунёни йиғолганда, ёр-ёр
Отам билан онамни қиёлмайман, ёр-ёр.

Аравани тагидан қуён қочди, ёр-ёр

Йуқча мегиз тополмай куёв кочди, ёр-ёр.
Йуқча мегиз десангиз боққолда бор, ёр-ёр
Олтин қумуш десангиз заргарда бор, ёр-ёр.

Пайғамбарни қизини Али олган, ёр-ёр
Ёр-ёр айтиб узатмоқ шундан қолган, ёр-ёр.
Пайғамбарни қизини узатайлик, ёр-ёр
Кетмон олиб йулини тузатайлик, ёр-ёр [9].

Жоғарыда А. Байтұрсыновтың пікірінде айтылған қыздар мен жігіттердің айтысын қазіргі таңда да жергілікті өзбектерде «Қыз бен жігіттің» айтысы ретінде айтылып жүргендігін көруге болады. Қыз ұзату тойларында, қыздың өз үйіндегі соңғы кешіне арнап кешке қарай қыз оқшамы (қыз кеші), қызлар мажлиси (қыздар жиыны), лапар кечаси (айтыс түні), қыз оши (қыз асы) сынды кештер ұйымдастырылған. Осындай кештерде қыз бен жігіттің лапары, яғни айтысы болып, екі жақ болып айтысып отырған. Лапарлардың негізінен Оңтүстік Қазақстан өзбектері мен Ташкент маңы өзбектерінде кең таралғандығы туралы «Узбек халқ оғзаки поэтик ижоди» атты еңбекте де айтылып және осы еңбекте лапарды (айтысты) көп білушілерді лапаршы деп атайтыны да жазылған [7, 90]. Осындай отырысқа басшы сайланып, айтыстың барысын қадағалап, өрескел сөздер мен іс-әрекеттердің болмауын қадағаланып отырған. Лапарларда қыздар мен жігіттер бір-бірлеріне әзіл-қалжыңын араластыра отырып өз сезімдерін айтып отырған. Мысалға:

Қыз:

Бошла десанг бошлайн,
Бошлиқ байтлар бенаво.
Подшолар тахтдан тойса,
Вазири булгай гадо.

Бир юзидан қон томади,
Бир юзидин қахрабо.
Ерларнинг айтган сузи,
Булгай юракларга даво.

Жігіт:

Сув буйида ултираб,
Сувларни лойқалатманг ука,
Қора камзулни кийиб,
Юракни доғлатманг ука.
Қора камзул елвагай,
Қомат буйингдан ургилай,
Менга боқиб сузлаган ширин тилингдан ургилай!

Боққа кириб олма олдим,
Тепа шохини эгиб,
Олдимдан бир пари чикди,
Хайдари ерга тегиб.
Салом берсам алик олди,
Хипча белини эгиб,
Устиран отангга рахмат,
Улмагайсан куз тегиб!

Қыз:

Қизил гул булсаму боғларда битсам,
Сариқ гул булсаму чаккангда турсам.
Уқиган булсаму дафтарга битсам,
На, мушкулдир сенинг охингда утсам.

Жігіт:

Қуш қанотли дарвозангни
Чертиб утдим билмадинг,
Ох уриб, томингга чиксам,
Уйқудан уйғонмадинг.
Уйқу-уйқу дейсано,
Уйқуда қасдинг бормиди.
Ергинанг кетиб борадир,
Айтарга арзинг бормиди?

Қыз:

Чақимнинг қулоғид а гул лосаси,
Менинг ерим қуралайнинг боласи,
Овга чиқса овчиларнинг сараси,
Уйга кирса улуғ уйнинг тураси [9].

Лапарлар негізінен төрт жол ретінде және диалог түрінде айтылады. Қыз бен жігіттің айтысына тағы бір мысал ретінде:

Жігіт:

Кошингнинг қаросига қотгин мани,
Ошиқлик бозорида сотгин мани,
Ошиқлик бозорида олмасалар
Кипригингни ўқ қилиб отгин мани.

Қыз:

Аввал бошлаб айтганда қиз бошламас,
Қиз бошлаган лапарни эл хушламас,
Айтмайин деб бир хиёл килиб эдим,
Ёру жұрам қўймади, энди бўлмас [9].

«Екі жақтың айтысы ретінде көрінген жар-жар, көбіне қыздың мұңын тындап, жұбату сарынынан әлдеқайда басым. Жар-жардың екі топ арасындағы айтысы арқылы орындалуы рулық қоғамдағы өте көне ғұрыптық рәсім екендігін көрсетеді» – дейді К.Ісламжанұлы [1, 140].

Жар-жар немесе өзбекше «ёр-ёр» өзбек халқында қыздың ұзатылар түні айтылатын жыр. Жар-жар жырларының мазмұны, негізінен қызды аялап өсірген анасы мен атасының бата-тілектері. Сонымен бірге ұзатылып бара жатқан қыздарының сұлулығын, шеберлігін баяндай келе қыздарына алдағы өміріне үгіт, насихаттарын айту болып табылады. Мысалы:

Қыздың анасы

Энди чиқиб кетарсан, иложинг ёқ ёр-ёр,
Хизматимда бор эдинг, жоним қизим ёр-ёр.

Жоним қизим буйлорингдан айлонайин ёр-ёр,
Оғоларинг буқчангни тутишдилар ёр-ёр.

Сани олиб кетишга юзландилар ёр-ёр.
Нури дийдам, мунисим, жоним қизим ёр-ёр.

Борган еринг боғ ила бўстон бўлсин ёр-ёр.
Олтин билан кумушдан бахтинг тўлсин ёр-ёр.

Ёр-ёр денглар қудолар, келин келди ёр-ёр.
Келайдигон шу келин бахтли бўлсин ёр-ёр [9].

Ўзату тойинда қыз-жігіттер тобы кететін қыздың көңілін аулап, баратын жағында да осындай жақсы жайлар болатынын өлеңмен айтсады. Сонымен бірге олар қыздың бақытты, елге сыйлы болуына тілектестік білдіреді.

Мұның бәрі өлеңмен айтылатындықтан «жар-жар» қызықты болып естіледі.

Мысалы:

Ёр-ёр денглар қудолар, келин келди ёр-ёр.
Келайдигон шу келин бахтли бўлсин ёр-ёр.
Олтин билан кумушдан рахти тўлсин ёр-ёр.
Ассалому алайкум келинжон, шундай келган карамли султон.

Хуш келибсиз ана манзил, ана жой.
Каъбада кўрдим юзингни, қибладан қилдим тавоб.
Икки қошингни ораси ой била обтоб.
Нури дийдам сарварим хуш келдингиз,

Йўли ироқиздайдим.
Ой юзизни кўргали мен иштиёқиздайидим.

Келин ўтирсалар уйни бердик,
Ўтирмасалар тўрни бердик.
Унга ҳам ёқ десалар,
Қафасда сайраган булбулни бердик.

Унгаям кўнмасалар,
Қозикда кишнаган дулдурни бердик.

Унгаям кўнмасалар,
Шунай жононга, ўтирган киявни бердик.

Жар-жар өлеңі ырғаққа, музыка әуеніне ілесе орындауға лайықталған. Соңындағы «жар-жар-ау», «үкім-ау», «сылқым-ай» сынды қайталаулардың өзі осы ырғақтың ықпалынан туған [14, 90]. Бұған ұқсас жыр жолдарын өзбек ёр-ёрларынан да көруге болады. Мысалы:

Шилдир-шилдир қамишқа
Исирахам тузди ёр-ёр-ей.
Силамаган йигитка
Синглим тушди ёр-ёр-ей.
Қизни алиб енгалар
Отланади ёр-ёр-ей.
Оқ сут берган оноси
Рози булсин ёр-ёр-ей.
Кайнанамни эшики
Тикан эшик ёр-ёр-ей.
Кирсанг чиксанг
Сочинги илар эшик ёр-ёр-ей [15].

Байқағанымыздай жыр жолдарында мұң мен зар бар. Ұзатылып бара жатқан қызға «жылама» деп басу айта отырып, қыздардың ұзатылуы пайғамбар қызынан бері келе жатқан дәстүр екенін, қыздың да атасының ризашылығымен ұзатылып бара жатқандығы айтылады.

Беташар. Ғалым К.Исламжанұлы атап көрсеткендей, беташар – үйлену ғұрпының екінші кезеңі – келін түсіру тойында орындалатын бірден-бір жанрлық түр. Беташар, өзбектерде «келин салом» деп аталып, өзбек үйлену тойының әрі қызықты, әрі маңызды салт-дәстүрлерінің бірі. «Мазмұндық жағынан беташарлар бірегей болғанымен, тіл кестесі, өлең өрімі, ұйқас үйлесімдері жағынан да әр түрлі болады» дейді ғалым К. Исламжанұлы [1, 159].

Келінді күйеуінің жақын туған-туысқандарымен таныстыру салтында келин салом, яғни беташар айтылады [7, 93]. Мысалы:

Уху-уху йуталган, обдастасини кутарган,
Ассалому алайкум, қайнбобосинга салом.

Ясаб куйган тахтадай, саваб куйган пахтадай
Ассалому алайкум, қайномосинга салом.

Қуруқ ерни хул қилган, икки гулнибир қилган
Ассалому алайкум қайнотасинга салом.

Бақа терак кестирган, мирзо уғил устиран
Ассалому алайкум, қайнонасинга салом.

Сочини қия тараган, келин келди деб қараган,
Ассалому алайкум, қайноғасинга салом.

Ошга солган илиқдай, қоши-кузи пиликдай
Ассалому алайкум, овсинларига салом.

Токчадаги пуддай, ясаб куйган гулдай
Ассалому алайкум, қайнсингилларига салом.

Паст девордан қараган, туй қачон деб сураган,
Ассалому алайкум, қуни-кушнилариға салом.

Югуриб-югуриб юрганлар, атлас куйлак кийганлар
Ассалому алайкум, хизматдагиларга бир салом [9].

«Келин салом» жыры келіннің түсетін үйінің қақпасынан кіре бере айтылатын жыр. Жырды айтушы кісі атаған кісіге келін де ізетпен сәлем береді. Аты аталған кісі де «алик салом» деп ризашылығын білдіреді. Мысалы:

Айтушы:

Боғ орқосидан йул берген,
Хеаменидан пул берген
Қайнотосига салом.

Атасы:

Алик салом.

Айтушы:

Суб кечгани эринган,
Уғил туғиб керилган
Қайноносига салом.

Анасы:

Алик салом.

Айтушы:

Ариқдаги зулукдай,
Коши-кузи пиликдай,
Қоқиб қуйган иликдай,
Овсинга салом.

Абысыны:

Алик салом.

Алынған мәліметтерге қарағанда [8] қазақ халқындағы сияқты өзбектерде де беташарды еліне, жеріне сыйлы, жолы үлкен ер адам айтқан. Бірақ соңғы кезеңдері той басқаруды арнайы кәсіп еткен асабалар тарапынан айтылуда. Қазақ халқында беташарды міндетті түрде ер адам орындайтын болса [14, 99], өзбектер арасында қазіргі таңда әйелдер де орындап жүр. Мысалы:

1 әйел:

Баланд-паствни бор қилган,
Икки хурни бир қилган,
Аввало худога салом.

2 әйел:

Ризқ бұлсин деб дон берган,
Умматим деб жон берган,
Пайғамбаримизга бир салом.

1 әйел:

Оппоқ уннинг урпоғи,

* Бұдан ары қарай туған-туыс, ауыл-аймаққа сәлем салдыру жалғаса береді.

Охиратнинг тупроғи,
Ўтган азизларга бир салом.

2 әйел:

Оқ салласини ўраган,
Охиратини сўраган,
Катта бувасига бир салом.

1 әйел:

Тўрда гилам тўқиган,
Беш вақт номозини ўқиган.
Катта бувасига бир салом.

2 әйел:

Этигининг қўнжи йўқ,
Уйда ўтирса тинчи йўқ,
Қайнатасига бир салом.

1 әйел:

Угра кесиб эринган,
Ўғил туғиб керилган
Қайнонасига бир салом.

2 әйел:

Элу юртнинг тўраси,
Йигитларнинг сараси –
Куёвтўрага бир салом * [16].

«Дәстүрлі халық беташарларындағы тұрақты өлең жолдары келінге жаңа түскен жұртын қайын атасы мен енесінен бастап таныстыру болып табылады. Бұл таныстырудың өзіндік ғұрыптық мәні бар» – дей келе ғалым К.Исламжанұлы беташарлардың барлығы бір қалыптағы туынды деуге болмайтынын жазады [1, 161-163].

Жоқтау. «Жерлеу ғұрпының фольклоры құрылымы аса күрделі әрі қайшылықты, сан түрлі жөн-жоралғылардан тұратын кешенді жүйе. Өйткені, оның негізі – жалпы тіршілік ұғымына қарама-қарсы

мәндегі өлім оқиғасы. Аталмыш ғұрыпқа қатысты фольклордың пайда болу, даму, өзгеру тарихы адамзат санасының көне замандардан күні бүгінге дейінгі ой-түсініктерінің тарихымен тығыз байланысты» [14, 124].

Ғалым К. Исламжанұлы: «Азалау фольклоры – отбасылық ғұрып фольклорының ішіндегі ең көне де, көркем, мазмұнға да бай жанрлық түрдің бірі», – дейді [1, 169]. Ғалым, азалау фольклорының ішкі жанрларының бірі ретінде жоқтауды атап өте келе, «Жоқтау – аза жанрының ішінде шоқтығы ең биігі. Көлемі жағынан да, көркемдігі жағынан да, тарихи мән-мазмұны жағынан да, көнелігі мен өміршендігі жағынан да онымен үзеңгі қағысатын жанр кем де кем», – деп жоқтау жанрына сипаттама береді [1, 196].

Зерттеуші А.Аширов «Древние религиозные верования в традиционном быту узбекского народа» атты докторлық диссертациясында: Похоронно-поминальные песнопения – «Йиги», «Йуклов», «Овоз солиш», «Овоз бароварди», «Нола» (своеобразные плачи-причитания, голошения) – до сих пор активно бытуют в народной жизни населения региона. Исполняются они обычно женщинами solo или группой без инструментального сопровождения в лирико-скорбной или драматически протяжной манере не только на похоронах или поминальных обрядах, но и по поводу других печальных событий», – деп жоқтауға анықтама береді [17, 38].

Ғылыми жоба аясында, әсіресе Сайрам өзбектерінде өлген кісінің артынан шырақ жағу ғұрпы бар екендігі анықталды. Бұл ғұрыптың ислам дінінен бұрынғы шаман және заратуштра діндерінің күні бүгінге дейінгі іздері екені анықталды. Заратуштралардың дәстүрі, дүниетанымдық көзқарастары туралы зерттеулер жүргізген М.Б.Мейтарчян өз зерттеулерінде: «Древние представления населения северных узбеков об ином (загробном) мире были узаконены Заратуштрой в его учении о рае и аде», – дейді [18, 211]. Сонымен бірге заратуштра дінінің қалдықтары бүгінге дейін халықтың наным-сенімдерінде жалғасын тапқаны туралы зерттеуші А.Аширов: «... в обычиях и обрядах узбеков, связанных с традиционной хозяйственной деятельностью, по сей день сохраняется множество элементов архаических верований: тотемизма, магии, фетишизма, шаманства

и различных культов. С приходом ислама они гармонично интегрировались в новую мировоззренческую картину мира, сформировав тем самым один из важнейших компонентов народного ислама в Центральной Азии», – дейді [17, 128].

«Қазақ әдебиеті тарихы» атты еңбектің фольклорлық кезеңге арналған 1 томында «Жерлеу ғұрпының ең маңызды құрамдас бөлігін құрайтын вербальді, сөздік формаларының (дауыс салу, дауыс айту, жоқтап жылау, жоқтау айту) өзегінде сөздің көне магиялық қызметі туралы түсініктің сақталғаны және сөз арқылы марқұммен сөйлесетіндігі, оған игілік тілейтіндігі, содан кейін барып мұң-шерін шығаратындығы» туралы айтылады [14, 129-130]. Қазақстандық өзбектердің фольклорын зерттеу барысында жүргізілген экспедиция барысында олардың кісі өлген кезінде айтылатын жоқтауларында да осы сарынның бар екені анықталды. Мысалы:

Алла айтай жоним болам,

Қулоқ салгин алла.

Опанг сенга алла айтса,

Ухлаб қалгин алла.

Она мехрига қонмаган,

Она сутига туймаган

Она дийдорин курмаган

Жоним қизим алла.

Гулгун чехранг онанг кускаси алла,

Қузларингда айрылық гуссаси алла.

Қаңдай қилиб кунглинг олай деб,

Опачинганг қалби бузлайди алла.

Мунчақ кузим онанг излайди,

Гунча лабинг мамма излайди.

Сен йиғласанг онанг парвана,

Атрафиндан кажат излайды алла.

Аллаларни онанг айтса булмасмиди алла,

Бешигинга бакмал ёпқич ёпмасмиди алла.

Она меқриге жо айлабо қалбларинга алла,
Уз туққанинг узи катта қилмасмиди алла...^{*} [15]

Жоқтау барысында қайғылы кісінің жан күйзелісін, сезімін, өкініштерімен бірге сол қоғамдағы әлеуметтік жағдайларды да жыр бойынан көруге болады. Мысалға, I Дүниежүзілік соғыс кезінде Ресей патшалығы қара жұмысқа алып, кері қайтпай қалған ерлерге арналған жоқтауда сол кезеңде өмір сүрген халықтың басына түскен ахуалды көруге болады [10].

Фольклортанушы Қ. Саттаров «Қазақтың теріс өлеңдері – жылау-жоқтау» атты зерттеуінде Әмудария қазақтарында кәсіби (профессионал) жоқтаушылардың бар екендігін жазған еді [19, 95]. Экспедиция барысында информаторлардың берген мәліметтеріне қарағанда қазіргі таңда, әсіресе Сайрам төңірегі өзбектерінде де дәл осындай кәсіби жоқтаушылардың бар екендігі анықталып отыр [9].

Наным-сенімдер ғұрып фольклоры – чой момо. Қазіргі Оңтүстік Қазақстанда, әсіресе Сайрам өзбектерінде ғана «чой момо» деп аталатын маусымдық ғұрыпты кездестіруге болады. «Чой момо» ғұрпы негізінен қатты дауылды тоқтату үшін жасалатын ғұрып. «Чой момо» туралы ең алғашқы жазбаша мәліметті Ә.Диваевтің зерттеулерінен көруге болады [20, 131-133]. Экспедиция барысында «чой момо» ғұрпының тек Сайрам өзбектерінде айтылатын, жанындағы Қарабұлақ, Қазығұрт, Түркістан өзбектерінде осындай ғұрыптың жоқ екендігі анықталған болатын. Бұл сөзімізді өзбекстандық белгілі фольклортанушы Б.Сарымсақовтың: «Бұл ғұрып қазір Оңтүстік Қазақстан өзбектерінде, соның ішінде Сайрам районында сақталып қалған», – деген сөздерімен дәлелдей аламыз [21, 116].

Бұл ғұрыпты орындау барысында екі кемпір ескі киім кешек, шапан киіп, көздеріне қара күйе жағып «чой момо» жырын айтып, ауылды, қышлақты аралап жүреді. Әрбір үйден бидай, нан, ақша жинайды. Жиналған заттарды қоржынға салады. Бұл рәсім кейде бір күн, кейде екі-үш күн болады. Содан кейін ауыл басшысының белгілеген жеріне халық болып жиналып, Шамол отаға (жел ата) жиналған заттардан ас береді. Жиналған ұннан кемпірлер шелпек пісіреді де «Шамал отаға» арнап екі жерге (тесікке) көмеді. Бұл тесіктерді шелпекпен бітеген

^{*} Екі айлығында шетінеп кеткен қызын жоқтауы.

кезде жел де тынады екен-міс. Жел осы тесіктерден шығады екен-міс. Кейде жиналған заттарды сатып, қой алады да жел шығатын жерге құрбандық шалады екен. Қой етінен сорпа пісіріліп, халыққа таратылады. Артылып қалған сорпаны да жел шығады-ау деген тесіктерге төгеді-міс. Рәсімнің орындалу барысында кемпірлер мен жас қыздар айтатын арнайы өлең жолдары да бар [21, 116]. Мысалы:

Чой, чой, чой мома.
Чой момаси улибди.
Уғли етим қолибди
Боса-боса беринглар,
Босилиб қолсин бу шамол.

Уга-уга беринглар,
Угилиб қолсин кув шамол.
Туқа-туқа беринглар
Туқилиб қолсин бу шамол.
Боса-боса беринглар,
Босилиб қолсин бу шамол.
Чой, чой, чой мома [22].

Ақпарат беруші М.Мирхолдаров «чой момо» рәсімі туралы: «Балалық жылдарымызда Сайрамда кемпірлер мен жастардың «чой момо» айтып жүргендерін көруші едік. «Чой момоны» әсіресе жаз айларында арпа, бидай пісіп жетілген уақытта көп айтушы еді. Осындай уақытта бірнеше кәрі кемпірлер бет-жүздерін бояп, үстеріне неше түрлі киім киіп, сыпыртқыларын сылдырлатып «чой момо» жырын айтып көше-көше кезіп жүретін. Берілген садақаларды жинап, ауылға жақын әулиенің басына барып, сол жерде ниет етіп, қалғанын маңайдағыларға таратып беретін. Мынаны да айту керек, қазіргі кезде бұл жырдың сыры мен мән-маңызы жоғалып, сөздері де ұмытылды. Өзімнің есімде қалған жыр үлгісі мынау:

Чой момо, чой, чой,
Чойилиб қолсин бу шамол.
Боса-боса беринглар
Босилиб қолсин бу шамол.

Уга-уга беринглар,
Угилиб қолсин бу шамол.
Чой момлар улибди
Уғли етим қолибди.
Чой момонинг онаси,
Амакимга боридби.

Чой момо, чой, чой,
Чойилиб қолсин бу шамол.
Боса-боса беринглар,
Босилиб қолсин бу шамол.
Тука-тука беринглар,
Туқилиб қолсин қуб шамол,
Босилиб қолсин бу шамол [9].

Сонымен қорыта келе, қазақстандық өзбектердің отбасылық ғұрыптық фольклорын зерделеу барысында күні бүгінге дейін өзіндік ерекшеліктерінің сақталғандығы анықталды. Жалпы, бұл өңірге соңғы кездері қандайда бір фольклорлық экспедиция жүргізілмеген. Ең соңғы рет 1969 жылдары Өзбек КСР Ғылым Академиясы тарапынан тілдік-фольклорлық экспедиция жүргізілгендігі белгілі [23, 44].

Зерттеу жұмысы барысында жергілікті өзбектердің Қазақстан жеріне келіп орналасу кезеңдеріне қарай олардың да тілдік, фольклорлық ерекшеліктері барлығы анықталып отыр. Кейбір фольклорлық үлгілердің тек белгілі бір ауыл, немесе аудан көлемінде ғана айтылып, жырлануы да бұның бір дәлелі. Мысалға «чой момо» ғұрыптық салты, жыры тек Сайрам төңірегінде ғана айтылады. Сол сияқты Түркістан ауданындағы Ескі Ихан ауылы мен Сайрам ауданы Қарабұлақ ауылы тұрғындарының ұстанатын салт дәстүрлері менен ғұрыптары бір. Бұның себебін сұрағанымызда, «Ескі Ихандықтар менен Қарабұлақ өзбектері бұл жерлерде өте ертеден мекен еткендігін және өздерінің түркі тектес өзбек екендіктерін» алға тартады. Бір қызығы осы екі ауылдың өзбектерінде қазақы салт дәстүрлердің сіңіп кеткендігін көруге болады. Мысалға, күйеуге төс тарту, қызға сырға тағу сынды дәстүрлерді атауға болады. Қазақ халқында күйеуге төс қайын жұртына келген кезде берілсе, Қарабұлақ және Ескі Ихан

өзбектерінде қыздың анасы күйеу баласына арнап төстің еті де салынған арнайы сый-кәде жіберіп отырады.

Қазығұрт, Леңгір, Кентау және Сайрам ауданының кейбір ауылдары өзбектерінің тілі де Қарабұлақ және Ескі Ихан өзбектерінен өзгешелігі анықталып отыр. Ескі Ихан мен Қарабұлақ өзбектерінің тілінде қазақ-қыпшақ сөздерінің өте көптігі, тілдік оралымдарының да түсінікті екендігі анықталды. Бұның себебін де өздерінің қыпшақ тілді өзбек екендігіне негіздейді.

Әдебиеттер мен түсініктемелер

1. Исламжанұлы К. Қазақтың отбасы фольклоры. – Алматы, 2007.
2. <http://intangiblenet.freenet.uz/ru/uzb/uzb342.htm>
3. http://www.sanat.orexca.com/rus/archive/1-06/ritual_songs.shtml
4. Шейкин Ю.И. Музыкальная культура народов Северной Азии. – Якутск, 1996.
5. Бұл нұсқа ОҚО, Сайрам ауданы Қарабұлақ аулының тұрғыны 70 жасар Иноват аядан Саатай Камол қызы жазып алған екен. Саатай Камол қызы қазіргі таңда Сайрам ауданы Күлкент ауылдық округі «Тахтазарбдор» ауылында тұрады. Өлең жолдары осы кісінің архивінен көшіріліп алынды.
6. Сафаров А. Узбек балалар поэтик фольклоры. – Ташкент, 1985.
7. Узбек халқ оғзаки поэтик ижоди. – Ташкент, 1980.
8. Бұл нұсқа экспедиция барысында ОҚО, Қазығұрт ауданы, Турбат ауылы, Бірлік көшесінде тұратын 60 жасар Амирова Умринисадан жазылып алынды. Жырды өзінің енесінен жазып алған екен.
9. Бұл нұсқа ОҚО, Сайрам қаласы Ибрахим ата көшесінің тұрғыны Мирахмат Милходдаровтың архивінен жазып алынды. Өзі Сайрамдағы Өлке музейінде ұзақ жылдар директор болып қызмет еткен. Сол кезеңде сайрамдық Холбиби ападан жазып алған екен.
10. Бұл нұсқа ОҚО, Кентау қаласы Қарнақ ауылының 50 жасар тұрғыны, тарих пәнінің мұғалімі Азада Қайдаровадан жазып алынды. Ол кісі бұл материалдарды кезінде Қарнақ аулының қарияларынан жазып алған екен.
11. Якуббекова М.М. Жанровая специфика и поэтические особен-

ности узбекских народных колыбельных песен «Алла». Автореферат на соискание уч.степени кандидата филологических наук. – Ташкент, 1990.

12. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы, 1991.

13. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы, 1989.

14. Қазақ әдебиетінің тарихы. Фольклорлық кезеңі. 1 том. – Алматы, 2008.

15. Бұл нұсқа ОҚО, Төле би ауданы, Қарамұрт аулының 77 жасар тұрғыны, пед.ғ.к., профессор Саидов Махаматтың архивінен алынды. Университетте дәріс беріп жүрген кезінде фольклорлық практикадан келген студенті Тажибаев Дурбектің 48 жасар шешесі Райхон Тажибаевадан жазып алынған. 1993 жылдың қазан айында әкеліп өткізген материалдардан алынды.

16. Бұл нұсқаны Саатай Камол қызы ОҚО, Сайрам ауданы Тахтазарбдор аулының тұрғыны 70 жасар Мония аядан жазып алған екен.

17. Йүгінек ауылындағы мәдениет үйінде қызмет ететін отбасылық ансамбльдің орындауынан жазылып алынды.

18. Аширов А.А. Древние религиозные верования в традиционном быту узбекского народа. Диссертация на соискание ученой степени доктора исторических наук. – Ташкент, 2008.

19. Мейтарчиян М.Б. Погребальные обряды зороастрийцев. – Москва, 2001.

20. Саттаров Қ. Қазақтың теріс өлеңдері – жылау-жоқтау. – Ташкент, 1999.

21. Диваев А. Заклинание и призыв ветра. Из киргизских поверий // Этнографическое обозрение, 1910. № 1-2.

22. Саримсаков Б. Узбек маросим фольклори. – Ташкент, 1986.

23. Айтушы Сайрамдық Кумри Неғматжонова, жазып алушы Т.Мирзоев.

24. Назаров К. Шимолий узбек шевалари таснива доир. – «Узбек тили ва адабиети», №5 – 1969.

Солтүстік Қазақстан мен Павлодар облыстарындағы диаспоралар фольклорының жай-күйі

Бұл тарау Солтүстік Қазақстан мен Павлодар облыстарына жасалған фольклорлық экспедиция материалдары негізінде жазылды. Солтүстік Қазақстан өңірінде көптеген диаспора өкілдері қоныстанған. Елімізде аз ұлттардың өзіндік ерекшелігін, тілін, мәдениеті мен дәстүрін сақтауына оңды жағдайлар жасалған. Қазіргі компьютер мен телевизияның дамыған, жаһандану үрдісі қарқын алған уақытта ауызша фольклор пайда болмақ түгілі бұрыннан бар үлгілердің сақталуы да қиынға айналып бара жатқаны түсінікті жайт.

Негізі, ұлттық фольклор дегенде кез келген фольклор немесе әдет-ғұрып, салт-дәстүрдің өзінше жеке кездесуі сирек құбылыс екенін ескергеніміз абзал. Мысалы, ежелден көршілес қоныс тепкен Кавказ халықтарының немесе түбірі туысқан түркі халықтарының, дәл сондай туыстас славян халықтарының фольклорында, әдет-ғұрпында бір-бірін айна қатесіз қайталайтын, бәрінде кездесетін ортақ сюжеттер мен ғұрыптар жиі кездесетіні бізге дейін-ақ мойындалған заңдылық және бұл талқылауға, дауласуға жатпайтын аксиома.

Өзге ұлт өкілдері Қазақстан аумағына соңғы үш ғасыр төңірегінде келіп қоныстана бастады. XVIII ғасырдың алғашқы жартысынан бастап-ақ Қазақстанның Ресеймен, Қытаймен шекаралас аудандарына әскери-қорғаныс мақсатында орыс-казактары әскери бекіністерде орналасса, кейіннен сыртқы күштердің ықпалы әлсіреп, қазақ халқының да қарсылығы басылған соң Ресейдің ішкі губернияларынан славян ұлтының өкілдері қазақ даласын игеру үшін мақсатты, жоспарлы түрде қоныстандырыла бастады. Бұл алғашқы жаппай қоныстандырылулар да негізінен әскери бекіністер салынған аймақтарға, яғни Қазақстанның солтүстік, шығыс және оңтүстік-шығыс өңірлерді қамтыды. Одан кейінгі толқын Ұлы Отан соғысы кезінде Сталиннің арнайы бұйрығы бойынша сенімсіз ұлт болып саналған Ресейдің батыс және Қиыр Шығыс, Кавказ аймақтарынан неміс, поляк, кавказ, кәріс ұлттары Орта Азияға, соның ішінде Қазақстанға да жетті. Ал соңғы көш XX ғасырдың ортасында Қазақстан тың және тыңайған жерлерді игеру жоспарына сәйкес сол

кездегі КСРО-ның барлық аймақтарынан, негізінен Ресей, Балтық жағалауы елдерінен миллиондаған өзге ұлт өкілдері арнайы жолдамалармен немесе өз беттерінше келіп қоныстанды. Бұл халықтар өздерімен бірге мәдениеттерін, салт-дәстүрлерін де ала келді. Арысы үш ғасыр, берісі жарты ғасырдан астам уақыт ішінде Қазақ даласын мекендеп, өз отандарындай көріп кеткен ұлттар мен ұлыстардың өкілдері сол мәдениеттерін, салт-дәстүр, дүниетанымдарын әлі де болса сақтауға тырысуда. Жалпы, Қазақстан халықтарының фольклорының, этнографиясының сақталу деңгейін зерттегенде мына мәселе анықталды: еліміздің солтүстік өңірлерінде басымдыққа ие болып отырған славян ұлтының өкілдеріне қарағанда негізінен оңтүстік өңірлерде қоныс тепкен түркітілдес ұлттар мен дүңген диаспорасында ұлттық құндылықтар едәуір жақсы сақталған.

Қай халықта болмасын үйлену тойы ерекше қуанышпен, сән салтанатпен аталып өтетіні белгілі. Осы сән салтанат кезінде ұлттық дәстүр бар бояуымен, нақышымен көрініс табады. Жастардың үйлену рәсіміне дейін жасалатын қыз айттыру жоралғысы барлық этностарға тән екенін айтпай кетуге болмайды. Бұл жоралғының да әр ұлтта ғасырлар бойы қалыптасқан өз жөні, жобасы бар. Мысалы армян диаспорасында мәлімет берушінің айтуынша былай жасалады: «Когда парень хочет познакомиться с девушкой он для начала просит разрешение у ее брата. Когда сватают родители жениха приносят разные сладости. Вместе с родителями приходит и крестный папа. Принесут дорогие подарки, в основном золото. Кольцо обязательно. Музыка играет, все веселятся, а потом юдень свадьбы. Жених полностью должен носить невесту. Платья, туфли – все. Перед свадьбой жених и его родственники с подарками и платьями для невесты еще раз приходят, чтобы забрать невестку. Молодая девушка со стороны жениха принесет в корзинке свадебное платье. Каждому члену семьи отдельные подарки. А в ответ родственники невесты тоже дарят вазочку или конфеты, чисто символические подарки. Невестка подаренными духами обрызгает девушек, которые еще свободные, не вышли замуж, потом брат разбивает этот флакон. И под музыку забирают невесту. В доме мужа после обвенчания молодоженам дают лаваш, мед, засыпают конфетами. Когда венчаются

молодоженам дарят свечи. Они должны их сохранить до появления ребенка. Этими же свечками должны детей покрестить» [1]. Мәлімет беруші бұл дәстүрдің Қазақстандағы армян диаспорасында әлі күнге сақталғанын айтады.

Ал поляк диаспорасында қыз айттыру, үйлену салттары бұл күндері жойылып бара жатқан секілді. Поляк ұлтының өкілі 1967 жылы туылған Валентина Ильюсевна Корнева былай дейді: «Мен соңғы рет поляктің ұлттық үйлену тойын көргенде 10-11 жаста едім. Қазір таза ұлттық дәстүрде үйлену тойы өтеді деп ойламаймын. Өзім ондайды соңғы кездері көрген емеспін. Үйлену тойына қонақтарды шақырар алдында бәліш пісіріп, екі бәлішті бір-біріне жапсырып қоятынбыз. Сөйтіп шақырумен бірге сол бәліштерді қоса тарататынбыз. Шынын айтқанда ешқандай шақыру қағазы берілмейтін, тек ауызша шақыратын. Сосын қонақтарға қолдан гүл сияқты, лентасы бар значок жасайтынбыз. Қонақтарға қысқа ленталы значок, ал құдалар мен жас жұбайларға ұзын ленталы значок беретінбіз» [2]. Осы поляк ұлтының өкілі 1937 жылы дүниеге келген Полянская Розалина Станиславовна болса: «Бұрын қызды ұзатқанда басына тәж кигізетін, ол тәж қыздың адал, пәк екенін білдіреді. Айттырған қалыңдығына достарымен ұрын келген жігіт пен қалыңдықтың құрбылары арасында өлең жарыс болады. Жігіттер келерде қыздар дастарқанға қант қояды. Айтыс кезінде жеңген жақ жеңілген жаққа сол қантты шашады» дейді [3].

Қай ұлтта болмасын қыз баланың тұрмысқа шығып, өзге ортаға, бөтен отбасына келін болып түсетіні заңды құбылыс. «Қыз мұраты кету» десек те, өскен ұясын, ата-анасы мен ел-жұртын тастап кетумен қатар ертеңгі күнім қалай болар екен деген қорқыныш сезімі де болары анық. Салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар шынайы өмірден алынады десек, ұзатылған қыздың сыңсуы, ел жұртымен қоштасуы да дәстүр болып қалыптасқан. Бұл салт поляк халқында жоқ емес. Бұл туралы мәлімет беруші былай дейді: «Раньше, когда девушки выходили замуж всегда плакали, потому что они идут в чужую семью и надо со всеми найти общий язык. И исполняли такие песни, что они душу затрагивали и девушки плакали. Надо была угождать свекровьке. Поздно легла, рана вставала, но все равно не угодила. Песня:

Ой, пиду я на долину,
Подывлюс я на калыну.
Долый на широка калый
На висока ардо
Долоея нэся

А питою калыною
Соялко загнелчою
Дивчи настояла слезы
Вытирала свою
Долю проклинала

Ой колый я була бы знала
Вышла б за местой гуляла
Усву, батенька, усву и
Матеньки якмак
Ивка процветала
А ты пиратрэ во знатый
Поздно легать, рано встаты
Пездне не куляла
Раненку вставала
И свикроси негуждала.

Ой, пиду я на долину,
Подывлюс я на калыну.
Умись асе ясный яки
Ты прекрасный яки
И талантлих несчасный [3].

Қазақстанда тұратын әзірбайжан диаспорасында да осы салттың жұрнағы сақталған. Сондай үлгілердің бірі «Келеннин нышаны» деп аталады. Бұл сыңсу өлең қызды айттырып, жүзік таққанда орындалады.

Ай кызни нышани келир,
Қырмызы ишалун келир.
Қырмызы ишалун жели
Лалосын душман дели...

Менәшуқ ватан жәқши,
Өлмегә, келмегә чатан жәқши.
Кезмегә гәрі бөлсә
Өлмегә ватан жәқши...
Кардаш ишало
Гәлир кырмыз ишалоо
Дили лалосын душман
Дили ай гыз нишано.
Дили ай гыз нишано дилер...
Аман, аман айрылы
Оло яман айрылы
Диндирәндә башына
Галхырдуман айрылып.
Диндирәндә башына
Галхырдуман айрылып.
«Сары гюл»
Бюрбюр сәні кини чюкти,
Дағдамдаға ким кетердти
Бюрбюр сәні ішін гамди
Ашықлар отына янды
Бюрбюр һәрян унәрванды
Негәзисән тағдыр вүл, тағдыр вүлтағдыр вүл [4].

Келінді күймемен ауылды аралатып үйге түсіргенде жігіттің анасы екі жастың аяғының астына тон төсеген. Бұл оларды дәулетті болсын дегенді білдіреді. Сүлгіге салып нан мен тұз алып шығады. Алдымен келін ауыз тиеді. Сосын күйеу жігіт ауыз тиеді [5]. Үйлену тойы қуаныш, мереке болғандықтан онда күлкілі көріністер де қалыптасады. Соның бірі поляк ұлтында келінге босаға аттарда ұсынылатын наннан күйеуі де қоса дәм тату керек. Нанды кім неғұрлым көбірек асаса, сол отбасында би болады деп санайды екен.

Ал украин халқында қызын айттыра келген кісілердің ұлы қызға ұнамаса қыздың ата-анасы қарбыз алып шығатын болған. Бұл қыздың тұрмысқа шығуға келісім бермегенін білдіреді [5]

Бала дүниеге келгенде, алғаш тісі шыққанда жасалатын ырымдар да кей диаспораларда сақталып отыр. Мысалы армяндарда: «Когда

рождается ребенок режут барана, собирают людей, стол накрывают, ну бывает такое гуляние [1].

Қазақта және басқа диаспораларда да қазіргі заманғы салт бойынша тұсау кескенде баланың болашақта қандай мамандық иесі болатынын білу үшін әр түрлі бұйымдарды балаға жақын тұсқа жайып қояды. Бүлдіршін қай бұйымды таңдаса өскенде сол мамандыққа барады деп санайды. Ал армяндарда бұл рәсім сәл басқаша түрде көрініс береді, яғни бала алғаш қадам басқанда емес, алғаш тісі шыққанда жасалады: «Когда первый зуб появляется у ребенка собирается гости, ложит коврик, ребенка садит и сладости на него, например, бросает. Изюм, конфеты, ну сладости в общем. Пол ребенка не имеет значение. Рядом положет карандаш, ручку, калькулятор, деньги. Когда ребенок что-то возьмет, они предскажет что ребенок станет художником, экономистом и т.д. вот такой обряд есть» [1].

Ал сәби дүниеге келгенде құрбан шалу рәсімі әзірбайжандарда да кездеседі. «Когда рождается ребенок, то есть мальчик мы сразу делаем ему обрезание. Если у кого-то 3 или 4 года не будет ребенка мы барана режем, делаем курбан» [4].

Жас нәресте мазасызданып, сырқаттанып қалса оған «көз тиді», «ит тиді» деп жатамыз. Өзге халықтарда да дәл осындай ұғым бары белгілі. Және оны қайтарудың да әдістері көбінесе ұқсас келеді. Мысалы армяндар: «Когда ребенка сглазили мы берем соль в кулак и над головой ребенка по часовой стрелке 3 раза делаем круг. И скажем «Ашкинтора, ашкитара» (Перевод: «Кто сглазил, пусть ему и вернется») – деп рәсімдерін жасайды [1]. Ал әзірбайжандар балаға көз тимеу үшін тұз, нан, мысықтың жүнін шүберекке орап, баланың киіміне тігіп қояды.

Балаға көз тигенде қалақай мен тұзды уыстап алып, баланың арқасынан айналдырып: «Көздеәннің көзі чыксын» деп үш мәрте айтады да, тікен мен тұзды отқа тастайды [4].

Украин халқында бала шошып, ауырса діни жоралғылар жасайды. Мысалы: «Берется в церковье священная вода, вылеивает на яйцо, разбивается яйцо, читается молитва три раза «Отче наш». Проходит через три порога с этим стаканом. Ставит его на ночь у икона. И утром смотрят, что в стакане показывает. Его еще нужна правильно

рассмотреть чего испугался ребенок. Будет показывать или собака или кто-то взрослый напугал его. Потом бабушки вышептывает, потом это вода с яйцом выливает там где не ходят люди. И утром и вечером читает молитвы над ребенком три дня» [5].

Үлкен кісілер ауырғанда да армяндар құрбан шалады екен: «Когда в доме бывает несчастье или человек заболел, и люди хотят человек выздоровел тогда ему делает мадах. Это жертвоприношение. Покупает барана, везут в церковь, там его освещает и барани кровью человека делает крестик на лбу. Потом привозит домой, варит и на семь семей раздают» [1].

Ұлттық мерекелерге қатысты армян халқының осы күнге дейін аталып өтетін ұлттық мейрамдарына қатысты материал табылды. Олар – «Терендес» және «Вартавар» мейрамдары. Мәлімет берушінің айтуынша бұл мереке былай өткізіледі: «У нас есть известный праздник, это – терендес, 13 февраля. Это как День святого Валентина. Это старинный праздник, даже немножко языческих времен. Суть этого праздника, как раз за год этого праздника, у кого в семье есть новобрачные они утром едут в церковь, зажигает свои свечи из этого огня, приносит домой, во дворе сжигает костер, и собирается все гости. А самое основное это молодожены, которые в этот год поженились. Они вокруг костра делают семь кругов и потом прыгают через костер. Они прыгают потому, что хотят, чтобы все плохое, отрицательное сжигалось в этом огне, и началась новая жизнь. Самое главное в армянской семье это – продолжение рода. И самое главное желание, так как они поженились в этот год, чтобы у них появился ребенок. И все гости, которые собираются, должны подарить молодоженам какие-то подарки. Не обязательно дорогие, кто что может. И они после этого и поют, и танцуют.

Есть у нас летом – праздник «вартавар». Вортавар это праздник роз, но скорее всего обливание водой. Вода – это очищение, что то вот такое. Это церковный праздник, то ли через 40 недель от пасхи, точно не знаю, но в основном это совпадает в июль месяц. Даже прохожих можешь обливать. Это к хорошему, никто не ругается, потому что это хорошо. В деревнях хорошо проводят, молодые поют, девочки венки вяжут, пожелания хорошие гадают. До христианство

была этот праздник, а потом на хрестянский лад какой то. Это такой праздник, сейчас, даже, с религией не связываеш» [6].

Ал украиндарда ең басты мереке рождество мейрамы саналады. «Для украинцев главным праздником всегда являлось рождество которое принесло с собой некоторое поверие, некоторое традиции, обычай и обряды. Дело в том что в рождественный ночь как считали украинцы приходила в дом много счастья и в ночь накануне рождества обязательно проходили калятки. Калятки это – прославление Христа, как бы принесение в дом счастье и радости. Каждый житель Украины для того чтобы принести в дом счастье в рождественную ночь зажигал на окне свечью которая говорил о том что в этом доме ждуд счастье и ждуд калядников. Изначально калядники появились, что это были бедные люди, которые приходили просить милостыню. А потом это просто стали люди, это вошло в традиции. В каком значение калида? Например, они заходить в дом и поют:

Накрывайте столы,
Тавсе калымами.
Радуися, ой, радуйся земля,
Сын Божи, народя вся.

То есть, они прославленный Христа принесли в дом, как бы освещение. Тем же самым когда они сказали «Накрывайте столы, тавсе калымами», то есть дайте нам угощение. А сейчас это делает дети, потому что дети считается более безгрешные и освещенные и больше радости и счастье в дом принесет» [7].

Смачно пахне поляныця в доме на столи
Це изного и пшеници мы спеклый самый
Поляныця, поляныця свежий мед и мак
Поляныця, поляныця твичу довы смак.

Хай родие у светлыте наша родня
Счебы зажды поляныця на стули була
Поляныця, поляныця свежий мед и мак
Поляныця, поляныця твичу довы смак.

А вообще поляныця это тот хлеб который изготавливается из бродячего вина, то есть вино должно забродить и вместо дрожжей,

вместо квашни наливается вино, туда добавляется мед, что больше добавляет брожение. Затем закатывается теста с маком и выпекается. Как правило, делается из первого урожайной муки. Это является святым национальным обычаем [7].

Осы тараудың кіріспесінде айтып кеткеніміздей еліміздегі диаспораларда таза фольклорлық үлгілер, яғни аңыз-әңгімелер, хикаялар ұмытыла бастаған. Дегенмен әзірбайжан, казак диаспораларының өкілдерінен бір аңыздан жазып алудың сәті түсті. Әзірбайжан аңызы бір-бірін сүйген қыз-бен жігіт махаббат жолында құрбан болатын белгілі сюжетке құрылған. «Ертеде Аслы – Керім деген қыз бен жігіт бір-біріне ғашық болыпты. Жігіттің әкесі әзірбайжан болғандықтан қыз әкесі (армян) оған қызын бергісі келмейді. Екеуі басқа қалаға қашып кетеді. Қыздың әкесі Керімді тауып алып, өртеп жібереді. Бұған шыдамаған қыз да Керімнің моласына барып өзін өртеп өледі. Бейіттерінде қызғалдақ өсіпті. Қыздың әкесі гүлді жұлып алып, орнына тікен егіпті» [4]. Көріп отырғанымыздай, қазақтың мың жарым жылдық тарихы бар «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» лиро-эпосында кездесетін қос ғашықтың бейітінің басына гүл өсетін эпизод бұл аңызда да көрініс береді.

Әр аңыздың астарында шындық жатады десек, сол аңыздарда әр дәуірдің, сол дәуірлердегі қоғамның дүниетанымы, өмірге деген көзқарасы, өзгелермен қарым-қатынасының сілемі аңғарылып тұрады. Казактардың арасынан жазылып алынған төмендегі аңыз соның бір дәлелі. Бұл аңыз өмірде болған делінеді. «Казак атаманының жалғыз қызы бар екен. Ол қатты ауырып, өлетін халге жеткенде әкесі шіркеулерді аралап, қызының аман-есен аяққа тұрып кетуін тілеумен жүріпті. Ақыры қызының денсаулығы жақсарып, ауруынан айығыпты. Сосын қазақтың бір төресіне ғашық болып, қашып кетіпті. Қазак ауылына келін болып, қазақша киім киіп, қазақи тұрмыс кеше бастапты. Сол үшін оны Құдай қарғады ма кім білсін, бір күні қыз аттан құлап опат болыпты. Әкесі қызының күнәсін арылту үшін тағы да шіркеу аралап, қасиетті жерлерді шарлап кетіпті. Ақыры атаман қызының күнәсін кешіруді сұрап жүріп, далада көз жұмыпты» [8].

Фольклорда елеулі орын алатын саланың бірі бұл – тыйымдар. Тыйымдардың түп-төркіні адамзат баласы табиғаттың тылсым сыр-

ларын әлі толық танып білмеген көне замандарда пайда болып, кейін келе бастапқы мәні ұмытылып, қағидаға айналып кеткен. Украин диаспорасында сондай тиымдардың бірі – үй ішін сыпырғанда қоқысты есікке қарай сыпыруға болмайды. Мүмкіндігінше пеш тұрған жаққа қарай сыпырып, жинап алып, өртеп жіберу керек. Себебі, үйдегі жамандықпен қоса, береке де бірге кетіп қалады деп қауіптенген [5].

Славян халқында «үй иесі» деген де ұғым кездесетіні, ол туралы көптеген аңыздар бары белгілі. Мәлімет берушінің айтуынша дәстүр бойынша «домовойға» (кейде барабашка деп те атайды) арнап үйдің жертөлесіне сүт, нан қояды екен. Славян халықтарының ұғымынша домовойдың қарыны аш қалмауы тиіс деп сенеді. Былайша айтқанда домовой үйді қорғаушы, бойтұмар іспетті. Домовойдың сипатына келсек – мәлімет беруші 5-6 жасында домовойды көріпті. Оқиға былай болған: түнде үйдегілердің бәрі ұйықтап жатқанда есік ашылып, аласа бойлы, ұзын сақалды, сақалының ұзындығы сондай табалдырықтан сыртқа шығып жатыпты, домовой кіріп, мәлімет берушіні басынан сипай бергенде бұл қимылдап кетіпті. Домовой бірден ғайып болған. Мәлімет беруші қорыққанынан айқайламақ болған екен, дауысы шықпай, қозғала алмай қалыпты. Одан кейін оны көрмепті. Домовой кейде алда болатын жаманаттан хабар беру үшін көрінеді. Оңдайда ол «Ху!» деген ызғарлы дыбыс шығарады екен [5].

Диаспоралардың арасында қазақ жеріне алғаш табан тіреп, қоныс тепкен казак сословиесі. Патшалық Ресейдің қолшоқпары қызметін атқарып, өмірін жаугершілікпен өткізген бұл ұлыста көбіне әскери рухтағы өлеңдер сақталған.

Мысалы, Жетпісбаева Александра Камаловна былай дейді: «Когда отправляли на войну молодого казака старые казаки, которые отво-евали когда-то, наставление давали своим сыновьям. У казаков в 16 лет отец сыну должен шить обмундирование, даже готовить лошадь. Даже у бедного казака должна быть лошадь. И когда отправлялись на фронт вот такая вот создалась песня, называется она – «Конь боевой»:

Конь боевой с походным вьюком
У церкви ржет, кого-то ждет.
В ограде бабка плачет с внуком,
Молодка горьки слезы льет.

А из дверей святого храма
Казак в доспехах боевых.
Ведет коня из церкви прямо,
С отцом в кругу своих родных.

Жена подводит коня мужу,
Племянник пику подает.
Отец сказал: Сынок, послушай
Моих речей ты наперед.

Вот это пика роковая,
Подруга верная моя.
Вот это сабля боевая,
С ней бился дед и бился я.

Дарю коня тебе лихого,
Конь боевой был у меня.
Он твоего отца седого
Носил в огонь и из огня [8].

Солтүстік Қазақстан, Павлодар облыстарына жасалған ғылыми экспедиция барысында бұдан өзге де фольклорлық материалдар жиналды. Олардың көбі өлең түріндегі үлгілер. Мұндай үлгілер, әсіресе, украин, армян диаспораларынан, казактардан алынды.

Қорыта айтқанда еліміздегі диаспораларда негізінен салт-дәстүрге қатысты жөн-жоралғылар, сондай жоралғылар кезінде орындалар ғұрыптық шаралар біршама сақталса, жыр-аңыздар кездесуі жоққа тән.

Мемлекетіміздің елімізде тұрып жатқан диаспораларға барынша қамқорлық көрсетіп, тілін, мәдениетін сақтап қалу үшін жағдай жасап отырғаны белгілі. Дегенмен ұлттық фольклор, салт-дәстүрді сақтау, жаңғырту үшін арнайы орта, ең бастысы сол диаспора өкілдерінің өздері ниетті болу керектігі баршаға аян. Осы орайда диаспоралардың арнайы ұйымдары, мәдени орталықтары тарихи отандарымен байланысын үзбей, танымдық басылымдарды оқып, тіпті,

ғаламтор арқылы болсын, өз фольклорына, салт-дәстүріне қатысты материалдарды жинап, ізденіс үстінде жүргендері байқалды.

Мәлімет берушілер туралы ақпарат

1. Малхасян Светлана Степановна. 08. 01. 1947 жылы Петропавл қаласында туған. Петропавл қаласындағы армян қоғамын басқарады. Бұрын облыстық кітап сауда бөлімінде істеген.

2. Валентина Ильюсевна Корнева. 04. 12. 1967 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданында туған. Облыстық поляк мәдени орталығы төрағасының орынбасары.

3. Полянская Розалина Станиславовна. 1937 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, Ясная поляна ауылында туған. Бухгалтер боп істеген. Зейнеткер.

4. Бибиханым Машиқызы Рустамова. 20. 12. 1944. Әзірбайжан Республикасы, Ярдымлы ауданында туған. Солтүстік Қазақстан облысы Мамлютка ауданы, Белое ауылына 1993 жылы көшіп келген. Зауытта машинист болып істеген.

5. Вениченко Лариса Юрьевна. 1976 ж Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданында туылған. Аққайың ауылындағы «Сударушка» этно-мәдени орталығының өкілі.

6. Сильва Сейрановна Асланян. 15. 06. 1974 жылы Петропавл қаласында туған. Петропавл қалалық №17 мектепте армян тілінен дәріс береді.

7. Бессараб Ирина Александровна. 15. 06. 1976 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы, Пресновка ауылында туған. Украин орталығында әдістемеші.

8. Жетпісбаева Александра Камаловна. 03. 09. 1956 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы, Пресновка ауылында туған. Казак мәдени орталығының төрайымы.

Авторлар туралы мәлімет

Әзібаева Б.У.

Тақырып жетекшісі. ҚР БҒМ М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты фольклортану бөлімінің меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор.

Власова Г.М.

В. Ломоносов атындағы ММУ-нің Қазақстандағы филиалының филология кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор.

Цветкова А.С.

Торайғыров атындағы ПМУ, орыс филологиясы кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының кандидаты, доцент.

Ақан А.

ҚР БҒМ М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты фольклортану бөлімінің аға ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты.

Жақан Д.

ҚР БҒМ М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты фольклортану бөлімінің аға ғылыми қызметкері.

Набиолла Н.

ҚР БҒМ М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты фольклортану бөлімінің ғылыми қызметкері.

Кенжалин Қ.

PhD докторы.

Резюме

Коллективный труд «Современный фольклор Казахстана» выполнен в рамках научно-исследовательских проектов Института литературы и искусства им. М.О.Ауэзова МОН РК.

Цель данного коллективного труда – представить панорамную картину состояния современного фольклора в Казахстане, его научное описание и анализ. С этой целью в рамках проекта были осуществлены фольклорные экспедиции в ряд регионов Казахстана, например, в Западно-Казахстанскую, Атыраускую, Карагандинскую, Акмолинскую, Северо-Казахстанскую, Павлодарскую, Костанайскую, Восточно-Казахстанскую, Жамбылскую и Алматинскую области.

В процессе научных командировок фольклористами был собран значительный материал по казахскому фольклору, а также по фольклору многих этнических диаспор, проживающих в Казахстане: русской, украинской, корейской, польской, чеченской, узбекской, уйгурской, турецкой, немецкой, татарской, дунганской и др.

Выявлено, что представители большинства этносов особое внимание уделяют традициям семейного обрядового фольклора, свято чтут и хранят их. То же самое можно сказать о календарном фольклоре. Также можно констатировать активное/пассивное бытование и таких жанров как песенная лирика, устная проза, пословицы, поговорки, магические жанры и т.д., очень активно сценическое бытование фольклора.

Еще одна черта современного фольклора Казахстана – взаимовлияние и взаимопроникновение разноязычных, разнонациональных культур и традиций, что сказалось прежде всего на этнографической составляющей уклада жизни народа Казахстана, в совместном проведении праздников, в межэтнических заимствованиях обрядов, ритуалов, в исполнении песен на казахском и русском языках представителями разных этносов.

Таким образом, результаты проведенных исследований показывают, что в XXI веке традиционный фольклор не функционирует в своих классических формах. Но можно утверждать, что современный фольклор – активная, динамично развивающаяся, мобильная

система, которая в силу внутреннего своего потенциала успешно адаптируется к новым условиям бытования, не теряя своих изначальных, сущностных основ.

Надо сказать, что это первый опыт по сбору и изучению диаспорного фольклора Казахстана, за исключением славянского, который записывается и изучается уже не одно десятилетие.

Summary

Joint work “Modern folklore of Kazakhstan” has been implemented in the framework of the research projects of the M.O.Auezov Institute of Literature and Art, MES RK.

The aim of this joint work is to present a panoramic picture of the state of contemporary folklore in Kazakhstan, its scientific description and analysis. With this purpose in the frame of the project, folklore expeditions have been organized to the regions of Kazakhstan, for example, in Western Kazakhstan, Atyrau, Karaganda, Akmola, North Kazakhstan, Pavlodar, Kostanai, East Kazakhstan, Zhambyl and Almaty region.

In the process of scientific trips, the folklorists have collected considerable material on Kazakh folklore, and folklore of many ethnic communities living in Kazakhstan: Russian, Ukrainian, Korean, Polish, Chechen, Uzbek, Uighur, Turkish, German, Tatar, Dungan etc.

It has been revealed that the majority of the representatives of ethnic groups pay special attention to the traditions of the family ritual folklore, respect and preserve them. The same can be said about the calendar folklore. We can also note the active / passive existence of such genres as song lyrics, oral prose, proverbs, sayings, magical genres, etc., and stage folklore is very active .

Another feature of the modern folklore of Kazakhstan – is mutual interaction between multilingual, multi-national cultures and traditions that affect primarily the ethnographic component of the lifestyle of the people of Kazakhstan, joint celebration of the holidays, interethnic borrowing of the traditions, rituals, performance of the songs in Kazakh and Russian languages by representatives of different ethnic groups.

Thus, the results of the research show that in the XXI century, traditional folklore was not functioning in its classical form. However, we can say that modern folklore – is an active, dynamic and mobile system, which is successfully adapting to the new conditions of existence due to its internal potential, without losing its original, essential basics.

It should be noted that this is the first experience in collecting and studying the folklore of Diaspora in Kazakhstan, except for Slavic, which has been recorded and studied for decades.

Мазмұны

XXI ғасыр және фольклор.....	3
I. Қазақ фольклорының бүгінгі жай-күйі.....	35
1. Батыс Қазақстан, Атырау, Қарағанды, Ақмола облыстарындағы қазақ фольклорының бүгінгі жай-күйі.....	36
2. Солтүстік Қазақстан, Павлодар облыстарындағы қазақ фольклорының қазіргі жағдайы.....	88
II. Қазақстандағы диаспоралар фольклорының бүгінгі жағдайы.....	131
1. Современное состояние традиционного фольклора Костанайской области.....	132
2. Современное состояние традиционного фольклора Приуралья.....	166
3. Славянский фольклор Павлодарского Прииртышья в современных записях.....	210
4. Семейный обрядовый фольклор старообрядческих сел Восточного Казахстана в современных записях.....	270
5. Устная сказочная проза старообрядческих сел Восточного Казахстана (по современным записям).....	310
6. Батыс Қазақстан, Атырау, Ақмола, Қарағанды облыстарында тұрып жатқан диаспоралар фольклоры.....	343
7. Оңтүстік Қазақстанға жасалған фольклорлық экспедиция ізімен.....	382
8. Солтүстік Қазақстан мен Павлодар облыстарындағы диаспоралар фольклорының жай-күйі.....	404
Авторлар туралы мәлімет.....	416
Резюме.....	417
Summary.....	419

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ғылым комитеті
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАЗІРГІ ЗАМАН ФОЛЬКЛОРЫ

Верстка мен дизайн: Саликова А.

Басуға: 25.12.2014 ж. ұсынылды.
Пішіні 60x84 ¹/₁₆, Көлемі 26,4 б.т.
Офсеттік басылым. Офсеттік қағаз.
Әріп түрі «CharterITC».
Таралымы 500 дана.

«Evo Press» баспаханасы,
Мақатаев к-сі, 129/1
тел.: 8 (727) 279 71 34, 352 82 02

